**«Қарағанды қаласының білім бөлімі» ММ**

**«Жалпы білім беретін №77 мектеп-балабақша кешені» КММ**



# «Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім»

## I аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары

**Қарағанды 2020**

«ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ

«ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН №77 МЕКТЕП-БАЛАБАҚША КЕШЕНІ» КММ

# Кеңес Одағының Батыры, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы Бауыржан Момышұлының 110 жылдық мерейтойына орай өткізілген **«Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім»** І аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары

**Қарағанды 2020**

**Редакция алқасы:**
Согосбай А., Тулешева Р.К., Медеубаева Д.М., Оспанова Г.А., Ахметова Л.Б., Агадилова Э.А., Балмаганбетова Ш.Ш.

**Шығуына жауапты:** Жантыбаева З.Р., Согосбай А.

**«Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім»**
І аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары

Жинаққа Қарағанды облысының жоғарғы оқу орындарының, облыс және қала мектептерінің мұғалімдерінің оқу тәрбие-үрдісінде Бауыржан шығармаларының, Бауыржанға арналған шығармалардың құндылығын, тәрбиелік мәнін насихаттауға, талқылауға және мұғалімдердің, оқушылардың шығармашылық, ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған мақалалары енгізілген.

# БАУЫРЖАН ЕСІМІ МӘҢГІЛІК!

*З.Р.Жантыбаева*
*ЖББ №77 МБК директоры*

2019-2020 оқу жылындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негізіндегі тәрбие жұмысының бірінші бағыты «Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу» деп аталады. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің тұрақтанып нығаюында экономикалық қуаттылық, саяси-әлеуметтік тұрақтылықпен бірге қазақстандықтардың патриоттық рухын қалыптастырып, дамыту мәселесі де басым бағыттар қатарында саналады. «Бүгінгі жас ұрпақ ертеңгі болашақ» демекші Отанды сүю, туған елге деген сүйіспеншілік мектеп қабырғасынан бастау алады. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру – басты міндеттеріміздің бірі», – деп айтқандай, жас ұрпақ бойында патриоттық рух қалыптастыру және дамыту аса өзектілікке ие болуда.

Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз. Сондай тұлғалардың бірі - XX ғасырдың ең жарқын тұлғасы, белгілі жазушы, ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлының өмірі – өнеге, жазған мұралары – патриоттық өсиет. Өнегелігі сол, ол – елі мен туған жерін нағыз сүйген, оған қашан да адал қызмет еткен, сын сағатта оны жан аямай қорғаған және қол бастап, жауды жеңуге ерен үлес қосқан ер. Батыр 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылында дүниеге келген. Жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. 1941 жыл Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы облысы Талғар қаласында жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанды. Мәскеу үшін шайқаста панфиловшы атқыштар полкі мен аға лейтенант Бауыржан Момышұлының басқарған батальон жауынгерлері асқан ерлік көрсетті. Жауынгерлер батырлықтың, достықтың, тәртіптіктің, ұйымшылдықтың үлгісін көрсетіп, өздерінен күшті төрт есе басым жаумен бір ай бойы күресіп, дұшпанды ойсырата жеңіліске ұшыратты. Осылайша 316 атқыштар дивизиясы Мәскеу түбіндегі аты аңызға айналған ерліктері үшін «Қызыл ту» орденімен марапатталады. Кеңес әскерінің 1942 жылғы қаңтар-ақпан айларындағы ұрыстарында 8-гвардиялық дивизияның Бауыржан Момышұлы басқарған полк жауынгерлері ерекше көзге түсті. Дивизия екі ай ішінде батысқа қарай 500-600 шақырым алға басып, фашистердің мыңдаған солдаты мен офицерін қырды, көптеген техникасын жойып жіберді. Бауыржан өз батальонын 27 рет шабуылға

бастап шықты, 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамамен аман-есен дивизиясына қосылды. Халықтың өзі «батырым» деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына 1990 жылдың 11 желтоқсанында «Кеңес Одағының Батыры» деген атақ берілді.

Бауыржан Момышұлы - мұқалмас ерлік-жігердің, күш-қайраттың, ақыл-парасаттың, ар-ожданның иесі болды. Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарында адуынды да қатал әскери басшы ғана болып қана қойған жоқ , сонымен қатар қарамағындағы жауынгерлер мен офицерлердің ақылгөй жетекшісі, мейірман тәрбиешісі де бола білген. Соғыс аяқталғанға дейін батальонды, полкты, ал соғыс аяқталғаннан кейін дивизияны басқарған. Жоғарғы Әскери академияны бітіріп, сонда ұстаздық еткен. Кейін біржола шығармашылық еңбекпен шұғылданып, қарудың орнына қалам алған. Ол - кітабы әлемге таралған жазушы. Жазушының соғыс, отаншылдық тақырыбына жазған мақалалары, қанатты сөздері шырқырап шындық іздеген жан айқайының жаңғыра шыққан үні іспеттес. Б.Момышұлының қаламынан шыққан шығармалар көп: «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», «Менің отбасым», «Майдандас достарым», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Адам қайраты», «Артымызда Москва». Жазушы орыс және қазақ тілдерінде бірдей жазады. Оның «Біздің отбасы», «Артымызда Москва», «Майдандағы кездесулер» сияқты кітаптары бірнеше шетелдік тілдерге аударылып басылған. Оның мірдің оғындай қанатты сөздері де халықтың аузында жүр. Батыр жайында өлең, дастандар да, естелік мақалалар да, кітаптар да көп. Олар Александр Бектің «Арпалыс», Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», келіні Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер», ұлы Бақытжан Момышұлының «Жанымның жарық жұлдызы» және тағы басқа шығармалар. Бауыржан Момышұлының игерген өнерлері де көп. Атап өтсек, суретті керемет салған екен. Кәдімгі кәсіби суретшілерден бір мысқал да кем емес. Құралайды көзге атқан мерген болған, турникке тартылу және басқа спорт түрлерінен де озық жетістіктерге жеткен. Ат құлағында ойнайтын шабандоздығымен, атбегілігімен аты шыққан. Әсіресе қарамағындағы жауынгерлерді соғысқа тәрбиелеуде өте озық тәжірибе көрсеткен. Әскери қолбасшылығы өз алдына бөлек әңгіме. «Б.Момышұлының соғыс тактикасы» деген оқу пәні Израиль еліндегі әскери оқу орындарында оқытылады және студенттер ол пәннен емтихан тапсырады. Кубаның әскери мектептерінде де Бауыржанның соғыстағы әдіс-тәсілдері бойынша дәріс беріледі. Осыны ескерсек, Б.Момышұлын әскери ғылымның нағыз білгірі деуге болады. «Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты» деп батырдың өзі айтқандай, біздің жүрегімізде Бауыржан Момышұлының есімі мәңгі сақталады. Бауыржан атамыз сияқты өмірі өнегелі істерге толы қасиетті тұлғаны жете біліп, оларды мәңгі есте сақтау – біздің қасиетті борышымыз. Осы оқу жылында батыр бабамыздың есімін алу үшін мектеп ұжымы педагогтар мен оқушлар тәрбиелік, танымдық мәні бар мектепішілік қалалық іс шараларды өткізуде. Атап айтатын болсақ,

***«Батырлыққа тағзым»*** атты танымдық мұражай жабдықталуда. Аймақтық деңгейде ***«Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім - Бауыржан Момышұлы»*** тақырыбында аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілу жоспарлануда. Батырға арналған әндер байқауы, жоба қорғау, интеллектуалдық сайыстар, сыныптан тыс іс-шаралар, ашық сабақтар, **«Bookcrossing» - «Білімнің көзі - кітапта»** жобасы - кітап әлеміне саяхат жасайтын жаңа волонтерлік қозғалыс: Б.Момышұлының ***«Ұшқан ұя» хикаятындағы отбасылық құндылықтар»***, Бастауыш сыныптарда «**READx**» жобасы бойынша Б.Момышұлы жайлы жазылған шығармалардан сахналық қойылым, әр апта сайын өткізілетін ***«Ұшқан ұя»*** *танымдық клубының жұмыстары* т. б іс-шаралар өткізілуде.

Біздің бүгінгі күндегі басты мақсатымыз - қазақ батыры Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерлігі, өнегелі істерін насихаттай отырып, оқушылардың бойында Отанға деген, өмірге деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Ол кісінің ерлігін үлгі ету. Н.Ә.Назарбаев: «Отанға деген сүйіспеншілік – еліміздің келешегіне, оның кемел ұрпағына біздің аманат етер ең қасиетті өсиетіміз деп білейік. Отанын Бауыржан Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ», - деп айтқандай, Бауыржан Момышұлының отаншылдығы патриоттық тәрбиеде баға жетпес құнды құрал болып табылады.

## ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

*Кошанов Женис Рымбекулы,*
*Талғат Бигелдинов атындағы*
*республикалық әскери «Жас ұлан» мектебінің*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы*

Дана халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген қанатты сөз бар. Туған жері мен Отанын қорғау – батыр бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған өшпес өсиеті, қасиетті дәстүрі.Сан ғасырдан бері қазақ халқының тәрбие жөніндегі өнегелі сөздері мен істері, тұрмысы, мәдениеті, өнері, өмір тәжірибесі, отансүйгіштік сезімнен бастау алады. Өткен тарихымызға көз жүгіртіп қарасақ қазақ халқындағы небір шешен, ақын, жыршы, батырларымыздың, қара қылды қақ жарған билер мен қазылардың атадан балаға мирас болған тәлімін көреміз. Қазақ халқы білектің күшімен, найзаның ұшымен елдің елдігін сақтап қалу үшін күресе отырып, туған елге, кіндік қаны тамған қасиетті жерге деген махаббатын ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп беріп отырды. Бала жанына туған жер ұғымын ертеден бойына сіңіріп, оны Отан, ел-жұрт ұғымдарымен байланыстырып отырған. Соның бір айғағы қазақ халқының батыр ұлы, даңқты қолбасшы, ұлтымыздың мақтанышы, қаламды қару еткен

қайраткер жазушы – Бауыржан Момышұлы патриоттық тәрбиенің нағыз қайнар көзі отбасынан басталады деген. Мысалы: «Отан отбасынан басталады», «Отан оттанда ыстық», «Елің үшін отқа түс күймейсің» деп, әрбір жас ұрпақ үшін атап көрсеткен.

Бауыржан Момышұлы шығармалары мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік тұрғыда дамуына игі әсерін тигізіп, патриотизмді қалыптасырудың ұтымды факторы болып табылады. Себебі, ол әдеби бейнелер арқылы оқушыларды өз Отанының мүддесі үшін, үлгі боларлықтай жоғары деңгейде қызмет етуге баулиды, туған жерін, елін, мәдениетін, салт-дәстүрін сүйе білуге, оларды келешек ұрпаққа жеткізе білуге үйретеді. Жазушы «патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзіңнің мемлекетке тәуелді екеніңді, мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз – мемлекет деген ұғымды, оның жеке адаммен барлық жағынан: өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді», - дей отырып, «Ұлттық мақтаныш сезімі дегеніміз белгілі бір немесе басқа ұлт адамының көптеген жеке мақтаныш сезімінің жиынтығы болып табылады, ұлттық мақтаныш сезімі әрбір ұлт адамы үшін бұзылмас заң» - деп, ұлттық патриотизмнің негізгі қасиетін атап көрсетеді. Бауыржан Момышұлы – ержүрек жауынгер, атақты қолбасшы, әскери жазушы. Ең бастысы – әр ісімен, көзқарасымен, бар болмысымен қазақтың намыстан жаралған ел екенін мойындата алған тұлға. Бауыржан Момышұлының отызға енді ілінген шағынан-ақ есімі аңызға айналды, даңқы әлемді шарлады. Ұлтжандылықтан жаралған батырлық бейнесі тарих беттерін аралап, жыл өткен сайын «тот баспас саф алтындай жарқыраған» ерлік жолы ұрпақ жадында сақталып, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің қаһарманына айналды. Өзі үшін емес, халқы үшін бейбіт өмірде де күрестен, елдік мәселеде табандылық танытқан Бауыржан Момышұлының өрлік бейнесін Қасым ақын былай деп жырлайды:

Нақ сол кезде естідім ер дүбірін,
Атағы атын алып келді ел бұрын,
Үстінде туған елдің тұрды толқын
«Бауыржан Момышұлы» - деген бір үн.

Бауыржан Момышұлы әділ, өткір, шыншыл, қырағы, айбынды, арлы, рухы күшті әскери басшы.

Қазақ халқының жауынгерлік салт-дәстүрі, жаужүрек батырлығы мен ерлігі, қаһармандығы, қолбасшылық, қабілет қарымы, әскерлерді ерлік жасауға жұмылдыра білу қасиеті, шешендігі мен әмір ете білушілік құдіреті ешбір тұлғада дәл Момышұлындай көрініс таба алған жоқ.

Полковник Б. Момышұлы бұйрықты орындаушы ғана емес,әскери тақырыпта қалам тартып,әскери терминдер мен ұғымдарға қазақ тілінде түсініктеме берген тұлға еді.

Бауыржан Момышұлының қол бастаған батырлығы мен интелектуалды ой-сананың да айтулы еріне айналған даңқы бүкіл Одақ халқы мен күллі әлем жұртшылығына тұтас жайылуымен дараланды. Сондықтан да, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтау, оны үзбей атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп жалғастыру – педагогика ғылымында тәрбиенің өзекті мәселелерінің бірі. Бауыржан Момышұлының патриот азамат ретінде қалыптасуы, қоғамдық-саяси істерге араласуы Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Тұрар Рысқұлов сынды ұлт зиялыларынан бастау алып, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қаныш Сәтбаев секілді асыл азаматтардың қасында өтті. Демек, оның азаматтық тұлғасы өзіндік сананы ұлттық санаға ұластырудағы биік парасат өлшемімен көрінеді. Б.Момышұлы қайсыбір саяси, мәдени, әдеби жиындарда болсын, еркін сөйлеп, өз ойын ашық айтып отырған.

Б. Момышұлы туған халқының дәстүрін, тілі мен дінін құрмет тұтқан. «Жаным – арымның садағасы», «Халқым үшін қасықтай қаным пида - деп, жанып тұрған отқа талай түстім». «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам опасыз, оңбаған адам» деген сөздері осының айғағы. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту...Өз ауылының тасын сыйламаған, өзге ауылдың тауын қадірлемейді», - дей отырып келешек ұрпаққа үлгі-өнеге қалдырған.

Отаншылдықтың, ата-ана мен туған-туысқа деген бауырмалдық пен сыйластықтың арасында осыншама ерлік жасап, бүгінгі күнде аты аңызға айналып, халық құрметіне бөленген Бауыржан Момышұлының осы тәлімінен жастарымыз үлгі алып жатса, қазақтың қазақтығы ғасырлар көшінен қалмасы анық.

Бауыржан Момышұлы шығармаларында ұлттық рухтың жоғары болуына бірнеше еңбектерінің жарық көруі, мәселен, «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Төлеген Тоқтаров», «Генерал Панфилов», «Москва үшін шайқас», «Ел басына күн туса» туындылары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беруде мүмкіндіктері мол. Өйткені, ол біріншіден, жас ұрпақты тәрбиелеуде, адамгершілікке баулудың басты құралы, рухани дүниесі байиды, ниет-танымы, өмірлік көзқарасы қалыптасады; екіншіден ұлттық тәлім-тәрбие, отбасы тәрбиесімен салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптарға бай тарихи мұра; үшіншіден, Ұлы Отан Соғысында жанқиярлықпен соғысқан ұлдарымызбен қыздарымыздың бейнесін және ерен ерліктерін жаңғыртуға мүмкіндік беретін танымдық мұра.

Бауыржан Момышұлы нағыз патриот! Ол өзінің сөздерінде:«Ұлттық рух – асыл қасиет, ұлтшылдық – бұл ұлт ішіндегі жеке адам бойындағы көркеуделік.Интернацоналист болу үшін ұлттық рух пен ұлтшылдықтың арасын ажырата білу керек».

Қорыта келгенде, Бауыржан Момышұлының шығармалары арқылы жас ұрпақтың отансүйсіштік санасын, ұлттық сезімін, отансүйгіштік ой-өрісін көтеру үшін әр қырынан оқыту болашақтың еншісінде. Жаңа

әлемдегі жаңа Қазақстаннның бәсекеге қабілетті болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, Бауыржан Момышұлының шығармалары ұлттық рух пен алып күш беретін құрал болып қала береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А.Бек. Арпалыс. Алматы қаласы, 1994 жыл.
2. Ә.Нұршайықов. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог. ІІ том. Алматы қаласы, «Жазушы» баспасы, 1992 ж.
3. «Қазақстан тарихы» журналы. №4. 2003 жыл.

## ЕР БАУКЕҢНІҢ ЕРЛІКТЕРІ

*Уалиев Манап Ерсайынұлы,*
*тарих пәнінің мұғалімі, заң ғылымдарының магистрі,*
*№34 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ*

Соғыс жылдарында Баукеңнің атағы тек қазақстандықтарға ғана емес, майданда жүрген қатардағы солдаттан бастап генералдарға, алыс-жақын шет мемлекеттерге дейін жеткені, оның батальон командирінен бастап дивизияны басқарған уақыттарында көрсеткен ерліктері ел аузында аңыз ретінде айтылып жүр. Бірақ, мұның барлығы – ақиқат.

Әзілхан Нұршайықов ағамыз «Ақиқат пен аңыз» атты роман-диалогында Баукеңмен соғыста сырттай қалай танысқандығы жөнінде әдемі суреттеп береді.

1943 жылдың жазында 100-Дербес атқыштар бригадасының құрамында жүрген Әзілхан ағамыздың қолына «Знамя» журналының 5-номері тиеді. Онда Александр Бектің «Панфиловшылар алғы шепте» атты повесі жарияланған болатын. Әзекең бұл повесті күндіз тоқтай қалғанда күннің жарығымен, түнде қонған жерде айдың жарығымен оқып жүргенде сол журналдың 6-номері келеді. Повесті оқимын деп түнде зеңбіректің аккумуляторының жарығын тауысып алады. Бұны ертеңгісінде білген взвод командирі лейтенант Полянцев үш тәулікке гауптвахтыға қаматуға шешім қабылдайды. Жолда солдаттар Әзекеңді айдап келе жатқанда дивизион командирі майор Сахонь кездесіп, не үшін тұтқындалғанын сұрайды. Түнде кітап оқимын деп зеңбіректің жарығын тауысып алғанын айтады. Майор Сахонь бұл кінәні алып тастайды, өйткені зеңбіректің жарығын тауысқанымен панфиловшылардың ерлігін, соның ішінде Бауыржан Момышұлының батальоны бес рет қоршауда қалып, одан шыққан ерліктері жөнінде жауынгерлерге әңгімелеп, жүректеріне от жаққанымен байланысты болады...

Баукеңнің Мәскеу үшін шайқастарда көрсеткен ерліктері ұшан-теңіз, бірақ бірнеше себептермен оның ерліктері ескерусіз қалады. Атап айтсақ:
1941 жылы 26-шы қазанда Момышұлы жолдас, батальон командирі кезінде, оң жақ рубежде болған табан тірескен ұрыстардан кейін қоршаудан шығып, Волоколамск қаласына 690 адамды, 18 артиллерия жегінін, 30 пәуескені

аман-есен алып келеді. Сөйтіп, 35 шақырымға созылған аралық рубежде ұйымдасқан түрде ұрыс жүргізе отырып, жау қоршауын бұзып өтіп, дивизияға келіп қосылады. 1941 жылы 16-20 қараша айының аралығында Момышұлының батальоны Волоколамск тасжолының бойындағы Горюны деревнясы ауданында, Матренино темір жол станциясында тағы да жау әскерінің қоршауында қалып, қиян-кескі ұрыс жүргізеді. Дұшпанның Мәскеуге шабуыл жасап бара жатқан басты күшін қақ ортасынан бөліп тастайды. Осы жағдайды пайдаланған дивизияның бөлімдері келесі рубежге барып бекінеді. Момышұлы батальонының бұл қимылы тағы да дивизияның негізгі күшін шабуылдап келе жатқан жаудың соққысынан аман сақтап қалды. Осы ұрыстарда батальон 600-дей гитлершілерді жер жастандырды, 6 танкіні құртады. Тағы бір ерен ерлігі, он үйі бар Лопастино деген деревняда 1941 жылы 25-ші қарашада Баукең бір ПТО, екі миномет, екі станокты пулеметпен қаруланған жарты взвод жауынгерлерді бастап, жау тұрағына түнде шабуыл жасап, 200 неміс солдатын жояды.

Баукеңнің соғыс жылдарындағы қызмет бабы мен әскери атағы мынадай болады:

1) 1941 жылдың шілде айында атқыштар батальонының командирі, аға лейтенант.

2) 26.11.1941 ж. 1073 атқыштар полкының командирі, аға лейтенант.

3) 10.12.1941 ж. 1075 атқыштар полкы командирінің орынбасары, аға лейтенант.

4) 23.02.1942 ж. 1073 атқыштар полкының командирі, капитан.

5) 1943 жылдың желтоқсаны мен 1944 жылдың наурыз айлары аралығында демалыста, полковник.

6) 1944 жылдың мамыр мен қазан айлары аралығында К.Е. Ворошилов атындағы Жоғары Әскери Академиясының жанындағы білім жетілдіру курсының тыңдаушысы, полковник.

7) 21.01.1945 ж. 9-шы гвардиялық дивизия командирінің орынбасары, полковник.

8) 28.03.1945 ж. 9-шы гвардиялық дивизия командирі, полковник.

Әскери атақтары жөнінде Батыс майданы әскерлеріне арналған №0413 бұйрық бойынша 1941 жылы 19-шы желтоқсанда капитан, Калинин майданы әскерлеріне арналған №0143 бұйрық бойынша 1942 жылы 10-шы мамырда майор, ал Қорғаныс Халық Комиссариатының №06190 бұйрығы бойынша 1942 жылдың 2-ші қазанында подполковник.

А.Бек пен Ә.Нұршайықовтың "Арпалыс" және "Ақиқат пен аңыз" батыр атамызды да, өздерінде де жұртшылыққа кеңінен таратқан шығармалары болғаны баршамызға аян. Олай болса бұл екі шығарманың жазылуына Б.Момышұлының сіңірген еңбегі  аз емес. Екі автор да кейіпкердің баяндауынан аса көп ауытқыған жоқ. Қайта оқырман көңілінен шығатындай үлкен туындыға айналдырды.

А.Бектің «Арпалыс» романын деректі шығармалардың қатарынаи жатқызсақ, Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы қазақ

прозасында бұрын-соңды болмаған жаңа үлгідегі шығарма еді. Басынан аяғына дейін журналистік стильмен сұрақ-жауап, яғни интервью сипатында жазылды. «Москва үшін шайқас» романына қайта оралатын болсақ, Б.Момышұлы өзінің басынан өткізген сұрапыл күндердегі шытырман оқиғаларды жүйелі түрде жеке-жеке тақырыптарға бөліп, рет-ретімен шығарманың композициясын құрған. Мәскеу түбіндегі ұлы қырғындағы оқиғалар арқылы кейіпкердің 1941-1945 жылдар аралығындағы өсу жолын анық көреміз. Отызға әлі толмаған аға лейтенант аз уақыттың ішінде өзі басқарған батальонды дивизияға, кейіннен армия құрамындағы үлгілі батальон етіп шығарды. Жай ғана үлгілі батальон емес, батырлар батальонына айналдырды. Соғыста жалғыз Момышұлы батальон басқарған жоқ, батальон басқарғандар армия құрамында көптеп кездеседі. Бірақ оның барлығы аға лейтенант емес, азы капитан, біразы майор. Кейбір деректерге сүйенсек, қоршауда қалған кеңес құрамаларының көпшілігі із-түссіз жойылып кетіп отырған. Олардың арасында батальон, полк, дивизия түгелдей жойылып кеткен кездері болған. Осы тұрғыдан келгенде Б.Момышұлы әскери мыңбасы ретінде басқарудың өзіндік үлгісін көрсеткен адам. Олай болса, бес рет қоршау бұзып, айтып жеткізе алмас ерліктер жасаған Б.Момышұлының ерліктері неге ескерілмей қалды деген заңды сұрақ туындайды. Бәсе, неге ескерілмеді екен? Оның ол кездегі ешкімге ұқсамайтын фамилиясы ма, жоқ әлде шындықты шімірікпестен бетке айтатын қайтпас қайсар мінезі ме? Меніңше екеуі де секілді. Ә.Нұршайықовтың: Сізге неге батыр атағы мен генерал атағын бермеді деген сауалына ол, бұған менің де қосқан үлесім аз емес деп өзінің мінезі мен фамилиясын меңзеген.

Алайда, 1941 жылы қараша айында Панфилов өз қолымен Бауыржан Момышұлын сол кездегі жоғары награда Ленин орденіне ұсынған екен. Арада біраз уақыт салып, тағы да Панфилов Момышұлының ерліктеріне тәнті болып, оны Совет Одағының Батыры атағына ұсынады. Ол кезде Б.Момышұлы бұл марапаттардың бір де біреуін алған жоқ. Неге бұлай болғаны осы күнге дейін белгісіз күйде қалып отыр. Соғыстың қайнап тұрған кезінде дивизия командирі генерал Панфиловтың ұсынысы неге аяқсыз қалды деген ой кімді болса мазалауы сөзсіз.

Осы жерде тағы бір мәселеге көңіл бөлейік. Б.Момышұлы аға лейтенант кезінде полкті басқарғаны көпшілікке мәлім. Бұл туралы армия қолбасшысының өзі тағайындау туралы бұйрыққа қол қойып тұрған кезде:

- Момышұлы жолдас, басқа армияны білмеймін, ал мен басқарып отырған армияда сізден басқа полк басқарып отырған аға лейтенант жоқ, - деді. Осы сөздің астарында көп мән жатыр. Біріншіден, соғыстың қайнап тұрған кезінде, құрамында он шақты мың адамы бар полк басқару түгіл, құрамында отыз адамы бар взвод басқарудың өзі қиын екенін айтқан орынды болар. Екіншіден, бұл мәселеге жүйелі түрде келетін болсақ, ол кезде де, қазір де, әскери устав бойынша аға лейтенанттар взвод, ары кетсе рота басқарады. Ал, Б.Момышұлы бірден батальонды қабылдап, бір жылға

толар-толмас уақытта  сол әскери шенімен полк басқарды. Шындығына келсек, әскердің уставы бойынша полкті подполковник немесе полковник шеніндегі әскери адамдар басқаруға тиіс-ті.

Әлбетте, 1073 полкті басқаратын жоғарғы шенді офицерлер табылмай қалған жоқ шығар. Жоғарғы әскери басшылар Б.Момышұлының біліміне, қабілетіне қарап көптің ішінен таңдап алып, тағайындағаны сөзсіз. Ол кезде Б.Момышұлының әскери жоғары білімді соғыс аяқталғаннан кейін, әскери академияны бітіргеннен соң алды.

Осындай ерен ерлігімен аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы бабамыздың Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі, әсіресе Мәскеу түбіндегі ерлігі ғасырдан-ғасырға жалғасын табатын құбылыс. "Отан үшін отқа түс - күймейсің" деген ұраны  барлық қазақ халқын туған жерін сүюге, Отанын жаудан қасық қаны қалғанша қорғауға  шақырады. Қаһарман Бауыржан Момышұлының ерлігі  кешегі елін, жерін, тілін қорғаған ата-бабаларымыздың  ғасырда бір-ақ рет қайталанатын  ерлігінің жалғасы. "Адам кеудесінде жаны барда Отаны үшін күресуі тиіс"-деген Әлішер Науаидың сөзін Баукең қалай орындаған десеңші...

Ұсыныс ретінде  - өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін орта мектептерінде, сондай-ақ, орта арнаулы, жоғары оқу орындарында «Бауыржантану» қосымша сабақтары жүргізілсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Сөз соңында айта кететініміз, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың араласуымен, 1990 жылы Бауыржан Момышұлына КСРО Президенті М.С. Горбачевтың  Жарлығына сәйкес Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А.Бек. Арпалыс. Алматы қаласы, 1994 жыл.
2. Ә.Нұршайықов. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог. II том. Алматы қаласы, «Жазушы» баспасы, 1992 ж.
3. «Қазақстан тарихы» журналы. №4. 2003 жыл.

**Секция 1. Алмас қылыштай өткір де, қайсар, дана да дара тұлға**

## АЛМАС ҚЫЛЫШТАЙ ӨТКІР ДЕ ҚАЙСАР, ДАНА ДА ДАРА ТҰЛҒА

*Битимбаева Қарлығаш Оразбековна*
*қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі,*
*Жалпы білім беретін №82 орта мектебі*

«Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі» бұл керемет сөздер Кеңес Одағының Батыры,Ұлы Отан соғысының ардагері, дара тұлға Бауыржан Момышұлына тән.

Адамзат баласы жер бетінде пайда болғалы бері көптеген оқиғаларды басынан кешті. Қазіргі біздің өмір сүріп отырған заманымызға

дейін жер бетіндегі халық қалыптасу процессін басынан кешірді. Әлемдік тарихта Бауыржанның орны ерекше.

Бауыржан Момышұлы Оңтүстік Қазақстан Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау ауылында туған, анасынан ерте айырылып жас кезінде көп қиыншылық көрген. Орыс мектебін алғашқылардың бірі болып бітірген. Кейін мұғалім, экономист, прокурор болып қызмет атқарды. Жас кезінде Чапаевты үлгі тұтқан, киімін, папахасын алып жүрді. Соғыста аса жоғары талап қою өзіне, басқаға да қатаң тәртіп сақтай білуі көп көмегін берді.

Бауыржан Момышұлы 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен генерал И.В. Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-атқыштар дивизиясы құрамында майданға аттанды. Соғыстың соңы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. Бес рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына оралды. Ресейдегі Волоколамск, Грюнь, Крюкова, Бородино, т.б. қала, деревня үшін болған қырғын ұрыстарға 9 рет асқан ерлік үлгісін көрсетті. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып, әскери жарғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы-оның осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін әскери маман ретіндегі таланты соғыста полк, дивизия басқарған жылдары кеңінен көрінді.

Бауыржан Момышұлы-әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабынан толық байқауға болады. Бауыржан атамыздың айтып кеткендері жетерлік. Батыр атамыздың әрбір айтқан ұлағатты сөздері біздер үшін, жас ұрпақ үшін өте қымбат.

Ең үлкен бақыттың бірі - Отанына, еліне, халқына қадірлі болу. Қай заманда болмасын, ер азаматтың қадірлі болмағы ел-жұртын жаудан қорғап, айрықша ерлік көрсетіп, халқының қамын ойлап, елі үшін ерекше еңбек сіңіріп, ерлігімен көзе түсіп, даңқ пен абыройға кенеліп, халқының сүйіспеншілігіне бөленуден көрініс табады.

Ақылды, жігерлі, адал, шыншыл, ержүрек, қайсар мінезі жолдастарына, жауынгерлеріне үлгі болды. Панфилов девизиясына және командир батальонына қатал тапсырма берілді, бұл- Волоколам тас жолын қорғау. 700 адам қол астындағы адамды қатыстырып 8 километр жерді Мәскеуге дейін қорғау. Бұл өте қауіпті орын. Аман-есен сақтау үшін шабуыл жасау керек.

Осы қиын-қыстау кезеңде Момышұлы асқан шеберлікпен, жаңа тактиканы қолданып, немістерді алдап, берілген тапсырманы бұлжытпай орындады. Командирдің қойған мақсаты «Біз барлығымыз тірі қалуымыз керек!». Жауынгерлер өз командиріне сеніп, көп жеңістерге жетті.

Қайсарлық- бұл Баукеңнің мінезіндегі ерекше қасиеті. 1941 жылы 18 қарашада генерал Иван Панфилов қаза тапты. Дәл осы кезде дивизия жауынгерлеріне командир Момышұлының мықты , бірбеткей, сабырлы мінезі жігер ұялатты. Ол әрқашан жақсы дос, ұстаз, қатал командир бола алды.Қай тапсырма болмасын Бауыржан және батальоны тапсырманы дұрыс, нақты орындап Отанын адал қорғады.

Соғыстан кейін 45 жасында Бауыржан атамыз отставкаға шығып, көрген, естіген білгенін қағазға түсіргісі келді. Бауыржан Момышұлы қазақ әскери әдебиеттің негізін қалаушылардың бірі. Генерал Панфиловтың, достарының , соғыста қаза болған жауынгерлердің арман-мақсатын орындап, келешек ұрпаққа өнегелі, тәрбие тағылым бере алды.

«... Көзінің тірісінде-ақ өмірі аңызға айналған халқымыздың қаһарман перзенттерінің бірі Бауыржан Момышұлы туралы әлі толық айтылып та, жазылып та біткен жоқ. Филология ғылымдарының докторы,профессор Мекемтас Мырзахметов Жамбыл облысына орнығып, Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі атанғалы бері атқарған көптеген сүбелі еңбектерінің бірін, міне, осы батыр мұрағатындағы сарғайған құжаттарды жинақтап, көптомдық әзірлеуге байланысты жасап жатыр десек, артық айтқандық емес. Бұл үшін ғалым алдымен университет қабырғасынан Бауыржантану ғылыми орталығын ашты.... – Бауыржан Момышұлы, сөз жоқ, батырлығына қаламгерлігі сай тарихи тұлға. Әрине, көзсіз батыр емес, алды-артын ақылмен, оймен барлай білген бірегей берен. Бірақ Баукең айтыпты дегенді көп естігенімізбен, «Офицер жазбалары», «Ұшқан ұя», «Мәскеу үшін шайқас» және сексенінші жылдары жариялана бастаған «Қанмен жазылған кітабымен» таныс оқырмандар батырдың мұрағатында бұлардан басқа да осыншама мол қазына қалғанын біріміз білсек, біріміз білмейміз.

Бауыржан Момышұлы-әдеби және әскери өнерде артына қайталанбас ұлан-ғайыр рухани мұра қалдырған бірегей қаламгер. Оның қазақ және орыс тілінде жазылған төрт томға жуық шығармалары бүгінде қалың оқырманның игілігіне айналуда

Баукең атақ-даңқтан кемде жан емес. Ол Кеңес дәуіріндегі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Қызыл Ту, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, Кеңес Одағының батыры » сынды орден-медальдармен марапатталып, халқының шын мәніндегі Қаһарман ұлына айналды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ энциклопедиясы.Алматы.2011 - 880 бет

2. Тарихи тұлғалар.Танымдық-көпшілік басылым. Тоғысбаев Б., Сужикова А. -Алматы. «Алматыкітап», 2009

## БАТЫР ТҰЛҒА – БАУЫРЖАН

*Ташимова Қарлыға Амангельдиновна,*
*бастауыш сынып мұғалімі*
*«№13 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*

**Жұмыстың мақсаты:** Қазақ елі өз еркіндігін алғаннан кейін тәуелсіздікті нығайтып, саяси әлеуметтілікті тұрақтандырып, болашақ қазақстандық-тардың патриоттық рухын қалыптастыру және оны дамытуды басты мақсат етіп қойды. ҚР тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру – біздің басты мақсаттарымыздың бірі, - деп көрсетті. Қазақ халқының тарихына үңілсек, көшпелі қазақ елі еш уақытта өзге елге басқыншылық соғыс жүргізген емес. Ал, өз жерін, елін қорғауға келгенде қазақ сарбаздары көзсіз батырлығы мен ерлігін, Отанын көзінің қарашығындай қорғайтынын жауларының өздері де мойындаған. Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ батырлары нағыз патриоттық ерлігін көрсетті. Қазақ халқының даңқын шығарып абыройын асырған, айтулы ұлдары-ның бірі - гвардия полковнигі, жазушы, Совет одағының батыры Б.Момышұлы есімі қазақ еліне таныстыруды қажет етпейді. Ол «Халық батыры», ол «даңқты әскери қолбасшы», ол «көрнекті қаламгер» деген ұғыммен ұрпақ санасында біте қайнасқан.

Ол тұтас алғанда Нағыз Қазақ аса қастерлі, мәртебелі биік тұлғасымен танылған еді.

Туған ұлты үшін ұран салып, ұлт намысын таптатпай, ұлт байрағын құлатпай, айбынды ұстаған Бауыржан атамызды өз халқы шексіз сүйіп мерейін асырды.

Баукең үйреткен тағлым - Ұлы сенім, Болашаққа деген сенім еді. Бауыржан үйреткен тағлым - ұлы шындық.

«Жалғандықтың балын жалап өмір сүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық» деп Баукең сияқты орақ тілді, от ауызды жаужүрек азаматтар ғана кесіп айта алады.

Баукең үйреткен тағлым - өз халқыңды ағынан жарылып, жанындай жақсы көру.

Бауыржан үйреткен тағлым - Ұлт ар-намысына, Ұлт тарихына, ұлт санасына, ұлт мәдениетіне қамқор болу еді.

**Жұмыстың өзектілігі:** Елбасымыздың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ!» атты Қазақстан халқына жаңа Жолдауында айқындалған Даму Стратегиясы – алдағы патриоттық рух салтанатының көзі, жеңісіміздің кепілі! Н.Ә.Назарбаев: «Отанға деген сүйіспеншілік - еліміздің келешегіне, оның кемел ұрпағына біздің аманат етер ең қасиетті өсиетіміз деп білейік. Отанын Бауыржан Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдарған басқа қаламгер жоқ» - деп айтқандай, Бауыржан Момышұлының отаншылдығы патриоттық тәрбиеде баға жетпес құнды құрал болып табылады.

Туған жерлі жақсы көру, құрметтеу, өз еліңе адал қызмет жасау, үздіксіз білім алу, бәсекеге қабілетті болу т.б асыл қасиеттер - патриотизмнің құрамдастығы болып табылады. «Патриотизм – Отанға,

елге деген махаббат!», «Адал болу – қасиет, азамат болу – міндет, патриот болу – парыз» деген Бауыржан Момышұлының асыл сөздері бар.
Бауыржан Момышұлының өмірі тұнып тұрған – өнеге. Ол кісінің өнегелілігі сол, ол – елі мен туған жерін нағыз сүйген, үнемі адал еңбек еткен, сын сағатта оны жан аямай қорғаған және қол бастап, жауды жеңуге ерен үлес қосқан батыр.
**Кіріспе әңгіме:** Батырлық пен батылдық иесі Бауыржан Момышұлы – тау тұлға. Аты аңызға айналған батырымыздың сұрапыл соғыс жылдары ерлігі мен өжеттілігі келешек ұрпаққа ұлы тәрбие болып отыр. Бауыржан Момышұлы алмас қылыштай өткір де, қайсар «сөз қадірін өз қадірі, өз қадірін ел қадірі» деп білген, бағалаған ұлы тұлға. Ұлы Отан соғысының батыры атамыз Бауыржан Момышұлының жеке басына тоқтала кететін болсақ ойшылдығымен, отаншылдылығымен, ұлтжандылығымен, батырлылығымен жоғарғы қасиеттерге ие болған асыл тұлға. Бауыржан ағамыз соғысты өз көзімен көрген жазушы. Ол кісінің айтар ойы, жазар шығармасы – соғыс шындығы. Ол өз шығармасының кейіпкері, өзінің бейнесін тұтастырған. Кез келген шығармасын алып қарасақ та бел ортасында өзі жүрген, өз бейнесін, қимылын суреттеген. Халық оның жазған, ерлік, батырлық жайлы кітаптарын біледі. Әр шығармасындағы даналық сөздері де әлі күнге дейін ел аузында жүр. Момышұлы Бауыржан (1910-1982) – екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Туған жері - Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені. Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады. Батыр – табиғаттың сыйы емес. Бұл патриоттық борышыңды орындау үшін Соғыс жылдары 210-ден артық шабуылға шығып, бірнеше рет жараланса да, ешкімге иек бермей батырлық ар намыстың басты тұлғасы болғанын білеміз. Соғыс – елдік пен ерлікке сын дүние болып табылады. Бауыржан атамыз елінің батырлық, адамгершілік, әділдік рухымен каруланған сарбаздардың бірі болды және қасындағы жауынгерлердіде осы рухқа шақырды. Қазақ халқының жауынгерлік салт дәстүрі, жау жүректілігі мен ерлігі Бауыржанның қолбасшылық тұлғасынан ерекше көрініс тапты. Атақты, әрі даңқты батыр Бауыржан Момышұлы өзінің «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап» т.б кітаптары арқылы келешек жастарды отансүйгіштікке тәрбиелейтін басты құрал бола алады. Бауыржан Момышұлы атамыздың «Ел дегенде еміреніп, жұт дегенде жұмыла қызмет ет», «Отан үшін отқа түс – күймейсің!» т.б өсиеттері Отанды құрметтеуге шақырады. Батыр атамыз осы нақыл сөздермен келешек ұрпағының нағыз адам болуларын қалады. Халық батыры Бауыржан атамыздың - ұлттық болмысты қалыптастыру-

шы  қаламгер ретінде танылды. Халық оның ерлігін, жазған әңгімелерін және ғибратқа толы дүниелерін біледі. Бауыржан Момышұлының мірдің оғындай нақыл сөздері бүгінгі күнге дейін халықтың аузында жүр. Дана халқымыздың «Білікті бірді жығады, білімді  мыңды жығады», «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді» деген ғибрат сөздерін  Бауыржан Момышұлы  орынды пайдаланды және үлгі қылдырып алды. Ғибратты, қанатты сөздер жайдан- жай тумайды  және  кез келген адам ойдан шығара бермейді. Міне, Баукең осындай адам. Ол кісінің нақыл сөздері Отанға, туған жерге, адал еңбекке, әдебиет пен тәрбие-тәртіпке арналған болып отыр. «Намысты нанға сатпа»,  «Ердің туы - намыс», «Ұшқынсыз от тұтанбас» т.б  сөздері кез келген саналы адамның ойында жатталған ұлағатты сөздер.

Маңдайдағы наркескеннің  өзісің,
Ерлігіңмен,  өрлігіңмен  ірісің.
Халқыңменен  біргесің  сен, жан ата,
Ұмытылмайды  өнегелі  ұлы  ісің –

дей отыра, батыр атамыздың  өлең жолдарынан ерлік, батырлық туралы ғибратты сөздері  көруге болады.

2010 жылы 14 қыркүйекте Алматы қаласында "Қазақтың Бауыржаны" атты деректі фильм көпшілікке таныстырылды. Оны үкіметтің тапсырмасымен батырдың 100 жылдың мерейтойына арнап режиссер Қалила Омаров түсірген болатын. Осы жылдың 10 желтоқсанында Алматы қаласындағы 28-панфиловшылар саябағында соғыс қаһарманы әрі жазушы Бауыржан Момышұлына арналған ескерткіш салтанатты түрде ашылды. Жалпы биіктігі 6 метр болатын батырдың мүсіні қоладан, ал ескерткіштің қалған бөлігі граниттен құйылған.

2010 жылы Қазақстан бойынша батырдың 100-жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар өтіп, оның 30 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Қазақстанда батыр атына Алматы, Атырау, Тараз, Семей қалалары және Жамбыл облысында көше берілген. Мұнымен қатар, №45 қазақ классикалық гимназиясына Бауыржан Момышұлының есімі беріліп, мектеп алдына батырдың бюсті қойылды. Осы күнге дейін Бауыржан Момышұлына арнап бірнеше фильм түсіріліп, кітаптар жазылды. 1967 жылы режиссер Мәжит Бегалиннің фильмінде "Артымызда Мәскеу" фильмінде батырдың рөлін Кәукен Кенжатаев сомдады. 2013 жылы режиссер Ақан Сатаев "Бауыржан Момышұлы" атты телехикая түсірді. Бақытжан Момышұлының "Восхождение к отцу", "Во имя отца" және "Сыновья великого волка" атты кітаптары мен Зейнеп Ахметованың "Шуақты күндер" туындысы Бауыржан Момышұлына арналады.

Даңқты қолбасшы сарбаздардың елі үшін шыбын жанын қиятын ерлігін ерекше бағалай білген. Оның қатардағы жауынгерлер жайында айтқан нақылға бергісіз сөздері халықтың есінде мәңгіге қалмақ.

Қорыта айтқанда, Бауыржан атамыздай алыбымызды ардақтай білейік.Бауыржан  бірнеше  орден,  медальдармен наградталады, Кеңестер

Одағының батыры атағын алады. Алайда халықтың өзі «батырым» деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына  Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ  берілді.
Бауыржандай алыбымызды ардақтай білейік, ұлтымызға ұран болған ұлы тұлғамызды ұлықтай білейік. Тек қана қара дүрсін сөзбен емес, Бауыржан атамыздай батырдың атын дәріптейтін игі істермен, тиянақты тірліктермен дәлелдеугетырысайық.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Ахметова З. «Шуақты күндер»
2. «Санат» журналы 1994 ж.
3. Баялиев «Рух күші Б.Момышұлы» Ақ жол // 26 тамыз, 2000 ж.
4. Байтуов «Бір сұхбаттың тарихы» Ақ жол 7 ақпан, 2001 ж.
5. Момышұлы Б. «Ұяда не көрсең» Алматы «Жалын» 1988 ж.
6. «Б.Момышұлының "Ұшқан ұя" повесіндегі мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні.» Ұлт тағлымы. // № 1, 2003 ж.


## КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ БЕЙНЕСІ


*Зекенова А.Ы, тарих пәні мұғалімі,*
*Жалпы орта білім беретін № 86 мектебі*


*Ұлттық  рух пен ұлттық патриотизм –бұл ұлттың ішіндегі*
*жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті.*
Б.Момышұлы

Қазақ халқының арғы-бергі тарихында жол бастаған көсем,сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр тұлғалар баршылық. Әріректен қарасақ, ұлан байтақ даланы найзаның ұшымен,білектің күшімен,парасат – ақылдың сұсымен қорғаған Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақұлы Жәнібек, Кенесары, Сырым Датұлы сияқты тағы да басқа батырларымыздың ерліктері туралы аңызға айналаған әңгіме,жырлар бүгінге дейін жетті.  Солардың қай-қайсы да қазақ ұлтының болашағы мен азаттығы үшін жандарын шүберекке түйіп ғұмыр кешкен есіл ерлері еді. Ұлтының асыл перзенттері болатын.

Қазақ басынан өткерген соңғы майдан Екінші дүниежүзілік соғыстаға ерлігімен ел есінде қалған,көзі тірісінде аңыз адамға айналаған қаһарман батыр Бауыржан Момшұлы есімі қазақ елінің атымен бірге жасайтын ұлы тұлға.

«Отанын Бауыржан Момышұлындай сүйген, елжандылықты Баукеңдей өнеге етіп қалдырған, қаламгер сирек шығар. Ол өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі. Ел дегенде

еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін! Отан үшін отқа түс-күймейсің!» деп ұрпағына ұлағат айтып кеткен кісі. Ендеше біздің халқымыз, әсіресе жастар осы қағидаларды әрдайым естерінде ұстағандары жөн. Бәрімізде туған елімізге, сүйікті Отанымызға Бауыржан Момышұлындай еңбек етіп, қызмет жасай білейік...» Елбасымыз Н.Назарбаев айтқандай ұлтжандылық пен елін сүюді, ерлік пен батылдықты бүгінгі жас ұрпаққа өнеге етіп қалдырған ұлы тұлғалардың бірі.

Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарында қатал әскери басшы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар қарамағандағы жауынгерлер мен офицерлердің ақыл айтатын, зерделі де білгір жетекшісі және тәрбиешісі бола білген. Бауыржан Момышұлы – әскери педагогика мен әскери психологияны дамытуға баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға.

Бауыржан Момышұлы – туған халқының руы мен өлмес қасиеттерін аласапыран күрделі дәуірде, өжет те өткір, қайсарлы да жігерлі қасиетімен, ұлтына, жұртына деген шексіз маххабатымен туған елiннің абройын асқақтата көтерген, атағы айдай әлемге таралған ұлт батыры, қайсар мінезді, қаһарман қазақ.

Жазушының өз қаламынан шыққан «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», «Генерал Панфилов», «Бір түннің тарихы», «Куба әскерлері», «Соғыс психологиясы» тәрізді ұлт пен ұрпақты тәрбиелеуге мейлінше игі ықпал етер таза шынайы өмір, қоғам, заман, адам, соғыс және бейбітшілік жайындағы мәңгілік толғаныстарды оқырмандарға оң ықпал етері сөзсіз.. Бауыржан Момышұлының ғажайып әлемімен жақын таныстыратын шығармаларға Александр Бектің «Волоколам тасжолы», Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы, жазушының майдандас досы Дмитрий Снегиннің «Шалғай шепте», «Шабуылда», «Біздің Бауыржан», «Открытый всем» деген туындыларында, Мәлік Ғабдуллин, Қасым Қайсенов секілді іні- достарының пікірлері, баласы Бақытжанның «Восхождение к отцу», «Во имя отца», «Сыновья великого волка» кітаптары, сондай-ақ батыр өмірінің соңғы сәттерінің куәсі болған қосағы Жәмила Егембердиеваның «Өмірінің өзі дастан» роман- эссесі мен туған келіні Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер», «Бабалар аманаты» естелік кітаптары, жазушы Мамытбек Қалдыбайдың бірнеше кітаптарын атап өткім келеді. Осы тұста айрықша тоқтала кететін дүние ол профессор Мекемтас Мырзахметұлының басшылығымен «Өнер» баспасынан жарық көрген Бауыржан Момышұлы шығармаларының 30 томдығы. Көптомдыққа енген құнды тарихи материалдар мен жазбалар,әр жылдарда жарық көрген қазақ,орыс тілдеріндегі көркем,деректі,мемуарлық шығармалар ұлы тұлғаны жан-жақты танып,бағалауға жол ашады.Оқырмандар жазушының өмір сүрген кезеңінің болмысын,мінезқұлқын талдай отырып,жалпыадамзатқа ортақ құндылықтар мен ұлтымыз үшін киелі саналатын ұғымдар жайында Бауыржан Момышұлының ой-

ұжырымдары мен пікір толғаныстарын ой елегінен өткізіп, жете түсінері хақ.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нұрлан Оразалин «Ерлік- ерге сын, елге бақ» деген мақаласында «Жетпіс екі жыл... Тахауи Ахтановтың сөзімен айтар болсақ, «стандартты уақытта, стандартсыз өмір сүру», сиқыры мен сыры, жұмбағы мен сауалы ұшан теңіз кезеңде, Шерхан Мұртаза айтқанда, «ноқтаға басы сыймай» ғұмыр кешу оңай болған жоқ. Барды көрмеу, нарды танымау, тұлғаның тауын аласартуға ұмтылу, «нөмірі бірінші ұлтшыл» деген айдар тағып, күні-түні Мәскеудің жіті қадағалауында ұстап отыру, заманы, елі, тіпті дүниежүзі мойындаған батыр атағын көзі тірісінде бермеу тұлғаны тұқырту үшін жасалған әрекеттер еді. Сайып келгенде, Орталық тарапынан жүргізілген мұндай саясат төркінінде, Мәскеу қанша түлкібұлаңға салып, ойын бүркелегенмен, ұлттың ұлы батырына деген жалпыхалықтың құрметін әлсірете алған жоқ. Қайта уақыт өткен сайын күшейе түсті. Ел Азаттыққа қол жеткізген шақта мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлының Жарлығымен Бәукеңе Батыр атағы берілгенде, бәріміздің жанарымызға жас толды.Бұл қуаныштың жасы.Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялардан тұп-тура бір жыл бұрын, алғашқы қазақ Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың табанды ұсыныс әрекетінің арқасында 1990 жылы Кеңес Одағының Батыры деген атақ берілді. Шешім 1990 жылдың 11 желтоқсан күні шықты. Медаль номері 11637. Шындық шыңға көтерілді. Әділдік жеңді.»[7] Осы күнге байланысты Бақытбек Смағұл өзінің «Қаһарман» деген кітабында «Бақытжан Момышұлын ең алғаш құттықтаған Н,Ә.Назарбаев болған, бұл құттықтау хатты маған Бақытжан ағамыз бен Зейнеп Ахметова жеңгеміз көрсетті. 21 жыл қоян-қолтық араласып, тәлімін көрген, әрқилы жағдайдағы айтқан әңгімелерін тыңдап, көңіліне түйген Мамытбек Қалдыбайдың 2017 жылы шыққан «Мен халқымның Бауыржанымын!» аты жаңа кітабында «Үлкен қуаныш» деген әңгімесінде Б.Момышұлының ұлжандылығы мен Отанына деген сүйіспеншілік сезімін дәріптеп жазған, онда Қазақстанда дүниежүзілік бірнеше халықаралық кездесулер, конференциялар өтіп жатты, соның бірі Алматыда әлемдік адамзаттық денсаулық күзеті форумы өткенде ерекше шаттанып, - Бұл дүниежүзілік форум! Бұл Қазақстан үшін үлкен құрмет! Біздің еліміз туралы жаңсақ пікірде жүрген шетел адамдары біздің елімізді көріп көзқарастары өзгеріп «ойпырмай, осындай таңғаларлық ел екен», -деп әділеттілігін айтуы әбден мүмкін. Қысқасы, қарағым, шетелдік жандармен ортақ тіл табысуға ұмтылуымыз – үлкен қуаныш деген екен. [5]

Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер» кітабының жалғасы «Бабалар аманаты» естелік кітабында әке, ата, қайын ата – Бауыржан Момышұлының үлкен өмірінің отбасы, ыстық ұядағы тыныс-тіршілігі, қадір-қасиеті сөз болып,оның күрделі бейнесінің тағы бір жаңа қырлары көрініп, қайталанбас тұлғаны толықтыра түседі. Сонымен бірге

халқымыздың үлгі өнеге, дәстүр-салты молынан қамтылған. Жас ұрпаққа берері мол шығарма. Зейнеп Ахметован «Бабалар аманаты» естелік кітабында Момышұлы шаңырағының негізгі ережесі адал жолмен жүріп, ақ сөйлеу, қарапайым қанағатты тірлік ету, кісіге қиянат жасамау,өзіңе тиесілі емеске таласпау,сұғанақ болмау, міне, осылар – әкемізден қалған мұра –деп жазады. Осыдан батыр атамыздың турашыл, шынайы, әділетті және қарапайым адам болғандығын білеміз. Осы қасиеттеріне дәлел ретінде Бауыржан Момышұлының «Мен ешуақытта ешкіні – апа, текені – жезде деген адам емеспін!» деген сөзін мысалға келтіремін. [1]

«Бауыржанның жігерлі мәтіндерінен, аса қатал шындық сөздерінен, өткір ойларынан, нәзік байқампаздығынан, афоризмдік дана нақышты сөздерінен қаның тасиды, жаныңды толқу сезімі шарпиды, жанды үн қату, үндеу оқырманның қалғыған санасын оятады», - деп бағалады Баукеңнің кітабын 2008 жылы белгілі жазушы, зерттеуші Герольд Бельгер. – Сөздерінің туралығы мен қайсарлығы ешкімді бейтарап қалдыра алмайды. Бұл кітап - алау от. Бұл кітап - наубат. Бұл кітап - дабыл қоңырауы. Соғыстың мұң мен шері. Күрескер рухы. Азаматтың пафосы. Кітап «Соғыс психологиясы» деп аталады. Авторы - аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы.

Әттең, мен оны тек жақында ғана оқыдым. Өкінемін. [8]

Бауыржан Момышұлының бейнесін толықтыра түсу үшін оның соңғы оншақты жыл өмірінде қасында серігі болған, барлық мінез-құлқын, іс-әрекетін өте жақсы білетін, көңіл-күйін айтқызбай танитын жұбайы Жәмила Егембердиеваның пікірін келтіре кетейін: «Келер ұрпақ Бауыржан қандай адам деп сұраса, елінің, халқының, тарихтың берер жауабы айдан анық; ол – қара қылды қақ жарған әділ, турашыл, ел басына күн туғанда қан ұрттап, от кешкен, Отаны дегенде жанын да, жалындаған жастығын да аямаған, елім деп еңіреген ер! Көпұлтты дивизияда қолбасшы болған, Ұлы Отан соғысының баһадүрі, қазақтың қаһарман жауынгері. Бейбіт өмірде қаруын суытып, қаламын төселдірген майталман жазушы, қазақ совет әдебиетінің көрнекті өкілі. Бірнеше кітаптары шет ел тілдеріне аударылған мәшһүр адам. Өзі де көптеген көрнекті кітаптардың кейіпкері, көзінің тірісінде-ақ аты аңызға айналған, даңқы әлемге жеткен.

open. Then you need to cover the companies. Who! Machine gunners. They will remain the last. Nobody will cover them. It was hard for Bauyrzhan, he could not sacrifice his people, his fighters. So many experiences, pain and love were conveyed in these lines. And he decided on a risky step, on an action that is not contained in any charter, not a single instruction. The idea of a breakthrough was that the battalion was built in one line, a rhombus. Inside the rhombus are carts and guns. At the command of the commander, the battalion moves at a moderate pace, preserving the rhombus system and fires volleys on the move, aiming the barrel at the enemy. "We walked and shot. We pressed the enemies to the ground, did not give the opportunity to raise our heads, move. Not a single fighter violated the system, not one faltered. … It was worth looking around: if there were any wounded, if someone had been left in the field without protection, without help: if at least one was thrown, it was necessary to somehow detain the enemy and take him out. But there were no abandoned ones." Thanks to the excellent soldier training and accurate calculation, the battalion was withdrawn without much loss. Near Moscow, in conditions of maneuverable defense, Bauyrzhan Momyshuly as a commander of the battalion of the 19$^{th}$ Guards Rifle Regiment conducted 27 successful battles. For the battles in the Volokolamsk direction, General Panfilov introduced Senior Lieutenant Momyshuly to the Order of Lenin. In 1942, senior lieutenant Momyshuly led the 19$^{th}$ regiment, which took part in the battles for the station and the village of Kryukovo, where he was seriously wounded, continued to command the battle. Given the many military merits, the commander of the 8$^{th}$ Guards Rifle Division, Colonel I.I. Serebryakov in August of the same year introduced Bauyrzhan Momyshuly to the assignment of the title of Hero of the Soviet Union. In July 1944, Serebryakov again appealed to the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR with a statement on conferring the title of Hero to the Kazakh batyr, but Bauyrzhan Momyshuly received the Star of the Hero only 8 years after his death. More has been written about Bauyrzhan Momyshuly than about any other person known in our time. Articles, books, poems, but more interesting are the memories of him. As a person who survived the war, Bauyrzhan possessed a strong character, he did not forgive weakness even to those whom he loved. "What was his father like?" Harsh. In school years, when my parents sent my classmates on vacation to rest on the Black Sea, to see Moscow, Leningrad, other cities of the Soviet Union, he put me in a common carriage and sent me to the village to my relatives. He was always dissatisfied with me. He said several times: "I am very sorry that I didn't hit you on the parade ground, corporal." In fact, unlike him, I wasn't assembled, he called me plasticine, from which you can sculpt anything, then a bit of a bitch … I think he regretted that I did not wear a military uniform. He believed that form disciplines a person first externally, and then internally. His severity was only the outer shell, in fact, he was a very caring father. And he educated me in the best traditions of the Kazakh life – he taught me to appreciate the hearth, to treat my wife with care. And he sent me to the village, thinking again about my

future. If it were not for these children's trips that terribly offended me, then perhaps I would not have avoided the drama of a whole generation of Kazakhs – I would not have known my native language or customs. " About how the father influenced the formation of his son as an individual, as a man, can be found in the novel-essay "Ascent to the Father", written by Bakhytzhan Momyshuly{2}. He writes that his father tried to instill in him the qualities of a worthy person: "Indifference to the little things of life made him lonely, but he always said, hiding the pain, that he who lives for the people will never be lonely." As children, we do not understand paternal severity, and only from the height of the past years do we realize the need for such an attitude towards sons. Bakhytzhan Momyshuly recalled how his father, being dissatisfied with his behavior, said: "Do not confuse pride with pride! Pride is an empty swagger, and for pride you still have no reason. … others should be proud of your deeds, not you. " According to Bakhytzhan Momyshuly, his father "did not understand a low and unrighteous life, although he suffered from involuntary contact with her, but was too proud to ask for at least some kind of leniency. He only said: "Do not praise me without measure. Do not torment me without guilt. " You can write a lot about this worthy person, but do you need words …. It is important that everyone feels his essence, his soul and heart through stories and novels.

**List of used literature:**


1. Beck A.A "Volokolamsk Highway"
2. "Ascent to the Father", written by Bakhytzhan Momyshuly


## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ДӘСТҮР ЖӘНЕ БАТА БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ


*Нұрмағанова Айжан Шаухатқызы,*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, №9 гимназия*


Бауыржан Момышұлының дүниежүзілік ерекшеліктер соғыста қайталанбас ерлігімен, атағы бүкіл әлем халытарына аңыз болып тараған гвардия полковнигі, даңқты жазушы Б. Момышұлының өмір жолы ғажайып сырға толы.

Б.Момышұлының әдебиетке араласуы. Ол қазақ және орыс тілдеріде бірдей жазып, өз өмірінде көрген білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушылардың оқитын шығармаларына айналды.

Б.Момышұлы әдебиетке ерекешелікпен келген екен. Оқырман қауым батырды алдымен шығарманың авторы ретінде таныды. Дәлірек айтар болсақ, Александр Бектің «Волокаламск тас жолы» повесі арқылы танылған болатын. Ол кісі өте қайсар болған. Шындықты жаны сүйетін, өтірікшілер мен  қорқақтарды жек көретін адам болды. «Момышұлы» деген тегінің өзі үлкен  бір қайсарлықтың арқасында солай аталады.

Тақырыптың негізгі мәселесіне көшейін. Дана халқымыз «Жауынменен жер көгереді, батаменен ел көгереді» - дейді. Атадан балаға мирасы мол мұралардың ішінде батаның лайықты жоғары орны бар. Бата - өсиет пен аманаттың атасы, ұрпаққа деген сүйіспеншілік пен махаббатың бұлағы.

Ата-бабамыздан қалған ұшан-теңіз аса құнды баталардың ішінде Бауыржан атамыздың баталары бір төбе деп айтуға болады. Себебі баталары ақиқат пен шындыққа шынайы парасатқа негізделіп, жан-тәнімен берілген ықылас үлгісі. Б. Момышұлының халық арасында таралып жүрген /1968 жылы «Жазушы баспасынан шыққан ІІ томдық шығармалар жинағына енген.»/ батадағы ақ ниетті тілек бас батырдың сенімі мен имандылық әлеміне жетелейтін құдыретті күші бар. Б. Момышұлының ел ардақтысы болып өсуіне әсер еткен каһармандық ғұмырының бастауы болған төрт батаның біріне назар аударайық:

Жарық дүниге келгеніме екі-үш ай болғанда, шешем мені күн көзіне шығарып Имаш атамның алдына әкеліпті: Атам ерте көктем алдында ағаш отырғызып жүр екен,

- Атасының қолын ұзартып, қолғабыс беруге келді, - депті шешем ізетпен иіліп. Атам еміреніп мені алақанына алыпты. Қолына жас бұтақ ұстатып:

Құрық деп берсем, - құл болма,
Шыбық деп берсем, - шіл болма.
Бәрінен де шырағым,
Баяны жоқ ұл болма, - деп келініне қайтарып беріпті екен. Осы берілген аталы батаның Бәукең атамыздың батыр, қайсар, данышпан болуына септігі тиген десек қателеспейміз.

Я, Алла тағалам!
Өмір берсең жайлы ғып бергін.
Дәулет берсең сайлы ғып бергін.
Еңбегіміз өрісті болсын,
Қамбамыз астыққа толсын,
Көсегеміз көгере түсіп,
Мыңғырған мал өріске толсын.
Әйел берсең әдепті,
Жанға тыныш жайлы ғып бергін.
Келін берсең келісті ғып бер,
Ағаш берсең жемісті ғып бер.
Тұлпар берсең шабысты ғып бер...
Жомарт болсаң осы айтқандарымның барлығын
Үйіп-төгіп бір-ақ бер!
Аллаһу акбар! /Бата. Б. Момышұлы. 2 томдық шығармалар жинағы. Алматы. «Жазушы» 1968 жыл. 2-ші том.18-бет. /

Сапарынан соңғы күні Бәукең атамыз жалғыз баласы қаза болған қасіретті қарияның бірінің үйінен дәм-тұз татып шықпақшы болады.

Қанша үйдің дәмін татса, астан кейінгі бата беруді ауыл ағалары атқарады. Енді елден аталар алдындағы дәм-тұздің батасын беруді жұрт Бәуекен атамыздан өтінеді. Бәуекен сәл ойланады да, термеліп батасын береді. Осы мағыналы, өнегелі баталардан кейін өзіне үлгі тұтатын үлкен ой түйіндейсің.

Б.Момышұлының қол бастаған батырлығы мен интеллектуалды ой-сананың да айтулы еріне айналған даңқы бүкіл Одақ халқы мен күллі әлем жұртшылығына тұтас жайылуымен дараланады.

Мен – анамын, ұстазбын өмір тәжірибем жеткілікті деп есептеймін. Өзім сияқты аналар, ұстаздар, өскелен ұрпақтың бойында мәдениет, адами қасиеттер қалыптастыру мақсатында айтылатын әрі әсерлі, әрі ойда сақталып қалатындай мәнді мақал-мәтелдер, ақыл-насихат, өнеге-өсиет Б.Момышұлы шығармаларында табылатынына көзім жетті. Біз қоғамның қамын ойлайтын азамат тәрбиелеуіміз керек. Осындай игі істе біздің таптырмас көмекшіміз осындай ақын-жазушыларымыздың даналығы болып табылады. Өткен замандарда жасаған серілер мен ақылмандарымыз бізге қалдырған ой-парасат мирасы даңғыл жол сияқты екен! Біз бұрынғылардың ақыл-кеңесіне құлақ тоссақ, адаспай, абыржымай, жаңылмай, жаза баспай, арман-тілегімізге неғұрлым тезірек жетуімізге жол табылады. Б.Момышұлының шығармалары бізді ізгілікке, имандылыққа, адамгершілікке, адалдыққа, еңбексүйгіштікке, ұлтжандылыққа, отаншылдыққа тәрбиелейді. Жалпы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу ісінде Бауыржан Момышұлы мұрасындағы партиотизмнің ғылыми құндылығы мен тәрбиелік мәні жоғары асыл мұра екеніне көзім жетті.

Б. Момышұлының пікірі бойынша «Тәлім – тәрбиенің мәні неде? Адамның ауыртпалықты, мұқтаждықты және қорқынышты жеңе білу қабілетінде. Жеке мақтаныш сезімі еңбекте, тұрмыста ғана емес, ұрыста да ерлікке бастайды. Парыз сезімі, адамгершілік – жеке басының, ұлттың, Отанның мақтанышы.

Бұл Б. Момышұлының ұрпаққа қалдырған аманаты деп білеміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Ұлы тұлғалар» Б. Момышұлы. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Орталық ғылыми кітапхана. Алматы.2011ж.

2. Бата.Б.Момышұлы. Алматы. 2 томдық шығармалар жинағы. 1968жыл. 2-ші том. 180бет.

3. Қайырхан Жарылқасынұлы. «Б. Момышұлының рухани мұрасындағы этномәдени дәстүрі, білім беру және тәрбие мәселелері»

## ҒИБРАТТЫ ӨМІРДЕН БІР ҮЗІК СЫР

*Ануар Ақнұр, 10 «В» сынып оқушысы,*
*Қарағанды қаласы*
*Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі*
*Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Есенжолова А.О.*

Аты бүкіл әлем халқына аңыз боп тараған қазақ елінің қайталанбас дара тұлғасы Бауыржан Момышұлы ғажайып сырға толы өмір жолы мен ерліктері бар жұртқа аян. Содан болар, ақиық қыранымыз Бауыржан момышұлы жайлы сан тарапты пікірлер айтылып, талассыз жазылып келе жатқан мақала, зерттеу кітаптар қаншама! Алайда, ел алдында қаһарман бейнесі көбіне оның батыр стратег, талантты жазушы не лидер ретінде ғана көрмек. Сондықтан Бауыржан атамызды сүйікті перзент, дос, жұбай, әке ретінде талдау бүгінгіде маңызды болып танылады.

Мұхтар Әуезов атап өткендей, Бауыржан Момышұлы – «тектілердің ұрпағы». Оның салмақты мінезі мен салқынқандылығы, жан жомарттығы мен кішіпейділігі – бәрі-бәрі әке тәрбиесінен десек, қателеспейміз. Анасынан ерте айырылған бала Бауыржан әжесі Қызтумастан аналық ыстық махаббат сезіне алды. Бұл екі жан Бауыржанның халқына адал, ісіне шебер азамат болып өсуіне бірден-бір себепші болғаны жазуышының өзімен расталады. Мектеп қабырғасында үздік атанып, 1921 жылы Бауыржан Момышұлы Аса интернатына оқуға түседі, кейін 1924 жылдан бастап Шымкент қаласындағы жеті жылдық мектепке ауысады. Ол Құрманбек Сағындықов және Әбділда Тәжібаевпен мектеп қабырғасында бірге білім алған. Сол бір шақтардағы жақын жолдастарының біріне айналған Құрманбек Сағындықов олардың интернаттағы өмірі, екеуінің жарасымды достығы мен оқуы жайында жүрек елжіретер «Ең аяулы досым менің» деген естелік басып шығарады. Аталған естеліктен бірнеше үзінді келтірсек:

«...Міне, нақ осы сәттен бастап орта мектепті бітіргенге дейін біздің Бауыржанмен жұбымыз жазылған емес. Сабақ оқитын партамыз бір болды, асханада бірге отырып, дәл бір мезгілде тамақтандық, ұйықтайтын төсегіміз қатар тұрды, әсірелеп айтқанда, әрқайсысымыз егіздің сыңарындаймыз, әрі арамыздан қыл өтпестей тату болдық, бір үзім нанды бөліп жеп, бір жұтым суды бөліп іштік...»

Және «Екеуіміздің де сабақ үлгерiміміз де, әртүрлі пәндерден алған бағаларымыз да жақсы болып жүрді, тек Бауыржан арифметикадан, мен қазақ тілінен әрдайым үздік баға алатын едік. Біз 1923 жылы апалы-сіңлілі екі қыз – біздің тәрбиешілеріміз Лена және Машаның – ақыл-кеңесі бойынша жас ұландар (пионерлер) қатарына өтіп, мойнымызға қызыл галстук тақтық...» деп жазады ұлы батырдың бала күнгі жан жолдасы.

Жоғарыда берілген шығарма үзінділеріне кішігірім талдау жасасақ, Бауыржанның адал әрі кеңпейіл дос, әркез жаныңнан табылар серік екендігіне күмән қалмайды. Қорғай білетін, қорғай білетін жанашыр бала Бауыржан осылайша тек Құрманбек жолдасына ғана емес, басқа да мектеп оқушыларына қымбат болды. Шыныменен, аяулы дос образы тұлғаның ерекше қарапайымдылығы мен табиғатынан ашық мінезіне тікелей байланысты.

1928 жылы орта мектептен білімін алғаннан кейін де екеуінің жұбы жазылмай, бір жолмен жоғары оқу орнына аяқ басып, Орынбор

қаласындағы қазақ педагогикалық институтында білім алуды жалғастырады. Алайда көп ұзамай тұрмыстық жағдайына байланысты ауылына қайтуына тура келеді. Институт директоры Тоқтыбаев оның суықта жұқа киіммен жүргенін көріп, бухгалтерия арқылы қағаз жаздыртып береді. Кейін осы жазылған қағазбен студент Бауыржан ақша алып, ауылына қайтады.

Отбасы мен жеке өміріне тоқталатын болсақ, Бауыржан Момышұлы өмірінде бірнеше рет шаңырақ көтеріп ажырасқаны белгілі. Бірінші әйелі Бибіжамал Мұқанқызынан Бақытжан есімді ұлы дүниеге келген. Ұлы да жазушылықпен айналысқан. Ал екінші әйелі Вера Строева батырдың әдебиетке келуіне себепші болады. Бұдан кейін Клавдия Коркина есімді сыған қызымен отау құрып, одан Елена есімді перзент сүйеді. Тағы бір әйелі Бақытжамал Қалибекқызымен 13 жыл бірге болған. Жалғыз ұлының әйелі — Зейнеп Ахметова Бауыржанның келіні. Ол қазақы дәстүрлерді әлі күнге дейін насихаттап, қайын атасы туралы естелік кітаптар мен мақалалар жазды.

Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер» атты естелік романы іші беймәлім, ел білмес сырға толы сандыққа ұқсайтын Баукеннің жан дүниесін ақтарып, қаһарманды басқа қырынан танытады. Бұл туындының ерекшелігі – Зейнеп ханым «үйдің» Бауыржаны мен «сырттың» Бауыржаны арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты көрсетеді және оның қайың ата ретіндегі рөліне баға береді. «Қайын атам менен әркез оның көздеріне тура қарауды талап ететін. Бұл маған қиынға соғатын: атамның көздерінде жалындап от ойнаушы еді» дейді келіні. Бауыржан Момышұлы секілді ұлы әрі көпті көрген тұлғалардың шаңырағына түсу оңай еместігі де айдан анық. Бәріне белгілі Баукеннің қаталдығы мен бұйрықшылдығына сәйкес келіннің көпке баулып, көпке үйренуіне тура келеді. Алғашқы әрі ең есте қаларлық оқиғалардың бірі келіні үшін мынадай болды – жазушының жеке кабинетіндегі дүниенің бәрі астан-кестен болып жатқанын байқаған жас Зейнеп үстелін сәл реттеп қойғаннан кейін, атасынан ырзалық күтсе де, Бауыржан Момышұлына мұндай «көмек» көңілінен шықпай, Зейнепке енді оның жазу үстелін жинауға рұқсатын бермепті, тіпті жас баланы жылатып та алыпты. Кінәсін өзінен көрген Зейнептің кешірім білдіргеніне ол сәл күлімсіреп, «мой беспорядок – это и есть мой высший порядок» деп қысқа жауап береді. «Бұл үйдің табалдырығын өзіме сенімсіз, олақ әрі тым аңқау бала болып аттасам да, уақыт өте келе, шыдамымды шыңдап, үлкен даналыққа кенелдім. Атам менің әркез өскелең ұрпақты дұрыс бағытта тәрбиелеуде зор құлшыныс білдіретін, мұндай адамнан тәлім алу мен үшін Алланың сыйы болды» -деп еске алады. Міне, осындай құнды өмірлік тәжірибе үшін Зейнеп Ахметова өзінің сүйікті атасына деген алғысы шексіз.

Адамды толық танып білу үшін жылдардың өзі жеткіліксіз. Бауыржандай тұлғаны толығымен танып білу үшін ғасырдың өзі қысқа болмақ. Бұл өз кезегінде түрлі тарихшы, профессорлар, батырдың

әріптестері мен жақындарынының жазған көптеген деректер, зерттеулер, мақалалар мен естеліктердің жарық көруіне тікелей әсер етеді. Қазіргі таңда Бауыржандай халық адамының тарихы әлі күнге дейін өз өзектілігінен айырылмай насихатталуы болашақ ел қорғаны болар азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеуде таптырмас тәрбие құралы болып табылады.

«Егер сен халықпен болсаң, ешқашан жалғыз қалмассың. Егер де халықпен бір жолға түссең – адаспассың... Халық жанарынан ешнәрсе жасыру мүмкін емес, сондықтан халқыңа адал да әділетті бол, олардың алдында басыңды ій» - деуі дана да батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының елінің адал ұлы болып, биік адамгершіліктің, намыс пен қайсарлықтың символы болып, бүгінгі ұрпақ есінде мәңгі қалуының сыры осында жатса керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мекемтас Мырзаахметұлы «Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер», Алматы, 2007
2.«Бауыржан Момышұлы» 1-том, Алматы, 2004
3.Бауыржан Момышұлы «Ұшқан Ұя», Алматы, 1974
4. https://massaget.kz/layfstayl/debiet/bauyirjan_momyishulyi/24101/

## ТҰЛҒАСЫ ТҰНҒАН ТӘЛІМ, ЕСІМІ ЕЛГЕ МӘЛІМ

*Уалиева А. Д., 10 «А» сынып оқушысы,*
*Қарағанды қаласы*
*Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі*
*Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Есенжолова А.О.*

Аты бәрімізге мәлім Бауыржан Момышұлы - өз заманы үшін де, қазіргі қоғам үшін де дара тұлға. Жастайынан балалар Бауыржан сынды тарихи тұлғалардың есімдерді естіп ер жетеді. Бауыржан Момышұлының шығармалары соцреализмге келгенімен, патриоттық рух пен ұлттық бейне сақталған, сондықтан оның шығармалары кең ауқымды аудиторияны қамтуға қабілетті.

Бүгінде Бауыржан Момышұлының азаматтық бейнесі батырлығымен де, шығармашылығымен де танылған. Алайда қазіргі таңда жасөспірімдер арасында оның тұлғалық жетістіктері мен шығармаларының мәні тек жеңіл-желпі нұсқада мәлім. Бұл тенденция соңғы 10 жылда қоғамдағы өзгерістерге байланысты өте үлкен жылдамдықпен жүруде, сондықтан ірі масштабтағы мәселеге айналып кетпегенде шешу жолдарын қарастыруымыз қажет. Мәселенің шешу жолдарына келу үшін қазіргі қоғамды, нақтылай алғанда жасөспірімдердің қызығушылықтарын зерттеу аса маңызды, себебі психологиялық тұрғыдан адамға күштеп жегізген астың дәмділігі иісімен баулап тартқан тағамнан әлдеқайда төмен бағаланады. Сол себептен мектепте өткізілетін қызықсыз іс-шаралардың,

әсіресе ашық сабақтардың Бауыржан Момышұлының шығармашылығына тартудағы тиімділігі төмен.

Біріншіден, заманауи жасөспірімдердің ғаламторды, әлеуметтік желілерді белсенді қолдануы күнделікті іске айналып кетті. Шетелдік әдеби туындыларды оқығаннан кейін әдетте мен MyBook YouTube арнасына кіріп, қысқаша мазмұнды анимация түрінде көремін. Осындай форматтағы бейнероликтер орта есеппен алғанда орыс тілді аудиторияда 200 мың қаралым жинайды.

Алайда Бауыржан Момышұлының шығармаларын қысқаша мазмұнда берсек, еш пайдасы болмайды, жасөспірімдер видеоны көргенімен, кітапты оқуға құлшынысы пайда болмайды. Керісінше, барлық кітаптың мазмұнын көріп тастап, кітаптың бірінші бетін де ашуға талпынбайды. Сондықтан мен баламалы жолды ұсынғым келеді. Ең алдымен, анимациялық бейнеролик түріндегі кітаптың трейлерін шығару керек. Трейлер 2-3 минуттан аспау керек, себебі статистикаға сүйенсек, көрермендердің 40 пайызы көңіл көтеруге арналмаған бейнероликті алғашқы 2-3 минутында сөндіріп тастауға бейімделген.

Соғыс жылдары туралы жазылған Бауыржан Момышұлының кітаптарына трейлерлер көп қаралым жинай алады, өйткені соғыс тақырыбы барлығымызға мәлім және динамикалық тұрғыдан, мазмұн мен визуалды жақтан өте әсерлі бола алады. Менің ойымша, бұл идеяны жүзеге асыруды бастасақ, kitap.kz сияқты қазақша платформаларды осы іске қызықтыра аламыз.

Бұл Бауыржан Момышұлының шығармаларын таратуда тиімді жол бола алады, ал оның Ұлы Отан соғысындағы ерлігін, қайсар мінезі мен тұлғалық қасиеттерін көркем фильмдер мен сериалдар арқылы кең аудиторияға жеткізуге болады. Мысалы, 2017 жылы «Sataifilm» киностудиясының түсірілімімен «Хабар» телеарнасында «Бауыржан Момышұлы» сериалы жарыққа шықты. Шыныменде сапалы дүние болғандақтан қаралымсыз қалған жоқ, қоғамда біраз талқыға салынды. YouTube желісінде көрерменде 873 пікір қалдырды, көбісі өзінің оң көзқарасын білдіріп, батырымызға деген алғыстарын жазды.

Түйіндей келе, Бауыржан Момышұлы – қазақ халқының мақтанышы, нағыз ер тағына сай адам, сондықтан оның есімі тарихта мәңгі қалуы тиіс. Ұрпақтан ұрпаққан осындай тұлғаларымыздың жетістіктерін таратуымыз қажет, сол себептен барынша бәріміз осындай іс-шараларға белсене қатысып, есімдердің ұмытылуының алдын алайық.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мекемтас Мырзаахметұлы «Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер», Алматы, 2007

2.«Бауыржан Момышұлы» 1-том, Алматы, 2004

3.Бауыржан Момышұлы «Ұшқан Ұя», Алматы, 1974

# ШАГНУВШИЙ В БЕССМЕРТИЕ…

*Ахметова Л.Б.,Сейдуалиева А.Т*
*учителя русского языка и литературы*
*Общеобразовательный комплекс школа-детский сад № 77*

2020 год связан со знаменательной датой для всей нашей страны - 75-летие Великой Победы. Мы 75 лет живём без войны и должны помнить и хранить в своих сердцах чувство долга перед теми, кто подарил нам мир и свободу. В плеяде звёзд славных героев ярко светится имя великого сына казахского народа, героя Великой Отечественной войны, панфиловца, Героя Советского Союза, писателя Бауыржана Момышулы, человека, который очень любил свою родину, свой народ. Человека, который стал легендой еще при жизни.

Бауыржан Момышулы — выдающаяся личность в истории Казахстана. Герой, писатель, неординарная личность. Сейчас это имя знакомо каждому казахстанцу. Для нашего народа Бауыржан Момышулы – это батыр, народный герой, писатель, личность, достойная восхищения и почтения. Книги автора пронизаны патриотизмом. Они стали первыми литературными произведениями военного жанра в истории страны. Выдающийся писатель — участник битвы за Москву и других важных сражений. Все его произведения навеяны переживаниями от участия в военных битвах и рассказывают о том сложном периоде в жизни народа. В них описаны реальные события и товарищи, которые сражались с ним бок о бок. Плечом к плечу с писателем в боях под Москвой героически сражались и погибали сотни его соотечественников. Он командовал батальоном, потом возглавлял дивизию. Сегодня его опыт изучают в военных учебных заведениях Израиля, США. В казармах, в окопах и в окружении писатель создавал очерки. Исписанные полевые тетради, хранящие порох, капли крови соотечественников и дым войны, стали основой для создания проникновенных произведений, которые были переизданы в нескольких странах.

Выдающиеся достижения Бауыржана Момышулы отмечены правительственными и государственными наградами, орденами. Именем героя названы: школы, спортивные комплексы, десятки улиц в городах и селах. Неуемная энергия заставляла Момышулы всегда работать, не пренебрегая никаким трудом. Он успел попробовать себя в педагогике, поработать экономистом в банке, старшим инструктором Казвоенкомата, командиром дивизии. Момышулы быстро дорос до звания полковника, но дальше его официальный путь по служебной лестнице с выверенными должностями застопорился, несмотря на очевидные заслуги и подвиги героя. Даже будучи раненым несколько раз, Бауыржан Момышулы оставался на поле боя, продолжая вести сражения. Момышулы показал себя не только в составе знаменитой Панфиловской дивизии. В январе-апреле 1942 года 8 и 9 гвардейская стрелковая дивизия вели бои с

прославленной немецкой дивизией «Мертвая голова» и сражались в «Демянском котле».

Бауыржан Момышулы был не только безупречным практиком, он реализовал себя в качестве отличного теоретика. Его открытия и достижения составляют действительную ценность для военной науки, до сих пор изучается военная стратегия и тактика казахского героя. Имя и подвиги Бауыржана Момышулы были известны не только в пределах Советского Союза, но и в дальнем зарубежье. Его приглашали читать лекции по боевой тематике на Кубе. Момышулы встретился с кубинским революционером Раулем Кастро, и был признан почетным командиром 51-го полка Революционных Вооруженных Сил Кубы. Фидель Кастро говорил, что восхищается казахом БауыржаномМомышулы. Настоящие подвиги, которые прошли проверку тяжелыми, суровыми испытаниями, заслужили мировое признание, почтение и восхищение. «Тот, кто не уважает свою нацию и не гордится ею, тот безусловный подлец и бродяга», -эти слова, ставшие афоризмом, принадлежат великому сыну казахского народа.

О героическом пути батальона под командованием Бауыржана Момышулы Александр Бек рассказал в книге « Волоколамское шоссе» еще в 1946 году, но о его подвиге страна узнала сразу после событий 1941 года под Москвой. Меня покорил тот факт, что когда кубинского лидера Фиделя Кастро спросили, кого из героев Второй мировой войны он знает, он назвал имя казаха Момышулы. На Кубе его встречали как космонавта Юрия Гагарина. И еще один факт, который заслуживает не только моего внимания: эта книга вместе с оружием вручалась каждому офицеру той страны, которая боролась за свою свободу: Куба, Израиль, Венесуэла, Ангола…

Всем известно его изречение: «Смелость города берет». И подтверждением этих слов стала сама жизнь Бауржана Момышулы.

На фронт ушел в 1941. Дивизия называлась Семиреченской. Со своей задачей –подготовить 700 гражданских лиц к боевым действиям- отлично справился. А помогло такое качество, как высокая требовательность не только к другим, но и прежде к самому себе. 50-километровый бросок, да не по шоссе, а по оврагам. Такие учения в дальнейшем дали возможность спасти многим жизнь.Умный, смелый, отважный, смелый, мужественный, честный , правдивый. Все эти качества, без сомнения, присущи этой яркой личности.

Панфиловской дивизии, в которой служил Бауыржан Момышулы в должности командира батальона, дали задание защищать Волоколамское шоссе. Немыслимый приказ. Силами 700 человек закрыть рубеж обороны Москвы длиной 8 километров. Чтобы выстоять, надо было атаковать. И тут командир применяет новую тактику - это смена позиций, которая создавала у немцев иллюзию того, что воюет большое количество солдат.

И фашисты отступили, назвав дивизию «Дикой», солдаты которой не сдаются в плен.

«Мы должны все выжить», -такую задачу ставил командир перед своими бойцами. И они ему верили и шли за ним. Он мог бессловесно влиять на своих подчиненных. При обороне Москвы участвовал в 27 боях. 5 раз его дивизия попадала в окружение. Выводил с малыми потерями.
Январь 1942 года. Битва под Демьянском. Потери немцев-1000, у Бауыржана Момышулы-157. Его действия на войне стали для многих примером нешаблонного мышления. Умело находил « слабые места», умел создавать ложные действия.

Упрямство - это еще одна черта этого человека в хорошем смысле этого слова. И она заслуживает особого уважения. 18 ноября 1941 года погиб Иван Панфилов. Именно благодаря настойчивости и упрямству Бауыржана дивизии было присвоено имя ее первого командира. Он умел настоять на своем. Всегда. И умел быть хорошим другом , и учителем, и командиром. Он всегда все делал хорошо.

После войны в возрасте 45 лет он вышел в отставку и начал писать книги, чтобы донести правду о войне от лица тех, кто ее знал не понаслышке. Бауржан Момышулы стал основоположником казахской военной литературы: биографическая повесть о генерале И. В. Панфилове «Наш генерал»; книга-хроника «Психология войны» и другие. Вышло 50-ти томное собрание сочинений на 2-х языках. Сюда вошли не только книги о войне, но и о мирной жизни.

Бауржан Момышулы прожил жизнь, которая ложится в основу книг, фильмов. Нет казаха, который бы не знал, кто такой БауыржанМомышулы. Принимая во внимание всемирно-историческое значение жизни и подвига легендарного сына казахского народа, наша школа включилась в работу по проведению мероприятий, посвящённых памяти и чествованию Бауыржана Момышулы.

Все мероприятия спланированы и проводятся по плану. Данные мероприятия лишь часть системы школы по гражданскому, духовно-нравственному и патриотическому воспитанию. Наша школа стремится воспитать человека, любящего свою родину, страну, в которой он родился. Ярким примером подражания для молодёжи является Бауыржан Момышулы.

Нам, педагогам и учащимся, хотелось бы , чтобы нашей школе присвоили имя Бауыржана Момышулы с целью сохранить память о подвиге великого героя, передать подрастающему поколению ценность жизни и мира на земле, приобщить детей к важным историческим событиям нашей страны. Передать эстафету памяти, показать учащимся величие и самоотверженность подвига Бауыржана Момышулы – одна из основных задач гражданско-патриотического воспитания нашей школы.

**Использованная литература:**
1. М.Трахман «1418 дней»-М. 1968г.
2. Н.Д.Негробов, П.И.Потёмкин Великая Отечественная война Советского Союза1941-1945 гг. Фотоальбом. Пособие для учителей - М., «Просвещение», 1978. 239с. с ил.
3. Бахытжан Момышулы «Во имя отца» - Алма-Ата: «Жалын», 1991г.
4. Момышулы Бауыржан. Сайт «Герои страны»

## ҚАЗАҚТЫҢ БАУЫРЖАНЫ

*Дайрабай Ақмарал, 10 «А» сынып оқушысы*
*Қарағанды ХББ НЗМ,*
*Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Есенжолова А.О*

Бауыржан Момышұлы – елдің басына қара бұлт төніп, өлім мен өмір таразыға түскен сәтте отанының келешегі үшін басын қатерге тіккен жүз жылда бір туатын азаматтың бірі ғана емес, бірегейі. Күнәсіз жандардың қаны төгілген майданда сұм ажалмен бетпе-бет келгенінен бе, анасынан айырылып, әжесінің тәрбиесін көргенінен бе, әйтеуір Бауыржан атамыздың жүрегі қашан да болсын «қазақ» деп соққан, ал даналығында шек болмаған.

Бауыржан Момышұлының жауға деген қаттылығы мен досқа деген адалдығы ұштасуынан туындаған шығармалар, қанатты сөздер бүгінгі таңда қазақ жастарының арасында адалдық пен шыншылдық, намысқойлық пен қара қылды қақ жарған турашылдық секілді адамның асыл қасиеттерін насихаттайды. Осындай өр мінезді адамның тұлғалық қасиеттері мен өмірлік ұстанымдары замандастарының бойына ұлт болашағының жарқын бола алатыны жайлы үміт отын жақты. Дара тұлғаның өнегелі ойларын тереңінен зерттеп, дәріптеудің бүгінгі салиқалы ұрпақ, біздер үшін маңызы өте зор деп білемін.

«Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі» [1] деп, өзінің ұлтына деген сүйіспеншілігінен басына күн туғанда да айырылмаған қаһарман жанның көптеген шығармалары да осы тақырыпқа арналған. Мысалы, батырдың 1974 жылы жарық көрген «Ұшқан ұя» повесі – салт-сана, халық дәстүрі, ұлттық құндылықтар бүкпесіз айтылған шығарма.

Бауыржан атамыз 3 жасында анасы Рәзиядан айырылғанда, әжесі Қызтумас пен атасы Имаштың болашақ батырды қанатының астына алуынан таудай биік тұлғаның қалыптасуында ата-әжелердің баға жетпес өмірлік тәжірибесі мен үлгілі тәрбиесі айрықша орын алатынын аңғаруға болады. «Қарты бар үй – қазына», кейуананың мағыналы әрі қызық құлақ құрышын қандырған ертегілерін тыңдап өскен бала өз қатарластарынан әрқашан бір қадам алда болады. Әжемнің бауырында өскендіктен, мұны мен жақсы білемін. Кезінде атам қазақ «Қарты бар үйдің құты бар» десе, бүгінгі таңда жасы жетіп, балаларының көмегіне зәру болған қаншама ата-

әжелеріміздің қарттар үйін паналауы – ұлт болашағын тәрбиелеуде жіберген қателіктердің орны толмас өкінішті салдары. Дәл осы себептен Бауыржан атамыздың сыр мен астарлы мағынаға толы шығармаларын оқып қана қоймай, олардан қорытынды жасау, қарттарға қамқорлықты, ұрпақ жауапкершілігін күшейту – бүгінгі қоғам міндеті.

Екіншіден, «Ана тілін ардақта» [2] деген батырдың жанайқайға толы өлеңінен 20-ғасырдың ортасында қазақ тілінің мәртебесі мүлдем төмен болғанын аңғаруға болады.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 1950-1970 жылдары 1500-ға жуық орыс мектебі ашылып, 3891 қазақ мектебі жабылуының, орыс тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуының өкінішті салдарын:

Ұмытып ана тілін, салт-санасын,
Не қалды тілімізден жыртылмаған, – деген жолдар анық аңғартады.

Тәуелсіздік алғанымызға 30 жылдай болса да, бүгінде ана тілімізді қазақстандықтардың 60%-ы ғана еркін меңгергендігі көңілге кірбің ұялатады.

Демек, Бауыржан атамыз кезінде бекерден-бекер дабыл қаққан жоқ. «Тіл – ұлт жаны, кешегі тарих пен болмысты бүгінге жеткізер алтын көпір, болашаққа бағдар». Сондықтан ана тілімізді көзіміздің қарашығындай сақтау, ардақтау – біздің бабалар алдындағы қасиетті борышымыз.

Адам өмір бойы ізденісте болып, өзінің қабілеттерін ұштау керек деген ойға негізделген «Тырнақтап жина әр жерден» [3] өлеңінің мағынасын ашып өтпеске болмайды.

– Тырнақтап жина әр жерден,
Асылын елеп теріп ал, – деген жолдарда адам қайда болсын, кімнен болсын, жақсылықты үйренуге құштар болу керек делінген. Оған қазақтың көшпелі тұрмысында келіннің енеден, баланың әкеден тек жақсы мінез бен істі үйренуге әуес болуымен түсіндіруге болады. Адамның өмір бойы мінсіз болмаса да, өзінің асыл қасиеттерін жетілдіре беруінің өзі – бір ғанибет.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Бауыржан Момышұлының өмірі мен өнегелі шығармалары – мағыналы өсиет пен берекелі білімге толы алтын қазына. Осы қазынаның кілтін асыл тұлғаның шығармашылығын зерттеу арқылы тапсаң, мол олжаға кенелгендей боласың. Ал мол олжа дегеніміз – елдегі ауызбіршілік, туған тіл мен отанға деген сүйіспеншілік және адамгершілік. Әрқайсымызға осындай олжаға кенелуді нәсіп етсін.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. https://sputniknews.kz/spravka/20181224/8599388/bauyrjan-momyshuly-omirbayan.html
2. https://camonitor.kz/30942-ministr-optimist-skolko-na-samom-dele-grazhdan-strany-vladeyut-kazahskim-yazykom.html
3. https://massaget.kz/layfstayl/debiet/bauyirjan_momyishulyi/39396

# ТАУ ТҰЛҒАЛЫ БАТЫР

***Онбаев Асылхан,*** *10 « А» сынып оқушысы*
*Қарағанды ХББ НЗМ,*
*Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Есенжолова А.О*

Жаңа технологиялар заманында ұлттық құндылықтардың мәні көптеген өзгерістерге ұшырап, маңызы күннен-күнге ұмытылуда. Сондықтан олардың жас ұрпақ арасында насихатталуы – көпті ойландырған көкейкесті мәселе. Бауыржан Момышұлы өз шығармаларында адами қасиеттерді өсиет етіп қалдырды. Бауыржанның есімі бүгінгі ұрпақ үшін әдебиеттегі шыншылдық пен әділдіктің синонимі іспеттес.

Бауыржан Момышұлының шығармаларында көбінесе оқырманда патриоттық сезім туғызатын нақыл сөздер мен оқиғалар көп. «Менің халқым – жер бетіндегі қасиетті халықтардың бірі. Себебі табиғаты таза, ар-ұжданын саудаға салмаған, адам сүю сезімі сарқылмаған, бұзылмаған, жарылмаған халық. Бір сөзбен айтсам, ақын халық» деп айтқан еді. Өзінің ұлтын сыйламаған – ұлтын мақтаныш тұта да алмайды. Сондықтан Бауыржан атамыздың туындылары балалардың бойында патриоттық жалынның лаулап жануына ауадай қажет. Қарапайым халықтың маңдай тері мен көптеген батырлардың ерлігі осы шығармалардағы өз Отанына деген махаббаттын негізгі көрінісі болып табылады. «Ұлттық рухсыз ел тәуелсіздігі бола алмайды» деп Мұстафа Шоқай бекер айтпаған. Осы себептен Бауыржан Момышұлы халықтың бір мақсат үшін бірге күресуін көрсетуге көп көңіл бөлген. Бұл қазіргі ұрпақ үшін үлкен тәлім-тәрбие құралы бола алады, себебі, адамдардың күннен-күнге бір-біріне деген сенімін жоғалтуы бұған дәлел бола алады. Өкінішке орай, өз пайдасын ғана ойлайтын адамдардың саны көбейіп жатыр.

Бұл мәселені қалай шешуге болады? Жазушылардың шығармаларын талдау және оны басқаларға жеткізу адамдардың ой-санасына жағымды әсер ете алады. Осы себептен көптеген оқушылар әртүрлі шығармалар жайында жоба жазуды, атап айтқанда, "Патриотизмге тәрбиелеуде Бауыржан Момышұлы нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні" атты ғылыми жоба жазып жатса, дұрыс болар еді. Бұл жұмыста әртүрлі қанатты сөздердің мағынасы талданып, негізгі ойы оқырманға жеткізілсе, Бауыржан Момышұлының шығармашылығы ұлттық құндылықтарды насихаттауда ерекше орын алар еді деп ойлаймын.

Бауыржан Момышұлының тың идеяларына тоқталсақ, ол көп жағдайда шығармаларында қиын, халыққа ауыр тиген соғыс жылдарын жазған. Б.Момышұлының майданда туған бірнеше толғаулары «Тырнақтап жинап әр жерден», «Ана тілін ардақта», «Толғау», «Қайран сегіз» [1] т.б. өлеңдеріндегі ойлар жүйесі адамды жақсылық жасауға баулиды. Адамзаттың адамгершілік қасиетін жоғары бағалап, не істесе де ақылмен билік етіп, әділдіктің құлы бол дейді. Ол:

Ақыл айтар мезгілде,
Мың жасаған шалдай бол.
Қатал болар мезгілде,
Шатырлаған жайдай бол, – деді.

Осы шумақтың өзінде ақын жастарға ақылды, ұлтжанды болуды меңзейді.

Қорытындылай келе, Бауыржан Момышұлы өз шығармаларында адамгершілік, ерлік, отаншылдық қасиеттерді насихаттап, оқырман болмысына тікелей әсер етті. Оның еңбегі бостан-бос болған жоқ. Бауыржан атамыздың жұмысы туған жерін сүйетін жаңа ұрпақты тәрбиелеуде ерекше орын алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым порталы
2. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: Жазушы, 1975.

## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ – ТАЛАНТЛИВЫЙ КОМАНДИР

*Хмель Любовь Михайловна, Никитина Валентина Виктровна*
*учителя русского языка и литературы,*
*Общеобразовательный комплекс школа-детский сад №77*
*г Караганда*

*«За Родину в огонь, войдя - не сгоришь»*
*Б. Момышулы*

Современный период развития человеческого общества характеризуется более пристальным вниманием к жизни человека, сегодняшнего школьника, становлению его личности. Школа может и должна помогать ставить цели, планировать действия, оценивать результаты и их соответствие целям, поддерживать индивидуальные стремления ученика, помогать противостоять манипуляции, оградить от зависимости и крайне важно научить понимать сложность современного мира и не бояться, уметь принимать ответственные, верные решения в сегодняшнем глобализированном мире. Важную роль в жизни подрастающего поколения сыграет вовремя прочитанная интересная книга, встреча с замечательным человеком. Как никогда, во многих жизненных ситуациях ответить на возникшие вопросы поможет жизнь легендарного воина Бауыржан Момышулы, книга его и о нем.

Бауыржан Момышулы — одна из самых ярких личностей в истории Казахстана. В годы Великой Отечественной войны он показал себя героическим воином, талантливым командиром, стратегически разрабатывающим каждую операцию. Особое место в биографии Бауыржана занимает битва под Москвой. Его идеи в области тактики отличались смелостью и новизной, характер - твердостью и прямотой:

выдержанность, требовательность, храбрость, стойкость, беззаветное служение своему долгу, любовь к Родине, геройство, честность и справедливость. Говорил всегда и всем только то, что думал, никогда ни под кого не подстраивался. Командовал артиллерийскими подразделениями, был командиром 202 – го отдельного противотанкового дивизиона, комбатом… Не случайно именно о нем, прямо по свежим впечатлениям, в 1942- 1943 годах писатель Александр Бек написал книгу «Волоколамское шоссе» о бессмертном подвиге бойцов и командиров Панфиловской дивизии.

Когда много лет спустя Фиделя Кастро, лидера революционной Кубы, спросят, кого он назвал бы героем Второй Мировой войны, ответит: «Героя книги А. Бека «Волоколамское шоссе» Бауыржана Момышулы».
Генерал И.В. Панфилов ценил смелость, независимый характер Бауыржана, его умение брать на себя ответственность, самостоятельно принимать решения. За боевые заслуги представил тогда еще лейтенанта Момышулы к ордену Ленина, а уже после гибели И.В. Панфилова, другой его командир, полковник И.И. Серебряков, в августе 42-го представил Бауыржана к присвоению звания Героя Советского Союза.

Военными специалистами внимательно изучены многие документы тех лет – карты, схемы боевых действий батальона, что позволило им сделать выводы и ввести в оборот военной науки новый термин «Бауыржановская спираль». Сущность этого понятия заключается в том, что Б. Момышулы показал, как надо грамотно проводить военные действия, уметь отступать, нападая. Известно, что под натиском превосходящих сил противника его подразделение вынуждено было отступать, но батальон не бежал панически от врага, а, отходя вдоль дорог, используя леса, лощины, совершал многократные спиралевидные внезапные налеты на колонны противника. Уничтожал живую силу, технику и тем самым изматывал врага до его выхода к оборонительному рубежу наших войск. Все это дает полное основание утверждать, что «Бауыржановская спираль» является новой формой тактических действий. Значителен вклад Бауыржана Момышулы и в тактику ведения наступательного боя. Его талант творчески мыслящего аналитика раскрылся в последующие годы войны, когда он командовал полком, а затем и дивизией, после войны занимался военно –педагогической, творческой деятельностью.

Прочитываем страницу за страницей: «Волоколамское шоссе», «За нами Москва», «Наша семья»… Перечитываем, вникаем в события, в самую суть происходящего, произошедшего, разбираем эпизоды, задаем вопросы и находим ответы. Произведения о Б. Момышулы, страницы, им самим написанные, никого не могут оставить равнодушным. Они заставляют читателя размышлять, анализировать, рассуждать, сравнивать, и проводить параллель, например, между солдатом и читателем…

«Совесть солдата…», а совесть читателя? «Дисциплина солдата» - дисциплина читателя. «Знание солдата, умение, подготовка» - знание, умение читателя. «Страх солдата, вера в себя, победа солдата…» - преодоление, вера, победа, достижения читателя.

Своим личным примером, правдивыми словами Б. Момышулы учит быть патриотом Родины, настоящим человеком: искренним, честным. Учит закалять себя, совершенствоваться, самосовершенствоваться. В жизни своей необходимо уметь, как и командир Бауыржан Момышулы, анализировать, выявлять проблему, уметь принимать решения, планировать, ставить цели, задачи и выполнять. Не бояться, не бежать от трудностей, а преодолевать их. Прочитывая страницы произведений, осознаем, как солдатам нелегко далась Победа! «Шаг назад сделал – Москву отдал!», «Ни шагу назад!», «Отступать некуда!», «Вперед! За Родину!» Сколько лишений, человеческих страданий перенесли люди, воевавшие за счастливое будущее - наше настоящее! Вечная память им!

**Использованная литература:**

1.Момышулы Б. За нами Москва: Записки офицера. – М.: Воениздат, 1988. – 256 с.
2.Момышулы Б. Наша семья: Повести и рассказы. Изд. 7-е. – Алма – Ата: Жашузы, 1974. – 489 с.
3.Момышулы Б. Психология войны: Книга – хроника: Сборник. – Алма Ата: Казахстан, 1990.
4.Бек А. Волоколамское шоссе: Роман. М.: Воениздат, 1986. – 573с.

## КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДАҒЫ БАТЫР БЕЙНЕСІ

*Оралханова Камила Оралханқызы, 9-сынып оқушысы*
*Жетекшісі: Агадилова Э.А., тарих пәнінің мұғалімі*
*Жалпы білім беретін №77 мектеп-балабақша кешені*

«Ер есімі ел есінде» демекші халық қаһарманы, даңқты қолбасшы, қазақтың көрнекті жазушысы Бауыржан Момышұлы халық жадында мәңгі қалмақ. Ол өскелең ұрпаққа нағыз үлгі тұтар азамат. Қазағымыздың маңдайына шоқ жұлдыздай біткен Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерлігі, ұлағатты сөздері мен қөзқарасы жайлы көркем шығармалар батыр бейнесін айқын көрсетеді.

Қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының қаһармандық ерлігі туралы жазылған көркем туындылар жетерлік. Солардың ішінде Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», Александр Бектің «Волоколам тас жолы», Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер», «Бабалар аманаты» атты шығармалары жас ұрпаққа асыл мұра ретінде сақталып келеді. Әр туындының өзіндік орны бар. Әрқайсысына тоқтала кетсек.

Кезінде «Шуақты күндерімен» оқырман жүрегіне жол тапқан Зейнеп Ахметованың «Бабалар аманаты» атты жаңа кітабы жарық көрді.

Халқымыздың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлының келіні, батыр атамыздай тектінің тұяғы, асылдың сынығы - жазушы Бақытжан Момышұлының жан жары Зейнеп апа бұл кітапты ұзақ жылдар жүргізген күнделігінің негізінде жазған. Мұндағы басты әңгіме арқауы Батыр атамыздың баяндауында ұсынылады. Автор осыдан отыз-қырық жыл бұрынғы оқиғаларды күні кеше ғана өткендей, тап қазір ғана болғандай көз алдыңызға келтіріп, сондағы Момышұлы шаңырағында айтылған әңгіме, шертілген сырды шешен тілмен баяндайды. [1]

Бауыржанның даңқын алғаш кең таратып жіберген Александр Бектің "Волоколам тас жолы" атты романы болатын. Романның алғашқы бетін ашқанда-ақ, майдан картасын алдына жайып салып офицерлерге бұйрық беріп отырған Бауыржан бірден алдыңнан шығатын. Соғыс тағдырын, соғыс құпиясын жете түсініп, жүрекпен сезінбей тұрып шығарма жазам деушілік әурешілік деп, бірден тік кететін Бауыржан Момышұлы оқырмандарға сол бір мінезімен ұнаған-ды. Ақиқат пен аңызда Бауыржанның осы мінезі әр қырынан көрініп, соғыс майданында, жауынгерлер алдында үлкен істерді батылдықпен шешуге көмектеседі. Тапқыр да алғыр, сезімтал да секемшіл, қажырлы да қайратты офицердің характері осы бір белгілерімен дараланған.[2]

Майдан шебінде абырой, атаққа ие болған геройдың характерін айқын ашу үшін жазушы Момышұлына дүркін-дүркін сұрақтар қойып, өзара сырласып, өзара пікір таластырып отырады да, аңыз бен ақиқаттың ара жігін ашады. "Ұшқан ұя" мен "Москва үшін шайқаста" әңгімеленетін оқиға тізбегінен жазушы жаңа жол тауып, роман-диалогта геройдың психологиялық толғаныстары мен дүние танымына айрықша зер салған.[2]
Бұрын қазақтар ер баланы еркелеткенде басынан сипамаған. Арқасынан қаққан. «Басына сипау ұл баланы аяп, мүсіркеу сезімдерін туғызады, төмен қарап жүретін жасық болып қалады» деп түсінген. Ата-ана, ел-жұртына қорған болатын, шаңыраққа ие болатын ұлдың көзін жерден алмайтын жігерсіз, есіркеуді тілеп тұратын ынжық болғанын қаламаған. Ал арқасынан қаққанда ер бала батылданады, жігерленеді, еңсесін тік ұстап, тура қарауға дағдыланады. Неге болса да тайсалмай қарайтын қайратты, батыл болып ержетсін деп ұлды арқадан қағыпты. Ал қыздарды керісінше басынан сипаған. Қыз - жатжұрттық, қыздың бағы - үйде емес, түзде. Қыз басқа босағаны аттап, өзге үйдің отын жағады, ұрпағын өсіреді. Қызды «кететін бала ғой» деп еркелетеді. «Алдында не күтіп тұр екен, тағдыр-талайы қалай болады» деп басынан сипап аялаған. Қыз баланы басынан сипағанда басы еріксіз еңіс тартады, көз жанары төмен түсіп, жасырынады. Кісі бетіне бажырайып қарамайтын әдетке үйреніп, қызға лайық биязы мінез қалыптасады. Арқадан қағу мен бастан сипаудың осындай талғамды астары, тәрбиелік мәні бар екен», - деген Бауыржан атамыздың сөзіне құлақ асқанымыз дұрыс деп есептеймін. Қазіргі заман талабына сай өмір сүреміз деп жүріп, осы бір рухани құндылығымызды ұстанбай жүрген жайымыз бар. Келешегіміздің жарқын болуын қалайтын болсақ,

жастардың патриоттық сезімін оятып, дұрыс жолға бағыттауымыз аса қажет. Ұлтымыздың болашағы – тәрбиелі ұрпақтың қолында екендігін ұмытпайық.
Ұсыныстар: Жастарды көңілін баурайтын Бауыржан Момышұлына қатысты қызықты викториналар, ой-өрісін дамытатын ойындар мен пікірталас іс-шараларын ұйымдастырған жөн деп ойлаймын.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1.https://abai.kz/post/16780
2.https://adebiportal.kz/kz/retailing/view/356


## БАУЫРЖАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ


*Жақсыбекова Дильназ, 9-сынып оқушысы*
*Жетекшісі: Агадилова Эльмира Амантаевна, тарих пәнінің мұғалімі:*
*Қарағанды қаласы., ЖББ №77 МБК*


Елдік пен ерліктің киесіндей, батырлық пен батылдықтың иесіндей, асылдық пен жасындықтың үлгісіндей аты аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлы – тау тұлға. Ол кісінің өмір жолы, сұрапыл соғыс жылдарындағы жанқиярлық ерлігі, өжеттігі мен өрлігі, алғырлығы мен көрегендігі – біле білгенге ұлы тәрбие, үлкен өнеге мектебі. Батыр Бауыржан Момышұлы – алмас қылыштай өткір де қайсар, дана да данышпан, шешен әрі ақын, «сөз қадірін өз қадірі, өз қадірі ел қадірі» деп бағалаған айбынды азамат. Осынау дара тұлғаның бүкіл саналы ғұмыры, ғибратқа толы істері, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздері, терең мағыналы ойлары әркімнің көкейінде. Бауыржан Момышұлы – адамгершіліктің, азаматтықтың, патриоттықтың, имандылықтың символы, көркем бейнесі іспетті. Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы жеке басы ойшылдығымен, отаншылдығымен, ұлтжандылығымен, қаһармандылығымен, дарындылығымен, жоғары адамгершілік қасиеттерімен елеулі. Бауыржан Момышұлы – әлем халқының ортақ перзенті дәрежесіне дейін көтерілген азамат. Бауыржан Момышұлы – соғысты өз көзімен көрген жазушы. Батыр Бауыржанның айтар ойы, жазар тақырыбы – соғыс шындығы. Ол өз шығармасының кейіпкері, өзінің образдарымен тұтасып кеткен тұлға. Барлық оқиғалардың бел ортасында өзі болғандықтан автор әңгімені өз атынан айтады. Ол сырттан бақылаушы емес, сұрапыл соғыс жылдарын басыннан өткізген дана тұлға.

**Менің жобамның мақсаты:** Бауыржан Момышұлының сұрапыл соғысты, ауыл тіршілігін шынайы сипаттаған шығармаларының ұлттық құндылығын анықтап, көпшілікке таныту, бұл шығармалардың маңыздылығын түсіндіру, Бауыржан Момышұлының ұмытылған шығармаларын жаңғырту.

**Өзектілігі:** Бауыржан шығармалары майдан шебінде жүріп, көзі көрген өмір тәрбисінен алынған отты жүректің, ыстық қанмен жазылған

шығармалар. Осыған өзі айтып өткен мына сөздері толық дәлел: «Менің шығармаларым тұтастай және толығымен менің өз басымның естеліктеріне, ерекше делінген эпизодтар естеліктерінің жиынтығынан іріктеп, алынған елеулі көріністерге негізделген. Оларда ойдан шығарылған оқиғалар да, ойдан жасалған адамдар да жоқ». Сондықтан да Бауыржан Момышұлының тұңғыш шығармасы «Ұшқан ұя» повесімен танысу арқылы қазақ халқының салт-дәстүр, әдеп-ғұрпымен тереңірек танысып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді күшейту, ұлттық тәрбиені қалпына келтіру.

**Маңыздылығы:** Б.Момышұлының шығармаларының құндылығы бүгінгі таңда баға жетпес мұра болып табылады. Себебі, жастарды, жаңа ұрпақты сергек және өз ісіне сенетін, кедергілерден қорықпайтын оның қандайын болса да білетін күрескерлік рухта тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабы. Қазақстан азаматтарын патриотизмге тәрбиелеу - тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыру; патриоттық іс-әрекеттерін ұйымдастыру.

**Негізгі бөлім**

Қазақ халқының тарихында өшпес ерлігімен қазақ халқының абыройын асқақтатар ұлт батыры атанған, қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар майдангер - жазушы Б.Момышұлы шығармашылығы жайлы айтпақпыз. Бауыржан шығармалары майдан шебінде жүріп, көзі көрген өмір тәрбисінен алынған отты жүректің, ыстық қанмен жазылған шығармалар. Оларда ойдан шығарылған оқиғалар да, ойдан жасалған адамдар да жоқ». Демек, Бауыржанның шығармалары бастан кешкен, көзбен керген оқиғаларға толы, әрі әлеуметтік қоғамдық мағынасы басым туындылар болмақ. Бауыржанның тұңғыш туындысы, қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік шығармалардың бірі - «Ұшкан ұя». «Ұшкан ұя» повесі мемуралық жанрдағы шығарма ретінде жазылғанмен, ол проза денгейіне көтерілген ұлттық сипатта жазылған нағыз көркем туынды.

Бауыржан Момышұлы өз ұлтының тәрбиесінен жұрдай адамнан, баршаға бауырмалдық шықпайды, өйткені ол ұлтты сүюдің не екенін білмейді - дей келіп, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді күшейту үшін, ұлттық тәрбиені қалпына келтіру керектігін атап көрсетеді.

Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» еңбегін ұлттық салт-дәстүрімізді, көркем шығармаға мазмұндап берген этнографиялық еңбек деп айтуға болады. Шығармадағы негізгі мәселе – адам, оның кемелдену жолдары болса, шығарма сюжеті осы адамдардың өзара әңгімелесуі, кеңесуі арқылы дамиды.

Ұлттық құндылықты шығарманың бас кейіпкері бала Бауыржанның іс-әрекеті, отбасындағы болмысы, өскен ортасына деген қарым-қатынасы арқылы байқаймыз. Шығарма мазмұны: адалдық, мейірімділік, жомарттық, ұстамдылық, ұят, намысшылдық, ел камын ойлау секілді адамгершілік қасиеттерімен тығыз байланысты. Шығарманың негізіне айналған осы қасиеттерді автор өз кейіпкерлері арқылы көрсетіп отырады. Автор

«Ұшқан ұядағы» оқиғаның түп өзегін әже бейнесі арқылы өрбітеді. Туындының өн бойында әже образы тектіліктің, кемеңгерліктің діңгегі ретінде суреттелген. Отбасының ғана емес, ауылдың ақылшысына айналған әже бейнесін автор аса сүйіспеншілікпен бейнелеген. Әуезді әуенімен әлпештеп, әлдилеп айтқан бесік жыры да, қаламгердің жүрегінде сақталған. Жазушы өз өмірінің темірқазығына айналған тәлім-тәрбиенің негізі ертегі мен көне әңгімелерден қалғанын жас ұрпаққа өнеге етеді. «Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқамын. Менің қазіргі келіндерім немелеріне бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын» - деп қамығуында терең психологиялық астар бар.

Дала философиясында, ер баланы тәрбиелеуде әкенің рөлі ерекше болған. Әкесінің баласын үлкенді сыйлау, сәлем беру дағдысына қалай тәрбиелегені шығармада шынайы көрініс тапқан. Әкесінің бала Бауыржанға шежіре жаттатқызуы да – тамыры терең тәрбие тиегінің ағытылуы. Профессор М.Мырзахметұлының Баукең туралы естелігіндегі: «Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі» деген мақалға ерекше мән беріп, өзінің бала –немерелеріне тіпті бізге дейін Дулатқа дейінгі бабаларымыздың тізімін жазып беріп, жаттап алуды ескертіп отырамын. Енді ойланып қарасам, орыстар арасында айтылатын «Иван безродный» дегені сияқты кейбір тексіз қазақ бола бастағандарды көріп, рухани мәңгүрттіктен сақтандырған ескертуі ме деп шамалаймын» деген пікірі де осы ойымызды қуаттайтыны ақиқат. Повесте ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүріміздің көрінісін Үрбианның ұзатылу тойынан аңғарамыз. Шығармада «Ұрын келу салты» анық баяндалған. Жазушы қазақ дәстүріндегі құдалық, құда күтудегі кәде-жоралғылардың жасалу ерекшеліктері, қалыңдық киімі, ұзату тойы, сыңсу, беташар, сүйінші т.б. ерекше мән беріп суреттейді.

**Қорытынды бөлім**

Менің ойымша, Бауыржан Момышұлының бұл шығармасы мазмұнды да, терең ойлы туындылардың бірі. Бұл шығарманы әрбір қазақ танып білуі қажет. Бұл шығарманың маңызы біз үшін өте зор. Қаһарман батырдың балалық шағы әкесінің асыл сөзі мен анасының ақ сүті, әжесінің ғибратты әңгімелері мен тәрбиесі бала Бауыржанның ұлт баласы болуына септігін тигізді. Қазіргі қазақ халқының тәрбиесі мен сол уақыттағы тәрбиенің айырмашылығы өте зор. Еліміздің болашағы зор берекелі де мерекелі болуы үшін біз осы кітапты оқи отырып өзімізге тәлім-тәрбие алуымыз қажет. Бұл шығармада қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған тыныш өмірмен қоса, шығармада 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917-1918 жылдардағы ашаршылық, әйел теңдігі, жаңа заман жаңа заңның орнауы жайлы айтылады. Осы оқиғаларға қарамастан Бауыржан Момышұлының отбасы үлгілі де өнегелі, берекелі тату-тәтті бола білді. **Менің ұсынысым:** Бауыржан Момышұлының тәлім-тәрбиесін бойымызға

сіңіру үшін мектептегі оқу бағдарламасына қаһарман батырдың көптеген шығармаларын, өлеңдерін, қанатты сөздерін қосса деймін. Мысалы: «Генерал Панфилов», «Майдан», «Ағасы бардың жағасы бар», «Алдым, құрбым, сізден жылы хат бүгін»,«Ана әмірі», «Ана дүниеден телеграмма келіпті». Сонымен қатар орта білім беру мектептерінде, ЖОО-да Бауыржан Момышұлына арналған факультатив сабақтар өтсе екен деймін. Бұл сабақтар біздің яғни жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерін сіңіртіп, туған ел алдындағы жауапкершілігі мен міндетін үйретіп нағыз батырдың ұрпағы деп мақтанышпен айта алатындай ұрпақ тәрбиелейді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Ұшқан ұя» Бауыржан Момышұлы
2. М.Мырзахметұлының Бауыржан жайлы пікірі

## Секция 2. Елдік пен ерліктің киесіндей, батырлық пен батылдықтың иесіндей тау тұлға

## БАТЫР АТАМЫЗҒА ТАҒЗЫМ

*Окимбаева А.Е., тарих пәнінің мұғалімі,*
*Жалпы білім беретін №77 мектеп-балабақша кешені*

«Мен – қазақпын» деген әр азаматтың, еліміздің ертеңі деп үміт күтіп отырған жас ұрпақтың санасына ерлік пен батылдықтың, мұқалмас ерік-жігердің мәңгілік үлгісі болып сіңірілген, XX ғасырдың ең жарқын тұлғасы деп баға берілген, Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры - Бауыржан Момышұлы туралы толғау – үлкен мәртебе. Қарша жауған оқтың астында, ерлік пен ездік қатар түскен кезеңде ата-бабаларымыз – Қобыланды, Алпамыс батыр жырларын жаттап өскен Бауыржан Момышұлы атамызға соғыс жылдары батырлықтың неше түрін көрсетсе де Батыр атағы берілмей, тек 1990 жылдың 12 желтоқсанында 80 жасқа толу құрметіне Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қолымен тапсырылған екен. Бұл – Бауыржан Момышұлының «Әділет қашанда жеңеді, ол кешіксе де келмей қоймайды» деген қанатты сөзінің ақиқатқа айналғанын көрсетеді. Сонымен бірге, айналайын Тәуелсіздік жылдары батыр атамыздың есімін ұлықтау ісі қолға алынып, бар өмір жолын жете тани түстік десем, артық айтпағаным. Содан болар:

Айтылады тарихтың тағы сыны,
Оның дауысы – қазақтың намыс үні.
Тәуелсіздік – атаусыз қалған ерлер,

Тәуелсіздік – Бауыржан Момышұлы! – деген жыр жолдарының еріксіз ойға түскені.

Ерлігімен, елдік биік адамгершілік тұлғасымен елінің еркесіне айнала білген тау тұлғаны әдеби тілде де, ауызекі тілде де «Баукең» деп

атайтынын білеміз. Баукеңнің сан қырлы қадір-қасиетін бір мақала ауқымына сыйдыру, әрине мүмкін емес. Баукең жайлы шығарылған төрт сериялы фильмде де батыр атамыздың барлық қыры толық ашылды деп айта алмаймыз. Сол себепті мен Баукеңнің «Отаның үшін отқа түс, күймейсің» деген аталы сөзін басшылыққа ала отырып, Отан соғысында көрсеткен ерлік жолына үңіліп, келешек ұрпаққа тағы бір үлгі етсем деймін. Өйткені, оның адамгершілік жолымен шыққан биігіне сөз де, көз де жетпейтінін жақсы білем. Оған бір мысал, сонау 1941-дің күзінде Мәскеуді қорғау жанталасқа ұласқан шақта әйгілі Левитанның радиодан қазақ жауынгерлерінің жаппай ерліктері туралы хабарлап жатқан тұста, сол Мәскеуден келген өкілдің Баукеңнің жеке басының ерлігіне сонша тәнті болып, кетер кезде Баукеңді батыр атағына ұсыну үшін құжаттарын қаттап беруін сұрайды ғой. Сонда қайталанбас нар тұлғамыз Мәлік Ғабдуллиннің құжаттарын жинап әкеліп берген екен.

Ал жан алып, жан берісекен қанды қасап ұрыс даласында жеке басының қаһармандық ерлігімен, әскери шеберлігімен жаудың бетін қайтару, сеніп берілген жауынгерлерін бес мәрте жау қоршауынан аман-есен алып шығу, әрине, айтуға ғана оңай. Белгілі жазушы А.Бектің «Арпалыс» повесін Мәскеуді қорғау үшін арпалысқан сан ұлт өкілдерінің арасынан біздің Бауыржан атамызға арнағаны сондықтан болса керек. Бұл шығарманың сонымен бірге бірнеше тілге аударылғаны да кеудеге мақтаныш сезімін ұялатады. Ал соғыстан кейін әлемге аты мәшһүр Куба көсемі Фидель Кастроның Баукеңмен кездесуді өзіне үлкен мәртебе санап, атамыздың ұрыс жүргізу әдістерін өз елінің қорғанысының әдістемесіне айналдырғаны неге тұрады [1,8]. Баукеңнің жауынгерлік іс-қимыл әрекеттерді ширақ та әбжіл іске асыра отырып ұрыстан шығу, шегініс жасай отырып тұтқиылдан шабуылдау, жауды алдарқату арқылы ішке еніп кету секілді соғыс әдіс-тәсілдері, сонымен бірге ол ойлап тапқан «ошақты», «икемді қорғаныс» сынды ұғымдардың соғыс өнерінде пайдалануы баға жетпес құндылықтар болып табылады. Жаудың шебіне ішкерілей ене отырып ұрыс жүргізу, әрине тәуекелді қажет етсе де, соғыс тәжірибесінде оны ұтымды пайдаланудың пайдасы орасан екенін дәлелдеп шыққан екен. Бұдан басқа, әскери педагогика мен әскери психология бағытында да қалдырған баға жетпес мұраларын зерттеу – бөлек тақырып.

Иә, барлық саналы өмірін ерлік бесігінде тербете білген Баукеңнің «еңку-еңку жер шалған» жорық жолдарында ең есте қалатын кезеңі ол – Мәскеу түбіндегі шайқас. Жалпы осы жерде 207 рет ұрысқа қатысып, жаужүрек жауынгерлерін 27 рет шабуылға бастап кірген, бұрын-соңды соғыс тарихында кездеспеген тактикалық маневрлер жасап, әскери өнерге сан қилы жаңалықтар енгізген Баукеңнің ерен еңбегі заманымыздың заңғар жазушысы, өзі де сол от пен оқтың астынан келген Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романында кеңінен суреттеліп берілген. Мұнда роман-диалог кейіпкері қаһарман гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының ешкімге ұқсамайтын азаматтық, ерлік тұлғасы

шынайы мүсінделеді. Баукеңнің балауса жастық шағынан бастап әскери шыңдалу кезеңі, Ұлы Отан соғысының отты жылдары мен кейінгі ұлағатты өмірі толық қамтылып баяндалады. Романда айтылғандай, шені небары аға лейтенант бола тұрып 1073 атқыштар полкінің батальон командирі міндетін атқарған Бауыржан Момышұлы бір қысылтаянда жауынгерлерімен бірге дивизиядан алыстап кетіп Волокалам тасжолында күші анағұрлым басым жау әскерімен бетпе-бет келеді. Баукеңдей комбаттың дарынды басшылығының арқасында соғыстың бастапқы кезеңінде қарсы келгенді 3 сағаттан аса шыдатпаған немістер 3 күн бойы бір қадам алға баса алмаған екен. Ал дивизия штабы бұл батальонмен мәңгілікке қош айтысып та қойған болатын. Ақырында тасқамал қоршауды бұзып шығып, қарамағындағы жауынгерлерден бірде-бір адам шығын бермей дін аман алып келген аға лейтенантты дивизия командирі И.В.Панфилов қапсыра құшағына алған екен. - Жарайсың, сұңқарым! - деген екен көзіне жас алған армия генералы [2,56].

Ал Мәскеу облысының Соколово деревнясының маңында болған қан-қасап шайқасты жоғарыда аталған «Ақиқат пен аңыз» романында жазушы нақты фактілер келтіре отырып көз алдымызға әкеледі. 26-30 қараша күндері Мәскеу түбінде қақаған қыс. 4 күн бойы бел шешпей жаумен айқас кезінде батырдың омыртқасына оқ тиеді. Жарақаты жанына батып, көзі бұлдырап тұрса да, ұрыс даласын тастап кетуді комбат басымен ар көрген Баукең дәрігерді пистолетпен қорқытып, оқты алуды бұйырған екен. Өткір кездікпен жон арқасын тілгілей отырып бойлап еніп кеткен оқты алған соң жауынгерлерін кезекті шабуылға бастаған екен қайран Баукең. Иә, «Шегін» деген бұйрық келсе де шегінуді намыс көріп бір қадам шегінбеген қазақ жауынгерлері туралы да мерзімдік басылымдарда көптеп жазылғаны да рас. Осындай, Отаны үшін ар-намысын бәрінен биік қоятын аға ұрпақтың ерлігін жаттап өскен кейінгі жастарға туған жер тыныштығын сақтай алады деп әбден сенуге болатындай [3,122].

Расымен, Мәскеуді жау басып алғанда соғыс та аяқталып қалар ма еді, қайтер еді. Кеңес елі астанасының жүрегіне қадалғалы келе жатқан жау найзасының ұшын сындырған дивизияның бірі және бірегейі - құрамында Бауыржан Момышұлы басқарған полк бар, Қазақстанда жасақталған 316 атқыштар дивизиясы болатын. Соғыстың алғашқы айларында жанқиярлық ерліктің үлгісін көрсеткені үшін 8-гвардиялық дивизия атағына ие болғанын білеміз. Мәскеу түбінде жаудың бетін қайтарғанымызбен, 1942 жылы кеңес-неміс әскерлерінің итжығыс түсіп жатқан кезіндегі майдан оқиғалары мұрағаттардан мен мұндалып шығып, өскелең ұрпаққа аға буынның ерлік жолын айқындап беріп отыр. - 1942 жылдың қаңтар-ақпан айларында өткен ұрыстарда, - дейді сол кезеңдегі баспасөз қызметі, 8-гвардиялық дивизияның Бауыржан Момышұлы басқарған полк жауынгерлері ерекше көзге түсті. Дивизия екі ай ішінде батысқа қарай 500-600 шақырым алға басып, фашистердің мыңдаған

солдаты мен офицерлерін саптан шығарды, жаудың көптеген техникасын жойып жіберді.

Қиын-қыстау кезеңде болаттай берік төзімділік көрсету, қарамағындағы жауынгерлерге қамқор бола білу Баукеңнің қадір-қасиетін арттыра түседі. – Әр солдаттың жағымды мінез-құлқын, тәртібін, елі үшін еткен еңбегін, ерлігін де ерекше бағалап, оларға жігер, рух беріп отыратын, - дейді Баукеңмен бірге болғандар. Біз де, жауынгерлеріне өзін осы қасиетімен сыйлата білгені болар, аузынан шыққан әр бұйрықтың бұлжымай орындалатыны деп ойлаймыз. Баукең шайқас үстінде адуынды, қатал қолбасшы, ал басқа уақытта жауынгерлер мен офицерлердің ақылгөй жетекшісі, байыпты да ұстамды тәрбиешісі бола білген екен. «Тәртіпке бас иген құл болмайды», «Ептілік пен ерлік – ерге тән қасиет» немесе «Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің құлы» дегенді жиі айтып отырады екен.

1944 жылы да қатты жарақаттанса да госпитальге бармай, ұрысты жалғастыра берген мінезіне таңғалмасқа болмайды. Ал 1945 жылдың 21 қаңтарынан бастап гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы екінші Прибалтика майданында әрекет еткен 6 гвардиялық армияның 2 гвардия атқыштар полкінің 9 гвардия атқыштар дивизиясын басқарады. Баукең басқарған дивизия жаудан 15 елді мекенді босатып, Ұлы Жеңіс күнін жақынтада түседі.

Бірақ сол күнге жеткенше сұм соғыс үмітсіз жесірлік пен балалардың жетімдігін әкелген болатын. Етжақын аяулы адамдарынан айрылып, қайғы-қасірет шекпеген отбасы болған жоқ. Ата-ана ұлынан, бала асқар таудай әкесінен, қыз-келіншектер сүйгендерінен айрылды. Заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматовтың сөзімен айтар болсақ, аспандағы шолпандарымызды алып кеткен соғыс болды бұл! Фашистердің істеген айуандық қылықтарын, қылмысын біз ешқашан ұмытпаймыз. Ұмытпайтын себебіміз – біздің халқымыз көрген қайғы-қасіретті адам баласы, ұрпақтарымыз енді ешқашан көрмесе екен деген тілектен туындайтыны айқын. Біз аға ұрпақтың осы тарихи ерлігінің алдында, халқымыздың Бауыржан Момышұлындай біртуар батыр ұлдарының алдында мәңгілік тағзым етеміз! Олар бізге туған жерді қалай сүюді, Отанды қалай қорғауды үйретті. Сол үшін біз, жастар, батыр атамыз – Бауыржан Момышұлының рухына бас июді – Ұлы міндет санаймыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Б.Момышұлы «Куба әсерлері», Алматы: Жалын, 1965. Б 8.
2. Б.Момышұлы «Москва үшін шайқас», Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1964. Б 56.
3. Ә.Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз». Алматы, Жалын, 1976. Б.122.

## Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫН АТАУЛАРЫНЫҢ СӨЗЖАСАМЫ

*Әбілқайыр М., Наурызбай Ұ.*
*«Дарын» ММИ 9-сынып оқушылары,*
*Ғылыми жетекшісі: Қалиев Б.А., ф.ғ.к., доцент*

Біз кемеңгерлікпен қол бастап ерліктің ерен үлгісін көрсеткен, батырлық пен батылдықтың үлгісіндей аты аңызға айналған баһадүріміздің бірі – Халық қаһарманы, барша қазақтың мақтанышы Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасын сүйсіне оқи отырып, халқымыздың XX ғасыр басындағы рухани қазынасына кенелгендей болдық. Шығармада қазақ халқының салт-санасы, ежелгі дәстүрі, ұлттық болмысы, кескін-келбеті өте шынайы суреттеледі. Соның бірі – ұлттық ойындары.

**Қазақ тілінің сөздік қоры өзінің құрамын сөзжасам арқылы толықтырып отырады десек, ұлттық ойын атаулары да белгілі бірі сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалады екен.** Оған батыр бабамыздың «Ұшқан ұя» романын оқу барысында көз жеткіздік.

**Жалпы, атау беру – бұл өнер. Халқымыз кез келген табиғат құбылысына атау бермес бұрын терең пайымдап, анық-қанығына жете отырып, мәнін ұғынуға тырысқан. Ойын атауларына келетін болсақ, олардың жасалуында қазақ тіліндегі сөз тудырудың үш тәсілі (аналитикалық, синтетикалық және лексика-семантикалық) де қолданылады. Осының ішінде аналитикалық тәсіл арқылы ұлттық ойын атаулары жиі жасалады.**

Аналитикалық тәсіл арқылы жаңа сөз жасау – сөзжасамның өте көне тәсілі және ол дүние жүзіндегі түрлі жүйедегі тілдерге кең тараған. Мысалы, Көкемнің *көкпар* десе арқасы қозып тұратын және сол көкпардан бір жерін жараламай қайтқан кезі жоқ шығар [1, 323].

«Көкпар» – ат ойынының бір түрі. Қазақ тіліндегі *көкпар* сөзі *көк* және *бөрі* деген сөзден құралған: *Бөрі* сөзі көпшілік түркі тілінде «қасқыр» деген ұғымда жұмсалады. *Көк* сөзі басқа түркі тіліндегідей қазақ тілінде де «заттың түсі, аспан, жас балауса шөп, жаңа шыққан жеміс-желең, өрімдей жас» деген мағыналарда қолданылады. *Бөрі* сөзіне қосылып *көк* сөзі «мықты, азулы, нағыз көкжал қасқыр» деген ұғымды білдіреді. Демек, кіріге бірігу арқылы жасалған *көкпар* сөзінде бастапқы «*б*» дыбыстың қатаңдап «*п*»-ға айналуына бірінші сөздегі қатаң «*қ*» дыбысы әсер еткен. Екпін алдыңғы дауыстыға түсумен байланысты «*і*» дыбысы түсіп қалған. Алғашқыда қасқыр соғумен байланысты шыққан *көкпар* сөзі кейін келе ұлт ойынының бір түріне айналып, *қасқыр (бөрі)* емес, көкпарға тартатын *лақ, ешкі, қозы* сияқты асыранды малдардың төлі болған.

Төмендегі сөйлемдегі ерекшеленіп берілген ойын атаулары да осы тәсілге негізделіп, атауыш сөздердің тіркесімі арқылы жасалған: Егер әңгіме арқауы ұзаққа созылмаса, кәриялар *балуан күрес, жаяу жарыс, тартыспақ* сияқты ойындар ұйымдастырып, қызығына мәз болып отырар еді [1,331]. Бұл ауылдың қыз-келіншектері алдымыздан шығып, жігіттері арқан керді [1,331]. *Палуан күрес* басталған сәтке дөп тұрыппын [1,331].

Ал *тартыспақ* кейде *аударыспақ* деп аталатын ойындар синтетикалық тәсілге негізделген: *тарт+ыс+пақ, ау+дар+ыс+пақ* (етістік негізіне есім тудырушы жұрнақ және есімшенің мақсатты келер шағын білдіретін қосымшасын жалғау арқылы жаңа атау жасалған).

Шығармадағы бірқатар ойын атауы қазақ тілінде бұрыннан белгілі сөздердің семантикалық (мағыналық) өзгерісінен туған. Мысалы, Көрші үйдің баласы есіктен бас сұғып мені шақырды. Сөйтсем *ақсүйек* ойнамақ екен [1,464]. Мұндағы *ақсүйек* сөзін көпмағыналы лексика ретінде ұғынамыз. *Ақсүйек:* 1) тұқымынан байлық арылмаған текті қауым, төре тұқымы; 2) ашық алаңда ойналатын ұлттық ойынның бір түрі.
Мен қозы баққан балалармен бірге жүремін. *Шілік* ойнаймыз [1,347]. *Шілік* ойыны да лексика-семантикалық тәсілмен жасалған. Бастапқы мағынасы: 1) тал тұқымдасына жататын, жіңішке бұтақты бұта; 2) ойын атауы.

Қысқаша айтсақ, біз жоғарыдағы сөзжасам қағидалары мен заңдылықтарына сүйене отырып, шығармадағы кейбір ойын атауларының жасалу жолдарын қарастырып өттік [2,104]. Алуан түрлі сөздің қыры мен сырын, олардың қалай қалыптасқанын, яғни бай лексикалық қордың жасалу тетігін жүйелі түрде зерттеу керегін түйдік.

Жалпы, ойын дегеніміз – баланың ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан ойға жетелейін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ойынды көп ойнаған, халық ауыз әдебиетінен мол сусындаған бала сол халықтың тынысымен дем алатыны және сол ойындар арқылы өз халқының салт-дәстүріне, туған жерінің географиялық жағдайына, яғни табиғат ерекшеліктеріне мән беріп қанық болып өсері сөзсіз. Бұдан да нақтырақ айтсақ, баланың бірінші әрекеті – ойын, сондықтан да ойынның мән-мағынасы ерекше, ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Яғни ұлттық ойын:
- тәрбие құралы арқылы баланың ақыл-ойын кеңейтеді;
- тілін ұстартады, сөздік қорын байытады;
- өмірді таныттып, сезімін кеңейтеді, ерік және мінез қасиетін бекітеді;
- адамгершілік сапаны жетілдіреді, қайсарлық сезім әрекетті өсіреді;
- эстетикалық тәрбие беру құралының рөлін атқарады;
- еңбек тәрбиесін беру мақсатын шешуге мүмкіндік береді;
- дене күшінің жетілуіне көмегін тигізеді.

Қазақтың бүгінгі баласы ұлттық ойындардан алыстап барады. Қазіргі рухани қайта жаңғыру кезеңінде ұлт ойындарымыз да қажетке жарап қалар... себебі салт – ұлттың ғұмыр бойы жиған мәдениеті, ұлттың ұлт екенін әлем халқы мойындаудағы белгінің бірі. Біз, Аллаға шүкір, асылы бар, жасығы бар, салтқа бай халықпыз. Яғни ұлттық ойындарымыз да – сол бай салтымыздың бір дәстүрі.

Елдің іргетасын нығайту үшін бүгінгі ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі міндеттердің бірі. Мұны озық біліммен қатар ұлттық ойындар арқылы да беруге болады. Оқушының жалпы адамзаттық

құндылықтар және қоршаған ортамен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) нығайту мақсатын халқымыздың мәдени-рухани мұрасы, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасты жас ұрпақ өз халқының мәдениеті, асыл мұрасымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысады. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Бала тәрбиесінде ұлттық ойындарды кеңінен қолдану – бұл оқушының ой-өрісін жетілдірумен бірге, төл халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Сондықтан біз ұлттық ойын атауының түрлерін, оны жүргізудің (ойнатудың, ұйымдастырудың) әдіс-тәсілін және ойындардың лингвистикалық тұрғыдан жасалу жолдарын, кейбір ойынның шығу тарихын, қойылу уәжділігін, яғни этимологиясын жан-жақты қарастыруымыз қажет деп білеміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: Атамұра, 2015. – 480 б.
2. Сарбалаев Ж. Сөзжасам мәселелері. – Алматы: Арыс, 2002. – 149 б.


## ВЗГЛЯД БАУЫРЖАНА МОМЫШУЛЫ НА ВОСПИТАНИЕ У МОЛОДЕЖИ ОТВАГИ, МУЖЕСТВА, ГРАЖДАНСТВЕННОСТИ


*Майлыбаева Д.Д., учитель истории*
*КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 63»*


Бауыржан Момышулы - яркая личность, является образцом воинской и героической доблести. Герой Советского Союза, писатель, военный. Как он воевал, какими человеческими качествами обладал, как проявил себя на фронте, известно из книг, написанных самим Бауыржаном Момышулы, таких как «За нами Москва», «История одной ночи», «Наша семья».

Анализируя данные произведения, можно увидеть процесс становления и проявления личностных качеств Бауыржана Момышулы через сопереживание к происходящим событиям довоенного периода, послевоенного и особенно периода Великой Отечественной Войны. В результате чего, у него формируется свое собственное мировоззрение на основе личностного опыта и собственной деятельности, даже если оно иногда противоречит общим установкам. Особенно на его взгляды, как личности, повлияли события Великой Отечественной войны. Об этом сам говорит Бауыржан Момышулы: « Война оказала нам услугу зеркала, помогла познанию самих себя и других. Некоторые из нас научились прямо смотреть в глаза фактам, анализировать их, быть объективными, не бояться говорить правду, рассуждать о государственных делах. Это значит, что война выковала на фронте и в тылу сильных людей, способных на

собственные выводы о жизни частной и народной, без ненужной для общего дела профессионально ведомственной дипломатии, иногда доходящей до лицемерия» [4,32]. Таким образом, целью работы является изучение патриотического воспитания Бауыржана Момышулы среди молодежи через личный опыт.

Актуальность работы заключается в том, что на современном этапе основной и самой важной задачей воспитания является формирование среди учащихся патриотического отношения к своей Родине, уважения и почтения к событиям прошлых лет через изучение трудов участников Великой Отечественной войны, приобщение молодежи к изучению деятельности и творчеству Б.Момышулы.

Практическая значимость работы выражается в следующем: статью можно использовать на уроках истории при проведении классных часов, внеклассных мероприятиях, посвященных событиям Великой Отечественной войны и деятельности Бауыржана Момышулы.

Тема национального патриотизма рассматривается в статьях, диссертационных исследованиях, монографиях. О Бауыржане Момышулы написано немало художественных произведений Александра Бека и Александра Кравицкого, Малика Габдуллина и Алексея Кузнецова, Азильхана Нуршаихова и Туманбая Молдагалиева.

Бауыржан Момышулы родился 24 декабря 1910 года в Кольбастау Жуалинского района Жамбылской области в семье скотовода. Несмотря на южное расположение, этот населенный пункт всегда отличался суровым климатом из-за близкого расположения гор. Первыми учителями были его бабушка и отец. Он очень многому научился от бабушки, которая рассказывала ему легенды о создании мира, о батырах, учила добру, кого следует любить. Семья была трудолюбивая, работали все. Комсомольца Бауыржана отличали принципиальность, стойкость, требовательность. Его часто привлекали к компаниям по хлебозаготовкам и другим мероприятиям в помощь колхозам.

Когда он был ещё совсем молодым человеком, работал учителем, секретарем райисполкома, финансистом, начальником полиции. В 1936 г он был призван на военную службу[2, 21]. Лучшие, активные годы своей жизни он провел в рядах Советской Армии. Человек долга и чести, человек, который не боится трудностей, он постоянно стремился на передовую позицию строительства и защиты нашего многонационального Отечества. Активно искал свое место в жизни, такое место Бауыржан нашел в воинском, солдатском строю.

В 1933 он занимает должность командира взвода. Отслужив положенный срок, был уволен, а 25 марта 1936 года призван снова и назначен командиром взвода в 315-й стрелковый полк Среднеазиатского военного округа. В связи с началом войны идет формирование воинских частей. Летом 1941 года была сформирована 316 стрелковая дивизия в

Алматы под командованием генерала И.В.Панфилова. Дивизия в октябре месяце была направлена под Москву[3, 44].

Неопровержимым доказательством командирского таланта и мужества бойцов Бауыржана могут послужить строки боевого донесения полковника Серебрякова, который пишет: «Отрываясь 5 раз от дивизии в тылу противника, выполняя специальные задачи в условиях окружения , Бауыржан Момышулы успешно выводил свой батальон и приданные ему подразделения, сохраняя живую силу и технику» [5, 10].

Очень большое внимание Бауыржан Момышулы уделял воспитанию боевого духа у бойцов. Он считал, что победу можно одержать не столько оружием, сколь силой духа. Молодежь должна знать национальную историю, родной язык и народные традиции. Если не воспитывать в себе национальных ценностей, это усыпит чувство национальной гордости. Без этого армия не может существовать.

Только усвоив национальную историю, наследие предков, понимая всю ответственность перед страной, можно победить любого врага. Бауыржан Момышулы, находясь в центре военных сражений, не переставал думать о народе, его будущем, о воспитании молодежи. Им было написано военное пособие «Психология войны», в котором он раскрывает, как нужно воспитывать бойца- солдата. Это пособие с успехом могут использовать все военные специалисты.

Поэтому огромное значение талантливый полководец уделял вопросу изучения командным составом, морально-психологическому состоянию своих подчиненных, без знания которого невозможно правильно и логично влиять на подчиненных. Бауыржан Момышулы считал, что морально-психологические особенности должны учитываться при призыве в армию, отборе в училища для подготовки командных кадров.

«На собственном опыте убедился, что в воспитании боевых качеств бойца колоссальное значение играет военное прошлое народов и национальные традиции. Традиция является одним из основных источников воспитания и имеет большое значение….. Традиция - документальные, словесные предания(легенды) о воинской доблести в прошлом, в характере данной части в настоящем. Воспитание на принципах подражания примерам героев прошлого и настоящего формирует у новобранца традиционные представления, понятие о воинской доблести и стремление быть не хуже, и службу нести не хуже, чем его предшественники, о которых вспоминают с благодарностью, рассказывают легенды, поют песни и возвышают как образ» [4, 13]

Бауыржан Момышулы определил самые важные качества воина: политическая зрелость, верность своему воинскому долгу, уяснение задачи и трезвая оценка обстановки, способность воина предельно напрягать все свои силы для выполнения поставленных перед ним задач, вплоть до самопожертвования.

«Хорошо подготовленные и высококвалифицированные кадры - самый решающий фактор во всяком деле... Ни один высококвалифицированный командир не может заменить всех…» Большое значение имеют его взгляды по подготовке и воспитанию офицерских кадров. Б.Момышулы подчеркивал, и это взято на вооружение Президентом страны Н.А Назарбаевым, что именно офицеры во все времена являлись золотым фондом армии, ее стержнем.

В годы войны, даже будучи командиром дивизии, полковником, он разделял тяготы и лишения наравне со своими боевыми товарищами - солдатами и офицерами. На марше Момышулы шел как все, пешком, никогда не пользовался подручным транспортом.

Помимо боевых подвигов, став писателем, Бауыржан Момышулы совершил еще один подвиг. Прежде чем взяться за перо, он трезво оценил и свои возможности, и меру ответственности, благодаря которой отныне будут оценивать его как писателя и гражданина.

Став писателем, Бауыржан Момышулы оставался верен одному очень важному для него завету: « Наше время не терпит фальши…Надо писать кровью сердца, а вы, писатели, иногда пишите водицей»[1, 12]. Все его книги написаны от глубины сердца. Сам участник войны, он очень многое пережил на фронте, вел дневники, в которых фиксировал все, что увидел и пережил. Вел записи в любых условиях: и в снег, и в дождь, и даже в окружении врага. Им было записано 38 тетрадей, где рассказывается о ходе боевых действий, мысли и рассуждения солдат. Его основные литературные труды поражают своей правдивостью. «История одной ночи» стала его первым произведением, которое сразу заявило о нем как о гениальном писателе. Вторая книга, «Наша семья», была написана в годы учебы в академии в 1976 году, получила Государственную премию КазССР. Книга «За нами Москва» -это достоверное описание многих боев с участием автора, где Б.Момышулы предстает как талантливый военачальник, заботливый командир.

Бауыржан Момышулы владел в совершенстве двумя языками и считал, что «Знающий один язык - это один человек. Знающий два языка стоит двух достойных людей». Поражает меткость его высказываний. Например: «За Родину в огонь войдя - не сгоришь», «Честь за хлеб не продавай», «Справедливость поспешает медленно, но приходит неизбежно», «Мои судьи - время и народ». Он вступался за произведения казахских писателей, которые могла притормозить цензура, отправлял острые письма в ЦК Компартии Казахстана, говорил о предназначении своего народа. Не случайно, вернувшись домой, он остался без дела. Власть не предложила ему никакой подходящей работы. Он был лишен официальной трибуны[1,14]

Достоинством Бауыржана было то, что он любил свой казахский народ. Любил нежно, горячо, требовательно. Он гордился всем, что создал и сохранил казахский народ. Он боролся против невежества и лицемерия.

И все его творчество было обращено к молодежи, в которой он видел будущее, будущее начатого дела, будущее нашей страны. «Мне небезразлично, какими станут наши юноши и девушки, какими путями пойдут они по жизни». В этих слова присущая Бауыржану любовь к своей Родине.

**Использованная литература:**

1.Ашимбаев Д. Р. «Кто есть кто в Казахстане». -Алматы, 2012.
2.Голушко И. М. «Солдаты тыла». - М.: Воениздат, 1988. -270 с.
3. Ибраев Ж. «Бауыржан Момышулы. История одной книги». Документальная повесть о подвиге писателя и воина.-Алматы, 2017.-143с.
4. Нуршаихов А. «Дорогой памяти»: Роман-диалог о Б. Момыш-Улы.-М.: Советский писатель, 1985.
5. Чистяков И. М. «Служим Отчизне» - М.: Воениздат, 1985.- 70 с.

## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ОЯТҚАН ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ

*Медиева П.Н., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*С.Саттаров атындағы №57 мектеп-лицейі*

**Зерттеудің жаңалығы:** XXI ғасырда әр жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен патриоттық жалынның ұшқынын дарыту үшін халқымыздың Бауыржандай перзентінің мірдің оғындай қанатты сөздері ауадай қажет. Ол, әсіресе, ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Бауыржан Момышұлының қанатты сөздері патриоттық тәрбие беруде баға жетпес құнды құрал болып табылады.

**Зерттеудің мақсаты:**

1. Еліміздің елеулі тарихи тұлғасы Бауыржан Момышұлының өнегелі өмір жолын жан-жақты насихаттау.
2. Қазіргі жастар үшін идеал болар ірі тұлға екенін таныту.
3. Жастарды патриотизм және азаматтық сезімге тәрбиелеу.

Даңқты қолбасшы, әскери қайраткер, жазушы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бауыржан Момышұлының мірдің оғындай нысанаға дәл тигізер сөздері бүгінде халық арасында кең тарап, қанатты сөзге айналып кетті.

Тілге жүйрік, сөзге шешен хас батырдың қанатты сөздерін назарларыңызға ұсынамыз.

* Әділдікті мойындау - адал кісінің ісі.
* Опасыздық - ойсыздық.
* Қуыс кеуде болғаннан артық қорқыныш та, қорлық та жоқ.
* Бақаның бағынан сұңқардың соры артық.
* Намысты нанға сатпа.
* Қарабет болып қашқанша - қайрат көрсетіп өлген артық.
* Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу - сатқындық.

* Именіп жүріп көрген игіліктен - қарсыласып жүріп көрген бейнет артық.

* Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше - шындықтың уын ішін өлген артық.

* Ерлік - елдің қасиеті, жүректілік - жігіттің қасиеті.

* Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та, мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады.

* Батырлық тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс. Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады. Ал ақылсыз тәуекелді ештеңе де ақтап ала алмайды. * Ата-ана қадірін білмеген - ел қадірін біле алмас, Ел қадірін білмеген - ата-ана қадірін біле алмас.

* Дүниеде баланың у-шуына жетер не бар?! Одан асқан сазды әуен ойлап табу мүмкін емес.

* Тіл - ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі.

* Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту - бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту.

Патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өң бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда халқымыздың ұлы, ержүрек қолбасшысы, жазушы, Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Бауыржан Момышұлы ағамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше. Мысалы, соғыс жылдарында Бауыржан ағамыз:

Атамекен жер үшін,
Қасиетті жер үшін,
Әзиз ана, қарт ата,
Ботакөз сұлу қарындас,
Күң, құл болмасын, - деген жыр жолдары арқылы жауынгерлерге рух беріп ерлік істерге шақырады.

Бауыржан Момышұлы өз шығармаларында патриотизмге, ерлікке, батырлыққа байланысты біршама терминдерге анықтама берген. Енді соларға тоқталып өткім келеді:

Патриотизм дегеніміз - Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстығын сезу, ал мемелекетті нығайту дегеніміз - жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекеттік деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым -қатынасты білдіреді.

Ойымызды түйіндесек, Бауыржан Момышұлының шығармаларының құндылығы бүгінгі таңда баға жетпес мұра болып табылады. Себебі, жастарды, жаңа ұрпақты сергек және өз ісіне сенетін, кедергілерден қорықпайтын оның қандайын болса да, және білетін күрескерлік рухта тәрбиелеу - бүгінгі күннің басты талабы. Оқушыға патриоттық тәрбие беру

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Енді басты міндет осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру. Қазақстанды Отаным деп таныған әрбір азаматтың осыған өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс. Осы мақсатқа жету жолында біздер оқушылар қауымы көп тер төгуімізге тура келеді. Ол дегеніміз болашақ жастар оқушылардың бойында патриоттық сезімін ояту. Отанын, елін, жерін, Ата заңын, Мемлекеттік рәміздерін құрметтеу. Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда, барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы», - деген еді.

«Мәңгілік Ел» – жалпы ұлттық патриоттық идеясы құндылықтарын қоғамдық санада, білім беруде және тәрбие жүйесінде қамтамасыз ете отырып, оқушыларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу қажет. [1. 4]

Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын Жолдауында «Біртұтас ұлт болу үшін жаңғырудың ең басты шарты – тамыры тереңнен бастау алатын ұлттық кодыңды сақтай білу» дегендей, жас ұрпақты туған жер, оның мәдениеті, тарихи шежірелері мен жәдігерлерін тануға, қорғауға және баба тілін құрметтеуге, салт-дәстүрді білуге үйрету міндеттіміз деп білемін.

Жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен патриоттық жалынның ұшқынын дарыту үшін Бауыржан Момышұлының өсиетті нақыл сөздері ауадай қажет. Ол, әсіресе, ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. «Өзінің ұлтын сыйламаған – ұлтын мақтаныш тұта да алмайды, ол – сөз жоқ, арамза, тексіз әрі қаңғыбас» деуі жайдан-жай емес. Бұл ойлардың Абайдың «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» немесе Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігінің болуы мүмкін емес» деген қағидаларымен сабақтасып жатыр. Отан алдындағы борыш, азаматтық парызды орындау үшін қаһарман батырдың шығармаларындағы нақыл сөздерін насихаттаудың тәрбиелік мәні зор екенін айтқым келеді.

Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы да: «Патриотизм дегеніміз – әке-шешеңді құрметтей білуің, ауыл-аймағыңды ардақтай білуің, өз ұлтыңды сүюің, ана тіліңді ардақтауың, өз халқыңның өткен жолы мен тарихын құрметтеп, оған тіл тигізбеуің мен өз Отаныңды жаудан қорғауың», - деп ұрпағына өнегелі өсиетін айтып кеткен. Отанды сүю, туған елге деген сүйіспеншілік – халқымыздың ежелден қаймағы бұзылмай келе жатқан тарихи дәстүрі, өмір ережесі.

Бауыржан Момышұлының шығармалары - бүгінгі таңда бізге бұйырған баға жетпес мұра. Ол үшін әрқайсымызға Бауыржан

ағамыздай күрескер рух, көкіректе сөнбейтін сәуле, таудай талап пен жасымайтын жігер керек. [2.53]

Бүгінгі жас жеткіншектерге Бауыржан атамыздың тағылымды ойлары рухани азық болары анық. Оның «Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет», «Тәрбиелі адам – тәртіптің құлы, тәртіпті адам – елдің ұлы», «Отан үшін отқа түс – күймейсің!» т. б. өсиетті нақыл сөздері Отансүйгіштікке шақырды, жастарға адамгершілік пен ерлікті өсиет етіп, келешек ұрпақтың елін, Отанын, халқын шын сүйген ерлер болып қалыптасуын қалады.

«Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі», – деп Бауыржан атамыз патриотизмнің мәні мен мазмұнын ашып көрсеткен.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Отанға деген сүйіспеншілік – еліміздің келешегіне, оның кемел ұрпағына, біздің аманат етер ең қасиетті өсиетіміз деп білейік. Отанын Бауыржан Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ», – деп айтқандай, Бауыржан Момышұлының отаншылдығы патриоттық тәрбиеде баға жетпес құнды құрал болып табылады.

Қорыта келе, осы мақалада «Бауыржан Момышұлының қанатты сөздері бүгінгі қоғамға ауадай қажет екенін білдіргім келеді. Алдағы уақытта осы тақырып көлеміндегі зерттеу жұмыстары ары қарай жалғасын тапса деген оймен мынадай ұсыныс айтқым келеді.

1.Тәуелсіз еліміздің іргесін нығайту үшін жастарымызды Отансүйгіштікке тәрбиелеп, ерлікке баулуда «ұлттық идея», «тәуелсіз ұлттық идея» деген ұғымдарға көбірек назар аударылса;

2. Тарихи ұлттық тұлға – Бауыржан Момышұлының қанатты сөздерін жастарымыздың санасына дарытып, танытуымыз және қай қырынан көбірек танытуымыз керек деген аса маңызды мәселені қамтыса;

Бауыржан Момышұлының өмірі – өнеге, жазған мұралары – патриоттық өсиет. Өнегелігі сол, ол – елі мен туған жерін нағыз сүйген, оған қашан да адал қызмет еткен, сын сағатта Отанын жан аямай қорғаған және қол бастап, жауды жеңуге ерен үлес қосқан ер. «Патриотизм – Отанға, елге деген махаббат!», «Адам болу – қасиет, азамат болу – міндет, патриот болу – парыз», - деген Бауыржан Момышұлының қанатты сөздері ұрпақ үшін өнеге.

**Пайданылған әдебиеттер:**

1. «Білім айнасы» журналы
2. «Ұлағат» журналы 2015/6

## ҚАЗАҚТЫҢ ДАРАБОЗ БАТЫРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК БЕЙНЕСІ

*Сыздыкова Асилия Алпысовна, тарих пәнінің мұғалімі*
*Жалпы білім беретін №86 орта мектеп*

*Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра.*
Халық даналығы

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі**. Еліміздің Тәуелсіздік алғанын халқымыздың айбынды перзенті, ұлтымыздың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы көрген жоқ. Бірақ, «тәуелсіздік» деген қасиетті ұғым мен Бауыржан Момышұлының есімі тығыз байланысты.

Қазір біз егемен еліміздің іргесін нығайту үшін «ұлттық идея», «тәуелсіз ұлттық идея» деген ұғымдарға назар аударып жүрміз. Шын мәнінде біз енді Тәуелсіздік идеясымен, Тәуелсіздік мұратымен өмір сүруіміз керек. Ішкі саясатта да, сыртқы саясатта да, өндірісте де, өнеркәсіпте де, мәдениетте де, әдебиетте де, өміріміз бен қоғамымызда да осы тәуелсіздік мұратын ту етіп ұстауымыз қажет. «Мәңгілік ел» болу үшін елдік пен ерлікті біріктіруіміз керек. Қазақты қарашаңырақтың құт-иесі ретінде ұрпаққа таныту үшін батырларымызды ұлықтау, түптеп келгенде, төл тарихымызды танып-білу маңызды.

Біздің тәуелсіз ұрпақ барын мақтан тұтып, еңсесін тік ұстап, көк туымызды төбеден түсірмеуге тиісті.

**Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері**. Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, ерліктің толассыз қайнары, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы Бауыржан Момышұлының ұрпаққа қалдырып кеткен таусылмас мирасы, сарқылмас мұрасы, ерен еңбектері әркез еске алынып, жас ұрпаққа үлгі болатын ерліктері жайлы жиі айтып отыруымыз қажет. Жастарымыздың елін, жерін құрметтейтін азамат тәрбиелеу үшін оларға ұлтымыздың тәуелсіз тұлғаларының өнегелі өмір жолын  жан-жақты насихаттау. Қазіргі кезеңде қазақ жастарына  үлгі боларлық ұлы тұлға - Бауыржан Момышұлы.

Бауыржан Момышұлының «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас» атты үш туындысынан адамгершілік қасиеттер туралы асыл  сөздерін желкілдеп өсіп келе жатқан ұрпаққа жеткізу, оларды ұлтжандылыққа бейімдеу барысында, қазіргі қоғамда біреуге жалтақтамай, таныс-тамыр іздемей, Бауыржан атамыз сияқты әділ жолмен жүру керектігін жеткізу. Қарапайым солдат өмірі жайлы, майдан шындығы жайлы мағлұмат беру.

Б.Момышұлы Кеңес заманында өмір сүріп, Кеңес өкіметі кезінде қызмет еткенімен, оның бүкіл іс-әрекеті, қайраткерлігі біздің бүгінімізбен үйлесіп, қабысып жатыр. Тәуелсіздік идеясын ту етіп ұстаған тұлға.  [5]

Халық: «Дананың аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді», - деп айтады. Қалай болғанда да халық қате айтпайды, қалт кетпейді, халық қаласа хан түйесін сояды.

Иә, ғалымның аты да, жазып кеткен хаты да мәңгілік, артындағы ұрпағына, халқына қалдырып кеткен өсиеті сияқты, ол өз басына орнатып кеткен бейне бір ғажайып құлпытас іспетті.    Міне, осындай өлмейтұғын сөз қалдырған, із  қалдырған асылымыздың бірі, кешегі Ұлы Отан

соғысында аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы. Оның адамдық айрықша табиғатымен, адалдығымен, қара қылды қақ жарған әділдігімен, шындықты бетке айтқан қайсарлығымен, оның қаламгерлік өзіндік ерекшелігімен танимыз.

Мақаламды Бауыржан Момышұлының «Қанмен жазылған кітап» атты еңбегіндегі мына өлең жолдарымен бастағанды жөн көрдім.

«Найзадан қол босаса қалам алдым,
Толғанып оқиғаны көп ойландым.
Тырмысып әл кеткенше көргенімді,
Жалтақтамай, именбей ашық жаздым.

Отырсам көп ойланып күнім жақын,
Әр адам біле бермейді сөздің парқын.
Ұрпаққа арнап істелген адал еңбек,
Ақ ниетпен ұсындым саған, халқым.

Жазушы болмаған соң менің затым,
Көркемді жұмыр емес жазған хатым.
Салмақтайтын саналы ер табылса,
Атаусыз неге қалсын менің атым.

Бауыржан Момышұлының «тек ұрыста ғана адамның барлық қасиеті сынға түседі. Егер де бейбіт уақытта адамның кейбір ерекшеліктері байқалынбаса, онда ұрыс үстінде ашылады.... делінген».[2] Мен бұл сөздерді алу себебім, қазіргі кезде де қауіпті жағдайлар болған кезде өз өмірлерін ұмытып, басқанын өмірін сақтауға ұмтылуы. Мысалы: кешегі Алматыдағы ұшақ апаты барысындағы жас жігіттің екіқабат ананы өз денесімен жауып құтқарып қалуы немесе Семей қаласындағы жатақханадағы өрттен 15 адамның өмірін құтқарып қалған Куандық Маратов. Мұндай оқиға көптеп кездеседі. «Барлық халық барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті» - деп айтқан Бауыржан атамыз. [2] Мұны парыз сезімі дейміз. «Бұл адамгершілік сезімі, намыс, ар-ұят - бұл адам өзін кез келген опасыздықтан сақтайды, қорғайды, яғни масқара болып жүргеннен абыроймен өлген артық деген сөз. Өлімнен ұят күшті». [2]

Жақсы қасиеттер де, жаман қасиеттер де адамға өнегеден жұғады ғой! Осыны жетік білетін қаламгер өз шығармаларында қаншама ғажап өнегелерін алға тартқан! «Осыларды оқы да - сезін! Сезін де – соларға еліктеІ Оқы да – ұғын! Ұғын да – сен де солардай адал адам болуға ұмтыл! Солардай адамгершілікті бол!» - дегенді уағыз етеді автор.

Абырой - жеке адамның ар-намысын ұғыну деген сөз. Абыройды, жоғары моральдық рухты сақтау жолында өз өмірін қиюға дейін баруға ниет ету намыс деп аталады.

Ұят - жасаған әрекетінің жөнсіздігін түсінушілік. Намысқа кір келтірушілік, моральдық рухтың асқақтығын қорлау - масқара болушылық.

Сенімділік, соғыс пен ұрыстағы сенімділік – дұшпаннан басым түсу сезімі, өзінің жеке басының ар-намысын сезіну. Сенімділікке істі білу мен жауынгерлік рухты көтеру арқылы қол жетеді.

Жігерлендіру дегеніміз – рухани күш беру, күш-қуаттың тасуы, сергектік күй. Әскерді жігерлендірудің құралдары мыналар: инабаттылықпен, кішіпейілділікпен ықпал ету, адамның адамгершілігін құрметтеу, бастықтың жеке өнегесі, ақыл- кеңес беру, айтқанын түсінікті етіп ұғындыру, көңілден шыққан қарапайым сөз, тапқырлық, шешендік, орынды айтылған әзіл-қалжың.

Өзара көмек көрсету және ұжымдық сезімі – әскери парыздың маңызды міндетті элементі, жолдастық топтық-қоғамдық сезімнің асыл белгісі. Адамның басына түскен қайғыны бөлісе білушілік адамның бойындағы ұжымдық сезімді тәрбиелеудің нәтижесі, ортақ мақсатқа жетуге көмектесу. [2]

Міне, Бауыржан атамыз осыншалық оқырман қауымның, әсіресе жастардың түйсігіне әсер етер, санасына саңылау кіргізер, рухын өсірер, ойын оятар, ішкі жан сарайын кеңітер, өміргеілтипатпен қарауға үйретер жолдарын аша білген.

Бауыржан атамыз: «Тәрбие жұмысының мақсаты – адамның бойында жауынгерлік қасиетті жауынгерлік өнегелілікті қалыптастыру. Бұған адамды иландыру арқылы қол жеткізіледі, отбасыңа, халқыңа, отаныңа, мемлекетке берілгендік, үлкенді сыйлау заңды, тәртіпті, салт-дәстүрлерді сақтау, жеке адамның игілігімен етене байланысты, қоғамдық игілік жөнінде қамқорлық жасау өмірлік әрі қажеттілік болып табылады, қоғамдық қажеттіліктерге (әркімнің қабілетіне қарай) деген дұрыс көзқарас қоғамнан лайықты бағасын алады.

Бұл ұғымдар тәрбиелеу арқылы сана сезімге сіңіріледі де адамның бойында саналы іс- әрекет жасау үшін дербес мінез-құлық қалыптастырады; жауынгердің адамгершілік келбетіне қорқыныш пен құлдық ұрушылық жат болуға тиіс, мұның өзі шексіз сүюшілік пен мемлекетке, халқына шын жүректен сенушіліктің мән-мағынасын білдіреді» - деп жазады өз шығармасында. [2]

Ерлік дегеніміз не? – дегенде ол кісі былай жауап берген екен: «Ерліктің анасы – мақтаныш. Кәне, мақтаныштың қандай қайнар көздері бар екеніне талдау жасап көрейікші. Тазалық, ұқыптылық, тән мен жан жүйесінің кіршіксіздігі жеке мақтаныш сезімін тудырады, өзін-өзі ұстай білушілікке үйретеді, өзі мен айналасындағыларға талап қоя білушілікке дағдыландырады. Сыртқы тәртіпсіздік – адамның ішкі кемістігінің белгісі. Кір – қоқыс адамды аздырып-тоздырады.

Жеке мақтаныш сезімі дегеніміз не нәрсе – бұл ең алдымен жеке бастың гигиенасы. Адам өзін көйлегі көк, қайғысы жоқ, қарыны тоқ кезде лайықты ұстап жүре алады. Егер сіз үстіңізге алба-жұлба киім киген болсаңыз, онда қоғамдық орында өзіңізді лайықты ұстай алмайсыз. Тұрмыста салақ ұқыпсыз адам – жұмыс орнында да ұқыпсыз. Егер адам

сырттай тәртіпсіз, көргенсіз болса, онда ол жұмыста да дәл сондай, егер адам ұқыпты болса, ол онда жұмыста да ұқыпты болғаны. Кір-қоқыс адамды бүлдіріп, оның бойында жеке мақтаныш сезімін біртіндеп көмескілендіре береді. Сыртқы ұқыптылық – ішкі жинақылықтың, өзін-өзі ұстай білушіліктің, өзіне және айналасындағыларға талап қоя білушіліктің белгісі болып табылады. Жеке мақтаныш сезімі ерлікті тудырады. Жасық жан ержүрек бола алмайды. Жасық жан жанқиярлық ерлік жасауға да қабілетсіз - деп жазған «Қанмен жазылған кітап» шығармасында. [2]

Міне, осының бәрі өмір, өмір шындығы, адам қатынастары, адамдық, адалдық, адамгершілік, әділеттілік, жолдастық, бауырымдылық жайында.

«Ұшқан ұя» шығармасында жастарға ақыл болар жазылған жолдар бар. «Қаншаға келдің, қарағым»... - деп қай баладан сұрасаң да өз жасын мақтанышпен айтатыны мәлім. Қазір жыл сайын баланың туған күнін тойлау дәстүрге сіңіп болған әдет. Ал менің балалық шағымда туған жылды, туған күнді емес мүшелді кезеңдерді тойлаушы еді: Алғашқы мүшел – нәрестенің қырқынан шығатын күн. Бұл күні үй ішінде емес, ауыл-аймақта да көтеріңкі көңіл, көп шаттық үстем болатын. Екінші мүшел – баланың жеті жасқа толған күні. «Жетіге келгенше бала жерден таяқ жейді» деп тегін айтылмаған ғой. Сол жетіге толған күні өрен аяғын жерде нық басты деп санайды. Азаматтыққа аттанар жолдың алғашқы қадамы да осы жерден басталса керек. Ата-ана мен төңірекке бұл үлкен қуаныш. Ендігі мүшел – 13 жас. «Он үште отау иесі» деген мақал бар. Бұл енді оңды-солыңды тани бастадың, ер санатына іліктің, сенімен есептесер, ақыл бөлісер кезең келді деген сөз. Енді сен өзгенің жетегінен гөрі өзің тізгін ұстағанды, өзің ат жалын тартып мінгенді қалайсың. [3]

Бұл жазылған жолдардан жастардың есті, ақылды, болашағынды дұрыс болжай біл дегендігі. 30 жасқа келгенше ата-аналарының мойнында отырған балаларға сабақ болсын деп айтылған сөздер.

«Москва үшін шайқас» шығармасында әділ командир екендігі жайлы айтылады.

«Қас батыр жауға шабар жағаласа,
Ел үшін ар мен намыс қолқа салса,
Мәңгілік өмір жасап өлшегені,
Батырдың ел аузында аты қалса» - дей отыра, ерлікті елеусіз қалдырған командирге күнә – деп жазады. Оның адамгершілігіне қатты сын. Соғыс майданында да көпірте сөйлеу, бояп, борандата мақтау, «жоғалған пышақты алтын сапты» ете салу сияқты өтіріктер атам заманнан бергі келе жатқан емі жоқ аурудың бірі. Мен солардан сау болғым келеді. Өтірік мақтау – қиянат. Қиянатпен елді алдап, қылмысты болғым келмейді. Елге ер туралы шын айтсам. Шыным мен сырым Төлегендей (Төлеген Тоқтаров) таза, ақ пейіл, ақ ниет болса, ақ қағазға түсіріп, елге сөз жеткізсем мен Төлегеннің қарызынан құтылған болар едім... [4]

Өстіп, шығармаларында бастан кешкен қаншама өмір оқиғаларын, өмір құбылыс қатынастарын, тартыстарын, ой – тағылымдарын, ұлағатты, қанатты сөздерін, сырларын жеткізген.

**Қорытынды.** Мақаланы жазар алдында көптеген әдебиеттерді қарастырдым. Көптеген авторлардың шығармаларында батыр тұлғасы жақсы сомдалған. Сонымен бірге өз шығармаларында да Бауыржан Момышұлы соғыстағы оқиғаларға жан бітіріп, оны көркемдеп суреттей отырып, бейбітшілік идеясына халықтың патриоттық моральдық сезімдерін оятуға, соған ұрпақты тәрбиелеуге ерекше ден қойғаны көрініп тұр.

Оның рухани жеңісі сол, кеңестік заманның қытымыр қылышына қарамастан, бәріне төтеп берді. Адал еңбекпен өмір сүруді, халыққа, қауымға адал қызмет етудің, жақсылық жасаудың, жамандық біткеннен жиренудің қағидаларын ұсынды. Дарабоз батыр атамыздың өсиет қылып кеткен нақыл сөздерін қазіргі және болашақ ұрпақ жадына сақтап, еліне, халқына деген патриоттық сезімдері өшпейді деген үміттемін. Мақаламды атамыздың мына сөздерімен аяқтағым келіп отыр: «Даналық – өткеннің тәжірибесін қорытатын, қазіргі жағдайды зерделі талдайтын және болашақты көре білетін творчестволық ойдың қаймағынан тұрады». [2] дегендей, өткен өмірден алған тәжірбиелерді, қазіргі таңда зерделеп, қорытып, іске асырып, сол дана адамдардың іс-әрекетімен сабақтастыра білу қажет деген ойдамын.

**Ұсыныс:** Мектептерде Бауыржантану факультативтері енгізілсе. Оқушыларды Бауыржан Момышұлы шығармаларымен таныстырып, шығармалар арқылы ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**Пайданылған әдебиеттер:**


1. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, 1998 ж
2. Момышұлы Б. «Қанмен жазылған кітап» І том ,А., «Жазушы» 2004 ж.
3. Момышұлы Б. «Ұшқан ұя» І том, А., «Жазушы» 2004 ж.
4. Момышұлы Б. «Москва үшін шайқас» ІІ том, А., «Жазушы» баспасы, 2004 ж.
5. Смағұл Б. «Қаһарман», «Хантәңірі» баспасы, 2016 ж.


## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ


*Ахатаева Мейрамкүл Берекеқызы,*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*№48 жалпы білім беретін орта мектебі*


**Зерттеу жұмысының көкейтестілігі:** Халқымыз ежелден-ақ бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оның сәби шағынан бастап келешегінің қалыптасу барысына алғашқы баспалдақтарын жасаған. Тәрбие алған ортасынан өнеге ілген бала, кейінгі өмірінде де, болашағына да алған өсиет байланыстыра отырып, көздеген биігіне, ұлы мақсаттарға жетпек.

**Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты** - «Ұшқан ұя» повесіндегі Б.Момышұлына әсер еткен ұлттық тәрбиенің қайнар көздерін ашу, шығарманың өн бойындағы құндылықтарды, мәселен: мақал-мәтелдер, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты жазушының көзқарасы мен ой тұжырымдары және ұрпақ тәрбиесіне үлгі ету.

**Міндеті:** Осындай өзекті де келелі мәселенің халықтың аяулы, сегіз қырлы, бір сырлы перзенті Б.Момышұлының жеке тұлға ретінде қалыптасуына өскен ортаның әсерін зерттеу мақсатында, ғибрат алу жолында «Ұшқан ұя» повесін зерттеудегі басты міндеттерді атасақ:

1. Тәрбиелеуде ұстаздың өзінің не біліп, не істейтіні маңызды болса, ал ұстаздың ықпалымен тәрбиелеушінің не біліп, не істейтінін ашу одан да маңыздырақ екендігін растау.

2. Баукең шыншылдығының дәрежесі - оның адамгершілік кемелдігі дәрежесінің көрсеткіші екендігіне көз жеткізу.

3. «Ұшқан ұя» шығармасының мазмұны мен мақсатының жемістілігін аңғарту.

**Зерттеу әдістері:** «Ұшқан ұя» повесін зерттеу барысында жоғарыдағы шығарманың мақсаты мен міндеттерін негізге ала отырып, жұмыстың зерттеу обьектісі етіп батыр өскен ортаны, тәрбиеге әсер еткен негізгі көздерге: салт-дәстүрлерге, ұлттық наным-сенімдерге, мақал-мәтелдерге көңіл бөлдік. Тақырыптың өзектілігі Бауыржантану ғылымының қалыптасу кезеңінде батырдың дара тұлғасын тану, өскен ортасы мен тәлім алған қайнар бұлағының көзін ашу және оның ұрпақ тәрбиесіне, көркем әдебиетке әсерін бағалау үшін «Ұшқан ұя» повесін жан-жақты қарастыру арқылы белгілі бір мақсатқа жету болып табылады.

Зерттеу жұмысының құрылысы кіріспеден, негізгі бес тараудан, қорытынды бөлім мен библиографиялық көрсеткіштен тұрады.

Кіріспе бөлімде Б.Момышұлының қысқаша өмір жолы, шығармашылығы, Баукеңнің балалық шағынан батыр болып қалыптасқанға дейінгі кезеңі және өзі көзі тірі кезінде жазып қалдырған мұралары жайында айтылады.

Шығармаларының құндылығы мен ұрпақ тәрбиесіне берерлік тәлімі жолдары ашылады.

1-тарауда «Б.Момышұлы шығармашылығының зерттелуі» жайына шолу.

Бауыржанды көзі тірі кезінде көріп білген, оның сегіз қырлы бір сырлылығын таныған жазушылардың шығармалары мен жазушылық жолындағы өзі қалам тартқан шығармалардың зерттелуіне тоқталу. Мұнда батырдың сан қырын байқап, өз жанында жүрген М.Мырзахметұлының, Ә.Нұршайықовтың, Ш.Мұртаза, Е.Әлімжан, А.Бек, т.б. жазушыларымыздың Баукеңе, оның шығармашылығын зерттеуге қалам тартуы сөз етіледі.

Суреткердің көркем туындысының мәні мен тәлімдік биігі, сондай-ақ ұлттық салт-дәстүріміздің «Абай жолы» роман-эпопеясынан кейінгі алар орны мен мақал-мәтелдердің тәлімдік-тәрбиелік, өнегелік жолдары көрсетіледі. Көркем шығарманың бойындағы бүкіл бір ұлтқа тән мінез бен ұлттық байлықты көздейтін жолдар ашылады.

2-тарауда "Ұшқан ұя" романындағы образдар жүйесі деген тарауында көркем шығармадағы образдар жүйесінің молдығы, көркемдігі, жинақтылығы суреткердің шеберлігінің бір көрінісі. Бұл тарауда Б.Момышұлы сомдаған шынайы өмір көріністерін көркем әдебиетте бейнелей отырып, өзі өмір сүрген қоғам, орта, кезең суреттеледі. Бала Бауыржанның кішкене сәби көзімен тұшынып, сезінген сол қалпында жүрегінде сақтап қалып, кейінгіге өнеге ретінде қалдыруы ұлттық салт-дәстүрімізге, әдет-ғұрпымызға деген зор құрметтің бір айғағы десек те болар еді. Куба Республикасын арнайы қонақ ретінде арналған кезінде әр түрлі ресми аудиторияларда сөйлеген сөзінде өзінің шығармалары туралы: «Менің шығармаларым тұтастай және толығымен менің өз басымның естеліктеріне, өте-мөте ерекше делінген эпизодтар жиынтығынан іріктеп, ерекшелеп алған неғұрлым елеулі көріністерге негізделген. Оларда ойдан шығарылған оқиғалар да, ойдан жасалған образдар да жоқ»,- дейді.
«Ұшқан ұя» да осы секілді ерекше туындының бірі, шын өмірдің көркем сөзбен бейнеленуі. Шығармадағы образдар жүйесі бала Бауыржанның көз алдында өмір сүрген адамдар немесе әжесі, әкесі, әпкелер секілді кейіпкерлер.
3-тарауда ұлттық салт-дәстүріміздің суреткер көзімен көріп, бала кезінде байқағандары мен әдет-ғұрыпты сақтауға деген шынайы көзқарасы баяндалады. Көркем шығармадағы дәстүрлік танымдарға суреткердің өлшемі, оның бағалануы, көзқарасы т.б. қамтылады. Салт-дәстүріміздің қазіргі күнге дейін сақталған және ұмытылған түрлерінің мәні мен маңызы ашылады. Суреткердің өз шығармасын зерттеудегі салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды мысалға келтіріп, көркем суреттеудегі негізгі мақсаты айқындалады. Ұлттық салт-дәстүріміздің бір елді ұлт ретінде сақталуы және қалыптасуы барысында атқаратын рөлі мен тәлімдік-тәрбиелік маңызы, біздің халқымызда дәстүрдің атқаратын игі қызметі ашылады.
Қорытынды бөлімде қазақ халқының біртуар ұлы, даңқты қолбасшы, жазушы, батыр Б.Момышұлының ар мен намыстың биік туын түсірмеген, оны көкейінде өмір бойы тұмар ғып ұстанған ұлы адам, Ғасыр адамының беймәлім қырлары ашылады. Гауһар тас секілді сан қырлы азаматтың бейнесіндегі кей ашылмаған тұстар, шығармаларындағы өз бейнесі мен өзге адамдардың батыр тұлғаның бойынан байқаған қасиеттері анықталады. Халық дәстүрін сақтау жолындағы қиылыстары мен ақылдылық пен тектіліктің алып қыраны екендігі ашылып, жұмыстың негізгі обьектісі айқындалады.
Қазақ халқының даңқын шығарып абыройын асырған, айтулы ұлдарының бірі - гвардия полковнигі, жазушы, Совет одағының батыры Б.Момышұлы есімі қазақ еліне таныстыруды қажет етпейді. Ол «Халық батыры», ол «даңқты әскери қолбасшы», ол «көрнекті қаламгер» деген ұғыммен ұрпақ санасында біте қайнасқан.
Ол тұтас алғанда Нағыз Қазақ аса қастерлі, мәртебелі биік тұлғасымен танылған еді.

Туған ұлты үшін ұран салып, ұлт намысын таптатпай, ұлт байрағын құлатпай, айбынды ұстаған Бауыржан атамызды өз халқы шексіз сүйіп мерейін асырды.
Баукең үйреткен тағлым - Ұлы сенім, Болашаққа деген сенім еді. Бауыржан үйреткен тағлым - ұлы шындық.

Өткен ғасырдағы қазақтың біртуар азаматы, көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналып, онысын ақиқатпен ұштастырған, ерлігі мен өрлігі, азаматтығы елді ардақтаудың ең биік үлгісіне жетіп халықтың бетке ұстар ұлына, мақтан тұтар қаһарманына айналып кеткен Кеңес Одағының Батыры Б.Момышұлы артына мол әдеби мұра, көркем дүние қалдырған, ұлтжанды, терең ойлы жазушы Бауыржанның «Ұшқан ұя», «Қанмен жазылған кітап», «Москва үшін шайқас» сынды кітаптары барша жұртқа аян. Батыр тұлға жайында Александр Бектің «Волокалам тас жолы», Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» кітаптары ұлы қаһарманның шынайы бейнесін дүйім елге паш еткен шығармалар деуге тұрарлық. Ол жайында ел ішінде айтылатын ұшы - қиыры жоқ аңыздар мен ақиқат Бауыржан тұлғасын биіктете түскендей. Бауыржан атағын асқақтатып, бүкіл халыққа әйгілі еткен батырлығы десек ол туа дарыған және жүре дарыған асылы. Батырлық Бауыржанның ерлігі арқылы ғана емес, туа біткен мінезі мен тәлім-тәрбие арқылы жұғысты. Оның бала Бауыржаннан батыр Бауыржанға жету аралығында шыңдалу мектебімен қоса өзі жазған «Ұшқан ұяның» да әсері мол еді.

Бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп оның сәби шағынан бастап-ақ кейінгі өмірінің қалыптасу барысының алғашқы баспалдақтарын жасаған. Немесе өзі атап көрсеткендей: «Тәрбие адам бойында жақсы мінез-құлық қалыптастырады... Балаға nадамның, азаматтың бойындағы барлық жақсы, асыл қасиеттер ананың ақ сүтімен бірге берілуі қажет.
Бауыржанның қанатын қатайтып, биікке самғаған қыран болуындағы отбасының әсері қандай, ол қандай жанұядан өркен жайды?
Ана сүтімен бірге бітетін қасиеттерге ол осы шығармасында зеректік, ойшылдық және сезімталдықты жатқызады. «Мұны адам сатып ала алмайды, егер жүрегінде осы қасиеттердің ұшқындары болса ғана өмір, қоршаған орта оны не ұлғайта түседі, не өшіреді»

Бауыржан ұясынан көрген-білген, алған өнеге-тәрбиесін жазудағы мақсатының өзі де сол өзі шыққан биігінің тәрбие нәтижесі ғана емес, сонымен қатар бүкілхалықтық салт-дәстүрден, ұлттық мінезден нәр алғандығын "Ұшқан ұя" шығармасында барынша ашып берген.
Жаңа дүниенің есігін ашқан нәрестеге шілдехана жасалатыны жарқын дәстүріміздің бірі. Сол шілдехана жас сәбиге өмірге жолдама іспеттес бата беріледі. Баламның келешегі батамен көгеріп, өркен жайсын дегені болса керек. Халқымызда «батамен ел көгерер» деген қасиетті сөз бар.

Алатаудың қыраны мол еді -
Қырағы болсын, құлыным.
Қойнауы суға толы еді -

Бұлағы болсын, құлыным.
Елінің тілегі зор еді -
Шырағы болсын құлыным.
Ата тілегі он еді -
Құмары болсын құлыным.
Бұл жерде батырлар төрі еді -
Сыңары болсын құлыным.

Осы алғашқы Имаш бабасының Бауыржан Момышұлы өміріне өнеге болды. Шындығында, батырлық Бауыржан тәрбиесінің тал бесігінен бастау алды. Өзі еске алғандай, ол тәрбиелеген «даланың дархан балабақшасының» сыры мен мәні осыдан бастау алған еді.

Бала тәрбиесіне, жалпы адамның қалыптасу жолындағы тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалыры мен ережесін жасаған халық - қазақ халқы. Оның балаға дүниеге келген күннен бастап берілетін тәрбие тәсілдері мен тәжірбиелері өте көп. Халықтың ғасырлар бойы жинаған мұрасы ұлттық тәрбие ісіндегі сәбилік кезінен біліп, ер жеткенге дейінгі салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыз шығарма барысында бала Бауыржанның өсу деңгейімен беріліп отыр.

Перзенттің шыр етіп дүниеге келуі тек туған ата-анасының ғана емес, бүкіл ауылдың қуанышы болып есептеледі. Дүниеге келген сәбидің әкесінен «сүйінші» қуанышты хабарды жеткізу. Жеткізуші адам «сүйінші» деп сұрай келеді немесе эмоциясы арқылы, мәселен қуанышында шек болмай, я көзінен қуаныштың жасы ағып, жылап қалғыңыз келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі қалағаныңды ал дейді, яки оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл шын қуануды, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұрау және сүйіншіге берілетін нәрсенің дәстүр бойынша ерсілігі жоқ. Мәселен; «Аққұлдың немере інісі Дембай ұлды болғанда, іштегі әйелдің бірі, жүгіріп шығып «ұлды болдың сүйінші» дегенде Дембай әлгі әйелді қалбалақтап кеп құшақтап алыпты да мойнына асылып емірене егіліп жылапты. Көптен күткен қуанышын осылай жария еткен екен.

Перзенттің дүниеге келуі үлкен қуаныш, баланы халық артта қалған із дейді, баласыз үйді қу молаға теңеуі де сондықтан болса керек.
Қазақтың бай салт-дәстүрінен сусындаған Бауыржан Момышұлы да әліппені орысша оқыған, бүкіл қызметі орыс тілінде өтті. Бірақ ол Нағыз Қазақ болып қалды. Ол орысша сөйлегенде оның асқан шешендігіне, ой жүйесінің жампоздығына, биік білімділігіне ең зиялымын деген орыстардың өзі таңдай қағар еді. Бірақ ол орысша оқыған басқа көптеген қандастары сияқты өз тілінен безінген жоқ.

Оның орыс достары өте көп еді. Ол орыстың ұлы классик ақын-жазушыларын піріндей сыйлады. Ол соғыс кезінде, одан кейін де Илья Эренбург, Константин Семенов, Александр Фадеев сияқты ірі тұлғалармен дос болды. Ол туралы орыс жазушысы Александр Бек «Арпалыс» атты роман жазып әлемге әйгілі болды. Расында, ол әйгілі кітаптың авторы Бауыржан Момышұлы болатын.

Баукең адамды ұлтына емес ақыл-парасатына қарап бағалайтын. Сондықтан оны Ұлтшыл деп қаралайтын болсақ онда жала жапқанымыз. Ол Кубаға барғанда Фидель Кастро, Рауль Кастромен туыстасты. Ол алыстағы чех жазушысы Шдаймен ағайынша хат алысып тұрды. Ал, өз халқын ағынан жарыла жанындай жақсы көрді. Оның өткені мен қазіргісі, бүгінгі күні толғандырмай қоймады. Баукең көреген еді, ол сол уақытта, қан майданның қақ ортасында жүріп, өз халқының қамын ойлап Қазақстандағы басшыларға хат жазумен болды. Оны толғандырған ұлт келешегі, ұлт мүддесі, ұлт тарихы, ұлт рухының, ұлт тілінің, ұлт санасының, ұлт сауатының, ұлт ар намысының, ұлт әдебиетінің, ұлт мәдениетінің қамы болатын. Ол соғыстағы әрбір қазақтың, әрбір ұлттың адамы тірі қалу ұрпақ үшін зор қуаныш деп ұқты. Шығынсыз соғыс болмайтынын да ұқты, ал шығынның орнын толтыра алмайтындықтарын да ұқты. «Жеңіске тек рухтың күштілігімен ғана жетуге болады» дейді Бауыржан Момышұлы. Ол халықтың, ұрпақтың рухы сынбауын армандады.

Рух туралы озық ойы, өзіндік философиясы бар ол халық туралы: «Біз мал едік, қараңғы едік», - дегенге менің ашу-ызам келеді, - дейді Бауыржан Момышұлы. Ол өз халқы туралы мұндай қорлық сөзге шыдамаушы еді.

Ал, Баукең сол соғыс жылдарының өзінді-ақ: «Кеңесарыдан оның көзқарасының Маркс көзқарасымен сәйкес келуін талап етуге болмайды», - деп айдай әлемге жар салды. Франциядан арнайы Баукеңді іздеп қонаққа келген француз әйеліне Баукең қылышынан қан тамған уақыттың өзінде Мағжанның бір өлеңін жатқа айтып берген. Жанындағылардың айтқанына көнбей, өзім жауап берем деп бой бермеген. Ал француз әйелі болса Баукеңе Мағжанның өлеңдерімен таныс екенін, оның францияда кітабы шыққанын айтқанда Бауыржан «Мағжан ұлы ақын» деп жауап берген.

«Егер біз қазақ халқының барлық жақсы дәстүрін керегі жоқ деп қудалайтын болсақ, ата-бабаларымыздың кім екенін білмейтін болсақ, мұның өзі пайда бере қоя ма?» - деді. Өткенді жер мен жексен ету - болашақ ұрпақты мәңгүрттікке алыш баратынын Бауыржан Момышұлы бұдан алпыс жылдай бұрын ескертті. Қоғам, қоғам тізгінін ұстарлары мұны ескермеді. Енді оның зардабын өлердей бастан кешіп, тіпті мына «тәуелсіз» деген заманның өзінде «мемлекеттік тіл» мәселесімен әуре сарсаңбыз. Бауыржан Тәңірге, Тәңір берген Тағдырға сенген адам: «Егер мен тағдыр жазып бүгінге дейін тірі жүрсем, алдағы тағдырдың маған қаншалықты рахымы боларына көзім жетпейді», - деп жазды ол отыз үш жасында. Тағдыр оған әлі қанша өмір беретіндігіне көзі жетпегендіктен де халқының мүшкіл халін ойлап, 1943 жылы 18 наурызда Қазақ ССР Халық Комисарлары Советінің төрағасы Нұртас Оңдасыновқа майданнан хат жазды. Онда ол мен майданда жауды жайратып жатырмын, мен атақты батырмын демейді. Республика басшысына халық тағдырына араша түсуді

аманат қылады. «Өнегелі тәрбие алған адам Отанға берілгендік, әділдік, тәртіптілік сияқты жауынгерлік қасиеттердің негізін бойына сіңіреді.

Қазақ халқының өткен тарихындағы барлық жақсы дәстүрлер бүгінгі таңда қайта салтанат құруға тиіс. Халық даналығының алтын қазынасы біздің жетістігімізге айналып, біліміміз бен тәжірбиемізді байытып, істерімізге қолқабыс жасауға тиіс».

Бауыржанның ұлт, ұрпақ тағдырына байланысты осы хатына Н.Оңдасыновқа жазған хатына жауап алды ма, жоқ оны білмейміз, бірақ, ақиқатында бұл хат тек Н.Оңдасыновқа ғана емес, Мемлекет, Үкімет тізгінін ұстайтын келешек басшыларға да арналған. «Тәрбие жұмысындағы осындай сорақы жаңсақтықтың салдарынан жастардың кейбір бөлігі адам танымастай әдепсіз жеңіл ойлы, нашар, ебедейсіз, қопал болып өсіп келеді; тіпті сужүрек, қажырсыз, бас қамын ойлайтындар да ұшырасады». Бауыржан бұл қасіретті жазғалы жарты ғасырдан асып кетті. Осы дерт асқындамаса азайған жоқ. Демек Бауыржан өсиеті әлі актуальды. Егер Мемлекет, Үкімет ұлт қамын болашағын ойлайтын болса, ұлт намысын қорғаймын десе, ең бірінші, адамдарды аздырмай, тоздырмай асылдандыруға көңіл бөлуі керек.

Жыл өткен сайын, жылдар өткен сайын Бауыржан шыңының басы ұлғайа түскендей, әлі зерттеле келе ұлғайа бермек, өсіп - өркендей түспек Ал, біз өсетін елдің, өркениетті елдің қатарына қосылып, қазақ халқын әлемге танысқымыз келсек Бауыржан өсиетінен ғибрат alармыз және соны келешегімізге ту етіп ұстасақ, ұлы рухы биіктері сөзсіз.

«Бақыт дегеніміз - өмірді өз орнында, өз қалпында шамасы келгенше үлгілі сүру, адал болу, майдалықтан, іштарлықтан қашық жүру. Мұршасы, әлі жеткенше өз заманын түсіне білу, өз қоғамымен бірге, алған мақсатына қопарыла, шын көңілмен адал қызмет істеу» Бауыржан Момышұлы да осы бақытқа ие болған асыл тұлға. Аты аңызға айналған әйгілі батыр, есімі ел жадында мәңгі жатталып, қалған даңқты қолбасшы, халқымыздың қыран мінезді айбынды перзенті, дүниеге екі келмес біртуар биік тұлға, жастардың ұлағатты ұстазы, көрнекті жазушы Бауыржан Момышұлының өзіне ғана тән көп қырлы қайталанбас асыл бейнесі ұрпақтан ұрпаққа жетіп, асқарлана, ажарлана түспек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ахметова З. «Шуақты күндер»
2. Асылов Ұ. (құрастырған) «Дана ойдан шыққан сөз» Алматы 1987ж.
3. Ахтанов Т. «Ел қасиеті - ер қасиеті» Қазақ әдебиеті // 10 маусым, 1983ж.
4. Әлімқұлов Т. «Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл» Алматы
5. «Санат» 1994ж
6. Баржақсы А. «Мың бір мақал, жиырма үш жоқтау» Алматы
7. Байтуов «Бір сұхбаттың тарихы» Ақ жол 7 ақпан, 2001ж.
8.Момышұлы Б. «Ұяда не көрсең» Алматы «Жалын» 1988 ж.
9.Момышұлы Б. Шығармалар жинағы 1, 2 т Алматы «Мектеп» 2001 ж.

# БАТЫР БОЛСАҢ БАУКЕҢДЕЙ БОЛ

*Кадирбаева Балапан Сериковна,*
*тарих пәні мұғалімі*
*ҚММ №3 гимназиясы*

Бауыржан Момышұлы - жарқын тұлға, әскери және шығармашылық ерліктің үлгісі. Ол туралы Александр Бек пен Александр Кравицкийдің, Мәлік Ғабдуллин мен Алексей Кузнецовтың, Әзілхан Нұршайықовтың және Тұманбай Молдағалиевтің көптеген көркем туындылары жазылды. Оның қалай күрескенін, майданда қандай адам болғанын біз Бауыржан Момышұлының өзі жазған «Біздің артымызда Мәскеу», «Бір түндік әңгіме», «Біздің отбасы» сияқты кітаптардан білеміз.

Ерлік пен елдіктің киесі, батырлық пен батылдықтың иесі, асыл әрі жасампаз үлгідегі аты аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлы – тау тұлға. Баукеңнің өмір жолы, сұрапыл соғыстағы жанқиярлық ерліктерлі өсіп келе жатқан ұрпақтарға үлгі әрі өнеге. Батыр Бауыржанның өткір әрі алмас қылыштай қайсар мінезі, дана да данышпан, шешен әрі ақындық өнері қазірдің өзінде барлығымызға үлгі өнеге ретінде жетіп отыр. Осы асыл қазынамыз әлі де ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастығын тауып ұлы мұра болатынына сеніміміз мол.

Бұл жұмыстарды зерделеу Бауыржан Момышұлының тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы мен көріну процесін соғыстан кейінгі, әсіресе Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі оқиғалардан көруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, ол жеке пікірлер мен жеке іс-әрекет негізінде, тіпті кейде жалпы көзқарастарға қайшы келсе де, өзінің пайымдауын қалыптастырады. Әсіресе оның жеке тұлға ретіндегі көзқарастарына Екінші дүниежүзілік соғыс оқиғалары әсер етті. Бауыржан Момышұлының өзі мынаны айтады: «Соғыс бізге айна қызметін көрсетіп, өзімізді және өзгелерді тануға көмектесті. Кейбіріміз фактілерге тікелей бетпе-бет келуді, оларды талдауды, объективті болуды, шындықты айтуға, үкіметтік істер туралы айтудан қорықпауды үйрендік. Бұл дегеніміз, соғыс майдандарда және тылда жеке дипломатиясыз қарапайым іс үшін қажет емес, кейде екіжүзділікке қол жеткізе алады деген сөз». [1]

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау қаласында малшы отбасында дүниеге келді. Оңтүстігінде орналасқанына қарамастан, бұл ауыл әрқашан таулардың жақындығына байланысты қатал климатпен сипатталды. Тарихшылардың айтуынша, туған жерлерінің климаты Бауыржан Момышұлының батыл және бірдей қатал мінезіне әсер еткен. Оның алғашқы тәлімгерлері әжесі, әкесі және туыстардың ең үлкені болды. Ол әжесінен көп нәрсе алды, ол оған әлем туралы және батырлар туралы аңыздар айтты, жақсылық пен жамандықты үйретті, кімді жақсы көруді және құрметтеуге лайықтарды үйретті. Отбасы еңбекқор болды, барлығы жұмыс жасады. Уақыт қиын

болды - ұлы бетбұрыс кезеңі. Бауыржанның комсомол мүшесі принциптілікпен, қаттылықпен, нақтылықпен ерекшеленді. Ол колхоздарға көмектесу үшін астық сатып алу компаниялары мен басқа да іс-шараларға жиі қатысатын.

Жас кезінде ол мұғалім, аудандық атқару комитетінің хатшысы, қаржыгер және полиция бастығы қызметтерін атқарған. 1936 жылы ол белсенді әскери қызметке шақырылды. [2] Ол өмірінің ең жақсы, белсенді жылдарын Кеңес Армиясы қатарында өткізді. Кездейсоқ адам, жауапкершілікті өз мойнына алудан қорықпайтын адам үнемі көпұлтты Отанымызды құру мен қорғаудың алдыңғы шебіне ұмтылды. Ол өмірден өз орнын белсенді іздеді, Бауыржан әскери, сарбаздар қатарынан осындай орынды тапты.

1933 жылы взвод командирі болды. Белгіленген уақытты өтегеннен кейін ол жұмыстан босатылып, 1936 жылы 25 наурызда қайтадан әскери қызметке шақырылып, Орта Азия әскери округінің 315-ші атқыштар полкіне взвод командирі болып тағайындалды. Соғыс басталуына байланысты әскери бөлімдер құрылуда. 1941 жылдың жазында Алматыда генерал И.В. Панфиловтың басқаруымен 316 атқыштар дивизиясы құрылды. Бөлім Мәскеуге қазан айында жіберілді.

Неміс қолбасшылығы тайфун жоспарын, Мәскеуді басып алу жоспары жасады, ол 640 км фронт бойлауымен және 400 км тереңдікте әскери операциялар жүргізуі керек еді. Неміс қолбасшылығы ешқашан армияның бір топтың құрамына кіретін осындай үлкен күштерді пайдаланған емес және үш танк тобын сол бағытына орналастырған. Кеңес-Германия майданында шоғырланған жалпы әскери күштердің 75% танктер (1700), жеке құрамның 42% (1800 мың адам), 33% зеңбіректер мен минометтер (14 мыңнан астам), әуе кемелерінің 50% -ы КСРО астанасына бағытталған. (1390). [3]

Кеңес қарулы күштері негізінен жау күштерінен төмен болды. Симоновқа берген сұхбатында Г.К.Жуков сол кездегі Мәскеу төңірегіндегі жағдай туралы былай деді: «15 қазанда бізде (ұзындығы 300 км-ден астам фронт) барлығы 90 мың адам болды. белсенді күрескерлер. Осыдан түсінесіз, қатты қорғаныс құру мүмкін болмады. Сондықтан әскери кеңес бірінші кезекте негізгі аудандарды: Волоколамск бағыты, Можайск, Малоярославское бағыттарын жабу туралы шешім қабылдады.»[4].

Волоколамск бағытында 316 мылтық дивизиясы болды. Бауыржан Момышұлы батальонға бұйрық берді. Дәл сол кезде 1941 жылдың қараша-желтоқсан айларында Мәскеу үшін шайқаста Бауыржан Момышұлының нағыз даңқы күркіреді. Ол кезде көптеген майдан және орталық газеттер біздің батальон командирінің ерліктері туралы айтқан болатын. Тапсырмаларды орындай отырып, ол және оның батальоны бірнеше мәрте шығынсыз және олжалармен қоршаудан шықты. Ол жауапкершілікті қабылдаудан қорықпады, ол батыл болды. Генерал-майор И.В. Панфилов, дивизия командирі, оның батальоны бірнеше рет топ құрамын жасақтау

үшін тыл сақшысын тағайындауды, дивизияны жаңа ұрыстарға дайындауды тапсырды. Бауыржан Момышұлының жақсы ұйымдастырушылық қабілеті және өз бөлімшесінің жекпе-жегін шебер басқара білетіндігі сөзсіз дәлел. Осы ұрыстарда Момышұлы екі рет жараланды, бірақ соңына дейін майданнан шыққысы келмеді. Қызыл Ту орденімен және «Мәскеуді қорғағаны үшін» медалімен марапатталған. Бірақ оның еңбегі толық бағаланбады. Мәскеу түбіндегі шайқастарда 316-атқыштар дивизиясының командирі, майор И.В. Панфилов және 166-армияның командирі генерал-лейтенант К.К.Рокосовскиймен 27 шайқасқа қатысқан.

Жауынгерлерінің қолбасшылық қабілеті мен батылдығының бұлтартпайтын дәлелі полковник Серебряковтың жауынгерлік есебінде келтірілген: «Жаудың артындағы дивизиядан 5 рет жыртылып, қоршаған ортада арнайы тапсырмаларды орындай отырып, Бауыржан Момышұлы өзінің батальоны мен бөлінген бөлімшелерін сәтті шығарып алды, сонымен бірге жұмыс күшін және технологиянысақтап қалды.»[5]

Бауыржан Момышұлына ел мен халық үшін ең қиын кезеңде өзін аңызға айналған тұлға ретінде көрсетуге не мүмкіндік берді? Мен оның еңбекқорлығы мен қызығушылығының арқасында 31 жасында үлкен тәжірибеге ие болды деп санаймын. Оның әділеттілік, адалдық пен адалдықты сезінуі сарбаздар мен оның қол астындағыларға барлық жауынгерлік тапсырмаларды басқаруға және орындауға қабілетті, күшті және мақсатты тұлға ретінде көрінуге мүмкіндік берді. Бауыржан Момышұлы ешқашан ар-ожданынан тайған емес, өлім алдындағы қорқынышқа дейін адал болған. 1941 жылдың қарашасында ол «өтіріктің қанатына түскеннен гөрі, адалдық үшін өлген жақсы» деді және бұл оның өмірлік ұстанымына айналды, ол одан бас тартпады.

**Бауыржан Момышұлының жауынгерлерді ерлікке, батылдыққа, азаматтыққа тәрбиелеу туралы көзқарасы.**

Бауыржан Момышұлы жауынгерлер арасында жауынгерлік рухты тәрбиелеуге көп көңіл бөлді. Ол жеңісті қарумен ғана емес, қайсарлықпен де жеңуге болады деп сенді. Жас ұрпақ ұлттық тарихты, ана тілін және халықтық дәстүрлерді жақсы білуі керек. Егер сіз өз бойыңызда ұлттық құндылықтарды дамытпасаңыз, бұл ұлттық мақтаныш сезімін әлсіретеді. Онсыз армия өмір сүре алмайды. Ел үшін ең қиын кезеңде, 1941 жылдың желтоқсанында ол осындай жолдарды жазды:

Өзіңізді ақын біріктіріңіз,
Екі ғасыр бірге жүріңіз.
Ақылды әке бол, жүз жасаған,
Бірақ жаны ұлынан бір ғасыр кіші болғын.

Ұлттық тарихты, ата-бабалар мұрасын жинақтай отырып, ел алдындағы барлық жауапкершілікті түсіну арқылы сіз кез келген жауды жеңе аласыз. Бауыржан Момышұлы алдыңғы қатарда бола отырып, адамдар туралы, олардың болашағы туралы, жастардың тәрбиесі туралы ойлануды тоқтатпады. Ол соғыс туралы психология туралы оқулық жазды.

Жауынгерді қалай тәрбиелеуге болатындығын көрсетеді. Бұл нұсқаулықты барлық әскери мамандар сәтті қолдана алады.

«Қазіргі заманғы технологиялармен армия қаншалықты қанық болса да, егер оның жеке құрамы жауынгерлік дайындықты жан-жақты аяқтамаса және офицерлер әскерлерді, техниканы және отты басқаруды нашар басқарса, олар (армия) жаудың алғашқы және ауыр соққысында да пайдасыз топ болып қала береді. бұршақ сияқты құлайды».«Жауынгерді үйрену - жеңістің кілті» [6]

Сондықтан дарынды қолбасшы командалық құрамның бағыныштылардың моральдық-психологиялық жағдайын зерттеу мәселесіне үлкен орын бөлді, білместен бағынушыларға дұрыс және дәйекті түрде ықпал ету мүмкін емес. Бауыржан Момышұлы әскерге шақыру кезінде, командалық құрамды даярлау үшін мектептерге іріктеу кезінде моральдық-психологиялық ерекшеліктерді ескеру қажет деп санайды.

«Мен өз тәжірибемнен халықтардың әскери өткені мен ұлттық дәстүрлердің жауынгердің жауынгерлік қасиеттерін тәрбиелеуде үлкен рөл атқаратындығына көзім жетті. Дәстүр - тәрбиенің негізгі көздерінің бірі және үлкен мәнге ие... . Дәстүр - бұл ерлік туралы ертедегі деректі, ауызша аңыздар, қазіргі кезде осы бөліктің сипатында. Өткен және қазіргі кейіпкерлердің үлгісіне еліктеу қағидаттары бойынша қарулы күштердің дәстүрлі идеялары мен әскери ерлік тұжырымдамалары және олардың бұрынғыдан гөрі жаман болмауға және оған қызмет етуге деген ұмтылысы, олар ризашылықпен есте сақтап, аңыз айтып, ән айтып, оларды образ ретінде көтереді.» [7]

Бауыржан Момышұлы жауынгердің ең маңызды қасиеттерін ашты: саяси сана, өзінің әскери борышына адалдық, тапсырманы нақтылау және жағдайға саналы баға беру, жауынгердің өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін барынша күш салу мүмкіндігі, оның ішінде жанқиярлық. «Жақсы дайындалған және жоғары білікті кадрлар кез келген істің шешуші факторы болып табылады. Бір де бір жоғары білікті командир бәрін алмастыра алмайды ...» Оның офицерлерді оқыту және тәрбиелеу туралы көзқарастары үлкен мәнге ие. Б.Момышұлы ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өзі әскердің алтын қоры, оның негізін құрайтын офицерлер болғандығын баса айтты.

Соғыс жылдарында дивизия командирі, полковник болса да, ол соғыстармен бірге жолдастары, сарбаздары мен офицерлерінің қиыншылықтармен бөлісті. Маршта Момышұлы басқалар сияқты жаяу жүрді, ешқашан импровизацияланған көліктерді пайдаланбады.

**Бауыржан Момышұлы - әскери стратег.**

Бауыржан Момышұлының артында үлкен әскери тәжірибе болды. Майданның алдыңғы қатарында бола отырып, ол тек бұйрықтарды орындап қана қоймай, әскери ғылымды едәуір байытқан өзінің доктринасын жасады. Оның ойлары мен іс-әрекеттері жекпе-жектің немесе ұрыстың тактикалық және стратегиялық шешімдерінен гөрі кеңірек болды.

Генерал Бауыржан Момышұлына әскери жедел-тактикалық ғылымда «Момышұлы спиралы» деп аталатын мобильді қорғаныс үшін арнайы термин бар деп айтуға болады. Бұл күрестің тактикалық әдісі әлемнің жоғары әскери оқу орындарында оқытылуда. Теориялық тұрғыдан оны Панфилов жасаған. Бірақ іс жүзінде оны алғаш қолданған және оны керемет қолданған Бауыржан Момышұлы болатын.

Бұл тактиканың мағынасын Момышұлы былайша түсіндірді: «Мен оны спираль деп атаймын, өйткені Мәскеу түбіндегі Панфилов шайқастарында дивизия жолды кесіп, жан-жаққа секіріп, жауды 10 шақырымға дейін алып жүретіндігімен сипатталады. Осындай маневрлермен жаудың күштері атқылап, біздің бөлімдер тағы да үлкен құрамға көтерілуде. Бұл жауды шаршатып, уақытты арттырды.»[8]

Ол өзінің әскери тәжірибесін жас ұрпаққа жеткізді. 1950 жылы ол В.М. Молотов атындағы Әскери логистика және жабдықтау академиясының жалпы тактика және пайдалану өнері кафедрасында аға оқытушы болды. Ұстаз және әскери ойлаушы ретінде ол Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелерін талдайды, операциялық өнер теориясы мен тактикасы, Қарулы Күштердің жауынгерлік қолданылуы, түрлері мен салалары бойынша зерттеулер жүргізеді. Бұл ғылыми талдау ұзақ жылдар бойына елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін соғыстың сабақтарын ескере отырып, өзінің білімімен бөлісу мақсатында жүргізілді. Б.Момышұлы соғыстағы жеңістің себептерінің бірі ретінде психологиялық фактор идеясын алға тартты. Кеңес дәуірінде бұл фактор қабылданбады, жеңіс техникасы, қару-жарақ және кеңес халқының жаппай ерлігі арқасында жеңілді деп есептелді. Жақында ғана жергілікті қақтығыстар мен соғыстарды талдай отырып, олар әскерлерді моральдық және психологиялық қолдау туралы айта бастады. Сондықтан, бұл Б.Момышұлының стандартты емес ойларын тағы да көрсетеді. 1963 жылы Кубаға сапары кезінде әскери дайындық туралы дәріс оқыды. Кубаның қорғаныс министрі Рауль Кастромен кездесіп, Куба революциялық қарулы күштерінің 51-ші полкінің құрметті қолбасшысы атағына ие болды. Бауыржан Момышұлының әскери тәжірибесі АҚШ, Куба, Израиль, Никарагуа әскери мектептерінде оқытылады.

**Бауыржан Момышұлы - жазушы.**

Әскери ерліктермен қатар жазушы бола отырып, Бауыржан Момышұлы тағы бір ерлік жасады. Қаламды бастамас бұрын, ол өзінің мүмкіндіктерін де, жауапкершілікті де өлшеді, содан кейін оны жазушы және азамат ретінде бағалауға болады.

Өзі жазушы болғаннан кейін, Бауыржан Момышұлы ол үшін өте маңызды бір келісімге адал болып қалды: «Біздің уақыт өтірікке төзбейді ... Біз жүрегіміздің қанымен жазуымыз керек, ал сендер жазушылар кейде сумен жазасыңдар». [9] Оның барлық кітаптары жүректің қанымен жазылған. Өзі соғыс ардагері, ол майданда көп басынан өткен, көрген және басынан өткергендерінің бәрін жазып алған күнделіктер жүргізетін. Ол

барлық жағдайларды, қарда да, жаңбырда да, тіпті айналада да жүргізді. Ол соғыс қимылдарының барысы, сарбаздардың ойлары мен пайымдары туралы 38 дәптер жазып берді. Оның негізгі әдеби туындылары олардың нақтылығымен таң қалдырады. «Бір түннің әңгімесі» - оны бірден дарынды жазушы деп жариялаған алғашқы жұмысы болды. «Біздің отбасымыз» екінші кітабы 1976 жылы академияда оқып жүргенде жазылып, ҚазССР-нің Мемлекеттік сыйлығына ие болды. «Мәскеу бізге іледеседі» кітабы - автордың қатысуымен болған көптеген шайқастардың сенімді сипаттамасы, онда Б.Момышұлы дарынды әскери жетекші, қамқор қолбасшы ретінде көрінеді.

Бауыржан Момышұлы екі тілді жақсы білетін және «бір тілді білетін адам - бір адам. Екі тілді білетін адам екі адамға лайық». Оның айтқандарының дұрыстығы таң қалдырады. Мысалы: «Отаның үшін отқа оран, сен күймейсің», «Нанға құрметті сатпаңыз», «Әділет тез жүреді, бірақ сөзсіз келеді», «Менің судьяларым - уақыт пен адамдар».

Ол цензураны бәсеңдете алатын қазақ жазушыларының шығармаларын қолдады, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне өткір хаттар жіберді, өз халқының мақсаты туралы айтты. Үйге оралғанда, ол тоқтап қалғаны кездейсоқ емес. Билік оған қолайлы жұмыс ұсынған жоқ. Оны ресми мінберден алып тастады.

Момышұлының Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы дәптер күнделігінде мынадай жолдар бар: «Маған кейде жағымсыз ойлар келеді: лимоннан шырыны сығып алғанда, оны лақтырып тастайды. Жоқ, дәлірек айтсам, мен терең теңіздінтемекі тұндырылған каютасынартық көріп, өзімді бортқа лақтырып тастадым.»

Бауыржанның байлығы мен бақыты - оның қазақ халқын сүйгені. Ол елін өте жақсы көретін, жылы сезімді әрі талапты болатын. Ол қазақ құрған және сақтаған барлық нәрселермен мақтанатын. Надандық пен екіжүзділікке қарсы күресті. Оның барлық жұмысы ол біздің болашағымызды, біз бастаған жұмыстың болашағын, біздің еліміздің болашағын көрген жастарға арналды. «Менің ұлдарымыз бен қыздарымыздың қандай болатындығы, өмірде қандай жолдар таңдайтындары маған өте маңызды». Бұл сөздермен туа біткен Бауыржан махаббаты.

**Бауыржан Момышұлын еске алу мәңгі.**

Бауыржан Момышұлы – кітаптарда, ескерткіштерде ғана емес, жүрегімізде, ұрпақтар жадында сақталатын тұлға. 1990 жылы Президент Н.Назарбаевтың табандылығының арқасында КСРО өмір сүрген соңғы күннің алдында Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағын беру туралы жарлыққа қол қойылды. Бауыржан Момышұлының 100 жасқа толуына орай «Аңызға айналған батыр» кітабы Мәскеуде, Шығыс Пруссияда құлатылған Кеңес сарбаздарын еске алудың «Естелік» коммерциялық емес ұйымының көмегімен басылды.

Жуалы ауданының аудан орталығында Бауыржан Момышұлының мұражайы ашылды, онда оның жеке заттары сақталған. 2010 жылы Момышұлының туғанына 100 жыл толуына орай (24 желтоқсан) Алматыда С.Сейфуллин атындағы саябаққа кіре берісте 28 Панфиловшылар сақшыларына оған ескерткіш тұрғызды. 2010 жылғы 19 наурызда Қазақстанның Мәскеудегі Елшілігінің қолдауымен Зеленоградтағы № 1912 орта мектепке Бауыржан Момышұлы есімі берілді. Бұл таңдау мектептің Крюково станциясында орналасқанында, онда Б.Момышұлы соғысып, жараланған. 2010 жылдың 1 қыркүйегінде мектеп алаңында Кеңес Одағының Батырына арналған бюст ескерткіші ашылды. Мәскеу облысы, Волоколамск, Октябрь алаңындағы қола бюст Пилон Бауыржан Момышұлы, Қазақстанның Приозерск қаласында орналасқан. [11]

Заманауи қазақстандық білім беруде патриотизм Президент Н.Назарбаевтың «Қазақстан 2030» бағдарламасында алға қойған ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі болды.Момышұлының өмірі батылдық пен батырлықтың жарқын үлгісі болып табылады. Біздің елімізде жыл сайын Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлын еске алуға арналған іс-шаралар үлкен қоғамдық-саяси маңызы бар, жас ұрпақты отансүйгіштікке, азаматтыққа тәрбиелеуге ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Момышұлы Б. Соғыс психологиясы.
2.biografia.kz сайтынан алынған материал
3.Ж. Чирков, ғылым және өмір, 2010.
4.Материал-www.1tv.ru
5.Материал Бауыржан Момышұлы және қазіргі заман, автор: Ким Серікбаев.
6. казтв.kaztrk.kz сайтындағы материал
7. old.express-k.kz сайтындағы материал
8. Бауыржан Момыш-ұлы. Алма-Ата «Жазушы» 1986 ж
9. www.Karawan.kz
10. Wikipedia.org сайтынан алынған материал

## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІНДЕГІ ОБРАЗДАР

*Базарбаева М.А.,қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*«№54 ЖББОМ» КММ*

Халық батыры, қолбасшы, белгілі жазушы әрі философ Бауыржан Момышұлы өмірін өз еліне арнаған халық перзенті. Оның рухы шындыққа, өз ана тілі мен туған жеріне деген махаббатқа толы болатын. Бауыржан - аты аңызға айналған адам, оның бейнесі халық санасында елеулі орын алған тұлға. Бауыржан Момышұлы - соңында мол көркем дүниелер қалдырған терең ойлы, талантты қаламгер екені баршамызға белгілі. Ол - таусылмас қайраттың, үлкен шабыттың адамы. Бұл оның жауынгерлік,

әсіресе командирлік өнерінде қандай көрінсе, жазушылық өнерінде сондай көрініп отыр.

Қаламгер хикаяда өз жанұясында көрген-білгенін жазды. Кіндік қаны тамған жерінің, өскен жанұясының тыныс-тіршілігін нанымды әрі шын суреттей отырып, қарапайым қазақ отбасының әдет-ғұрып, тіршілік көзін, әлеуметтік өмірін, салт-дәстүрін, мінез-құлқын, рулық қарым-қатынасын, туған жер көркін өте шеберлікпен асыра әсірелемей, сол кездің болмысына сай, кейіпкерлердің ой-өрісіне тура келетін сөздерді дұрыс қолдана отырып, көшпенді қазақ халқының дархан көңілінің керемет көрінісін, халықтың өзіне тән өзге ұлтта кездеспейтін қадір-қасиетің, дара таныта алған. Сонымен, соғыс жылдарындағы ержүрек командир бейбітшілік күндерде өзінің тағы да бір қырын танытты.

«Ұшқан ұяны» оқыған кезде, Бауыржан Момышұлының бүкіл балалық шағын басыңнан өткізгендей боласың. Әңгіме бір жанұяның он-он бес жыл ішіндегі бар өмір құбылыстарын баян етеді. Шығармада автор повестің кейіпкерлерінің қимыл-әрекеті, дүниетанымы, арманы мен мақсаты арқылы халықтың өмірдегі осы сияқты түрлі қарама-қайшылықтарды ашып отыруға тырысқан.

Бауыржан Момышұлы адамгершілік пен азаматтықтың алғашқы сабағын өзінің ақ шаңырағынан әрі туған ауылынан алады. Әжесі мен әкесі Момыштың, туысқандары мен ауылдастарының – бәрінің де айтқан ақылдары мен істеген істерін санасына тоқып, біртіндеп дара тұлғаға айналады. Өмірдің бар қиыншылығын басынан кешірген, көрегені мен білгені, естігені мен түйгені көп, тәжірибесі мол ана образы повесте үлкен орын алған. Автордың суреттеп отырған қарт әжесі – халықтың бар арманын меңзеп тұрған парасатты, ақылгөй дана адам.

Повесте алабөтен ой туғызатын – әженің образы. Болашақ батырдың ең алғаш дүниетануына, характерін жастай қалыптасып, адал, табанды, ержүрек болып өсуіне игі әсер еткен осы әже. Ол айнала ортаның, ащы өмірдің, қатал тағдырдың азап, зардабының бәрін бастан кешсе де, соған төтеп берген, бойына дарытпаған ақылды, қайсар, саналы да саялы әзиз ананың образы болып шықты.

Осы шығармада еңбексүйгіштік, ақыл-парасат иесі, тоқығаны да бар, өз руының әрі ауылының беделі биік әке бейнесі де тартымды сомдалған. Момыш - ағаш ұстасы бола тұра, әшекейлер соғатын өнерлі шебер, мал емдеуді де білетін, әрі етікші. Повесте қарт әже мен қарт әке де ескіліктің салдарынан құр алақан емес.

Повесте ерекше болып көрінген келесі бір бейне – Аққұла. Бұл – бір ғана бойына қуат пен қайрат толған, даланың еркін қыраны секілді адам. Тал бойына тән күші де бар, еркі де мол. Аққұла бойында халқымызға тән ерекше бір қасиет бар. Әрине, ол – жылқы малын сүю. Жазушы Бауыржан Момышұлы Аққұла бойындағы арыстандай күшті әсіресе көкпар ойыны үстінде әсерлі де нанымды суреттейді. Повесте басқа бейнелер де сәтті

дараланған. Соның бірі – азулы жыртқыштай Серкебай. Бұл да бір тұрған қар күштің, «өзім білемнің» адамы.

Сонымен қатар, повесте халық арасына достық идеясын таратушы Садық Аблановтың бейнесі шебер жасалған. Патша заманда ол түрмеден, жер аударудан көз ашқан емес. Жарқын болашақ, өмір үшін күрес Садықты жігерлендіре түсті. Ол – кішіпейіл, әрі мақтану мен мансап дегендерді білмейтін жан.

«Жан сырындай сақталған естеліктерден сұрыпталып, сомдалып жасалған адам образдары шығармада жаңадан өмір сүргендей әсер туғызады. Сыртай қатал, іштей мейірімді азиз жан, ардақты әженің образы біртоға, «Тура Момыш» аталған әділ, еңбекқор, өнер иесі әке мен алып күшті, аңғал мінезді Момынқұл ағаның образы, шабандоз шал мен ең алғаш әйел теңсіздігіне қарсы тұрған қайсар Зейнептің образы, Садық Аблановтың жағымды образы және толып жатқан пасық бай, зәлім молда, жебір болыстардың образдары көз алдыңнан кетпейді» [1, 340].

Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» повесінде халықтың дәстүрлі ойын-сауықтары мен той-думандарды қызықты әрі тартымды етіп суреттелгенін көреміз.

«Ұшқан ұя» повесі – Бауыржан Момышұлының балалық шағын баяндаған, өсіп, тәрбие алған қоғамын суреттеген өмірбаяндық шығармасы. «Бұл повесть жазушының өзіне тән суреткерлік бетін танытты. Шыншылдық, нақтылық, өмір материалын жетік білушілік – жазушыға көптен көп қажет қасиеттер. Қалың халық ортасында, қарапайым отбасында туып өскен, жастай шешесі өліп, ақылды ана, қарт ана – үлкен әжесінің қолында тәрбиеленген Бауыржанның жасынан сезімтал, елгезек, ойшыл болып өскенін көреміз.» [1, 339].

Қорыта келгенде, «Ұшқан ұя» повесі – Бауыржан Момышұлының жазушылық өнерге барар жолдағы табысты туындысы. Оқырмандар Б.Момышұлының Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған шығармаларынан даңқты офицерді көрсе, мына повестен оның шыққан ортасын, балалық шағын анық көре алады. Ол осы туындысы арқылы парасатты әже мен адамгершілігі мол әкеге, Зейнеп пен ел еркесі Аққұлаға, әрі халқымыздың дәстүріне үлкен ескерткіш орнатқандай болды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қаратаев М. Шеберлік шыңына. // Жауынгер жазушы// ҚМКӘБ, Алматы, 1963, 419 б.

2. Бердібаев Р. Биік парыз. «Жазушы» баспасы. Алматы, 1980, 238 б.

3. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. Алматы: «Қазақ университеті», 2002, 311 б

## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕРЛІК, ОТАНСҮЙГІШТІК ТАҚЫРЫБЫ

*Ануарбек Дана, 11- сынып оқушысы*

*Жетекшісі: Төлеуғазы Жанар Егинбайқызы*

*ЖББ №77 мектеп-балабақша кешенінің*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

**Аңдатпа**

Қазақ халқының өр тұлғалы батыры, ерлігімен даңқы шыққан ұлы адамдарының бірі Бауыржан Момышұлы атамыздың өмірі мен шығармашылығы осы жұмысымның негізгі тақырыбы болды.

**Бұл тақырыпты зерттеудегі мақсатым** – Бауыржан атамыздың өмірі мен шығармаларымен танысып, батырлығына байланысты оқиғаларды, ел арасында нақыл болып кеткен сөздерінің мағынасын тереңірек ұғыну болды. Сонымен қатар, оның шығармаларына арқау болған отансүйгіштік пен майданда көзге түскен батыр адамдардың ерлігін бейнелеген әңгімелерін оқып, өзімнің құрбы-құрдастарыма насихаттау еді.

**Міндеттері:**
- ✓ «Жауынгердің тұлғасы» әңгімесін оқып, мазмұнын ашу, Бауыржан атамыздың соғыс кезіндегі көрсеткен батылдығына тоқталу:
- ✓ «Адам қайраты» әңгімесіндегі Әкімгерей ағаның соғыс уақытындағы төзімділік танытқан әрекеттерін сипаттау, халқымыздың қарапайым ұлдарының басқа ұлттар арасында өз әрекеттерімен үлгі бола алғандығын бейнелеу;
- ✓ Бауыржан Момышұлының ерлік пен отансүйгіштікті насихаттаған нақыл сөздерін талдау.

**Жұмыстың өзектілігі:** Бауыржан Момышұлының ерлік пен отансүйгіштік тақырыбына арналған нақыл сөздерін жинақтап, кітапша құрастырып ұсынылады. Жас ұрпақтың бойына осы қасиеттерді сіңіру үшін «Жауынгердің тұлғасы» және «Адам қайраты» әңгімелерінен үзінділерді оқулыққа енгізуге болады.

**Жұмыстың нәтижесі:** Зерттеу жұмысында аталған әңгімелер мен нақыл сөздер толық қамтылып, Б.Момышұлы – ерліктің символы, патриотизмнің биік шыңы ретінде танылады. Шығармалары мен ерлік, патриотизм туралы нақыл сөздері бойынша әлеуметтік желіге қысқа мәлімдемелер жазылады. Бұл шығармалармен танысқан жас ұрпақтың бойында ұлттық рух, ерлікке ұмтылыс және патриоттық сезім қалыптасады.

**Кіріспе**

**«Ер есімі – ел есінде»**

Соғыста да, бейбіт өмірде де адалдықты, әділдікті, туралық пен шыншылдықты ту етіп көтерген, сұрапыл соғыстың алғы шебінде оның ыстық, суығын басынан кешірген қазақ халқының біртуар азаматы – Бауыржан Момышұлы. «Халық батыры», «даңқты қолбасшы», «дарынды қаламгер» деген ұғымдарсыз оның жарқын бейнесін көз алдымызға елестету мүмкін емес. Ал оның өнегесі жас ұрпақты жігерлендіреді, батылдыққа баулиды, адамдыққа тәрбиелейді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы Бауыржан Момышұлы Жамбыл облысының жуалы ауданындағы Көлбастау мекенінде 1910 жылы туған екен. [1]

Оның өмірінде ерекше орын алған, оның елге аңыз болған жауынгерлік қасиеттерін танытқан кезең ол – Ұлы Отан соғысы еді. Шығармаларының да негізін құраған осы соғыс кезіндегі ерлігімен көзге түскен адам тағдырлары мен өз басынан өткен оқиғалар болатын. Соғыс кезінде өзінің ерекше қаһармандығымен көзге түсіп, әскери шеберлігін танытады. Бірнеше рет қол астындағы жауынгерлерін қоршаудан аман-есен алып шығып, Москва түбіндегі ерлігі сол кездің өзінде жауынгерлердің арасында аңыз болып таралады. Атамыздың ерлігі мен қаламгерлігі қазақ тарихы мен әдебиетінде өзінің ерекше орнын алды.

**Зерттеу бөлімі**

**Жауынгердің тұлғасы**

«Еліңді сүйсең, ерлік істейсің» дейді қазақ мақалы. Біздің батыр атамыздың ерлігі халқын, жерін сүйгендіктен жасалған десек артық айтпаймыз. «Отаның үшін отқа түс – күймейсің» деп Бауыржан Момышұлы өзі де Отанын сүюге, Отан үшін құрбан болуға шақырады. Шығармаларынан ерлік пен отансүйгіштіктің лебі есіп тұрады.

«Жауынгердің тұлғасы» әңгімесінде «Мәскеуге не бетімізбен барамыз, дұшпанды өкшелете артымыздан ертіп. Жігіттер сүйегіміз қалса да, не болса да, осы жерде болсын. Бір адым кейін шегінуге жол жоқ. Артымызда Мәскеу!» [4] деп жарлық еткен Бауыржан Момышұлы қол астындағы жауынгерлерінің бойында батылдық рухын сіңіре білген. Бұл әңгімеде Мәскеу маңындағы соғыстың бір кезеңін бейнелейді. Әңгіме 1941 жылдың қараша айында болған бір шайқастың төңірегінде жазылған. Бұл – Бауыржан атамыздың Мәскеу түбінде болған соғыстың бір кезеңін баяндаған әңгімесі. Әңгіме желісі Бауыржан Момышұлының генералмен кездесуінен басталады. Генерал атамызды дивизияның штабына шақырып, бір жағынан өз басын қауіпке тіккенін бетіне басса, бір жағынан оның әскери шеберлік танытып, түн ішінде 120 немісті бірін қалдырмай қырып тастағанына ризашылығын білдіреді. Батальонын қалдырып, бірнеше жауынгерімен барып, өзінің тактикасымен 120 неміске кенеттен шабуыл жасап, оларды айласымен алған командирді қарт генерал оны жастығына қарамай, әскери атағы кіші болса да полк командирі атағына лайық деп санайды. «Сен полк командирі болдың, ол полктың ақылы, миы, басы өз ұлтыңның «білек бірді, ақыл мыңды жеңеді» деген мақалы әр уақытта есіңде болсын» деген генералдың сөзінен Бауыржан Момышұлының ерлігін бағалап, оның тапсырған істі аяғына дейін абыроймен жеткізетініне сенім артқанын байқауға болады.

Бұл әңгімеде Мұхаметқұл атты қазақ командирі туралы да сөз болады. Оны ««Түсі жақсыдан түңілме» дегендейін, табанды,сабырлы, ісін ақылға салып, түбін ойлап істейтін, жүректі командирлеріміздің бірі еді» деп сипаттап, өз орнына батальон командирі етіп тағайындайды. Ол да өзінің азғыруға көніп, үрейін көрсеткен кезде Баукеңнің «Қазақтың «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» деген мақалын білуші ме едің» деп

намысын оятқан екі ауыз сөзінің қаншама ерлікке әкелгенін мақтан етіп айтуға болады.

Волоколамск тас жолында болған қатты шайқас 1941 жылдың қараша айының ортасынан асқан кезде болған. Әңгімеде сол күнгі болған көп оқиғаның біреуінен көрініс жазып өтеді. Екі жолдың қиылысқан жері М. станциясын лейтенант Филимонов басқарған 120 атқыш қорғағанын әңгімелейді. Бұл кезде де Бауыржан атамыз өз тактикасының арқасында, 120 солдатпен 300 неміс солдатын жер жастандырғанын «ерлік», «тапқырлық» деп айтуға болады.

«Бұл соғыс, ата-бабамыздың айтып кеткен «білек бірді, ақыл-айла мыңды жеңеді» деген мұра, соғыс дәстүрінің халық тәжірибесінен шыққандығына дәлел» деп Бауыржан Момышұлы әңгімесін аяқтайды.

**«Адам қайраты» әңгімесіндегі Әкімгерейдің қайраттылығы**

Келесі бір әңгімесінде Бауыржан Момышұлы тағы да ерлікпен қатар шыдамдылық, сабыр және қайрат қатар жүретіні жайлы сөз етеді. Ол «Адам қайраты» әңгімесі. Әңгімедегі негізгі кейіпкер – Әкімгерей. Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» романындағы төртінші кітабынан алынған үзінді.

Тағы да бір соғыс күндерін баяндаған оқиға Бауыржан атамыздың дивизия командирі болып жүрген кезін суреттейді. Машинасы батпаққа түсіп кеткен дивизия командиріне қарсы бір рота кездеседі. Сапта келе жатқандардың ішіндегі жауынгерлердің бірі командирдің қырағы көзіне түседі. Кеудесіндегі қызық жолағымен ерекшеленген жауынгерді алыстан байқап, жайын сұрайды. Қасына келген жігіт «Денесі аюдай, аяқ-қолы добалдай, жалпақ бет, салпы ерін, кең маңдай, қыр мұрын, қою қас, шүңірек көз, бура сан... Әйтеуір барлығы олпы-солпы. Түрі қазаққа ұқсайды. Өзінің білгенінше әскери әдепті сақтаған болып қақшиып тұр» [5]. Бұл әңгімеге арқау болған  кейіпкер – өз аты Әкімгерей, ауыл военкоматының (бай үкіметтің) писарі (бай сары) қойған Андрей атты қазақ жігіті екен.  Кейіпкердің мінез-бітімін, жаратылысын неғұрлым ашып көрсету үшін оның портретін жасаудың да үлкен маңызы бар. Олай болса, жазушы әңгімелерінен оның портретке ерекше мән бергенін аңғару оңай. «Қайран қалдым, жолдас полковник! Денесінде бір оқ, бір жарықшақ бар екен... Балтыр сүйектері екі рет жарақаттанған екен. Бір бүйрегін алып тастаған екен... Өкпесіне оқ тигенде операция жасау үшін екі қабырғасын алып тастаған...» Бұл медициналық тексерістен өткен Әкімгерей-Андрейдің жарақаттарын баяндаған начсандивтің сөзі. [5]

16-рет жараланған қазақ батырының тағдыры Бауыржан атамызға әсер етті. Оның қалай жараланғанын, жарасын емдеп алып қайта соғысқа кірiскенін тек ерлік деп қабылдады. Начсандивке барлық жарақатын куәландыратын құжаттарды дайындатты. Старшина деген лауазымын да заңдастырып берді.

Оның ерлігіне қайран қалған Бауыржан оған медаль, ордендермен қатар “Қызыл ту” орденін де бергізеді. Әрбір жауынгердің тағдырына, өміріне аса жауапкершілікпен қарайтыны сезіледі.[6]

**Батырдан қалған өсиет**

Бауыржан атамыздың шығармашылығының бір саласы оның өлеңдері мен қанатты сөздері, мақал-мәтелдері. Батыр жазушының өсиет сөздері күні бүгінге дейін елдің аузында. «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген қанатты сөзі айрықша естіледі.«Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет», «Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызмет ет», «Тәртіп тән үшін, ынтымақ жан үшін керек» деген сөздері бүгінгі күннің өзекті ұраны. [7. 16-17]

Жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде Бауыржан атамыздың нақыл сөздерінің алатын орны ерекше. Мақал-мәтелдер – фольклордағы дидактикалық ғибрат үлгілері. Бауыржан Момышұлының мақал-мәтелдері қазақтың халық ауыз әдебиетінің үлгісінде қалыптасқан. Бауыржан Момышұлының қаламынан туған мақал-мәтелдерінде, нақыл сөздерінде әрбір сөз тіркесінде терең мағына бар. Бауыржан Момышұлының (Орталық мемлекеттік мұрағаттың жеке қорында №1432) жүз жиырма үштен астам мақал-мәтелдері бар.

**Қорытынды**

XXI ғасырда әр жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен патриоттық жалынын бойына сіңіру үшін халқымыздың Бауыржандай ұлы тұлғасының қанатты сөздері ауадай қажет. Ол, әсіресе, ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. «Өзінің ұлтын сыйламаған – ұлтын мақтаныш тұта да алмайды, ол – сөз жоқ, арамза, тексіз әрі қаңғыбас» дегені тегін емес. Оның адамгершілік қасиеттер қатарына жатқызатын – ақыл, ар, ерік - жігер, намыс, сезім, парыз, ұлттық рух, ұлттық мінез - құлық, ұлттық патриотизм, ұлттық мақтаныш өз бойынан табылған нағыз жауынгер, нағыз патриот.

Бауыржан Момышұлы – әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді

«Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде,
Деп жырлар сорлы қазақ мен өлгенде.
Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді,
Тарихтың түкпірінен сөз келгенде», - деп жырлаған Бауыржан атамыздай батырды ұрпағы ешқашан ұмытпауы тиіс.

   

1.Бауыржан Момышұлы мен  Мұхтар Әуезовтің кездесуі
2.Соғыс кезіндегі сурет
3.Соғыстан жаралы болып емделуге келген кезіндегі майдандағы суреттер
4.Жамбыл Жабаевпен кездескен сәтінен

**Пайдаланылған әдебиеттер мен ресурстар:**

1. Тарихи тұлғалар танымдық – көпшілік басылым «Алматыкітап» 2006 ж. 349-бет)
2. Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет
3.  Елтұтқа «KUL TEGIN» баспасы Алматы 2001 325-326-беттер
4. «Қанмен жазылған кітап» Бауыржан Момышұлы Алматы «Қазақстан» 1991 350-360-беттер
5. Бауыржан Момышұлы екі томдық шығармалар жинағы 2 том Алматы «Жазушы» 2004  310- 326-беттер
6. https://studopedia.info/4-22064.html
7. «Б.Момышұлының "Ұшқан ұя" повесіндегі мақал - мәтелдердің тәрбиелік мәні.» Ұлт тағлымы. // № 1   2003 жыл
8. Адамбаев Қазақ халқының мақал-мәтелдері 1989: 15- 16 б
9. Бердібаев Баукең туралы естеліктер  1979  120б
10. Ж. Егембердиева Өмірінің өзі дастан 1990 : 319

## ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІКТІҢ КИЕСІНДЕЙ, БАТЫРЛЫҚ ПЕН БАТЫЛДЫҚТЫҢ ИЕСІНДЕЙ ТАУ ТҰЛҒА

*Мукашева Тана Рахымовна,*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*«№48 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ*

Қазіргі таңда қоғамның әлеуметтік сұранысының негізі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін іс-әрекет түрлері арқылы іске асады. «Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз», – деп мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, біздің алдымызда «бабаларының игі дәстүрін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары» болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеттері жатыр. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға

міндетті»,- деп М. Жұмабаев айтқандай, ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық құндылықтардың алатын орны ерекше. Сол себепті,ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан халық мұрасының, ұлы тұлғалардың шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың ұрпақ тәрбиелеудегі алатын орны орасан зор. Сондай шығармалары ұлттық құндылықтарға толы, Қазақстан тарихында есімі ерекше орын алатын ұлы тұлғалардың бірі – Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлы - батыр, жазушы, аса көрнекті, ерекше тұлға. Автордың кітаптары ұлттық құндылықтармен қатар патриотизмге толы. Олар ел тарихындағы әскери жанрдың алғашқы әдеби шығармалары болып табылады. Ұлы Отан соғысының қатысушысы, Кеңес Одағының Батыры болған жазушының шығармаларында көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін материал болған оқиғалар көрсетілді.

Туған ұлты үшін ұран салып, ұлт намысын таптатпай, ұлт байрағын құлатпай, айбынды ұстаған Бауыржан атамызды өз халқы шексіз сүйіп мерейін асырды. Баукең үйреткен тағлым - Ұлы сенім, Болашаққа деген сенім еді. Бауыржан үйреткен тағлым - ұлы шындық. «Жалғандықтың балын жалап өмір сүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық» деп Баукең сияқты орақ тілді, от ауызды жаужүрек азаматтар ғана кесіп айта алады. Баукең үйреткен тағлым - өз халқыңды ағынан жарылып, жаныңдай жақсы көру. Ұлт ар-намысына, ұлт тарихына, ұлт санасына, ұлт мәдениетіне қамқор болу еді.

Тарихи кесек тұлғалар тұғырында Б.Момышұлы өнегесі баға жетпес байлыққа жол сілтейді. Жас ұрпақты жігерлендіреді. Батылдыққа баулиды. Адамдыққа тәрбиелейді. Ол Отан қорғау мәселесіне кең тұрғыда қарады. Өзін Кеңестік Армияның командирімін деп қана есептеген жоқ, қазақ халқының перзентімін деп есептеді. Ол соғыста шен мен шекпенді ойлаған жоқ. Халқының ар-намысын ойлады. Алдындағы жаумен айқаса жүріп, артындағы елдің тағдырына тебіренді. Алдындағы жауына оқ жолдаса, артындағы халқына сөз жолдады. «Ұшқан ұя» туындысы Б.Момышұлының орыс тілінде «Наша семья» деген атпен жазылған алғашқы көлемді шығармасы болады. Бұл шығарма мазмұны мен көркемдігі жағынан жоғары бағаланып Баукеңнің ар, намыс, парыз, ұлттық рух, ұлттық патриотизм, интернационализм, ерлік, адамгершілік және басқа толып жатқан сезімдер туралы анықтамалар мен түсіндірмелері – өз басынан өткізген адамның сезінгендері. Сондықтан да көкейге қонымды. Баукеңнің ұғымында өз ұлтының тәрбиесінен жұрдай адамнан баршаға бауырмалдық шықпайды. Өйткені ол ұлтты сүюдің не екенін білмейді. Баукең шығармашылығының бір саласы оның өлеңдері мен қанатты сөздері, мақал-мәтелдері. Батыр жазушының өсиет сөздері күні бүгінге дейін елдің аузында. «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген қанатты сөзі айрықша естіледі.«Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет», «Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызмет ет», «Тәртіп тән үшін, ынтымақ жан үшін керек» деген сөздері бүгінгі күннің өзекті ұраны. [5. 16-17]. Бұл саладағы еңбегі Бауыржанды

халқымыздың дуалы ауыз би-шешендерінің қатарына апарып қосады. Бәрін екшеп келгенде Баукеңнің өнегесі бізді халқымыздың алдындағы перзенттік парызымызды өтеуге үйретеді. Аты аңызға айналған Баукең тарихи бейне ғана емес, ерліктің жанды үлгісі болмақ. Аңыз болған, ғасыр адамы Б.Момышұлы шығармалары жаңа буын ұрпақтарын ата дәстүрді қастерлеуге, Отанды сүю рухында тәрбиеленудің рухани қазына көзіне айналарына сенеміз. [3. 749] Өткен ғасырдағы қазақтың біртуар азаматы, көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналып, онысын ақиқатпен ұштастырған, ерлігі мен өрлігі, азаматтығы елді ардақтаудың ең биік үлгісіне жетіп халықтың бетке ұстар ұлына, мақтан тұтар қаһарманына айналып кеткен Кеңес Одағының батыры Б.Момышұлы артына мол әдеби мұра, көркем дүние қалдырған, ұлтжанды, терең ойлы жазушы. Ол жайында ел ішінде айтылатын ұшы-қиыры жоқ аңыздар мен ақиқат Бауыржан тұлғасын биіктете түскендей. Бауыржан атағын асқақтатып, бүкіл халыққа әйгілі еткен батырлығы десек ол туа дарыған және жүре дарыған асылы. Батырлық Бауыржанның ерлігі арқылы ғана емес, туа біткен мінезі мен тәлім-тәрбие арқылы жұғысты. Оның бала Бауыржаннан батыр Бауыржанға жету аралығында шыңдалу мектебімен қоса өзі жазған «Ұшқан ұяның» да әсері мол еді. Бұл мемуарлық шығарма болғанмен, көркем дүние. Мұнда жазушы тек өзінің өткен өмірі мен өскен ұясының тіршілігін нанымды суреттеп қана қоймай, он тоғызыншы ғасырдың соңы мен жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ халқының әлеуметтік жағдайы, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы, мінез-құлқын, тіршілік көзін, туған жерге деген ыстық махаббаты, қазақ халқына ғана тән дархандықты, қадір-қасиетін дара танып, елеп-екшеп көрсете алды. Бұл кітабында халқымыздың үлкенді сыйлау, ата-ананы ардақтау сияқты асыл қасиеттері қазақтардың ары мен намысы үшін жан аяспайтындығын халық ауыз әдебиетінің адамгершілікке, азаматтыққа тәрбиелейтін жақсы үлгілерін бүкіл дүние жүзі әдебиетінің асыл мұраларымен теңестіре суреттейді. «Ақиқат пен аңыз» кітабында Бауыржан 1942 жылы «Қызыл жұлдыз» газетіне «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам опасыз оңбаған адам» деп жазғанын айта келіп, Энгельстің «өз елінің бағасын білген адам ғана басқа елді қадірлей алады» дегенін мысалға алады. Оның интернационалистігі өз халқына сүйіспеншілігі арқылы келген Б.Момышұлы да бірінші өз ұлтын сүюші, өзге ұлтты құрметтеуші. Соғыс кезінде Қазақстанға хат жазып, халық ақындарының айтысын ұйымдастыру керектігін, ұлттық киімдерді сақтау, үлкенді құрметтеу, ананы ардақтау, ағаны қадірлеу сияқты жақсы дәстүрлерді жаңғырту мәселесін қозғайды. Бұл халықтың рухын көтереді деген кесімді пікір айтады. 1943 жылдың наурызында Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің председателі Н.Оңдасыновқа жолдаған хатында «Жігітті жауынгерлікке тәрбиелейтін қазақтың игі дәстүрлері» деп аталатын қолжазбасындағы тараудың жоспары жөнінде пікір алысқысы келетіндігі жайында айтылады. Ел арасында «Б.Момышұлы айтты» дейтін қысқа әрі

нұсқа әңгімелері бар. Сондай әңгімелерді жинаған жазушы Мамытбек Қалдыбаев Бауыржанның өз аузынан жазып алған көрінеді. Қысқа әңгімелерінің бірі «Бізде көп нәрсе бар» деген атпен беріліпті. Мұнда Бауыржан өскен орта мен қазақ халқының даналығын, қол өнерін ерекше атап көрсетеді. «Өз үйім - Отан ошағым» деген сөзді «...Менің ошағым - Отанның ошағы, Отан болмаса ошағым да, үйім де, болмас еді, менің үйім де, ошағым да Отандікі деген патриоттық сөз» деп, мұндай сөзі қанша халықты көрсе де нақ жетер жеріне жеткізе айтқан қазақ халқындай халықты көргенім жоқдеп тебіренеді. Б.Момышұлы ұлттық дәстүр мен қолөнерді сақтау мен оның келешегі жайында алаңдаған бірегей жан болған.Аты аңызға айналған Б.Момышұлының тұлғасы батырлығы мен жазушылығымен ғана айқындалмайды, сол секілді ол жайындағы ел арасында аңыз - әңгіме боп тараған есімінің өзі ерекшелеп тұрғандай. Шындығын айтсақ, қазақ халқының қайталанбас тұлғасы. [1] «Тақыр жерге шөп шықпайды». Батыр да, ақын да негізі бар жерден шығады. Бауыржан секілді ұлы тұлғаның кеңестік «темірдей тәртіп» тәрбиеледі деу қисынсыз. Оны өз шығармасы «Ұшқан ұяда» кеңінен қамтып, дәлелдер келтірген. Өз ортасынан алған тәрбиесін ол «Ұшқан ұясында» өзіне тән көркемдікпен тамаша суреттеген. Осы бір шағын мемуарлық шығармадан қазақ халқының бай салт -дәстүрі мен әдет-ғұрпын кеңінен тануға мүмкіндік береді. Шығарманың өн бойынан бүкіл бір ұлтқа тән қасиет қамтылған, оны оқыған адамның қазақ халқы жайындағы ұғымы кеңи түседі. Бауыржан ұшқан ұя әсерімен ел намысын ерте сезінген, сол намысты қолдан бермеуге басынан бекінген. Халқының асыл қасиеттерін бойына ана сүтімен сіңірген Баукең өзіне дейінгі қазақ зиялыларының үлгісімен келесі кезеңдегі орыс оқуын соншама оқып, зейінін берсе де, ділін берген жоқ. Оның ұғымында нағыз интернационалист болу үшін бар болмысымен өз ұлтыңның өкілі болуың керек. Бауыржан бар болмысымен өз ұлтының өкілі бола білді. Кеңес үкіметінің қатал системасы Қазақстанның тәуелсіздігі, ұлттық оянуы туралы ұрандар аз жылда жым-жылас болып, рухын тербетер ештеңе қалмады. Міне, осындай жылдардан кейінгі Бауыржанның ерлігі мен өткір сөздері ұлттық мылқаулықты жойған үн еді. [2] Оның шығармаларында ұлттық өнегенің негізі жатыр, онда ойдан шығарылған оқиғалар мен образдар жоқ. Сондай туындысының бірі және бірегейі жоғарыда айтып кеткен – «Ұшқан ұя». «Ұшқан ұя» жазушының шығармаларының ішіндегі ерекше мән бере қарайтын, ерекше жақын тартары. Мұның себебі өзі қанат қағып ұшқан ұяға деген әсер, жас баланың санасынан өмір бойы өшпестей болып жатталып қалатын жақтары. Бұндай сезімдерді әрбір адам басынан кешпей тұра алмайды. «Ұшқан ұяны» оқыған әрбір адам адамдық, әдеппен әдет, отаншылдық сезімдердің қалай қанаттанып, жанда-нып ұшталғанын біледі. Бұл кітап Бауыржан өмір сүрген және қазіргі кезеңде де бала тәрбиесіне, жанұяға, ұрпақ тәрбиесіне

арналған бірегей кітап болып табылады. «Тәрбиесі жаманға жақсы ұстаздан пайда жоқ» (Сараин) демекші баланың әлеуметтік ортасындағы ең әсерлі фактордың болғандығы рас. Ал шындығында тәрбиеге әсер ететін ата-ана, достары, ұстазы емес пе? Мұны Бауыржанның өзі: «Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған, ұстаздарымды есіме түсіріп ойға бататыным бар. Сондай шырыншақтарда ең алдымен ата-аналарымның бейнесі елестейді. Солардың уағызы басымырақ бола береді...» -деп ағынан жарылатындығы, әжесі мен әкесінің уағызы басымырақ болғандығын аңғартады. Ұлы тұлғаның бойындағы отаншылдық, туысқандық, әділеттік, шыншылдық сезімнің негізгі өзегі де ата-ананың, демек әжесі мен әкесінің тәрбиесінде жатқан секілді. Әкеден үйренген «жеті ата», жыл қайыру, әже айтқан Қазығұрт, қарлығаш, жарқанат, жыл басы жайлы ертегілер бала Бауыржанның қиялын тербеп, ұғымын кеңейтіп, таным шеңберін аша түсті. Суреткер «Ұшқан ұя» повесі арқылы бүкіл қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік болмысын салт-сана, әдет-ғұрпын өз аулы арқылы ұрпақ алдына шыншыл жайып салған. Жариялылық заманның желі еспей тұрған-ақ жоғалып, құрып бара жатқан салт-дәстүр ата-мұрамыздың шын жанашыры бола білді. Бауыржан бір әңгімесінде: «Тарихты білу керек. Дәстүр, әдет-ғұрып, аспаннан түскен жоқ. Біз олар жөнінде үлкен қате істедік. Сол қатені осы күйге дейін түзей алмай келе жатыр» - деп қоғамға ащы сын айтқан. [4. 233]

Санаға жастай сіңген өнеге, тәрбие әсері теңдессіз құбылыс із екендігін өз тәжірибесінен жақсы сезінген ол «Ертексіз өскен бала рухани мүгедек адам... Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең болып қалмасын деп қорқамын... балаларымның мен сияқты ғұлама әжелері азайып бара жатқанына қатты өкінем, қабырғам қайысады», - депте біренуі адам санасында тәрбие берілудің алғашқы сатылары өмір бойы сақталатындығын ескеруінде болса керек. Осы секілді үлкен әлеуметтік мәселедегі тәлім-тәрбиелік мәні зор өзекті ойларға жұрттың назарын аударғысы келді, аудардыда. Салт-дәстүр халықтар кәсібіне, сеніміне, тіршілігіне байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын әдет-ғұрып, дәстүр. Уақыт озған сайын оған жаңалық еніп, өзгеріп, қоғамдық қатынастарға қайшы келетіндері. Жойылып, өмірге қажеттілері жаңа жағдайда ілгері дамиды. Сондықтан да халық дәстүрдің озығы бар, тозығы бар деп дұрыс айтқан. Ұлттық дәстүрлі тәлім-тәрбиенің танымымыздан сызылып, жанымызға жақын қасиеттердің құлдырауы, жойылуы ең алдымен ұлттық сананың күйреуіне, ұлттың түбегейлі құрып кетуіне, ұлттың менталитетінен жат нәрселердің қалыптасуына әсер ететін қатерлі құбылыс. "Ұшқан ұя" ұлттық негіздің түп тамыры болып табылатын қазақи тәлім-тәрбиенің озық үлгісі болды. Сондықтанда шығармада мақал-мәтелдерге, ертегілерге, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің әрқайсысына жеке-жеке түсінік беріліп одан ғибрат жолдарын айта кетеді. Мұнда тәрбиенің аса қажетті

үлгілері көп. «Ненің жақсы, ненің жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді үйреткен; ар заңының, әдеттің жинағынан алғашқы тарауларда таныстырғанда ең алдымен ата-ана, ағайын-туыс еді» деуі отбасындағы ұлттық тәлім-тәрбиенің бала санасына тез қонатындығын аңғартса керек. Бұдан шығатын нәтиже: қолдан келгенше балаға от басындағы ісіңмен, ақыл-кеңесіңмен, қарым-қатынасыңмен, сыйластық пен үлгі-өнеге көрсет. Бала қабылдаса шын қабылдайды. Жас бала жас шыбық сияқты. Қалай егілсе, солай өркен жаяды. Сол себептен қазақ бала тәрбиесіне өте сақтық-пен қарап, оған ерекше мән беріп, баланың көзінше жаман сөз, орынсыз не болса соны айтпаған.

Бауыржан Момышұлының "Ұшқан ұя" повесіндегі тәлім-тәрбие көздерін мынадай топтарға жіктеуге болады.

1. Көркем шығармадағы мақал-мәтелдердің маңызы.
2. Ұлттық салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыпқа жазушының көзқарасы.
3. Бала тәрбиесіндегі жоғарыдағылардың атқаратын қызметі, рөлі. Осы айтылғандардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталатын болсақ, «Жетіге келгенше бала жерден таяқ жейді» мәтелі сәби жеті жасқа толғанша өзін-өзі берік ұстай алмай қалт-құлт етіп жүреді. Ал жетіге толғаннан соң өрен аяғын нық басады деген мағынада айтылса керек. Жазушы мәтелдің мәнін бұдан гөрі тереңдете түсіп, «Азаматтыққа аттанар жолдың алғашқы қадамы осы жерден басталса керек» дейді. Бала көкейіне тез сіңетін мақал «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты». Бұл өзіне сенімді, маңғаз, тәкаппар кейіппен еш нәрсенің байыбына бара бермей төбеңнен қарайтын, айналасын-дағыларын шыбын құрлы көрмейтін өркөкірек мінезді адамның кейпі. Бауыржан халықтық даналықты өзінің шығармасында пайдаланғанда оның бала тәрбиесіне, жеткіншектің қалыптасуына, санасының өсіп, адами құндылықтың ұялауына көп мән бергенін байқаймыз. «Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам» - мұнысы мақал-мәтелсіз, ұлттық нәрсіз өскен бала – елінің ойлауға сана-сезімін оята алмайтындығын аз сөзбен түйіндеген. Шындығында мақал-мәтелсіз өскен бала Бауыржан айтқандай мүгедек. Ата-ана балаға ақылды мылжың сөзбен емес, нақылға толы, ұтымды екі-үш сөз тіркестерінен құралған мақал-мәтелмен ұтымды жеткізген. "Ұшқан ұя" повесі арқылы суреткер атасы, әжесі, әкесі, ауыл ақсақалдары айтқан қазақи әңгімелердің, аңыз-ертегілердің, жыр-дастандар-дың, мақал-мәтелдердің өзінің азамат болып жетілуіне қалай әсер еткенін, есейгенде суреттейді.

Байлығына сенетін мырзасымақ, реңсіз, кекеш болса да айдайаруға ұмтылатын, ақыры уысына түсіріп, тоқалдыққа алған бір ауқаттының, яғни бір туысының келеңсіз қылығына Бауыржан «Аузы қисық болса да байдың баласы сөйлесін» деген мақалмен түйіндейді. «Құрығы ұзын қуып жүріп алады, құрығы қысқа құр қол қалады» деген мәтелдің түп төркіні қолында байлығы бар адам өзінің қалағанына қалай да болса қол жеткізе алады, ал қолы қысқа адам дегеніне жете алмайды деп сол

кездегі әлеуметтік теңсіздікті айтады. Жазушы осы аркылы жас ару Зәмираның сүйгенінен айырылып, калың малға сатылып, тағылық заңның құрбанына айналып бара жатқан шарасыз сәтім суреттеген.

Сол секілді жас келіннің мінезіндегі көргенсіз кер мінезді көрген ауыл үлкендері «әдепті білмейтін, тәрбие көрмеген» деп күңкілдесе бастайды. Босағаны аттай сала тәрбиесіздік көрсеткен келінге «жусаннан аласа, бетегеден биік боп иіліп жүрмеуші ме еді» деп мін айтады. Мұндағы «бетегеден биік, жусаннан аласа» деген тәлімдік міндет атқарып тұр, яғни «үлгілі үйдің ұл-қызы ұялтпауы» тиіс екендігін аңғартса керек. Жаңа түскен келін инабатты, сыпайы болу керек, мінезі биязы, «үлкенге ізет, кішіге құрмет» көрсете алатын болуы заңды деп қарайды. Ат ардақтаудың биік шыңы мына мақалдан көрініс тапқандай: «Төл атыңды төреге берме». Жүйріктің қасиетін, сәйгүліктің бағасын біздің елдей ешкім білмес сірә, еш ел ұғып болмас. Халық арасында төрт түлік мал ішіне әсіресе, жылқы малына ерекше көңіл бөліп, адамның көмекшісі, ердің қанаты деп қарау, жас ұрпаққа ғибрат беру мақсатында ол туралы мақал-мәтелдер, батырлар жырларындағы жылқы малына берілген баға, өлеңдер, жырлар өте мол. Б.Момышұлының "Ұшқан ұя" повесінде өзіндік орнын тапқан көркем шығарманың құндылығын арттырған, жас ұрпаққа берер тәлім көп мақал-мәтелдер, ертегі аңыз-әңгімелер, өсиет өлеңдердің озық үлгілері ұшан-теңіз. Бұл туындыдағы құнды нәрсе мақал-мәтелдер. Шығармада адамның қылығын танытатын жаман әдетін аңғартатын мақал-мәтелдер көп. «Жақсы ат бір-бірлеп тартар, жаманы екеуден тартар» деген мәтелдің түйіні - қомағайлық. «Саздау жердің ағашы, сабырсыз ердің жазасы» дегені адамның мінезіне қатысты айтылған мәтел. Шығарма тілі мақал-мәтелдердің молдығымен шұрайлы, көркем. Десе де негізгі ерекшелік назар аудармасқа тағы болмайды. Шығарманың басты ерекшелігі - тілінің тазалығында, суреткер ойы «тобықтай нәрсенің түйінін» нақ тауып, оқырманның ойымен келіскендей түсіну жеңіл, сөйлемдер құрылысы қиюласпай, жаймен жымдаса байланысады. Мұның өзі жазушының тіл байлығының зор екендігін, оған қоса салт-дәстүрді жоғары дәрежеде білетіндігін, ұлттың ұлағатын қадірлеп өскен, алдағы ұрпаққа аманаты да сол ұлттың келешегі екенін айқын аңғартады.

Б.Момышұлы суреттеген кезең немесе орта, ондағы тәлім-тәрбиенің өзін сол заманның болмысы болатын. Енді оны сол күйінде кешіріп немесе сол қалпында бүгінгі жас ұрпақтың зейініне жеткізу ол үлкен еңбекпен келетін іс.

Адым замандар қойнауынан бастау алатын ұлттық тәлім-тәрбиеміздің қайнар көзі болып табылатын мақал-мәтелдер "Ұшқан ұя" повесінің өн бойында аз емес. Қазақи ортада өсіп, ер жеткен суреткер өз халқының асыл қазынасы, этнотәрбиенің ұлттық үлгісіне, батаға, ырымға, сәлем беруге, үлкенді сыйлауға, жақсылық жасауға, адалдыққа, қайырымдылыққа, ел мен ерді сүюді тәрбиелейтін аңыз-әңгімелерге,

ертегілерге, батырлар жырына, мақал-мәтелдерге ерекше мән беріп, олардың сәби санасында ұлттық қор қалыптастыруға үлкен әсері бар екендігін, сезінгенін санасында сол қалпында сақтап қалатындығын ескертеді. Демек, бала тәрбиелеудің алғашқы баспалдағы сәби дүние есігін шыр етіп ашқан сәтінен бастап-ақ басталуы тиіс деп есептеген Бауыржан кейінгі ұрпаққа оны ұғындыра отырып, тәрбиелеудің мәнімен маңызына терең бойлауды қатаң талап ететінін көреміз. Ұлттық тәлім-тәрбие адам болып қалыптасудың ұлы мектебі екенін, сондай-ақ бүкіл ұлтты сақтап қалуға ұлттық тәрбие алған адамы бар ел ғана жете алатындығына осы шығарма арқылы көз жеткізуімізге болады.

Бауыржан Момышұлының барлық шығармалары шындыққа негізделген, олардың тарихи құжаттылығына, шындығына және түпнұсқалылығына баға жетпейді. Бауыржан Момышұлының бірегей тұлғалығы - қазақ халқының мақтанышы. Ол – сирек кездесетін адамдардың бірі, ол сөз жүзінде айқын ақыл, батылдық, адалдық пен адамгершілікті көрсете білді. Ол өзінің батыр ата-бабаларының шынайы ұрпағы. Біз - ұлы тұлға ұрпақтары, Қазақ тарихының жарқын жұлдызы Бауыржан Момышұлының мұрасын сақтап қана қоймай, оны келесі ұрпаққа жеткізуіміз керек. Бізге оның шығармаларын оқи отырып, қуаттандыратын энергиясын бойымызға сіңіре отырып, оның адамгершілікті жоғары деңгейге қоятын нақыл сөздерін ойымызға түйіп отыру қажет. Қазақ халқы Бауыржандай батырын мәңгі есінде сақтап, мақтан етеді. Өйткені, ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды. Б. Момышұлы тек батыр ғана емес, ол өзінен кейін үлкен шығармашылық мұра қалдырған жазушы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Ахтанов Т. «Ел қасиеті - ер қасиеті» Қазақ әдебиеті // 10 маусым,1983ж.
2. Әлімжан Е. «Жанартау». Егемен Қазақстан // 27 қыркүйек, 2000ж
3. Мырзахметұлы М. «Аңызға аты айналған» Тараз 2000 ж
4. Момышұлы Б. Шығармалар жинағы 1, 2 т Алматы «Мектеп» 2001 ж
5. «Б.Момышұлының "Ұшқан ұя" повесіндегі мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні.» Ұлт тағлымы. // № 1 2003 жыл


## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР


*Согосбай А.,*
*қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*
*ЖББ №77 МБК*


Аңыз адам Бауыржан Момышұлы туралы естеліктерді оқыған сайын батырлық пен ерліктің символы, адамгершілік пен ізгіліктің тұнық бастауындай, адалдық пен абыройдың мөлдірілігін терең түсіне бастайсың.

Мекемтас Мырзахметұлының «Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер» әдеби мемуарында Дмитрий Снегин «Ойнаған бұлт ішінде найзағайдай» атты естелігінде Б.Момышұлының шығармаларындағы ерекшелігі - оның әркез жастарға бағышталып отыратындығында дей келе, батырдың мынандай цитатасын келтіреді. «Жастар – біз бастаған ісітің жалғасы, елеміздің ертеңі. Сондықтан олардың өміріне немқұрайды қарай алмаймын» [1,37].

Өмірдің қайғысын да, қуанышын да ортақ деп білетін батыр болашаққа деген шексіз махаббатымен, ел алдындағы асқан жауапкершілікпен қарайтын талғампаз махаббатының арқасында батырдың ең қымбат қазынасы – оған деген бүкіл халықтың шексіз махаббатын оятты.

Тәуелсіз ел болып өз ұлтымыздың рухын асқақтатар заман туғанда еліміздің болашағы үшін алаңдар азаматтар көп болса дейсің осындайда. Батыр өзінің туған халқын шексіз сүйгендігі ол кісінің шығармаларындағы ұлттық котпен ерекшеленіп тұратындығын зерттеуші ғалымдарымыз айтып та, жазып та жүр. Автор өз естелігіндн «Бауыржан нағыз қазақ жазушысы, ұлттық жазушы екенін баса айтықым келеді. Оның бар кітабын байқап отырсаңыз, олардың қазақтың қолынан шыққанын жазбай тану қиын емес. Бауыржан қазақша жазса да, орысша жазса да ұлттық өрнектен айырылмаған қазақ жазушысы. Оның байлығы мен бақытының көзі, міне, осында»

Расымен, қай шығармасын алып қарасаңыз да өз туған халқына деген нәзік, ыстық, танымы мол махаббатты көресіз. Даңты тұлғаның жалғыз ұстазы ол-өмір. Ал өмірге деген тазалық пен құштарлық адами қасиеттердің таза шынайы болғанда ғана ақиқатқа айналары анық. Бауыржан Момышұлы екіжүзділік, надандық, арсыздық дегендердің бет пердесін жұлып алып, жұрт алдында әшкерелеп отырған. Осындай деректерді оқи отырып бүгінгі қоғамымызда жиі ұшырасатын жағымсыз қасиеттердің белең алуы ұлтымыздың дамуына шын кедергі болатын дүниелер екендігін сезінесің. Тарихтағы танымал тұлғаның осындай тағылымы мол өнегелі өмірлерін келер ұрпақтың санасына сіңіру, көбірек насихаттау жағы әлі де болса ақсап жатуы өкінішті-ақ.

Бауыржан қасиеттерінің сипаттары қандай? деген сұраққа замандастары - бұл қиын сұраққа оның берген жауаптарын жазған шығармаларынан табуға болады, - дейді. Бауыржан Момышұлы шығармаларында және замандастарының, келіні Зейнеп апамыздың естеліктерін оқи отырып, ол кісінің отбасы, жанұя құндылықтарын, қазақтың салт-дәстүрлерін керемет дәріптеп, өзі де қатаң ұстанғанын көреміз. Зейнеп Ахметованың «Дала этикасы» деген шағын естелігінде сәлем беру мәдениеті жайлы былай деп еске алады. «Сәлемнің ең ұлысы-шаңырақ сәлемі. Кісі үйіне келген адам кейде біреу болсын, болмасын амандасып кіреді. Үй иелерімен сыртта ұшырасып, есік алдында есен-саулық сұрасып алса да, табалдырықтан аттай бере, сол үйдің шаңырағына,

отының басына, сәлем беріп кіреді. Қазақ халқы шаңырақ пен табалдырықты, бесікті қасиетті санайды. Үй табалдырықтан басталады, шаңырақпен еңсе көтеріледі, бесікпен ұрпақ өседі. Әркімнің от жаққан, ұрпақ өсірген үйі өзіне құтхана. Сондықтан келген адамның кісі үйін сыйлауы шаңыраққа сәлем беруден басталады» [1,145]

Міне, сәлем берудің әркім біле бермес тәрбиелік сырын өз отбасының да біліп, ұстанып жүруіне де аса зер салып отырғандығын көреміз. Шыныменде, қазақ «сәлем сөздің анасы» деп бекер айтпаған. Сәлем беру, амандасудың да өзіндік үлкен мәдениеті, дала заңы, этикасы бар. Қазірде біз оған жете мән беріп зерделеп жатпаймыз.

Бауыржан Момышұлы өзінің «Ұшқан ұя» повесінде жете атасын тану жөнінде мынандай үзінді келтіреді: «Әкем маған ата-тегіміздің аты-жөнін үйретуші еді. –Кімнің баласысың?-деп сұрайтын ол. -Мен Момыштың ұлымын. - Момыш кімнің баласы? –Момыш –Имаштың баласы. Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады. Ал келген қонақ ең алдымен атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін. [3,309]. Орыс отаршылдық саясатының құрбаны болған ұлтымыз жеті атаның не екенін ұмытты. Оның түпкі салдары өз шыққан тегімізден бастап тарихымызды танудан ада болдық, жалған желеу мен жаңғырық ұрандардың арасында күн кештік. Дәл қазір жаһандану үрдісіне бой алдырған мына заманда ұрпағымызға жеті атасын таныту, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, көрсетіп отыру арқылы ғана өткенімізді қайта жаңғырта аламыз. Ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан ата-баба салтын бұрмаламай қолдану, ұлттық жан-дүниеміздің болашақтағы кепілі болары анық. Бауыржан атамыз айтқандай, елтанудың басы, алтын көпірі - жанұядағы тәрбие мен дәстүрлер сабақтастығы екені даусыз.

Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының ерлік, соғыс, ұлт, тіл, еңбек тағы басқа тақырыптар төңірегінде айтылған әңгімелері батырдың көзі тірісінде-ақ нақыл сөзге айналып, ел аузына тарап кеткен. Соның бірі ана тіліміз туралы айтылған: «Қазақ тілі - сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл» -деген сөзі ана тіліміздің құдіреті мен қасиетін бір-ақ ауыз сөзге сыйғызып айтқан даналығын көреміз. Немесе «Тіл - ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі» дейді. Өкінішке орай тәуелсіз ел болып, басқалармен терезесі тең заманда өз ана тілінде сөйлей алмайтын, қастерлей білмейтін қандастарымыз қаншама? Ана тілінің нарқы мен парқына түсінбейтін кейбір атқамінерлеріміздің ел тізігінін ұстап отырған жоқ па? Тіл түзелмей мемлекеттің де, ұлттың да болашағы күңгірттене береді. Сондықтан да еліміздің қоғамдық-рухани өмірінде ұлттық тіл саясатын барынша батыл қолға алып, қарқынды жүргізу бүгінгі күннің басты талабы болып отыр.

Сөзімізді түйіндей келе, шағын ғана мақаламыздың арқауы болған, ол-дара да дана, ұлтымыздың мақтанышы Бауыржан Момышұлы жайлы жазылған естеліктерден бір үзік сыр қозғадық. Аңыз адам жайлы жазылған естеліктер мен шығармаларды бүгінгі буын оқи отырып, тағылым алса нұр үстіне нұр болар еді!

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Мекемтас Мырзаахметұлы «Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер», Алматы, 2007

2.«Бауыржан Момышұлы» 1-том, Алматы, 2004

3. Бауыржан Момышұлы «Ұшқан Ұя», Алматы, 1974

4. https://massaget.kz/layfstayl/debiet/bauyirjan_momyishulyi/24101/

## HUMAN VALUES IN THE WORKS AND QUOTES OF BAUYRZHAN MOMYSHULY

*Bereke R.U., teacher of English*
*Karagandy*
*Secondary complex «School-kindergarten№77»*

The legendary batyr Bauyrzhan Momyshuly is the personification of heroism, an example of nobility and courage. His life, dedication, courage and courage in difficult war years, a great mind and great education - this is an example of a moral school. Batyr Bauyrzhan Momyshuly - a sage, orator and poet, a valiant man who valued above all honor and dignity. The whole conscious life of this person, full of deeds, actions, speeches, deep thoughts, is in everyone's memory. Bauyrzhan Momyshuly is a symbol of art, a symbol of humanity, citizenship, patriotism, morality. The heroic grandfather Bauyrzhan Momyshuly is known for his personality, patriotism, heroism, talent, and high moral qualities. Bauken is a man who has grown to the level of a common child of the people of the world.

Baurzhan Momyshuly is a writer who saw the war with his own eyes. He is an artist. The main theme of the works of Baurzhan Momyshuly is the truth of war. He is the hero of his works, a man who merges with images. Since he is the character of events, the author tells on his own behalf . He is not an external observer but an active participant. [1]

It is better to present a great son of the Kazakh Baurzhan Momyshuly. Everybody in our country knows his exploits and books. His winged words are also on people's lips. However, if we systematize his quotes, they will acquire a new character, revealing the character of the heroic son of our people. A participant in 207 battles in the war, repeatedly wounded, a servant only of his honor, his interests, his people, his future, his heavy burden of life, his deep sense of duty to society, he is the source of winged words. The edifications of Bauyrzhan Momyshuly are not only his experiences, but also his life experience, his emotions, his feelings, his outlook on society and the future.

And this is only a talented person, such as Baurzhan Momyshuly, who could collect these ideas and raise them to the level of a proverb and write them down as a will for the future. [2]

Many of the hero's words were written in Russian during the Great Patriotic War, as well as for the commanders of the entire Soviet Army. These commandments are currently available in both languages. Studying the edifications of the hero, we see that they are wide in scope: Homeland, life, courage, the fate of the Kazakh language, work, education, he tried to convey his individual and wise ideas. Among the words of this commandment are the aphorisms of commander-in-chief, sergeant, and military duty.

Batyr, who was sick for his people, left a great legacy in the form of edifications. The great value of these commandments is in the thrilling insight. The hero relies not only on European and Russian military science, military art, but also on the military traditions of our ancestors. That is why the commandments of the warrior are so close to the Kazakh warriors that they feed their thoughts and energy. [3]

Winged words do not come naturally, and it is not always possible to tell. For him to be a great, deep thinker, a great philosopher, a poet and a major figure whose life goes beyond the usual turmoil. His proverbs are centered on a variety of topics: war and peace, order and education, debts and debts, languages and literature, customs and traditions, and more. The quotes of Bauyrzhan Momyshuly such as «Do not sell your honor for bread», «The hero’s banner is his honor». «Better to die standing than to live kneeling», «He who does not know how to respect himself will not be able to respect others» are on the lips of any Kazakh

His heroic deeds on their own
Every word he says has a testimony
Brave, smart, perfect batyr,
Many years, many centuries
Society will remember his feat.

It is obvious that the offspring, educated with the glory, spirit and words of the wise Bauyrzhan Momyshuly, will not be the offspring.

In conclusion, let us honor our glorious Bauyrzhan and glorify our great personality, the motto of our nation. Let us try to prove not just words, but words and deeds, which reflect the name of Baurzhan Momushuly.

**List of used literature:**

1. Akasheva, S. "His whole life is a captivating dastan": [on the 100th anniversary of Bauyrzhan Momyshuly] / S. Akasheva; photo of the author // Friends. - 2010. - November 30 (No. 48). - S. 3.2. Momyshuly, B. Collected works in 2 volumes. T. 2: Our family: novel, stories, speeches, articles / B. Momyshuly. – Alma-Ata: Zhazushy, 1986- 304 p.
3. Zolotova, L.A. About Baurdzhan Momysh-uly / L.A. Zolotova // Prostor. - 2002. - No. 7. - S. 124-125.

# Education of young people through the works of Bauyrzhan Momyshuly to preserve and appreciate the values, customs and traditions of our people

*Sadvakassova S.A.., teacher of English*
*Secondary complex school-kindergarten №77*

When educating young people in the spirit of true patriotism, it is necessary to turn to the life and work of such outstanding personalities who were and always remain examples of the most worthy and respected people of the people and the country. Hero of the Soviet Union Bauyrzhan Momyshuly is one of those great sons of the Kazakh people who went through the entire war and honorably fulfilled his military and civil duty. Bauyrzhan Momyshuly is one of the brightest personalities in the history of Kazakhstan of the XX century. The name of the Hero of the Soviet Union B. Momyshuly does not require the introduction to the Kazakh country of one of the great sons - a guard Colonel, a writer. He is a " people's hero ", he is a "glorious military leader", "an outstanding writer". In General, he was recognized as the most revered person of the Kazakh people. In the case of Patriotic education of young people, military exploits, commander's orders, the writer's reflections, the very life path of the great hero are of great importance.

For his courage and heroism in the battle of Moscow B. Momyshuly in 1942 was presented to the title of Hero of the Soviet Union, but was awarded only posthumously, December 11, 1990. Combat and heroic way of B. Momyshuly was marked by the brilliance of two orders of the red banner, order of red banner of Labor, Friendship of Nations, world war I degree, red star, medals "For military merit", "For defense of Moscow", "For victory over Germany".

Bauyrzhan Momyshuly is also known as a talented writer. Momyshuly's first essays were published in a local newspaper in 1928. Then-military service, to be an officer is his vocation. But it is no accident that during the entire war, every day, in the trenches, surrounded, on the March, Bauyrzhan kept diaries, 38 notebooks were preserved. And when he wrote his books "the Story of one night" and "Behind us Moscow", he turned to his notes many times. Great love for ordinary soldiers, the Motherland is permeated by his book "Behind us Moscow" (1958), dedicated to the combat exploits of the Panfilov’s division. Momyshuly is the author of collections of short stories: "the Diary of an officer" (1952)," the Story of one night "(1954)," Front-line meetings " (1962). In 1963, he wrote a biographical story about General I. V. Panfilov "Our General", and for the book of stories and stories "Our family" in 1976, he was awarded The state Prize of the Kazakh SSR.

These are the books of a combat officer who writes, "In these notes I wanted to share not only my experience, but also to tell about my own mistakes." The author does not embellish the war, but does not focus on its terrible sides. The subject of war is very important to him, and he has returned to it more than once.

But at the same time Momyshuly writes the book "Our family" a lyrical story about his childhood, about close people, about the traditions and customs of his people. This is an artistic creation, although it was a memoir. Here the writer not only clearly described his past life and the life of his native land, but also showed the social status of the Kazakh people in the late nineteenth and early twentieth century, traditions, customs, love for their native land. Bauyrzhan Momyshuly said that we should know the history, our traditions and customs have not fallen to us from heaven. We made a big mistake in relation to them and we can't still fix this mistake. From these words we can understand that he was a sincere compassionate of the lost and disappearing traditions of the precious heritage of our people.

Now let's focus on the customs and traditions presented in the work "Our family": "Shashu" is a solemn celebration of joy. On happy days when a child is born, a daughter-in-law appears, when a long-awaited guest comes from a long trip, women scatter sweets and silver coins. The scattered shashu is picked up by the guests and passed to their children. The Kazakhs «shashu» is scattered only by women. For example, «a lot of people gather from all sides with congratulations ... And they scatter shashu of baursaks ".

People who go on long trips, travel, bring small gifts to their countrymen, neighbors , respected people, and children. These gifts are called "bazarlyk". This is a sign of love, respect and is perceived as a keepsake. Bazarlyk is often given not only by parents, relatives but also by other outsiders."...We ran around and enjoyed the gift that a stranger gave us."

No one can see the new bride until the betashar is made .On "betashar" participate all the guests who came to the wedding. The poet sings the song "betashar" and presents the whole family to the daughter-in-law and the daughter-in-law bows to them. "Betashar" is one of the interesting, solemn and good traditions that symbolize the beginning of the wedding. The story describes several traditions and customs of the Kazakh people since the birth of a girl named Ubiana and before she came to a new family.

In the story of Bauyrzhan Momyshuly are told not only about traditions and customs but also often there are Proverbs and sayings, fairy-tale legends and stories that have strengthened the value of the work of art. Bauyrzhan Momyshuly said: "If we say that we do not need all the good traditions of the Kazakh people, if we do not know who our ancestors are, will it benefit us? «He wanted to say that we should not forget our national values.

The legendary famous hero, whose name will always be remembered, the glorious commander, the brave son of our people, the irreplaceable personality of the multi-faceted and unique image of the outstanding writer Baurzhan Momyshuly will remain in memory from time to time. If we want to stand alongside developed countries and glorify the Kazakh people all over the world , we must listen to the words of Baurzhan Momyshuly.

**Literature:**

1.Mamytbek K. «Stories told by Bauken» Zhuldyz 2002

2.«The educational role of proverbs and sayings in the story of B. Momyshuly "Our family".» Ult Taglymy. // № 1 2003
3. Umirzakova N. Bauyrzhan Momyshuly – hero, writer, patriot
4. Bauyrzhan Momyshuly. Collection of works 1, 2 Almaty «Mektep» 2001

## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

*Баспакова Р.Б.,*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*М. Жұмабаев атындағы №39 гимназия*

*Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты.*
Бауыржан Момышұлы

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Отанға деген сүйіспеншілік – еліміздің келешегіне, оның кемел ұрпағына, біздің аманат етер ең қасиетті өсиетіміз деп білейік. Отанын Бауыржан Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ», – деп айтқандай, Бауыржан Момышұлының отаншылдығы патриоттық тәрбиеде баға жетпес құнды құрал болып табылады. Бауыржан Момышұлының өмірі – өнеге, жазған мұралары – патриоттық өсиет. Өнегелігі сол, ол – елі мен туған жерін нағыз сүйген, оған қашан да адал қызмет еткен, сын сағатта Отанын жан аямай қорғаған және қол бастап, жауды жеңуге ерен үлес қосқан ер.Отаншылдық патриотизм – бұл елдікті, мемлекеттілікті саналы түрде сезіну. Кез келген адамның өзі туып-өскен жеріне бауыр басуы, ана тілін толық меңгеріп, оған құрметпен карауы, өз Отанының мүддесін ойлауы, өз елінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени саладағы жетістіктерін мақтан етуі, өз Отанының бостандығы мен Тәуелсіздігін қорғауы, ата-бабалардың салған тарихына құрметпен карауы, өз өмірін туған елінің гүлденуіне арнауы – бұлардың барлығы да Қазақстандық патриотизм деген ұғымның ішіне сияды.

Жиырмасыншы ғасырдың Кеңес заманындағы әр түрлі соғыстарлың батырлары Амангелді Иманов, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Алия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рақымжан Қошқарбаев, Талғат Бигельдинов, Қасым Қайсенов және тағы басқалардың ерен ерлік іс – қимылдары да өлеңдері дастанға айналып, оқушыларға патриоттық тәрбие берудің бірден-бір құралы. Осының бәрі халқымыздың атадан балаға ғасырлар бойы мұра болып жалғасып келе жатқан ерлік рухымен байланысты туындаған тәрбиенің дәстүрлі үлгі-өнегелік жемісі. Атап айтсақ, Бауыржан Момышұлы – даңқты қолбасшы, КСРО-ның жоғарғы әскери академиясының профессоры, ұлтын сүйген патриот болуымен қатар қазақ халқының ұлттық рухын қорғауда қаламды қару еткен қайраткер жазушы. Патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өң бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген

сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда халқымыздың ұлы, ержүрек қолбасшысы, жазушы, Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Бауыржан Момышұлы ағамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше. Оның өнегелі өмір жолы әскери портреті талай қаламгердің қаламымен өрнектелгені белгілі. Олардың ішінде әдеби көркем шығармаларымен қатар естеліктер, нақыл сөздері, ғылыми еңбектер де кездеседі. Сондай-ақ Бауыржан ағамыз халықты ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеуде артына көптеген мақал-мәтелдер,қанатты сөздерін қалдырған. Б. Момышұлының шығармаларының құндылығы бүгінгі таңда баға жетпес мұра болып табылады. Себебі, жастарды, жаңа ұрпақты сергек және өз ісіне сенетін, кедергілерден қорықпайтын оның қандайын болса да, және білетін күрескерлік рухта тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабы.

«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – үлгі» бабаларымыздың әрбір жүріп өткен жолы – біз үшін үлгі, шежіре, тағдыры – тарих.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мамытбек Қ. «Баукең айтқан әңгімелер» Жұлдыз 2002
2. «Б.Момышұлының "Ұшқан ұя" повесіндегі мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні.» Ұлт тағлымы.

## ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІКТІҢ КИЕСІНДЕЙ, БАТЫРЛЫҚ ПЕН БАТЫЛДЫҚТЫҢ КИЕСІНДЕЙ ТАУ ТҰЛҒА

*Бекенова Мейрамгул Асылбековна*
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*Қарағанды қаласы»№25 ЖББОМ»КММ*

Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған Бауыржанды төрткүл дүние танып үлгерді. Оның қахармандық қайсар тұлғасы және адамзат баласында сирек кездесетін озық ақыл-ойы, қарағайға қарсы біткен қайсар мінезі естіген жұртты тегіс тәнті етті. Оның бірегей болмысының құпиясы неде? Бауыржанның дана да дара болмысының, батырлығының несімен ерекше? Бауыржан жауынгер, әскери қолбасшы. Суретші, жазушы, ақын. Жас кезінде Бауыржан мектепте математикадан өте алғыр болған. Математиканы жақсы меңгерген Баукең соғыста зеңбіректен оқ ату кезінде математиканың ерекшелігін пайдаланып қолдана білген. Алаштың батыры Б.Момышұлының өзгелерден даралап тұратын айрықша қасиеті қалам мен соғысты қатар ұстауы қай кезде де, ұлт мүддесін қаймықпай қорғауы. Мәселен 1943 жылы ажал мен арпалысып жүргеніне қарамастан Қазақстан басшыларына майданнан хат жазып, қазақтардың мүшкіл жағдайын баяндап тілімізді тұғырлы етуге қатысты ұсыныстар жасайды.Батырдың басқалардан айырмашылығы өз ойын ашып, тура айтатын қасиеті болды. Оған дәлел:Москвада жазушылар одағында болғанда, Б.Момышұлы сөз сөйлейді:М.Әбдіқалықовтың айтуы бойынша: Сіздер жазушы емессіздер,

«Соғыс» туралы өтірік жазасыздар дейді:алғы шепте біреуіңіз болған жоқсыздар қалай соғыстың шындығын жазасыздар деп төтесінен қойып қалады.Дәл осылай ешкім көптің алдында тіке бетке айтқан емес еді.

Ел басына күн туып,тоз-тозы шыққан халықтың етек-жеңін жиып, мүддесін қорғаған қаһарман дара тұлға қызылтаяң сәттерде де, қазақтардың намысын бәрінен жоғары қойған, қарсы алдындағы жаудан қаймықпаған Баукеннің арманы ол қазағымыздың бас бостандығы мен еркіндігі болды. Айта берсек Бауыржан ағамыздың дара тұлғасы ерекше соған бір тағы да дәлел; ысқырған жел, қақаған аяз, күндіз толастап жауған қар,түтеген боран қардың беті алқызыл қанмен боялған. Герман әскерлері қарқынмен Ленинградты,Кремлді жайпап өтті.Панфилов бастаған қалың қол бастаған атқыштар дивизиясында Бауыржан подполковник болды. Бауыржан үшін Москва түбіндегі шайқас ұмытылмас кезең болды. Талай мәрте ажал құрық салса да, оққа ұшқан жоқ,суыққа ұсіген жоқ,ыстыққа күйген жоқ. Жаумен 200 рет бетпе-бет келіп, 16 рет қоршаудан өзінің таптырмас амал-айласымен сытылып шығып отырды.Кешегі нар тұлғалы Қабанбай батыр қартайған шағына дейін 103 рет жекпе –жекке шығып, барлығын сұлатып отырса біздің дара тұлғалы батыр ағамыз сол ата-бабамыздың ерлігін қайталап,біздің қазағымыздың қай заманда болса да қаһарман болып қалатынын дәлелдеп берді.Бауыржан 1941 жылы қанды соғыста,қызылтаяң кезде тағы бір ерлік көрсетеді. Ну орманда, әскерлерімен күндіз тынығып алып, партизандық соғыс жүргізеді. Н.И.Панфиловқа жалған ақпарат беріп,өздерінің түгел қырылғандығын баяндайды. Бұл алдарқатудан немістер де сеніп қалады. Осылайша 316-дивизияның 1075 полканың адам шығынсыз қоршаудан алып шығып Панфиловтың алдына барады. Панфилов сенер–сенбесін де білмей жас сарбаздың ерлігіне тәнті болып көзіне еріксіз жас алады. «Жарайсың, Сарбазым, Сұңқарым», - деп арқасынан қағады. Міне, осындай ерлігімен қысылтаяң кезде қорған болған, тек қана дүрсін сөзбен емес, Бауыржанның атын дәріптейтін игі істерімен дәлелдеген, ұрпағымызға ұран болған ұлы тұлға.

Қорыта айтқанда, Бауыржан нағыз қайсар өр мінезді, қазағым деп жүрегі тулаған ұлтшыл тұлға болды. Жүрегі жайсаң осындай қазағымыздың ойласақ ата-бабаларымыздың жолын қайталаған дара тұлғалы қайталанбас ерлігімен төрткүл дүниені тамсандырған Бауыржан есімізде мәңгі сақталады.

**Пайдаланған әдебиеттер:**


1. М.Мырзахметов
2. М.Әбдіхалықов


## Б.МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ


*Еликбаева Сымбат Төлеубаевна,*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, №62 ЖБОМ*

Момышұлы Бауыржан (1910-1982) – екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Туған жері-Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені.

Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады.

Жасында Жамбыл қаласындағы интернатта тәрбиеленіп, сондағы орта мектепті бітіргеннен кейін бірнеше жыл бойына өз ауданында, Қазақстанның Алматы қаласында, мекеме қызметінде болады.

1936 жылы Бауыржан Момышұлы Совет Армиясының қатарына шақырылады. Содан бергі 15 жыл ішінде ол қатардағы солдаттан гвардия полковнигі дәрежесіне шейін өсті.

1941 ж. Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316-атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. [2]

Бауыржан Момышұлы – жалпы адам баласының, абзал қасиеттері бар азамат тәрбиесін отыз ойланып, тоқсан толғанған парасатты ойшыл. Мәңгілік даңқ тұғырына қондырылған Алаш елінің жиырмасыншы ғасырдағы бас батыры, біртуар ардағы Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан Соғысы кезінде үлкен ерлік көрсетіп, артына өшпес із қалдырды. Батыр бойындағы намыс пен өр мінез оның қайталанбас ерлігінен ғана емес, шығармаларынан көрініс табады. Осы орайда «Қазақты тану үшін, алдымен, Абай мен Бауыржан ілімдерінен сусындау керек...» деген ғалым Мырзахмет Мекемтасұлының сөзін еріксіз еске түсіресің. Баукеңнің ерліктері жөнінде осы уақытқа дейін көптеген еңбектер жазылды. Олардың ең танымалдарының бірі белгілі орыс жазушысы Александр Бектің «Арпалыс» («Волоколам шоссесі») повесі.Бұл кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылған. Бауыржан Момышұлы туралы шығармаларды қазақ жазушылары да көп жазды.Ал осыншама көпті көрген, белді қызметтерді атқарып, үлкен марапаттардың, атақтардың иесі атанған танымал тұлғаның өзгелерге айтары, кейінгі ұрпаққа қалдырары аз болмаса керек. Оның соғыстан кейінгі жылдары айналысқан шығармашылық жұмыстары мен жазып қалдырған еңбектері осындай ниеттен туған дүниелер деуге болады. Көрнекті жазушының орыс және қазақ тілдерінде жазып қалдырған «Бір түннің тарихы», «Ұшқан ұя» сияқты алғаш шыққан кітаптары мен одан кейін жазылған «Мәскеу үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан» сияқты өзге де көптеген шығармалары оқырман жүрегіне жол тауып, көпшіліктің іздеп оқитын кітаптарының біріне айналды. Бұл шығармалардың барлығы да көптеген

елдердің тілдеріне аударылып басылды. Осы ретте, «Егемен Қазақстан» газетінде 2008 жылы сәуірдің 4-інде жарияланған Көсемәлі Сәттібайдың «Аңыз бен ақиқат» атты мақаласынан үзінді келтіре кеткенді жөн көрдік. «…Көзінің тірісінде-ақ өмірі аңызға айналған халқымыздың қаһарман перзенттерінің бірі Бауыржан Момышұлы туралы әлі толық айтылып та, жазылып та біткен жоқ. Бауыржан Момышұлы, сөз жоқ, батырлығына қаламгерлігі сай тарихи тұлға.«Мен қазақтардың арасынан Бауыржанмен салыстыруға келетін жан таппай жүрмін. Бәлкім, таппайтын да шығармын» (Дмитрий Снегин).

Расында да, ел боламыз десек, бесігіңді түзе дегендей бесіктегі баланың ұлтжанды патриот болуы үшін, үлгі боларлық түлға керек. Кеңес өкіметін құрған Ресей федерациясының тарихынан  және біздің тарихтан өз орнын ойып тұрып алатын ерлігін елі ғана  емес, өзге ұлт өкілдері мойындаған ұлтаралық деңгейдегі батырымызды қазақ халқы толығымен әлі танып, білмеді деуге толық қақығымыз бар. Себебі Бауыржан Момышұлының қанатты сөздерін оқып отырған адам, тәрбиенің темірдей тәртіптен ғана басталып қоймай,  қазақ халқының ежелден келе жатқан өнегелі тәрбиесінің негізгі бастау көзін көретіні анық.

Бауыржан халықтық даналықты өзінің шығармасында пайдаланғанда оның бала тәрбиесіне, жеткіншектің қалыптасуына, санасының өсіп, адами құндылықтың ұялауына көп мән бергенін байқаймыз. «Ертексіз өскен бала — рухани мүгедек адам» — мұнысы мақал-мәтелсіз, ұлттық нәрсіз өскен бала – елінің ойлауға сана-сезімін оята алмайтындығын аз сөзбен түйіндеген. Шындығында мақал-мәтелсіз өскен бала Бауыржан айтқандай мүгедек. Ата-ана балаға ақылды мылжың сөзбен емес, нақылға толы, ұтымды екі-үш сөз тіркестерінен құралған мақал-мәтелмен ұтымды жеткізген. «Ұшқан ұя» повесі арқылы суреткер атасы, әжесі, әкесі, ауыл ақсақалдары айтқан қазақи әңгімелердің, аңыз-ертегілердің, жыр-дастандардың, мақал-мәтелдердің өзінің азамат болып жетілуіне қалай әсер еткенін, есейгенде суреттейді.Байлығына сенетін мырзасымақ, реңсіз, кекеш болса да айдай аруға ұмтылатын, ақыры уысына түсіріп, тоқалдыққа алған бір ауқаттының, яғни бір туысының келеңсіз қылығына Бауыржан «Аузы қисық болса да байдың баласы сөйлесін» деген мақалмен түйіндейді.«Құрығы ұзын қуып жүріп алады, құрығы кысқа құр қол қалады» деген мәтелдің түп төркіні қолында байлығы бар адам өзінің қалағанына қалай да болса кол жеткізе алады, ал қолы қысқа адам жегеніне жете алмайды деп сол кездегі әлеуметтік теңсіздікті айтады. Жазушы осы аркылы жас ару Зәмираның сүйгенінен айырылып, калың малға сатылып, тағылық заңның құрбанына айналып бара жатқан шарасыз сәтім суреттеген. Сол секілді жас келіннің мінезіндегі көргенсіз кер мінезді көрген ауыл үлкендері «әдепті білмейтін, тәрбие көрмеген» деп күңкілдесе бастайды. Босағаны аттай сала тәрбиесіздік көрсеткен келінге «жусаннан аласа, бетегеден бик боп иіліп жүрмеуші ме еді» деп мін айтады. Мұндағы «бетегеден бик жусаннан аласа» деген тәлімдік міндет атқарып тұр, яғни

«үлгілі үйдің ұл-қызы ұялтпауы» тиіс екендігін аңғартса керек. Жана түскен келін инабатты, сыпайы болу керек, мінезі биязы, «үлкенге ізет, кішіге құрмет» көрсете алатын болуы заңды деп қарайды.

Ат ардақтаудың биік шыңы мына мақалдан керініс тапқандай. «Төл атыңды төреге берме». Жүйріктің қасиетін, сәйгүліктің бағасын біздің елдей ешкім білмес сірә, еш ел ұғып болмас. Халық арасында төрт түлік мал ішіне әсіресе, жылқы малына ерекше көңіл бөліп, адамның көмекшісі, ердің қанаты деп қарау, жас ұрпаққа ғибрат беру мақсатында ол туралы мақал-мәтелдер, батырлар жырларындағы жылқы малына берілген баға, өлеңдер, жырлар өте мол. Мұның барлығы қазақ халқының жылқы малын ерекше бағып, асырауында мән бер екенін аңғартып қана қоймай,ер – азаматтың өз атын, жылқысын бағалауда ерекше мән бар екенін аңғартса керек, жылқы малын құрметтеген ер-азамат өз отбасын құрметтейді. Жылқы малын бағалаған адам, қай уақытта болмасын қиын-қыстау кезеңді, өмірді бағалайтын өресі биік адам деп түсінген.«Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі» деген мақалға ерекше мән беріп, өзінің бала –немерелеріне тіпті бізге дейін Дулатқа дейінгі бабаларымыздың тізімін жазып беріп, жаттап алуды ескертіп отырамын. Енді ойланып қарасам, орыстар арасында айтылатын «Иван безродный» дегені сияқты кейбір тексіз қазақ бала бастағандарды көріп, рухани мәңгүрттіктең сақтандырған ескертуі ме деп шамалаймын» деген пікірі де осы ойымызды куаттайтыны ақиқат. [3] Қазақ халқының тәрбиесі әлі күнге өзінің өзектілігін жойған жоқ. Себебі, бұл тәрбие де барлығы бар.Ұлт тазалығы, дені сау ұрпақ, ұрпақ тәрбиесі барлығының басын қосқан тәрбие тек қазақ халқында ғана бар екен. Міне осыны, өз ойын өзге ұлт өкілдеріне орысша жеткізсе де қазақ тәрбиесінің философиялығын түсіне білген Бауыржан Момышұлы қазақ халқының ұлтының тәрбиесі мен болашағына көп алаңдағанын көру қиын емес. Тіпті қазақ тілі туралы айтқан мынадай қанатты сөзінде «Тілге жете көңіл бөлінбеуі, мән бермеушілік пен құрметтемеу – шынайы, нағыз патриоттар тәрбиелеу жұмысына зиян» деген сөзінің қоғамдағы патриоттардың дәл қазіргі уақыттағы жай-күйін анықтап бергендей.

- Шын дос сыртыңнан мақтайды.
- Ақылды кісінің сөзі де, өзі де сүйкімді.
- Терлеп еңбек етпегеннің тілегіне жеткенін көргенім жоқ.
- Ежелден ер тілегі – ел тілегі.
- Адал ұл ер боп туса – ел тірегі.
- Опасызда Отан жоқ.
- Отанда опасызға орын жоқ.
- Отаның үшін отқа түс – күймейсің.
- Тәрбиелі – тәртіптің құлы.
- Тәртіпті – елдің ұлы.
- Белдескеннің белін сындыр,
- Тіресkеннің тізесін бүктір.

- Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады.
- Таяқтан тайсалмасаң,
- Семсерден сескенбесең,
- Жеңдім дей бер…
- Қарабет болып қашқанша,
- Қайрат көрсетіп өлген артық.
- Ептілік те – ерлік.
- Айбындана шапқаннан ажал да сескенеді. [4]

Әр сөзінен ұлттың болмысы көрінген, қазақ халқын қай заманда да еңсесін көтерген, «қазақ» ұлтының өкілі екендігін өр мінезімен, өз ерлігімен таныта білген Бауыржан Момышұлы туралы оның ұлтына байланысты ойлары әлі де болса ғылыми тұрғыдан зерттелуді қажет ететіндігі сөзсіз.Біз Бауыржан Момышұлын Кеңес Одағының батыры деп қана танимыз, бірақ Бауыржан Момышұлын Кеңес Одағындағы ұлттарға «Өзге ұлтқа қазақ елін мойындатқан қазақ батыры» деп қарауымыз керек деп ойлаймын

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Адамбаев Б. Алтын сандық. Әдеби мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 200 б.
2. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 240 б.
3. Егембердиева Ж. Өмірдің өзі дастан. – Алматы: Жазушы, 1990. – 319 б.
4. Бауыржан батыр / Құрастырған, алғы сөзі мен түсінігін жазған М. Мырзахметов (Жоғарғы класс оқушыларына арналған жинақ). – Алматы: Жалын, 1991. – 352 б.
5. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құр. З. Ахметов, Т. Шыңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
6. Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Жазушы, 1962. – 410 б.
7.Б.Момышұлы «Москва түбіндегі шайқас» 2002.-111б
8. Адамбаев Қазақ халқының мақал-мәтелдері 1989: 15- 16 б
9. Бердібаев Р. Баукең туралы естеліктер 1979 120б
10. Б.Момышұлы -тәлімгер ғалым.// // Білім мен тәрбие-27б
11. Б.Момышұлы I том Алматы, «Жазушы»2004 55-936б
12. https://adebiportal.kz/kz

## «ЖАС САРБАЗ» СЫНЫПТАРЫ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН «БАУЫРЖАНТАНУ» ОҚУ ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ

*Адилбаева Р.Т., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*Жалпы білім беретін №77 мектеп-балабақша кешені*

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсанда жарияланған «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталатын Қазақстан халқына арнаған Жолдауы -

жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның келешегіне бағыт-бағдар беретін маңызды құжат саналады. Елбасымыз бұл құжатта «Жаңа қазақстандық патриотизм» деген түсінік енгізді. Бұл түсінік арқылы біздің көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамымыздың табысты өркендеуінің негізі – жаңа қазақстандық патриотизмді жетілдіру екенін дәлелді түрде айшықтап көрсетті. Қоғамдық сананы толығымен жаңарту қазақстандықтардың әрқайсысының күнделікті тұрмысынан көрініс табатындай насихат жұмыстары керектігі айқын басымдылық ретінде айтылды. Сондықтан 2015 жылы Қарағанды қаласындағы №77 мектеп-балабақша кешенінде ұландарға әскери-патриоттық тәрбие, кәсіби бағдар беру мақсатында арнайы сыныптар ашылған болатын.

Туған халқының аманатын арқалаған жасөспірімді тәрбиелеуде және білім беру мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар нәтижелі болуы үшін қазақ халқының мақтанышына айналған ұлы тұлға Бауыржан Момышұлының өмірі мен шығармаларын оқыту аса маңызды. Осы орайда Нұрсұлтан Назарбаевтың «Отанын Бауыржан Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ. Ол «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі. Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін! Отан үшін отқа түс – күймейсің! Опасызда Отан жоқ. Елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды», – дейді.

... Біздің халқымыз, әсіресе жастар осы қағидаларды естерінде ұстаса деймін» деген пікірі көзі ашық, көкірегі ояу әр адамға ой салары анық.

Бауыржан Момышұлы – елін сүйген қаһарман жауынгер, әскери өнерді мейлінше терең меңгерген даңқты қолбасшы, қазақтың әскери әдебиетінің негізін қалаған жазушы. Алайда, қазақта жауынгер де, қаламгер де, қолбасшы да аз болған жоқ. Бірақ олардың аты алты алаштан әрі аспады. Ал, Бауыржан Момышұлы есімін төрткүл дүние халқы түгел таныды. Оның елі үшін жасаған ерліктері мен еңбектері ұшан-теңіз. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі тактикалық жаңалықтары өз алдына бір әңгіме. Осы бағыттағы туындылары Шығыс Еуропада, Орталық Америкада, Израильде, Кубада және Мәскеудің әскери мектептерінде арнайы пән ретінде оқытылады.

Сол себепті 2019-2020 оқу жылынан бастап жас сарбаздар сыныптарының тәрбиеленушілері үшін «Ұшқан ұя» танымдық клубы аясында 5-9 сыныптарға арналған «Бауыржантану» тақырыптық оқу бағдарламасы құрастырылды. Әр сынып бойынша оқу бағдарламасы 34 сағатқа арналған. «Бауыржантану» курсы ғылыми негіздерге сүйене отырып және жас ерекшеліктеріне сай оқушылардың пән бойынша білім-біліктілікті игеріп әкетуіне бағытталып құрастырылған. Оқу бағдарламасының талаптары жас сарбаз сыныптары тәрбиеленушілерінің жан-жақты дамуын көздейді. Оқу бағдарламасы көркем әдебиет арқылы Бауыржан Момышұлының бейнесін жан-жақты ашып, білімді, адамгершілігі зор, ұлтжанды, өз Отанын жанындай сүйетін жас патриоттарды тәрбиелеуді мақсат етеді. Бағдарлама А.Бектің «Арпалыс»,

Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», Б.Момышұлының өз шығармаларын оқып үйрену; қанатты сөздерін ұрпақтың санасына сіңіру; батыр жайлы қалам толғаған ақын-жазушылардың шығармаларымен танысу; көркем сөйлеу тілін, мәнерлеп оқу, жаттау дағдыларын жетілдіру, патриоттық мұрасын зерттеу жұмысына баулу міндеттерін оқушылардың жас ерекешеліктеріне сай шешуді жүзеге асырады.

Жастайынан үлкенді сыйлап, құрмет тұтып, сәлем беруге үйренген, ағайын-туыстардың ара қатынасын, халқымыздың салт-дәстүрлерін көзімен көріп, көңіліне тоқып өскен Бауыржан бейнесі жазушының «Ұшқан ұя» шығармасында кеңінен суреттелген. Халқымыздың ұлттық дәстүрін, салт- санасын, әдет-ғұрпын ерекше сыйлаған Баукең «Ұшқан ұя» кітабында солардың барлық түрлерін (шілдехана, бесікке бөлеу, тұсау кесу, сүндетке отырғызу, атқа міну, келін түсіру, қыз ұзату т.б.) керемет көркемдікпен баяндайды. Қыз ұзату және үйленуге байланысты барлық салт-дәстүрді өзінің Үбиан әпкесінің ұзатылуына байланысты жан-жақты сипаттайды.

Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген бала Бауыржан образы 5-9 сыныптардағы оқу бағдарламасында сабақтастырылып, жеңілден күрделіге қарай принципі негізінде айқындалады, бала санасына ықпал етеді. Отанын сүю - халқының сатт-дәстүрлерін білу, құрметтеу, отбасындағы өзара сыйластық, туған жерін қадірлеуден басталатыны шығарма мазмұны арқылы балаға жеткізіледі. Бауыржан Момышұлының мақал-мәтелдері, нақыл сөздерінің өзі бір төбе. Батырдың қанатты ойларымен танысу барысында оқушы оның ғұлама, терең ойшыл, үлкен философ, ақынжанды және өз басы күнделікті күйкілжің өмірден жоғары тұратын ірі тұлға екеніне көз жеткізеді. Сабақ процесінде дамыта оқыту, оқу және жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау әдістерін тиімді пайдаланып, қанатты сөздерге мән беру, пікір айту, талдау жүргізу, ой толғау немесе эссе жаздыру көзделеді.

6-8-сыныптарда жазушының «Қанмен жазылған кітап» жинағынан алынған үзінділер оқылып, 9-сыныпта аталған шығарма желісі бойынша мергендік өнер, соғыс өнері тактикасы, қағидалары жайлы танысады. Кез келген жеңістің рух күші арқылы келетіндігін түсінеді. Баукеңнің әскери ғылымның бірнеше саласын, соғыс тактикасы мен әскери ережелерді қалыптастырумен қатар, ұлттық тұрғыдан алғашқы болып әскери патриотттық тәрбиенің негізін салған ғалым адам болғанын біледі. «Соғыс психологиясы», «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап» сияқты еңбектерінде осы патриоттық тәрбиенің мәселелері кеңінен қамтылған. Осы орайда Бауыржан Момышұлыны әскери ғылымның, оның ішінде соғыс тактикасын, әскери ережелерді және әскери-патриоттық тәрбиенің негізін қалыптастырған ғалым, әскери философ ретінде әлемге танытып, әскери тақырыптағы еңбектерін зерттеуді жетілдіру қажет деп ойлаймыз.

Жалпы, «Бауыржантану» оқу бағдарламасы - жастарды жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің жаңа, тың жолы екеніне сенім

мол. Сондай-ақ, осы пән арқылы жастарға кәсіптік білім беріп, бала тұлғасының қоғамда әлеументтенуіне қол жеткізуге болады.

Сондықтан ұлтымызға ұран болған Бауыржандай алып тұлғаны жас ұрпаққа өнеге қылып, жан-жақты, тереңірек таныстыра білейік.

**Пайдаланылғын әдебиеттер:**


1. Бауыржан Момышұлының 30 томдық шығармашылық жинағы. – Алматы: «Өнер», 2010.
2. Нұршайықов Ә. «Ақиқат пен аңыз», – Алматы: «Жазушы», 2009.
3.Ким Серікбаев «Бауыржан Момышұлы және қазіргі заман»


## БАЛАНЫҢ БАС ҰСТАЗЫ – АТА-АНАСЫ


*Альжанова М.Ж., қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*
*М.Жұмабаев атындағы №39 гимназия*


Бауыржан Момышұлы - даңқты қолбасшы, КСРО-ның жоғарғы әскери академиясының профессоры, ұлтын сүйген патриот болуымен қатар, қазақ халқының ұлттық рухын қорғауда қаламды қару еткен қайраткер жазушы. Оның өнегелі өмір жолы, әскери портреті талай қаламгердің қаламымен өрнектелгені белгілі.

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұясы» – оның жазушылық шеберлігін халқымызға мойындатқан алғашқы шығармасы.

Бауыржан Момышұлының тұлғалық болмысы халықтық педагогика негізінде дамытылып, патриоттық тәрбиені саналы меңгеруден тұрады. Бауыржан Момышұлына алдымен тұлға ретінде қалыптасу үшін әсер еткен басты фактор - өзінің түлеп ұшқан ұясы. Сондықтан да, Бауыржан Момышұлының өмірі мен шығармашылығы негізінде оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудегі мүмкіндіктер қарымды қаламгердің «Ұшқан ұя» еңбегінде кеңінен қамтылған. Өйткені, шығармадағы күллі дүние батырдың қабылдауы, сезім-түйсігі арқылы өтеді. Бұған қоса, повесте автордың балалық шағы қамтылады, демек, онда Бауыржан Момышұлының қалыптасу, шығармашылық процесі көрініс тапқан.

Белгілі ғалым-сыншы М.Қаратаев сөзімен келтірсек: «Бұл Бауыржанның балалық шағын баяндаған, өскен, тәрбие алған ортасын суреттеген өмірбаяндық шығармасы. «Ұшқан ұяда» Бауыржан Момышұлының өзіндік көркем суреттеуі көзге түседі. Бұл повесть жазушының өзіне тән суреткерлік бетін танытты. Шыншылдық, нақтылық, өмір материалын жетік білушілік – жазушыға көптен-көп қажет қасиеттер. Қалың халық ортасында, қарапайым семьяда туып өскен, жастай шешесі өліп, ақылды ана, қарт ана, үлкен шешесінің қолында тәрбиеленген Бауыржанның жасынан сезімтал, елгезек, ойшыл болып өскенін көреміз. Бала кезінен көрген-білгені, өмірден алған әсері жүрегіне жазыла берген тәрізді де, қар суындай бойына сіңе берген тәрізді, енді келіп сол жан түпкіріне іркілген қор есейген шағында, өмірдің ауыр кешуінен өткен

шағында бұлақ суындай қайнап, бұрқылдап сыртқа шыққан тәрізді. «Ұшқан ұяны» қызығып оқисың, сүйсініп оқисың. Бауыржанның жастық шағын өз басыңнан өткергендей сезімге бөленесің» [1, 339-340].
Біздіңше, бұл тұжырым – көрнекті туындылардың бірі «Ұшқан ұяға» берілген әділ баға.

Аталмыш шығармада Бауыржан Момышұлы өз ортасынан алған тәрбиесін өзіне ғана тән көркемдік дәлдікпен суреттеген. Бұл шығарманы оңтүстік қазақтары туралы нағыз этнографиялық шығарма десек артық айтпаймыз. Өзге жұрт, кейінгі ұрпақ қазақ халқының бай салт-дәстүрін «Абай жолынан» оқып-білгендігі анық. Алайда бұған қоса «Ұшқан ұяны» оқыған адамның қазақ туралы пайымы одан да нақтылана түсетіні ақиқат.
Жазушы «Ұшқан ұя» шығармасында балалық шағында көрген, куә болған, есте қалған оқиғалар арқылы жалпы сол тұстағы әлеуметтік кезеңді, қоғамдық өмірді суреттеу мәселелерін басты міндет етіп қояды. Қаламгер өзінің ес біле бастаған кезінен мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі өмірін еркін әңгімелейді.

Повесте қазақ ауылының көрінісі байыпты да терең бейнеленеді. Шығармада кеңестік идеологияның ыңғайына бейімделген, идея үшін боямаланған, қазақ өміріне қисынсыз келетін, ойдан құрастырылған оқиғалар кездеспейді. Бауыржан Момышұлы  өзі өмір сүрген дәуірді шыншыл суреттеп, бастан өткенді ой елегінен өткізіп, өмір сыйлаған қуанышты, қиындықтарды шыншылдықпен жаза алды.
Мемлекеттік сыйлыққа (1976) ие болған «Ұшқан ұя» кітабында он алтыншы жылдың дүрбелеңі мен күштеп ұжымдастыру кезіндегі тартыстар батыл айтылып, Кеңес өкіметі қалыптасуының алғашқы жылдары кеңінен қамтылған.Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабы нағыз ұлттық шығарма.«Ұшқан ұя» сан қырлы, алуан бедерлі, айтарлықтай күрделі шығарма. Бір қарағанда ол анау айтқандай көлемді дүние емес, бірақ «кішкентай ғана қара тас, атан түйе көтере алмастың» дәл өзі. Бауыржанның өзі оған ен тақпаған, жанр жамамаған, «Біздің отбасы» деген де қойған. Оны орыс тілінен қазақша аударған Тұтқабай Иманбеков «Ұшқан ұя » деп атаған. Бауыржанның бұл шығармасы алғаш рет 1956 жылы орыс тілінде Ресейдің Калинин қаласында жарық көрді. Бұл шығарманың ұлттық сипаты оның алғашқы беттерінен-ақ аңғарылады. Бауыржанның атасы Имаштың, әжесі Қызтумастың нағыз қазақы қалпымыздың қалыбынан шыққан. Бауыржанның әжесі «аса ажарлы, ақ дидарлы кісі екен», ал атасы «қазанның түп күйесіндей» қара болыпты. Әжесі немерелерін жиіркенбей сүйетіндей болып туғанын қалап, балаларына ай көрікті, ақ перизатқа үйлен деген талап қаяды. Содан да ұлының үлкені - Имаш 33 жасында бірақ үйленеді. Қазақ перзентінің бәрін жақсы көрген, бірақ ұл баланың жөні бөлек болған. Әбден күттіріп барып дүниеге төрт қыздан кейін Бауыржан келеді. Бауыржан атасының батасы дарып, өсиет-тілегін орындаған азамат болып өседі.  «Ұшқан ұядағы» жылы сезім, шуақты көңілдің нұрынан жаралған образ деп, Бауыржан

Момышұлының әжесі Қызтумастың образын айтамыз. Бауыржанның әжесі айнала ортаның, ащы өмірдің, қатал тағдырдың азап, зардабының бәрін бастан кешсе де соған төтеп берген, бойына дарытпаған ақылды, қайсар, саналы да саялы әзиз ананың образы болып шыққан.

«Ұшқан ұяда» әлем тарихы, жаратылыс шежіресі, жан-жануарлар болмысы, әлемнің пайда болуы, тірлік, өмір туралы алғашқы мағлұматтарды,азаматтық тұрғыдағы аңыз-әңгімелерді әжесінен естігенін үлкен сүйіспеншілік сезіммен есіне алған,сондай-ақ ненің жақсы, ненің жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді әжесінен үйренгенін мақтан етеді. Әкесі Момыш өз бетімен сауат ашқан, сол кездегі көзі қарақты адамдардың бірі болған. Ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен танымал болатын. Бауыржан 3 жасқа келген соң анасы Рәзия қайтыс болады да, әжесі Қызтумастың қолында өседі.

Бауыржан Момышұлы дүниеге келгенде атасы Имаш алақан жайып ел қарияларынан бата сұраған екен. - Төл немерең, бел немерең ғой. Бата жөні де өзіңдікі, - десіпті ақсақалдар. Сонда Имаш бабасы былай деген екен: Алатаудың қыраны мол еді - Қырағы болсын, құлыным - Қойнауы суға мол еді - Бұлағы болсын, құлыным. Елінің тілегі зор еді - Шырағы болсын, құлыным. Ата тілегі оң еді - Құмары болсын, құлыным. Бұл жер батырлар төрі еді -Сыңары болсын, құлыным. Аталы батамен Бауыржан биік тұлға боп қалыптасқан-ау шамасы. Жарық дүниеге келгеніме екі-үш ай болғанда, шешем мені күн көзіне шығарып, Имаш атамның алдына әкеліпті. Атам ерте көктем алдында ағаш отырғызып жүр екен. Ағасының қолын ұзартып. қолғабыс беруге келді, - депті шешем ізетпен иіліп. Атам еміреніп мені алақанына алыпты. Қолыма жас бұтақ ұстатып: Құрық деп берсем - құл болма, Шыбық деп берсем - шіл болма. Бәрінен де, шырағым, Баяны жоқұлболма, - деп келініне мені қайтарып берген екен. Атасы мен алғашқы дидарласуының құрметіне деп, алғашқы өсиет өмірлік өнеге болсын деп әкем сол күні кешке мал сойып, ауыл ақсақалдарының басын қайта қосыпты.

Шығармадағы тағы бір жайт... Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалдары жамбастай жайғасып баппен қымыз ішіп отыр екен... Әкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені ымдап шақырды да құлағыма: «Сен немене, аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда?!» - деп сыбырлады. Мен қатты қызарақтап, үйден шыға жөнелдім. Сыртта біраз тұрдым да, нық басып үйге қайта кірдім. Көпшілікке қол қусырып тұрып: «Ассалам алейкүм, аталар» деп әр сөзді қадай-қадап айттым. Бұған, әрине, бәрі күлісіп жатыр. Өйткені мені араз етіп алмау үшін бәрі де бір ауыздан «алейкүм салам!» десті. Сонан соң әрқайсысы маңдайымнан сипап мақтады. Жақсы сөзге мәз болып мен әкемнің тізесін ала жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып: «Жарайсың, балам! Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сүйтеді», - дейтін. Әкем маған ата-тегіміздің аты-жөнін үйретуші еді. – Кімнің баласысың? - деп сұрайтын ол. - Мен Момыштың ұлымын. – Момыш

кімнің баласы? - Момыш - Имаштың баласы. Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады. Ал келген қонақ ең алдымен атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін. Ел танудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген. Әжем малдың «тілін» ұғуды үйретуші еді. - «Қозы маңырайды, бұзау мөңірейді, құлын кісінейді, бота көзі мөлдіреп ақсайды, қодық ақырады...» Әжем маған зұлым қасқыр, жымысқы түлкі, дәрменсіз қоян, сүйкімді құс, сұрапыл сұңқар жайлы ертегілер айтатын...

Міне, шығарманың қай тұсын алсақ та, тұнып тұрған тәрбие. Баланың таным-түйсігіне әсер ететін оқиғалар. Ендеше, баланың басты ұстазы – ата-анасы демеске шара бар ма?!

8-сынып оқулығында Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» әңгімесі 8 сағатқа берілген. Автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау; әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау; композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау; көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану; шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу; шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу; шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; шығарманың көркемдік идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу сынды мақсаттарды қамтып, оқушыға шығарманы толық түсініп, кеңінен таллдауға мүмкіндік береді.
Ойымызды түйіндесек, «Ұшқан ұя» патриоттық рухқа тәрбиелейтін таптырмас туынды.Бауыржан Момышұлының шығармаларының құндылығы бүгінгі таңда баға жетпес мұра болып табылады. Себебі, жастарды, жаңа ұрпақты сергек және өз ісіне сенетін, кедергілерден қорықпайтын, оның қандайын болса да, жеңе білетін күрескерлік рухта тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы.

Әсіресе, мектеп оқулығына енген «Ұшқан ұя» шығармасы арқылы оқушыларға ұлттық тәрбиені тереңірек сіңіруге болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қаратаев М. Шеберлік шынына. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963. - 339-340 б.
2. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. –Алматы: Жазушы, 1975.
3. Мырзахметұлы М. Айналған аты аңызға Момышұлы Тараз: Сенім, 2000.

4. http://engime.org/b-momishlini-shan-ya-shifarmasindafi-ltti-pedagogika-koriniste.html
5.http://www.rusnauka.com/34_VPEK_2012/Pedagogica/2_121613.doc.htm

## ТҰЛҒАСЫ ТҰНҒАН ТӘЛІМ, ЕСІМІ ЕЛГЕ МӘЛІМ

*Жаксылыкова С.М.*
*қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі*
*Қарағанды қаласы, №48ЖББОМ*

*Дәл осы сәт арналар жырым бүгін,*
*Қасқыр мінез қазақтай ұлып тұрмын.*
*Мен қағазға сыйғыза алмаймын ғой,*
*Алашқа белгілі еді ұлылығың.*
*М.Мақатаев*

Отанды сүю, туған елге деген сүйіспеншілік – халқымыздың ежелден қаймағы бұзылмай келе жатқан тарихи дәстүрі, өмір ережесі. Тарихта қазақ халқының өзге елге басқыншылық соғыс жүргізгені болған емес. Ал өз елі мен жерін қорғау жолында қазақ сарбаздарының көзсіз батырлығы мен қайталанбас ерлігін, Отанын жанындай сүйіп, көзінің қарашығындай қорғайтынын жаулардың өздері де мойындаған. Тіпті Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ жауынгерлерінің нағыз патриоттық ерлігі туралы көрнекті жазушы И. Эренбург өзінің 1942 жылы жарық көрген «Қазақтар» деген очеркінде бойлары 160 см төңірегіндегі корку дегенді білмейтін қазақ жігіттерінің қайсар ерліктері мен табандылығы фашистерге қатты үрей туғызатынын жаза келіп: «Бір фриц маған: – Бізге қарсы аса қорқынышты солдаттар тап болды – оларды ешқандай оқ та, от та тоқтата алмады, олар тура бізге қарсы жайпап кетерліктей жүгірді», – деді деп, ерекше таңданып жазған еді.

«Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» дейтін қазақ халқының ерлік рухы мен дәстүрі – елге деген сүйіспеншілікті ең биік құндылық етіп санауында болса керек. Бұл турасында тұңғыш Елбасымыздың мына сөздері дәйекті ақиқат бола алады: «Менің бабалары батыр, аналары дана халқым бар. Тағдырдың талай тауқыметін мойымай көтерген, өмірдің небір шырғалаң кезеңдерінде небір аласапырандарды басынан кешірген төзімді халқым бар… Талай жаудың меселін қайтарып, ел іргесін сөгілтпей, жерін жауға бермей, аман алып қалған батыр халқым бар». Елбасымыздың бұл тебіреністі сөздері қазақстандықтарды патриоттық рухқа шақырады. Патриотизм дегеніміз – әке-шешеңді құрметтей білу; ауыл-аймағыңды ардақтай білу; өз ұлтыңды сүю, ана тіліңді ардақтау; өз халқыңның өткен жолын (тарихын) құрметтеп, оған тіл тигізбеу; өз отаныңды жаудан қорғау екендігін кезінде Бауыржан Момышұлы ұрпаққа өсиет етіп кеткен.

Бұның бәрі де, түптеп келгенде – патриотизм құрамдастары. «Патриотизм – Отанға, елге деген махаббат!», «Адам болу – қасиет, азамат болу – міндет, патриот болу – парыз» деген Бауыржан Момышұлының сөздері бар.

Бауыржан Момышұлының өмірі – өнеге, жазған мұралары – патриоттық өсиет. Бауыржан Момышұлының өнегелігі сол, ол – елі мен туған жерін нағыз сүйген, оған қашан да адал қызмет еткен, сын сағатта жан аямай қорғаған және қол бастап, жауды жеңуге ерен үлес қосқан ер.

Бауыржан Момышұлы өмір сүрген заман айқас пен шайқасқа толы дүрбелең еді. Ұлы Отан соғысы тап болды. Соғыс – елдік пен ерлікке сын. Бауыржан халқының ерлік, адамгершілік, әділдік рухымен өзі де қаруланды, сарбаздарын да сол рухқа шақырды. Оның адалдығы азаматтығымен ұштасып жатты. «Ар, намыс, адамгершілік, ақ ниет, адалдық – алдымызда темір қазықтай жарқырап, шөлдегенде сусын, қалжырағанда қайрат, шаршағанда шабыт, ашыққанда арымызға ақ малтадай азық, белімізге тірек, көңілімізге қорек, болдырғанда ұстап мінген төл атымыздай болды,» – деп жазды батыр-жазушы. Қазақ халқының жауынгерлік салт дәстүрі, жаужүрек батырлығы мен ерлігі, қаһармандығы, қолбасшылық қабілет-дарыны, әскерлерді ерлік жасай білуге жұмылдыра білу қасиеті, шешендігі мен әмір ете білу құдіреті Бауыржанның қолбасшылық тұлғасында ерекше толымдықпен көрініс тапты.

Бауыржан Момышұлы өзінің «Москва үшін шайқас», «Генерал Панфилов», «Қанмен жазылған кітап» т.б. кітаптары арқылы ұрпақтарды отансүйгіштікке тәрбиелейтін бас тәрбиеші де бола алды. Оның «Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет», «Тәрбиелі адам – тәртіптің құлы, тәртіпті адам – елдің ұлы», «Отан үшін отқа түс – күймейсің!» т.б. өсиеттері Отанды қастер тұтуға шақырады. Батыр Бауыржан жастарға адамгершілік пен ерлікті өсиет етіп, келешек ұрпақтың елін, отанын, халқын шын сүйген ерлер болып қалыптасуын қалады. Атақты генерал И. В. Панфилов Бауыржан Момышұлының халқына, еліне адалдығын, шынайы отаншылдық сезімін құрметтеп, мақтан тұтып кетті. Орыс жазушысы Александр Бек соғыс кезінің өзінде-ақ «Арпалыс» («Волоколамское шоссе») романын жазып, патриотизмнің үлгісі ретінде Бауыржан Момышұлының мәңгі өлмес қаһармандық бейнесін жасады.

«Айығар соғыс өрті, жылдар өтер, Ер халық ер ұланын жырлап өтер», – деп ақындарымыз айтқандай адамзат тарихында, халық жадында мәңгі өшпес із қалдырған Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ ұл-қыздарының көзсіз ерліктері мен қаһармандық істері ұрпақтан-ұрпаққа ұдайы жырлана берері сөзсіз

Қазақ тарихында елін, жерін қорғаған талай қаһарман тұлғалар, яғни батырлар дүниеден өтті. Олардың есімі еш уақытта халық санасынан өшкен емес. Халық өз батырларын мадақтай білді. Олар жайында көптеген аңыз- әңгімелер, жырлар жазылды. Ғасырдан-ғасырға, ауыздан-ауызға

жырланып жеткен жыр, әңгімелерде сол кезеңнің тарихы, батырлардың ерліктері сөз болды. Абылай, Бөгенбай, Қабанбай, Қасым, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай Сырым, Исатай сынды батырлар туған топырақта Бауыржан Момышұлы дүниеге келді. Осындай қасиетті топырақтан шыққан, ата-баба дәстүрін ұстанған Бауыржан да қаһармандығымен көптің ортасынан жеке даралана білді.

Бауыржан Момышұлын тарихи тұлға дейміз. Өйткені ол кісінің есімі Ұлы Отан соғысы кезінде көрсеткен ерлігімен бүкіл Кеңес Одағына танылды Бауыржан Момышұлы – соғысты өз көзімен көрген жазушы. Ол – суреткер. Батыр Бауыржанның айтар ойы, жазар тақырыбы – соғыс шындығы. Ол өз шығармасының кейіпкері, өзінің образдарымен тұтасып кеткен тұлға. Барлық оқиғалардың бел ортасында өзі болғандықтан автор әнгімені өз атынан айтады. Ол сырт бақылаушы емес, белсенді қатысушы. Қазақтың Бауыржан Момышұлындай ұлы перзентін таныстырып жату артық. Ел оның ерлігін, жазған кітаптарын біледі. Оның мірдің оғындай қанатты сөздері де халықтың аузында жүр. Сөйтсе де сол сөздерді жүйелеп беріп, жинақтаса, ол жаңа бір сипатқа еніп, халқымыздың батыр ұлының абыздық қырын аша түседі. Соғыста 207 рет шабуылға шығып, бірнеше рет жараланып тірі қалғаны, өмір бойы ешкімге бас имей тек өз ар-намысының ғана құлы болғаны, халқының қамын ойлап, болашағы үшін күресіп өткені, өмірдегі өзі арқалаған ауыр жүгін, қоғам алдындағы өз парызын терең түсінгені – осының бәрі Баукең шығарған қанатты сөздердің қайнар бұлағы. Баукеңнің нақыл сөздеріне айналған, оның басынан кешкен жайттары ғана емес, өмірден көріп білгені, көкірек-көңіліне түйгені, жүрегіне ұялағаны, қоғамға, болашаққа деген ой-пікірлері.

Б.Момышұлы - әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабынан оқып білдім. Б.Момышұлының айтып кеткендері жетерлік. Бауыржан Момышұлының әрбір айтқан ұлағатты сөздері біздер үшін қымбат. Ең үлкен бақыттың бірі- Отанына, еліне, халқына қадірлі болу. Қай заманда болмасын, ер азаматтың қадірлі болмағы ел-жұртын жаудан қорғап, айрықша ерлік көрсетіп, халқының қамын ойлап, елі үшін ерекше еңбек сіңіріп, ерлігімен көзге түсіп, даңқ пен абыройға кенеліп, халқының сүйіспеншілігіне бөленуден көрініс табады. Ел тұлғалары- әрбір халықтың көркі, мақтанышы. Мен де Отаныма адал қызмет істеп, оның көркеюіне өз үлесімді қосып, елімнің сүйіспеншілігіне бөленуге тырысамын.

Бауыржан Момышұлының аты аталғанда, менде екі бейне көз алдыма келеді: бірі-батыр, екіншісі - жазушы. Менің де мақсаты - бойымдағы қасиеттерімді тек жақсы жағынан көрсетіп, Бауыржан атамдай жан-жақты болу, әр нәрсенің өз бағасын жақсы түсініп, шын бағасын бере білу. Қорыта айтқанда,

Қазақтың сүт бетіндей қаймағы бар,

Өзіндік парасатты байламы бар.
Баукеңнің ерліктері өз алдына
Елге айтқан әр сөзінің айғағы бар

Батыр, батыл, кемеңгер, кемел бабам,
Болмайды ешқашан да төмен бағаң
Талай жыл, талай ғасыр өтсе –дағы
Ерлігіңді ұмытпас келер қоғам.

Бауыржан атамыздың даңқы, рухы өзіне керек емес, ол бізге, ұлтымызға, келер ұрпағымызға керек. Бауыржан атамыздың даңқымен, рухымен, дана өсиет сөздерімен тәрбиеленген ұрпақ осал ұрпақ болмайтыны айдан анық.

Маңдайдағы наркескеннің өзісің
Ерлігіңмен, өрлігіңмен ірісің,
Халқыңменен біргесің сен, жан ата,
Ұмытылмайды өнегелі ұлы ісің!

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Ахметова З. «Шуақты күндер»
2.Асылов Ұ. «Дана ойдан шыққан»
3.Ахтанов Т. «Ел қасиеті –ер»
4.Әлімжан Е. Егемен Қазақстан
1.Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер Білім баспасы 2007

## THE HERO OF SOVIET UNION BAURZHAN MOMYSHULY

*Цой А.С., учитель английского языка*
*Общеобразовательный комплекс школа-детский сад №77*

*"Don't praise me without measure! Don't torment me without guilt! "*
*B. Momyshuly*

Scientists still cannot give a definite answer to the question "Who is a man?". It turns out that the essence of this issue lies in the man himself, in his inner world and his attitude to everything around him.

One of such figures is Bauyrzhan Momyshuly. Having no combat experience, B. Momyshuly, remaining with his battalion surrounded by the enemy, always led him to his troops without much loss.

Bauyrzhan did not like it when they judged a war by stories or articles of print media: "In the war I read a book written not in ink but in blood. After such a book, compositions are unbearable to me. "

Indeed, do we write about the war - the generation that has not gone through all the horrors and hardships of this difficult time. I would like to dwell on the personal qualities of Bauyrzhan Momyshuly, who contributed to the fact that he became a national hero and an idol of Kazakhstan.

Bauyrzhan did not immediately become a commander. It was not an easy way. He does not deny that in his youth a rebellious beginning was manifested in him: “A forced Kazakh, a steppe horse who does not bear the bridle, was made a soldier. Hard, unbearably hard, the first months in the army were given to me. It seemed humiliating to me: to approach the commander on the run, to stand quietly before him, to listen to the imperative and short: “Without talking! Around! ”Inside, everything rebelled:“ Why without talking? What am I to him- a slave? That I'm not a man like him? I turned pale and blushed, dared and did not submit. ”

They say correctly that it is impossible to understand a person until you find yourself in his place. After the lapse of time, Bauyrzhan was appointed commander, and then he realized the need for unconditional obedience to the will of the commander, the mandatory observance of military discipline.
Bauyrzhan was very strict about his fighters and demanded complete submission to the commander, as was supposed by the Charter of the Red Army. Even in moments of battle, Bauyrzhan did not allow discipline violations. He adhered to the expression "To regret means not to regret", expressed somehow by Panfilov.

As Bauyrzhan wrote, war unmistakably determines who is who. He believed that it was not enough just to be fair and honest, it was necessary to have a decisive, bold character and a clear conscience. Bauyrzhan himself possessed these qualities; he was honest even before the fear of death.

He taught his soldiers: “Honest is he who has a conscience. Let you have knowledge and abilities, let you have dexterity and dexterity, but if you do not have a conscience, do not expect mercy from me. Honor is stronger than death. ”

No matter how strict Bauyrzhan Momyshuly was to the fighters, he treasured and loved them. Perhaps the word “loved” would seem inappropriate to the current generation, but Bauyrzhan said that “in war, in battle, the strongest love and the strongest hatred are born, about which people who have not experienced this have no idea”.
He worried about every soldier, felt paternal responsibility for them.
In one novel, based on the stories of B. Momyshuly, the battle on Volokolamsk highway was described.

According to the order, it was necessary to retreat, for which it was necessary to break through the Germans, withdraw the carts, artillery and the wounded. The companies cover and keep the passage open. Then you need to cover the companies. Who! Machine gunners. They will remain the last. Nobody will cover them. It was hard for Bauyrzhan, he could not sacrifice his people, his fighters. So many experiences, pain and love were conveyed in these lines. And he decided on a risky step, on an action that is not contained in any charter, not a single instruction.

The idea of a breakthrough was that the battalion was built in one line, a rhombus. Inside the rhombus are carts and guns. At the command of the commander, the battalion moves at a moderate pace, preserving the rhombus system and fires volleys on the move, aiming the barrel at the enemy.

“We walked and shot. We pressed the enemies to the ground, did not give the opportunity to raise our heads, move. Not a single fighter violated the system, not one faltered. ... It was worth looking around: if there were any wounded, if someone had been left in the field without protection, without help: if at least one was thrown, it was necessary to somehow detain the enemy and take him out. But there were no abandoned ones. ”

Thanks to the excellent soldier training and accurate calculation, the battalion was withdrawn without much loss.

Near Moscow, in conditions of maneuverable defense, Bauyrzhan Momyshuly as a commander of the battalion of the 19th Guards Rifle Regiment conducted 27 successful battles. For the battles in the Volokolamsk direction, General Panfilov introduced Senior Lieutenant Momyshuly to the Order of Lenin. In 1942, senior lieutenant Momyshuly led the 19th regiment, which took part in the battles for the station and the village of Kryukovo, where he was seriously wounded, continued to command the battle.

Given the many military merits, the commander of the 8th Guards Rifle Division, Colonel I.I. Serebryakov in August of the same year introduced Bauyrzhan Momyshuly to the assignment of the title of Hero of the Soviet Union. In July 1944, Serebryakov again appealed to the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR with a statement on conferring the title of Hero to the Kazakh batyr, but Bauyrzhan Momyshuly received the Star of the Hero only 8 years after his death.

More has been written about Bauyrzhan Momyshuly than about any other person known in our time. Articles, books, poems, but more interesting are the memories of him.

As a person who survived the war, Bauyrzhan possessed a strong character, he did not forgive weakness even to those whom he loved.

“What was his father like?” Harsh. In school years, when my parents sent my classmates on vacations to rest on the Black Sea, to see Moscow, Leningrad, other cities of the Soviet Union, he put me in a common carriage and sent me to the village to my relatives. He was always dissatisfied with me. He said several times: "I am very sorry that I didn’t hit you on the parade ground, corporal." In fact, unlike him, I wasn’t assembled, he called me plasticine, from which you can sculpt anything, then a bit of a bitch ... I think he regretted that I did not wear a military uniform. He believed that form disciplines a person first externally, and then internally.

His severity was only the outer shell, in fact, he was a very caring father. And he educated me in the best traditions of the Kazakh life - he taught me to appreciate the hearth and take care of my wife.

And he sent me to the aul, thinking again about my future. If it were not for these children's trips that terribly offended me, then perhaps I would not have avoided the drama of a whole generation of Kazakhs - I would not have known my native language or customs. ”

About how the father influenced the formation of his son as an individual, as a man, can be found in the novel-essay "Ascent to the Father", written by Bakhytzhan Momyshuly.

He writes that his father tried to instill in him the qualities of a worthy person: "Indifference to the little things of life made him lonely, but he always said, hiding the pain, that he who lives for the people will never be lonely."
As children, we do not understand paternal severity, and only from the height of the past years we realize the need for just such an attitude towards sons.

Bakhytzhan Momyshuly recalled how his father, being dissatisfied with his behavior, said: “Do not confuse pride with pride! Pride is an empty swagger, and for pride you still have no reason. ... others should be proud of your deeds, not you”.

According to Bakhytzhan Momyshuly, his father “did not understand a low and unrighteous life, although he suffered from involuntary contact with her, but was too proud to ask for at least some kind of leniency. He only said: “Do not praise me without measure. Do not torment me without guilt. ”
You can write a lot about this worthy person, but do you need words.... It is important that everyone feels his essence, his soul and heart through stories and novels.

**List of references:**

1. Момышулы Бaурджан [http://www.warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=1543]
2. Бауыржан Момышулы – легендарный Батыр

## ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

*Қайырбек Аружан, 10 В сынып оқушысы*
*Жетекшісі: Есенжолова А.О.*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

*Отанын Бауыржан Момышұлындай*
*сүюді өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ.*
*Н.Ә.Назарбаев*

«Бауыржан Момышұлы кім еді, ұлты үшін қандай еңбек сіңірді?» дегенге келсек, Бауыржан Момышұлы – даңқты қолбасшы, КСРО-ның жоғарғы әскери академиясының профессоры, ұлтын сүйген патриот болуымен қатар, қазақ халқының ұлттық рухын қорғауда қаламды қару еткен қаламгер.

Оның өнегелі өмір жолы, әскери портреті талай жазушылардың қаламымен өрнектелгені белгілі. Олардың ішінде әдеби көркем шығармаларымен қатар естеліктер, ғылыми еңбектер де кездеседі. Бұл тақырыпқа А.Бек, А.Кривицкийден бастап, М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Ш.Мұртаза, Е.Ысмайылов, Ә.Нұршайықов, Ш.Елеукенов, М.Мырзахметұлы, Б.Момышұлы (ұлы), З.Ахметова, М.Қалдыбаев т.б. ғалым-

жазушылар қалам тербеп, батыр бейнесін сомдауда үлкен еңбектер қалдырды. Оған Ғабит Мүсіреповтің Мәлік Ғабдуллинге 1945 жылдың 28 ақпанында жазған хаты дәлел бола алады. Ол: «Бауыржан екеуіңе қатты ризамын. Мемлекет, жалпы жұртшылығымыз да сондай риза. Ешкім еске салмай-ақ, ешкім баспайтынын біле тұра, әділ сөздеріңді айттыңдар. Ұлы да ер, қызы да ер елдің басқа жөндеуге жұпыны көрінетін себеп сөз жоқ өзімізде. Бастау мен қостау ісіндегі топастығымызда. Бұл жөнінде аянбай алысатын істер толып жатыр. Сенің Сәбит, Мұхтар үшеумізге қадай айтқан сөзіңді осы тұрғыдан түсінгім келеді.» [ҚРОММ. 2140-қор. 1-тізімдеме. 346-іс. 12-12-п.]

Бұдан атақты суреткердің азаматтық көзқарасы айқын көрінбей ме? Ол әрдайым әділдіктің жолында жүрді. Бұл хаттың өзі зерттеу нысанымыз болып отырған Бауыржан Момышұлының халыққа адал еңбек етіп, шығармашылығында ұлттық рухтың жоғары болуына айрықша назар аударатыны байқалады. Осы орайда көптеген еңбектері де жарыққа шықты. Мәселен, «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Жонарқа», «Төлеген Тоқтаров», «Бір түннің оқиғасы», «Генерал Панфилов», «Москва үшін шайқас», «Олар менің есімде», «Ел басына күн туса» атты туындылары дүниеге келді.

Қазақ әдебиеті мен мәдениеті үлкен тар жол, тайғақ кешуден өткені белгілі. Бір кездері қазақ зиялылары репрессияға ұшыраса, оған қоса, қазақ эпостары да социалистік идеологияға сай болуы үшін кеңестік цензурадан өтті. Осындай тар жол, тайғақ кешуде жазылған Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұясы» – оның жазушылық шеберлігін халқымыз мойындаған алғашқы шығармасы.

«Ұшқан ұя» повесі қамтитын уақыт кезеңі – Кеңес өкіметі қалып-тасуының алғашқы, яғни 20-ғасырдың 20-50 жылдары. Повесте сол замандағы қазақтардың әлеуметтік өмірі, ағайыншылықпен бүркемеленген малдыныңмалсызды қанау тәсілі айқын көрсетілген. Шыншылдық, нақтылық, өмірді жетік білушілік – жазушыға қажет қасиеттер. Бұл шығармадағыбасты идея –соғыс, көтерілістердің кесірінен елеусіз қалған армандар батырдың қабылдауы, сезім-түйсігі арқылы беріледі.

Шығармада өз анасы дүниеден ерте озып, қалың халық ортасында, қарапайым отбасыда туып-өскен, ақылды ана, қарт ана, әжесі Қызтумастың қолында тәрбиеленген Бауыржан жасынан сезімтал, елгезек, ойшыл болып өскенікөрінеді.

Батырдың соғыстан кейінгі өмірін сөз етсек, 1945 жылдың 16 қаңтарында Алматыға батыр боп оралған Бауыржанды Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев тәрізді ғалымдар соғыс туралы әңгіме-лекция өткізуге шақыртып, кездесу ұйымдастырады. Осы дәрістің стенограммасы кейін «Соғыс психологиясы» деген атпен кітап болып басылды. Б.Момышұлының әскери қайраткер ретінде келешек ұрпаққа ұлағат етіп қалдырған әскери-теориялық және рухани ұлағаттық еңбегіҰлы Отан соғысының шежіресіне Бауыржан Момышұлы есімінің алтын әріптермен

жазылуына себепкер болды. «Соғыс психологиясы» –жастарға арналған кітап. «Соғыс психологиясында» соғыс куәгерінің әңгімесі патриоттық рух, қайтпас жігер, табандылық пен ерлік, аға ұрпақтың батырлық өнегесіне тәрбиелейді, соның лайықты жалғастырушысы болып, қасиетті әскери дәстүрді арттыра түсуге жетелейді.

Отты жылдарда қан кеше жүріп, болашаққа аманат ретінде қалдырған жазушының «Қанмен жазылған кітап» атты еңбегі жастарды патриотизмге, ерік-жігерге, адамгершілікке тәрбиелейтін өнегелі өмір мектебіндей. «Соғыста шындықты табу өте қиын, ал оны жинақтау, қорыту одан да күрделі. Мен соғыс тақырыбына жазылған әдебиеттерді оқыған кезімде олардың көпшілігінің шындыққа келмейтініне көзім жетті. Баспахананың бояуымен жазылған кітаптар да, адам қанымен жазылған кітаптар да болады. Мен баспахана бояуымен емес, майдан даласында шынайы қалпында, бар болмысымен қанмен жазылған соғыс кітабын жаздым», – деп баяндайды Бауыржан Момышұлы «Қанмен жазылған кітабында».

Бұл туралы зерттеуші Мұхтар Қазыбек былай дейді: «Бауыржан Момышұлы мұраларының ішіндегі ең асылы–осы «Қанмен жазылған кітап. Әлем халықтары әдебиетінде Момышұлы қалдырғандай мұра кездеспейді. Оның ең бір құнды жағы батырдың жауынгерлерге, майдандас достарына берген сипаттама, мінездемелері адамның көкірегінде терең із қалдырады». Ендеше қанды соғыстың қатыгез бейнесі шынайы бейнеленген шығарманы назардан тыс қалдырып, тарихқа жауапкерсіздікпен қарамайық.

Бауыржан Момышұлы өз халқын, өз ұлтын сүйгенін ешқашан жасырған емес. Коммунистік идеология қыспағына қарамай, ұлттық құндылықтар туралы ашық көзқарасын жасырмады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өміріндегі көрген білгендерін шығармаларына арқау етті. Бауыржан Момышұлы туралы жазылған өзгелердің де, өзінің де туындыларында оның адамдық болмысы қазақ халқының ұлттық болмысымен бірігіп астасып жатады.

Ойымды түйіндесем, Бауыржан Момышұлы шығармаларының құндылығы бүгінгі таңда баға жетпес мұра болып табылады. Себебі жастарды, жаңа ұрпақты өз ісіне сенетін, кедергілерден қорықпайтын, оның қандайын болса да, жеңе білетін күрескерлік рухта тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н. Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. -2008.- №55.- наурыз – 1.

2. Қаратаев М. Шеберлік шынына. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963. - 339-340 б.

3. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. –Алматы: Жазушы, 1975.

4.«Мәлік Ғабдуллин феноменін зерттеу және зерделеу мәселелері». Қазақстан. – Көкшетау, 25 қараша, 2015.

5. “Ұлы тұлғалар” сериясы – Бауыржан Момышұлы – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2011 - 3 бет.
6. Қанмен жазылған кітап.–Алматы, 1944.

## БАТЫР БАУЫРЖАН ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ

*Акынова Нурлыгул Шакеновна,бастауыш сынып мұғалімі*
*Қарқаралы ауданы, Бесоба ауылы*
*ЖББ №8 орта мектебінің базасындағы тірек мектебі,*
*(Ресурстық Орталық) КММ*

Аңыз-ертегілерде жаугершілік замандағы елін қорғап, көзсіз батырлығымен көзге түскен Ер Төстік, Қабанбай, Бөгенбай сынды батырлар сан ғасырлар бойы бесіктегі баладан ержеткен азаматтарға дейін үлгі тұтар жандар болғаны хақ. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деп айтқан Абай да, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге меңзеп тұрғаны көрер көзі ашық, көкірегі ояу жанға тайға таңба басқандай анық. Европа ғалымдары адам жетістікке жетіп биікке ұмтылу үшін, сол бағытта шыңға шыққан үлгі тұтатын идеал тұлғасы болуы керек деген тәмсіл шығарыпты. Бір естіген адамға, екінің бірі айта салатын оңай дүние, тек бар мәселе сені жетістікке жетелейтін дұрыс тұлға табуында болып тұр.

Куба революциясының басшысы Эрнесто Че Гевара, Боливия үкіметінің қолына түсіп, 1967 жылдың 9 қазанында ату жазасына кесіледі. Дүниеден өткен соң, саналы ғұмырын соғысқа арнаған жанның сөмкесінен Александр Бектің Бауыржан Момышұлы туралы жазған «Волоколамск тас жолы» кітабы шығыпты. Ал Че Гевароның ағасы революциядан кейін 50 жыл Кубаны басқарған Фидель Кастро да, «кумирім Бауыржан Момышұлы» деп Баукеңді бостандық аралына қонаққа шақыру үшін арнайы өзі Мәскеуге келеді. Осы орайда «ағайынды екі революционердің қазақтың Бауыржанын үлгі тұтуының себебі неде?» деген сұрақтың туары сөзсіз. Бұл сауалға кубалық тағы бір көтерілісші Фернандо Мартинес «Кубалықтар марксизм мен ленинизмді зерттеуден бұрын «Волоколомск тас жолын» оқиды, бұл кітап оларға соғыс әрекеттерін жүргізуде оқулыққа айналды» деп жауап қатқан. Әрине, аз ғана қолмен, жұпыны қаруланып, мемлекеттің жер қайысқан, мұздай қаруланған әскеріне төтеп беруі қиын еді, сондай шақта оларға дивизия командирі Момышұлының екінші дүние жүзілік соғыста қолданған әдіс-тәсілдері үлкен жеңіс әкелді, сол себепті де ақылы мен көзсіз ерліктері ұштасатын батырды өздері де, ұрпақтары да үлгі тұтып, елдеріне шақырып құрметті қонақ қылды, ақыл-кеңесін алды.

«Алтынның қолда барда қадірі жоқ». Кубалықтар төбесіне көтерген Бауыржан Момышұлының бағасына жете алдық па? Әрине, халық батырын қалай ұмытсын. Алайда бүгін де өскенде Бауыржандай ер жүрек сарбаз боламын деп жүрген бала табу қиын-ау! Кейде батыстың

киносындағы ойдан шығарылған қаһармандарға ұқсаймын деп жүгіріп жүрген жеткіншекті көргенде ішің удай ашиды, ашиды да қояды, баланың кінәсі жоқ, кінә –Бауыржанның тұлғасын таныта алмаған үлкендерде. Қиын ештеңесі жоқ, шүкір, Бауыржан да, Бауыржан туралы да жазып кетті, айтып кетті, тек соны оқытсақ, қызықтырсақ, баулысақ болғаны. Жалпы ер баланың қазақта орны ерек, елдің тұтқасын ұстап, жау келсе кеудесін тосатын да жігіттер, сондықтан баланың бойында елін сүйетін, ұлтын сүйетін мінез қалыптастыру қашанда маңызды. Қылышынан қан тамған Кеңес одағы уақытында тегіне Момышев деп жазғызбай, Момышұлы болған Баукеңнің бойынан қасқайған қазақы мінезді аңғару қиын емес, сол құжатындағы «ұлы» деген сөз Мәскеуді жаудан аман алып қалса да, Кеңес Одағының батыры деген атақты дүниеден өткен соң алуына себеп болды.

Иә, балаң нағыз ер азамат болсын десең, Баукеңнің тұлғасын таны, зерделе. 70-жылдардың соңы, бір газеттің тілшісі Баукеңнен сұхбат алмақ ниетте есігін қақпай ма, 20-дан сәл асқан жас жігіт, сол кездің «модасымен» шашын иығына дейін өсірген, кең балақ шалбар, салбыраған жеңді көйлек киіп барыпты. Жігіттің бедерін көрген Баукең қолына мылтығын алып, мынау еркек пе, әйел ме деп үйінен қуып шығады емес пе, ертеңінде әлгі жігіт шашын алғызып, дұрыс киімін киіп қайта барыпты. Бұл жерде Алланың жаратылысына қарсы шықпай, еркектің еркек, әйелдің әйел бедерінде қалу керектігін байқаймыз. Бүгінгі қоғамда мылтығымен қуалайтын Баукең жетпей ме, қалай?

Момышұлының бойынан батырлық, ержүректік қана емес, адамгершілік, кемел парасаттың иесі екенін аңғару қиын емес. «Сөз қадірі – өз қадірің, өз қадірің – ел қадірі» деген сөзінен-ақ халықтың беделі мен болашағына уайым жеген жан екенін білесің. Саналы ғұмырында сөзбен ғана емес, жүріс-тұрысымен, ғибратқа толы істерімен де мол мұра тастап кеткен Баукең патриоттықтың символы іспеттес. Көптеген орамды ойлары мақал-мәтел деңгейіне дейін жеткен, мысалға «Отан үшін отқа түс, күймейсің», «Бақаның бағынан сұңқардың соры артық», «Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызмет ет», «Тізе бүгіп тірі жүргенше, тік тұрып өлген артық» деген сынды сөздері күнделікті қолданатын мақал-мәтелге айналып кеткелі қашан. Қорыта айтқанда, еліне орасан зор пайдасы тиген Бауыржан Момышұлы дүниеден өтсе де, әлі күнге батырдан алар тәліміміз орасан. Тек алыбымызды ардақтап, ұлттың ұраны болған Момыштың ұлын ұлықтай білсек, келер ұрпақтың санасына сіңдірсек, баба алдындағы, болашақ алдындағы, қоғам алдындағы борыштың өтелгені болмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ә.Нұршайықов «Аңыз бен ақиқат»
2. Газет-журнал материалдары

# БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҚАҺАРМАН ҰЛЫ

*Куйкалакова Б.К., қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*
*ЖББ №77 мектеп-балабақша кешені,*
*Абильгазин С.И., қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі,*
*№68 мектеп-интернат*

Тарихымызды саралайтын болсақ, батыр да, қолбасшы да аз болған жоқ. Осы орайда Отан үшін от кешіп, ерлік ісі ерекше, қаймықпас қайсарлығы өз алдына, қолбасшылық қабілетімен өзге ұлтты тәнті еткен қаһарман атамыз – Бауыржан  Момышұлының шоқтығы биік. Көзінің тірісінде Бауыржан Момышұлы қарағайға қарсы біткен бұтақтай алабөтен мінезі, өрескел тұлғасы мен сирек кездесетін озық ақыл-ойы арқылы жұрттың бәрін тәнті етті, төрткүл дүние халқына танылды. Баукең қару мен қаламды қатар ұстаған жан еді. Бауыржандай от тілді, орақ ауызды батырымыздың қаймықпай ұлт мүддесін қорғауына қарап, оны біздер үшін отансүйгіштіктің үлгісі деп еш күмәнсіз айта аламыз. Жазып қалдырған туындыларының өзі еліне деген сүйіспеншілік пен махаббаттың, ерлік пен елдіктің үлгісі болып қала бермек.

Қазақ халқы батырын дәріптеп ұрпаққа үлгі, келешекке өнеге ете білетін халық. ”Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер болмас”-демекші, Бауыржан Момышұлы жайында жазылған еңбектер аз емес. Сол жазбаларға жүгінсек, намысты, рухты Баукеңнің бойындағы қазақылық, ұлтына деген шексіз сүйіспеншілік бала кезінен қалыптасты. Сәбидің жұдырықтай жүрегі әділдікке ұмтылды. Ең басты қасиет – адамды  алға сүйрейтін де, көп нәрсеге жетелейтін де – адамдық,  ұлттық намыс, жалындаған жігер мен рухани құндылық оның бойында жастайынан тұрақтаған.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы дүниеге келді. Ол  өмір сүрген жылдар  қазақ үшін ең ауыр да алапат, зұлмат кезеңдер еді. Ашаршылық, репрессия, одан кейін Ұлы Отан соғысы… Осы ретте майдан даласында Баукең мықты қолбасшы, ержүрек ер екенін көрсете білді. Ол әкери өнерге жаңалық енгізді десе де болады. Тарихты терең білетін, көп нәрсеге өзіндік көзқарасымен қарайтын. Сондай мінезінің, білімінің, біліктілігінің арқасында кескілескен майданда тарихта болмаған түрлі айла-тәсілдерді пайдаланған. Соғысқа өлім үшін емес, өмір үшін бару керек екенін әр сарбаздың құлағына құйып санасына сіңірді. Әрдайым өз жасаған ісіне адал, жауапкершілікпен қарап, ылғи да дұрыс шешім қабылдай білген. Ерлігі үшін тірі кезінде Кеңес Одағының Батыры атағы берілген, бірақ бұл атақты ол алмаған, кейін қайтыс болғаннан кейін ғана берілді. Бұл оның қарапайымдылығын, басқаларға жол беруін, өзін басқалардан жоғары санамайтындығын көрсетеді. Бауыржан Момышұлы ұлттың мүддесін, ел арманын, мақсатын бәрінен бұрын жоғары қойған деседі.Өзін барлық уақытта еркін сезінген, тәуелсіз адам болған, байлыққа да, атаққа да, мансапқа да бас имегені тәнті етеді.

Соғыстан кейін Бауыржан атамыз толықтай шығармашылықпен айналысты. Өз білген, көргенін шығармаларына арқау етті. Оның қаламынан туындаған әңгіме, повесть, романдар оқырмандарды қызықтырып, көзқарастарын өзгерте алған. Ой өрісі кең, ойшыл, терең ойлы қабілетімен «Ұшқан ұя», «Мәскеу үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан», «Куба әскерлері» атты әдеби шығармаларымен танылды. Мысалы, «Ұшқан ұя» кітабында Бауыржанның балалық шағы, әкесімен өткізген оқиғалары баяндалады. Қазақ ауылы, халықтың жағдайы шынайы суреттер арқылы жасалған. Ал «Мәскеу үшін шайқас» кітабы Бауыржанның соғыс кезіндегі бастан кешкен оқиғалары туралы. Ол кісі бір ғана өнерімен шектеліп қалған жоқ, Баукең өте жан-жақты адам болған. Бұл жайында, жауынгер-жазушы Дмитрий Снегин: «Мен қазақтың арасынан Бауыржанмен салыстыруға келетін жан таппай жүрмін. Бәлкім, таппайтын да шығармын» деп пікірін білдірген. Бауыржан атамыздың әр жазған туындысының мәні терең, бір ойға қалдыратын, өзіндік ерекшелігі бар екендігін көруге болады. «Мен профессионал жазушы емеспін. Мен әскери мемуар жазушы ғана кісімін» - деп Б. Момышұлы өзі жайлы айтатын, ешқашан өзін мақтап жазушымын деп айтпаған. Дегенмен, жазған шығармалары барлық жазушылардан ерекшеленетін. Сонымен қоса Бауыржанның тілге шешен болғандығы, оның нақыл сөздері қалдырғаны да – бір тарихи мұра. Мысалы, «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу - сатқындықтың белгісі», «Елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды», «Опасызда Отан болмайды». Міне, байқағанымыздай, Баукеңнің әр жазбасы ерлік, батырлық, елге деген сүйіспеншілік, патриоттық рух жайында. ”Отан – отбасынан басталады”-дегендей, Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» атты шығармасында: «Келген қонақ ең алдымен менің атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін. Елтанудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген» деп жазылған. Қазақта «ұяда не көрсе, ұшқанда соны аласың» деген қанатты сөз бекер айтылмаса керек. Батырдың бойындағы адамгершілік қасиет, ең бірінші – анасының ақ сүтімен дарыған болса, екіншіден, қоршаған ортасының, әкесінің тәрбиесімен берілді.

Бауыржан Момышұлы жайында бірталай көркем шығармалар жазылған. Мысалы: А. Бектің «Арпалыс», Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», келіні З. Ахметованың «Шуақты күндер», ұлы Бақытжанның «Жанымның жарық жұлдызы» атты туындылар қаһарман батыр жазушының болмысын ашып, тарихи келбетін айшықтай түсті. Қазақ елі қаһарман-қолбасшы батыр ұлы – Баукеңді сан қырына танып білді десе болады. Оның салған ізі ұрпақтар санасында сан жылдар бойы сайрай береді. Бауыржан Момышұлы туралы жазылған кітаптар, пікірлер, шығармалар, түсірілген фильмдер, жүргізілген зерттеулер өте көп. Ер есімі – мәңгілік ел есінде! Ұлтың сүйген ұлы тұлғаны дәріптеп, ерлік, кемеңгерлік істерін бүгінгі ұрпаққа жеткізу қашан да маңызды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**
1. Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» 1974 ж, 14-б;
2. Бауыржан Момышұлы «Ұлы тұлғалар» сериясы, Алматы 2011ж.
3. Еркін Жаппасұлы «Бауыржан Момышұлының мақал-мәтелдері, қанатты сөздері»
4. Бауыржан Момышұлы «Ұлы тұлғалар» сериясы, Алматы 2011ж.
5. Көпжасар Нәрібаев «Ұлтымыздың ұраны болған ұлы тұлға»

## ҚЫРАН МІНЕЗДІ ҚАҺАРМАН БАТЫР

*Орындаушы: Муканова Диляра Сапаровна 9 сынып оқушысы*
*Жетекшісі: Аяукан Батархан., тарих пәнінің мұғалімі*
*Қарағанды қаласы, «№68 мектеп-интернат» КММ*

Аты аңызға айналған қазақ елінің акиық қыраны Момышұлы Бауыржан (1910-1982жж)-екінші дүниежүзілік соғыстың даңты жауынгері, Халық Қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Туған жері Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені. Атамыз 7 жылдық мектепті бітіргенннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болады. 1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В. Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады. Батальон, полк командирі қызметтерін атқарады.

Өздеріңіз білесіздер, Ұлы Отан соғысы 1418 күн мен түнге созылды. Сол 1418 күн мен түнде бастан аяқ соғыс ауыртпалығын көріп, қиыншылықтарын басынан кешірген командирлердің бірі еді. Бұл соғысқа 200 рет рет қатынасып, тозақтың отына бетпе-бет келді. Сол шайқастарда 4 рет өзінің батальонының бірде-бір адамын шығын етпей, тұтқынға түсірмей, аман-есен өзінің дивизиясына алып келе білді. Ұлы Отан соғысында мұндай ерен ерлік жасаған адамдар сирек. 5 рет қоршауда қалып, бұзып-жарып шыққан. 7 рет жарақаттанып, 3 рет контузия алған Москва түбіндегі шайқастағы ерлігі сол кездің өзінде Одақ көлеміне аңыз болып тарады. Атамыздың осындай ерлігі жөнінде белгілі орыс жазушысы Александр Бек «Волоколамское шоссе» қазақшасы «Арпалыс» повесін жазады.

Мәселен, Мәскеу түбіндегі нағыз қысылтаяң шақта: «Крюковадан шығысқа қарай жер жоқ!»-деп картаның жартысын қылышпен шауып тастаған екен.

Соғыстан кейін Баукең Кеңес Армиясы Бас Штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери педагогикалық жұмыспен айналысады. Қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығын

арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналды. Оның кітаптарының жалпы таралымы 2 миллионнан асып кеткен еді. Баукеңнің кітаптары Кубада және Израилде 20 рет, Польшада 15 рет, Чехословакияда 13 рет басылып шыққан.

«Қызыл империя күшейіп тұрған шақта Баукеңнің асқан батырлығы да, қайраткерлігі де, жазушылығы мен ойшылдығы да дұрыс бағаланған жоқ. 45 жыл бойы батыр атағына 2 рет ұсынылса да берілмейді. Мәскеудегі Жоғары академияда 5 жыл «Жоғарғы тактикадан» аға оқытушы болып, қызмет атқарып, ұстаздықтың ең биік шыңына жетті. 13 жыл генералдық қызмет атқарды. Бірақ генерал шені берілген жоқ.

Аңыз адам, батырдың бейнесіне көз жүгіртсек оның көз жанарының оттай өткір, бадандай үлкен екенін байқаймыз. Көз көргендерінің айтуы бойынша соғыс кезінде немесе ашуланған кезде бұл көздер найзағайдың отындай жарқылдаған. Бұл Бауыржан батырдың ең басты ерекшелігі. Әрбір уақытын есептеп жүреді. Жас кезінен кітапты көп оқыған. Үлкендерді сыйлаған. Білімділердің сөзін құлақ қойып тыңдаған. Өз ұлты мен оның тілін, дәстүрін жанындай сүйген. Әрқашанда Отан үшін жанын қиюға дайын тұрған. Игерген өнерлері көп. Атап өтсек:

- Құралайды көзге атқан мерген;
- Турникке және басқа спорт түрлерінен де озық жетістіктерге жеткен;
- Ат құлағында ойнайтын шабандоздығы мен атбегілігімен аты шыққан;
- Москва түбіндегі шайқастағы атақты ақ боз аты туралы аңыз әңгіме көп;
- Әсіресе қарамағындағы жауынгерлерді соғысқа тәрбиелеуде өте озық нәтиже көрсеткен. Нағыз қаһармандарды тәрбиелеген және жауынгерлерінің «Батька» «Ақсақал» дегендей қошеметіне ие болған;
- Әскери қолбасшылығы өз алдына бөлек әңгіме. Генералдарға сабақ берген ұстаздығы да бір төбе. «Бауыржан Момышұлының соғыс тактикасы» деген оқу пәні Израиль еліндегі әскери оқу орындарында оқытылады. Және студенттер ол пәннен емтихан тапсырады. Кубаның әскери мектептерінде де Баукеңнің соғыстағы әдіс-тәсілдері бойынша дәріс беріледі. Осыны ескерсек, Баукеңді әскери ғылымның нағыз білгірі деуге болады.
- Кітабы әлемге тараған жазушы. (Кубадағы қолтаңба қоюы)
- Көпшілікке белгісіздеу өнері суретшілігі (Анасының өзі салған суреті)
- Бильярд ойынының шебері. Сегіз шарды тоқтатпай торға тоғытқан сәттерін ескерсек, бүгінгі ең мықты бильярдшылармен бәйгеге түсетіндей қабілет иесі.
- Сөзге шешен және тапқыр.

Бақытжан Момышұлының «Восхождение к отцу» кітабындағы Баукеңнің парыз туралы айтқан ойлары терең тамырлы дәлелдерімен назар аудартады. Келіні Зейнеп Ахметқызына «Мені аударам деп қаратер болмай-ақ қой» - дейтін аталы сөзін қаперге ала отырып, орысша мәтінін қаз-қалпынша ұсынуды жөн көрдік.

«... Каждый должен хорошо выполнять свой долг на своем месте. Сейчас ваш долг – добросовестная учеба и надо учиться не только языку и педагогике, но и трудолюбию, честному отношению к делу. В этом прочный залог будущих успехов, спокойной совести, Малый долг, который обернется большим.» 06.12.1947 жыл Красноярскіде жазған мына өлеңінде:

Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде,-
Деп жылар қайран қазақ мен өлгенде
Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді,
Тарихтың түкпірінен сөз келгенде – дейді. Байқап қарасақ, «Сексен мен жүздігімді» деген атаулы сандардың астарында үлкен мән жатыр. Неге десеңіздер, 80 жылдығында Бауыржан атамыз Кеңес Одағының Батыры атағын алып, халқымен қайта қауышса, 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілді.

Осы мерейтой қарсаңында Бақытжан аға мен Зейнеп жеңгеміздің және немересі Ержан Момышұлының арнайы сарапшылық етуімен «Өнер» баспасының директоры, жазушы, «Қаһарман Бауыржан Момышұлы» атты фотоальбом жобасының үйлестірушісі Әшірбек Көпіштің басшылығымен бес бөлімнен тұратын 2000 данадан асатын құнды суреттер жиынтығын арнайы альбом етіп шығарылды.

Қазақтың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлының туғанына 100 жыл толуына орай Ресей елордасындағы мектептердің біріне батырдың есімі берілді. Мұндай бастаманы сол кездегі Қазақстанның Ресейдегі елшісі З.Тұрысбеков пен Мәскеу мэрі Ю.Лужковтың кездесуінде көтерілген болатын. Батыр атамызға мәскеуліктердің құрмет көрсетуі орынды. Б.Момышұлы 1941 жылы Москва түбіндегі сұрапыл шайқастарға қатысып, қайсарлық пен ерліктің ерен үлгісін танытқан болатын. Бір айта кетерлігі, бұған дейін Мәскеудегі №189 орта мектепке Әлия Молдағұлованың есімі берілген екен. Кездесу барысында Қазақстан жағы осы мектепті заманауи үлгіде жарақтандыруды және күрделі жөндеуден өткізуді мойындарына алатындықтарын мәлімдеді.

Өмірде білген-түйгені көп Бауыржан атамыз халық ауыз әдебиетін қастерлеген, соны терең білген. Оның өлеңдерінің батырлар жырына ұқсас болу себебі де сонда жатса керек. Атамыздың ел аузында жүрген мақал-мәтелдері өте көп. Енді кезекті соған берсек:

Отан үшін отқа түс-күймейсің.
Ерлік елеусіз қалмасын.
Ана үшін аянба – ант ұрады,
Бала үшін аянба – бетің күйеді.
Ел үшін аянба – ерлігіңе сын,
Жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын.
Тәртіп – тән үшін,
Ынтымақ – жан үшін керек.
Тәртіпке бас иген – құл болмайды,

Тәртіпсіз – ер болмайды.
Ерлік – елдің қасиеті,
Жүректілік – жігіттің қасиеті.
Тірескеннің тізесін бүктірген – ер,
Белдескеннің белін сындырған – ер,
Жағаласқанның жанын жаһанамға тапсырған – ер.
Тізе бүгіп, тірі жүргеннен,
Тіке тұрып өлген артық.
Атақ – ерге сауға, олжа – елге сауға.
Тексізден – тезек артық,
Арсыздан – айуан артық.

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту-бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» деген Бауыржан халқын сүйген, ұлтын сүйген, ана тілін қастерлеген:

Көшеде бояу ерін сылқылдаған,
Былдырлап орысшалап жырқылдаған.
Ұмытып ана тілін, салт-санасын,
Не қалды тілімізде жыртылмаған?-деп ана тілінің жағдайына сонау 1944 жылы алаңдаушылық білдірген екен.

Б.Момышұлының «Офицер күнделігі», «Москва үшін шайқас», «Майдандағы кездесулер», «Біздің генерал», «Ұшқан ұя», «Куба әсерлері» тағы басқа романдары, әңгімелері және Баукең жайлы жазылған естеліктер, мақалалар, көркем шығармалары сан алуан. Оған А.Бектің «Арпалыс», Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», Мекемтас Мырзахметовтың «Батыр Бауыржан», З.Ахметованың «Шуақты күндер» тағы басқа шығармалары бізге рухани азық.

«Менің рухым!»-Жаужүрек Бауыржан бабамыздың осыдан 65 жыл бұрын ойран болған Отан үшін шайқас барысында көрсеткен жанқиярлық ерліктері!

«Менің рухым!»-«Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген нақыл сөзді ұстанып, осы қағиданы азық етіп өмір сүрген Бауыржан атамыздың өжеттігі мен өр тұлғасы!»

«Менің рухым!»-дивизия командирі Бауыржан ағамыздың сұрапыл соғыс жылдарында қан кешіп жүріп, қазақ тілін жоғалтып алмау жайлы жазып кеткен әрбір өсиеті!»

«Менің рухым!»-Ержүрек Баукең аңсап өткендей, қазақтардың бір – бірімен қазақша амандасуы, іс қағаздардың мемлекеттік тілде жүргізілуі!

«Менің рухым!»-Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы армандап, алайда көре алмай кеткен қалаларымыз бен ауылдарымыздың, даңғылдарымыз бен көшелеріміздің қазақша аталуы!

«Менің рухым!»-«Фамилияңызды Момышов деп өзгертейік» дегеніне көнбей, оны «қорлау» деп түсінетінін қорықпай айтып, «Момышұлы» деген фамилиясын сақтап өмірден өткен Атамыздың табандылығы!

«Менің рухым!»-Атасы Бауыржан Момышұлының өсиетіне адал болып өсіп, намыстарын ешқашан да, ешкімге таптатпай, Желтоқсан көтерілісінде өмірлері қиылып, қыршын кеткен ұлтымыздың ұл-қыздарының қайсарлығы!

«Менің рухым!»-Кескін-келбеті мен кесек тұлғасы маршалға бергісіз Бауыржан секілді жүрек жұтқан ұлды дүниеге әкелген ҚАЗАҚ деген қаһарман ұлттың лайықты перзенті болу!

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Б.Момышұлы «Қанмен жазылған кітап»/Ауд.М.Қозыбаев/ Алматы: Қазақстан, 1991 ж.
2. Ә.Сәрсенбаев «Батырлардың ізімен». Алматы: Жазушы, 1974-208 б.
3. Е.Сахариев «Мұраты биік мұзбалақ. /Ерлігі, өмірі ұрпаққа сардар Бәукең хақында. Бауыржанға арналған көрме/». Жетісу- 2000 ж.
4. Ж.Тіркешбайқызы «Хас батырлар батыры: /Халқымыздың қаһарман перзенті Бауыржан Момышұлы атаның 90 жылдық мерейтойы қарсаңында/». Ұлан- 2000 ж.
5. Б.Момышұлы «Адам қайраты: Әңгімелер». Алматы: Жалын, 1981 ж.


## 3-бағыт. «Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім»


*Кулпеисова Сабира Избасаровна,*
*Сатыбалдина Лаззат Сериковна,*
*Сейтжанова Толганай Газизовна,*
*№41 мектеп-гимназия мұғалімдері*


## «Ерлік – ұрпаққа ұран» қалалық танымдық-теориялық сайысын өткізу
## ЕРЕЖЕСІ

**Жалпы ережелер**

Осы Ереже Қарағанды қаласының мектеп оқушылары арасында өткізілетін «Ерлік – ұрпаққа ұран» сайысының мәртебесін, мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

Қарағанды қаласы Білім бөлімі және А.Байтұрсынұлы атындағы №41 мектеп-гимназиясы сайыстың ұйымдастырушысы болып табылады.

**Өткізілетін мерзімі:** 10.10. 2020 ж.

**Сайыстың құрылымы:**

**Сайыстың негізгі мақсаты** – Б.Момышұлының өмірі мен шығармашылығы туралы білімді кеңейтуге мүмкіндік туғызу.

**Сайыстың негізгі міндеттері:**

Жасөспірімдердің интеллектуалдық шығармашылығын дамыту және оларға қолдау көрсету;

Б.Момышұлының шығармаларының ұлттық құндылықтарын таныту.

**ІІ. Сайыстың қатысушылары**

Сайысқа қаланың жалпы білім беретін мектептері, лицей, гимназияның оқушылары қатыса алады.

Делегация жетекшілеріне конференцияның өткізу орнына дейінгі, кері қайту жолындағы, оның өткізілу барысындағы қатысушылардың өмір қауіпсіздігіне жауапкершілік жүктеледі. Жетекшілер тиісті білім беру ұйымдарымен тағайындалады.

**Сайысты ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

Сайыс 1 кезеңнен 3 бағыт бойынша өтеді:

Қатысу тілі: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі

Сайысқа қатысушылардың сұраныстары төмендегі бағыттар бойынша қабылданады:

**1-бағыт «Театр әлемінде»**

**Шарттары:**

1. Б. Момышұлының шығармашылығынан сахналық қойылым көрсету.
2. Сахна мәдениетін сақтау (ұзақтығы 8-10 минут).
3. Бір мектептен 1 ғана қойылым.

**2-бағыт «Сөз — адамның айнасы»**

**Шарттары:**

1. Б. Момышұлының қанатты сөздерін жатқа оқу (50-ден кем емес).
2. Тіл тазалығы, дауыс ырғағы.

**3-бағыт «Ұлттық жаңғыру – туған жер тұтастығы мен ел болашағы»**

**Эссе тақырыптары:**

1. «Отбасы өнегесінің Бауыржанның тұлға ретінде қалыптасуына ықпалы».
2. «Ұшқан ұя» ұлағаты» («Ұшқан ұя» романы бойынша).

**Сайысқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

Театрлық қойылымның тақырыпқа сай болуы;

Эссенің талаптарға сәйкес жазылуы;

Сөз мәнері, сырт бейнесінің талапқа сай болуы.

**Марапаттау**

Әрбір сайысқа қатысушыға «Ерлік – ұрпаққа ұран» қалалық танымдық сайысының бағыттары бойынша Алғыс хат беріледі. Әр бағыт бойынша үздік жұмыстар I, II, III дәрежелі Дипломдармен марапатталады.

«Ерлік – ұрпаққа ұран» қалалық танымдық-теориялық сайысының әділ қазылар алқасы

Әділ қазылар алқасы қатысушылар жұмыстарын бағалаудағы даулы мәселелерді шешіп, сайыс жеңімпаздарын анықтайды.

**Сайыстың өтетін орны:** Қарағанды қаласы. А.Байтұрсынұлы атындағы № 41 мектеп-гимназия (мекен-жайы: Қарағанды қаласы. Н.Әбдіров даңғылы, 37/1).

Сайыс сұрақтары бойынша Қарағанды қалалық білім бөліміне және №41 мектепке хабарласа аласыздар.

Анықтама телефондары: 50-00-27;

Сайысқа сұраныстарды қабылдау, іріктеу жұмыстарына жауапты: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері.
E-mail: tolganai_gazizovna@mail.ru

## ДАНА ДА ДАРА ТҰЛҒА

(5-сыныпқа арналған тәрбие сағаты)

*Куанбаева Т.А.,ағылшын тілі пәнінің мұғалімі*
*Қарағанды қаласы*
*Жалпы білім беретін №76 мектеп*

Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы Бауыржан Момышұлына арналған «Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім» тақырыбында өткізілетін аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияға «Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім» бағыты бойынша сынып сағатының құрылымы




**Мақсаты:**

Халық Қаһарманы Б.Момышұлының өмір жолын оқушыларға таныстыру арқылы олардың білімге құштарлығын ояту, адам бойындағы жақсы қасиеттерді дарыту, жетістікке жету жолдарын көрсету, патриотизмге, еңбексүйгішттікке баулу.

**Сабақ түрі:** топтық жұмыс

Мұғалімнің негізгі функциясы ол бағыттаушы, сабақ үстіндегі процесті ұйымдастырушы, ой қозғаушы. Оқушылардың пікірін қолдап, тақырыптың аясында сұрақтар қойып қорытындылап отырады. Сыныпта дискуссиялық жағдай орнатып, сол арқылы оқушылардың қызығушылығын оятуға, белсенділігін арттыруға тырысады.

САБАҚ БАРЫСЫ:

*1 КЕЗЕҢ (8 минут)* Топтарға бөлу. «Қағаз қиындылары»

Бастапқы кезеңде мұғалім оқушыларды топқа бөліп, мәтіндерді үйлестіреді. Әр топ өзі сөз бойынша топқа бөлінеді. Мұғалім оқушыларға таңдаған сөздері (қаһарман, жазушы, қолбасшы, стратег) негізінде бүгінгі тақырыпты анықтауды ұсынады.

Оқушылар топқа бөлініп, тақырыпты анықтап болған соң видеокөрсетілім көрсетіледі.

https://www.youtube.com/watch?v=MdfRJTYKcc8

*II КЕЗЕҢ (15 минут)*

Оқушыларға мәтінмен жұмыстану кезінде төмендегі сұрақтар аясында талдау жұмыстарын жүргізу ұсынылады. Оқушылар топтық жұмыстану кезінде өз рөлдерін бөліп алады. Мұғалім оқушылардың пікірі аясында қосымша сұрақтар қойып, ойларын қорытындылап, баға беріп отыруға және оқушылардың өздеріне кері байланыс жасауға мүмкіндік жасап отырады.

Тапсырма:

- Берілген мәтінде негізгі ақпарат не деп ойлайсыз? (өзіндік пікіріңді білдір).
- Мәтіндегі кейіпкердің басты қасиеттері оның тұлғалық образын аша ма? Өзіңіздің бойыңыздағы бар немесе болғанын қалайтын қасиеттерді байқадыңыз ба? (аргументтер жинап, фактілермен дәлелде).
- Сіздің ойыңызша жетістікке жету жолы бұл мәтін арқылы көрініс таба білді ме?
- Сіз өз мақсатыңызға жету үшін қандай әрекеттер жасап жатырсыз және ол осы мәтінде байқалды ма? ( салыстыру және анализдеу, жағдайға баға беру)

**№ 1. Балалық шақтың іздері**

Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау ауылында туған.

Дулат тайпасының Шымыр руынан. Имаш бабасы 1911 жылы 92 жасында дүниеден өткен. Әкесі Момыш өз бетімен ескіше сауат ашқан, кирил алфавитімен оқуды меңгерген сол кезеңдегі көзі қарақты адамдардың бірі болған. Ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен танымал болатын. Имаш атасы қартайған кезінде барлық шаруашылықты Момыш ұлына табыстаған. Әжесінің есімі - Қызтумас, қартайған шағында ағайын-туыс "сары кемпір" деп атаған. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында өседі [1]. Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» повесінде есін біле бастағаннан мектепке барып, сабақ оқып бастағанға дейінгі өмірі, өскен ортасы, ауыл адамдары, сол кездегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі суреттеледі. Батырдың мейірімді, дана әжесінің тәрбиесінде болғаны, ол кісінің сан түрлі ертегілер айтып беруі Абайды еске түсіреді. Ерекше ыстық әже махаббатымен, үлкендердің батасымен өскен, білім алған баланың үлкен азамат болу заңды шығар. Кітапты оқып отырып, сол кездегі қазақ ауылы, кеңпейіл халық көз алдымнан көркем фильмдей өтіп жатты. Қазақы мінез, дәстүр, өнер, шынайы суреттеулер тәнті етеді. Сағындырады. Автор балалық шағын, естеліктерін арқау етіп, бауырмалдықты, достықты, ерлікті, адал да аңқау, қарапайым ауыл адамдарын шебер суреттеген [2].

**№ 2. Болашаққа бастар жол**

1921 жылы бастауыш мектеп-интернатына түседі. 1924 жылдан бастап жеті жылдық мектепті Шымкент қаласында оқиды. Бұл сол өңірдегі 1924 жылы ашылған алғашқы жетіжылдық мектеп болатын. Бауыржанмен бір сыныпта Әбділда Тәжібаев және Құрманбек Сағындықов оқиды. 1928

жылы мектепті үздік бітіріп, Орынбор қаласындағы Қазақ Педагогикалық институтына оқуға түседі. Институт директоры Тоқтыбаев деген кісі болатын. Жас баланың қатты суықта жұқа киіммен жүргенін көріп, өзінің кабинетіне шақыртып алады. Баланың қолына бухгалтерияға қағаз жазып беріп, осы қағаз бойынша ақша алатындығын және сол ақшаға ауылға қайтатындығын айтады. Осындай тұрмыс жағдайына байланысты оқудан кетеді. Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. 1928-1930 жылдары бастауыш мектепте ұстаздық етеді. Біраз уақыт аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы ретінде қызмет атқарады. Аудандық милицияда 6 айдай жұмыс істейді. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болады.

1932 - 1934 жылдар аралығында Қызыл Армия қатарында қызмет етеді. 1933 жылы полк мектебін бітіреді. Атқару комитетіндегі қызметімен көзге түскен Бауыржан Тимофей Дубовиктің қолдауымен Шымкент өнеркәсіп банкісінің экономисі болады. Осы қызметте жүрген уақытта 1936 жылы Республикалық банктің меңгерушісі Б.М. Барханның жолдамасымен Ленинградтағы Финанс академиясының жанындағы бір жылдық курсты бітіреді. Біліктілігін бағалаған басшылық оны КСРО өнеркәсіп банкінің республикалық басқармасына аға консультант ретінде тағайындайды.1936 жылы жаңадан құрылып жатқан бөлімге взвод командирлігіне шақырылады. Бұл кезде рота командирі, полк штабы бастығының көмекшісі болады [1].

**№ 3. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдары**

1941 ж. Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына қосылды. Ұлы Отан соғысына 1941 жылдың қыркүйегінен бастап қатысты. 316 атқыштар дивизиясының жасақталуына белсене атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанады.

1941 жылдың 26 қарашасында маршал Рокоссовский полк командирі етіп тағайындайды.

1941-1945 жылдары Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі, соғыстың соңғы жылдары аталған дивизияның командирі болады. 1941 жылдың 16-18 қараша күндері аралығында Вермахтың Мәскеуге екінші дүркін шабуылы кезінде Б.Момышұлы басқарған батальон өз дивизиясынан қашықта Матронино селосының

маңында Волоколам тас жолында аса ерлікпен соғысты. Комбаттың дарынды басшылығының арқасында неміс әскері бұл маңда 3 күнге іркіліп қалды. Бұл ерлігінен соң жас комбат өз сарбаздарын қоршаудан соғысқа қабілетті жағдайда алып шықты. 1942 жылдың 6 маусымында "Қызыл Жұлдыз" орденімен марапатталады. 1945 жылдың 21 қаңтарынан бастап гвардия полковник Бауыржан Момышұлы Екінші Прибалтика майданының, 6 гвардиялық армиясының, 2 гвардия атқыштар полкінің 9 гвардия атқыштар дивизиясын басқарды. 1945 жылдың ақпан-наурыз айларында Бауыржан Момышұлы басқарған дивизия Приекуле станциясының солтүстік-батыс жағында орналасқан неміс әскерінің үш бекінісін бұзып өтеді. Дивизия шабуылының нәтижесінде 15 елді мекен босатылды, ал жау әскеріне үлкен зиян тиген болатын [1].

**№ 4. Кемел тұлға**

Бауыржан Момышұлы жау шептеріне ішкерілей еніп ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды. Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарында адуын да қатал әскери басшы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар қарамағындағы жауынгерлер мен офицерлердің ақылгөй жетекшісі, зерделі де білгір, байыпты да мейірман тәрбиешісі де бола білді. Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлына 1990 жылдың 12 желтоқсанында туғанына 80 жыл толуына орай Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді. Б.Момышұлының «Әділет қашанда жеңеді, ол кешіксе де келмей қоймайды» деген сөзі шындыққа айналып, ел тілегі орындалды. Соғыстан кейін 1950-1955 жылдары Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан соң, елге оралады. Батыр енді толықтай шығармашылықпен айналысады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өміріндегі көрген-білгендерін шығармаларына арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығының негізіндегі тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығарылды.

Қазақ халқының тарихында өшпес ерлігімен қазақ халқының абыройын асқақтатар ұлт батыры атанған, қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар тұлға Бауыржан Момышұлына арналған биылғы оқу жылынан бастап мектебіміздің «Ұшқан ұя» танымдық клубы аясында 5-9 сыныптарға «Бауыржантану» оқу пәні енгізіліп, тақырыптық оқу бағдарламасы құрастырылған болатын. Оқу бағдарламасының басты мақсаты - көркем әдебиет арқылы Бауыржан Момышұлының бейнесін жан-жақты ашып, білімді, адамгершілігі зор, ұлтжанды, өз Отанын жанындай сүйетін жас патриоттарды тәрбиелеу. Бағдарламада Б.Момышұлының шығармаларын оқып үйрену; қанатты сөздерін ұрпақтың санасына сіңіру; батыр жайлы жазылған ақын-жазушылардың шығармаларымен танысу; көркем сөйлеу

тілін, мәнерлеп оқу, зерттеу жұмысына баулу, шығармашылық қабілеттерін дамыту міндеттері оқушылардың жас ерекешеліктеріне сай жүзеге асырылады. «Ұшқан ұя» танымдық клубы аясында өткізілген 5-сыныптағы танымдық ойынның жоспарын ұсынып отырмын.

**Сабақтың тақырыбы:** Бауыржан Момышұлы сөздерінің тәрбиелік мәні.
**Сабақтың мақсаты:** оқушыларды көркем әдебиетті оқуға ынталандыру, қанатты сөздердің тәлім-тәрбиелік мәнін түсіну, сөйлеу тілін байыту, көркем шығармашылық қабілетін дамыту.
**Көрнекіліктер:** Бауыржан Момышұлының өмір жолын көрсететін буклет, шығармалары, қоржын, асықтар.
**Түрі:** «Алтын сақа» танымдық ойыны
**Әдісі:** сұрақ-жауап.
**Барысы:**
**1. Мұғалімнің кіріспе сөзі.**
Құрметті оқушылар!
Біз қазір Бауыржан Момышұлының қанатты сөздерінің тәлім-тәрбиелік мәніне қатысты «Алтын сақа» атты танымдық ойынымызды бастаймыз. Бауыржан Момышұлының қанатты сөздерін өтуге арнайы тақырып оқулықта берілмеген. Біз қосымша өз шығармашылығымызды дамыту мақсатында өзіміз оқып, оқылған шығармалар бойынша білімізді ортаға саламыз. Дайын болсақ, қанеки ойынды бастайық.

Төрт топқа бөлініп отырған оқушылар алғашқы ойынның кезеңі **«Табалдырықта»** бақ сынайды. Сұраққа тез әрі дұрыс жауап берген 4 оқушы арбаға отырады.
**Сұрақтар:**
1. Бауыржан Момышұлы жайында түсірілген фильм қалай аталады? («Ел басына күн туса».)
2. «Қол бастаған батыр» өлеңінің авторы кім (Қалижан Бекқожин)
3. «Шуақты күндердің» авторы кім? (Зейнеп Ахметова)
4. Бауыржан Момышұлы «Кеңес Одағы Батыры» атағын қай жылы алды? (1990)

Асықтар төрт түрлі түске боялған. Әр ойыншы өз асығын таңдайды. Сұрақ жазылған қағаздар да сол төрт түсте болады.

Асықтар іріледі, ойыншылардың реттік саны айқындалады. Келесі кезек **«Әудем жер».** Жауап бере алмаған немесе асығы бүк түскен оқушы ойыннан шығарылады. Әр кезеңде осылай ойыншы азайып отырады.

**Тапсырмалар:**

Қанатты сөздерді жалғастыру керек.
1.Жанын аяған (тәніне жау)
2. Кемеңгерден не пайда –
(От басында сөз бермей,
Топ алдында сынақта
Тұтығып тілі күрмеліп,

Ақылынан адасып,
Жұмған аузын ашпаса).
3. Елсіз ел бола ма,
(Жұртсыз жігіт бола ма?)
4. Ерлік – елдің қасиеті,
(Жүректілік – жігіттің қасиеті)

Асықтар іріледі. «Қозыкөш» кезеңі. Енді қалған 3 ойыншыға 3 сұрақ қойылады.

1. Адал ұлдан не пайда –
(Ел намысын қолға алып,
Қару-жарақ тағынып,
Тәуекелге бел байлап
Атаның жолын қумаса).
2. Тізе бүгіп тірі жүргенше,
(Тіке тұрып өлген артық).
3. Ана үшін аянба (ант ұрады),
Бала үшін аянба (бетің күйеді),
Елің үшін аянба (ерлігіңе сын)
Жұртың үшін аянба (жігіттігіңе сын).

**Келесі кезек – «Беласар».** Асықтар іріледі, сұрақтар таңдалады.

1. Өмір сүргің келсе, (сүріне істе).
2. Әдіссіздік (әлсіздік. Ептілікте ерлік).
3. Тәртіп тән үшін, ынтымақ жан үшін керек,
(Тәртіпсіз ел болмайды,
Тәртіпке бас иген құл болмайды).

Ойыншылардың жеңіске жеткені «Жолайырықта» тұр. Бұл кезеңде қалған ойыншыдан «Алтын көмбені» ойнау-ойнамайтындығы сұралады. Қоржындағы барлық асыққа ие болған ойыншы «Алтын көмбені» ойнамақ болды.

**«Алтын көмбе» талабы**

Өзіне ұнаған жақсы бір қанатты сөзін жатқа айтып, оның мағынасын түсіндіреді.

(«Жігіттер істеріңе адал болыңдар! Қорқақтық жасасақ – халық алдында абыройымыз жоқ. Халқымыздың ар-намысына қара күйе жағушы боламыз. Мұндай жағдайдан аулақ болайық, өлсек те ел намысы дегенді ұмытпайық. Халқымыз біздерді мақтан етсін! Қазақ баласы – ар мен намыс иесі».)

**«Алтын сақа»** ойынының жеңімпазын марапаттау.

**Мұғалімнің қорытынды сөзі.**

Аты әлемге аңыз боп таралған қазақ елінің ақиық қыраны, даңқты қолбасшы, біртуар биік тұлғалардың бірі, жастардың ұлағатты ұстазы, Бауыржан Момышұлының шығармаларын оқып, көңілге тоқи бермекпіз. Ұлағатты сөздерінің мән-мағынасын түсініп, ел үшін қызмет етуге әрқашан даяр болайық!

**Пайдаланылған әдебиеттер:**
1. Айналған аты аңызға Момышұлы. Құрастырған М.Мырзахметұлы. Тараз, 2000 ж.
2. Батырдан қалған өсиет. Құрастырған Әсем Садықова. «Егемен Қазақстан» газеті, 2007 ж., 22 наурыз

*Аукенова Жаркын Орынбасаровна,*
*тарих пәні мұғалімі*
*ЖББ№77МБК*

## «ШУАҚТЫ КҮНДЕР» БЕТТЕРІНЕН...»

(Мейірімді, қамқор ата, рухты тұлға бейнесін көрсететін беттерден)

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік.** Жас ұрпақтың санасына ұлттық рухты дарыта отырып, олардың елін, жерін сүйетін патриоттық сезімін ояту, бабалар ерлігін насихаттау.

**Дамытушылық.** Аты аңызға айналған, туған топырағымыздың тарланы қазақтың біртуар перзенті, әйгілі қобасшы, Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлының есімін ұлықтау, өшпес ерлігін дәріптеу.

**Тәрбиелік.** Отансүйгіштікке, батылдыққа, ерлікке, татулыққа, еңбексүйгіш-тікке, парасаттылыққа тәрбиелеу.

**Сабақтың көрнекілігі:** Интерактивті тақтадан Б.Момышұлының суреті, бейне таспа, Бауыржан аға туралы жазылған ақын-жазушылардың нақыл сөздері, Қарағанды қаласына келгенде Зейнеп Ахметованың берген сұхбаты.

**Сабақтың пәнаралық байланысы:** қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы.

**Сабақтың барысы:**

***Мұғалім.***

***Кіріспе сөз***

Сәлеметсіздер ме, құрметті оқушылар және қонақтар! Бүгінгі «Шуақты күндер беттерінен...» атты тәрбие сағатымызды еліміздің ержүрек батыры Бауыржан Момышұлы туралы, келіні Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер» күнделік ретінд

Дауылды күндей күркіреп өткен, КСРО халықтары тарапынан «Ұлы Отан соғысы» деп аталып кеткен КСРО мен фашистік Германия арасындағы соғыста қазақ жауынгерлері небір ерліктің үлгісін көрсетті. Солардың бірі де бірегейі батальон командирінен дивизия командиріне дейін көтерілген, соғыстан кейін Кеңес Армиясы Бас штабының жанындағы Жоғары әскери Академияны бітіріп, әскери академияда сабақ берген Бауыржан Момышұлы аталарың еді.

Бірақ майданда қаншама ерлік көрсеткенмен, оған «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілген жоқ болатын. Сонда да халық Бауыржан аталарыңды батыр деп таныды. Бүгінгі үлгілі тәрбие сағатымыздың мақсаты Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақ батыры Бауыржан

Момышұлының өмірі мен ерлігі, өнегелі істерін келіні Зейнеп Ахметованың күнделігі «Шуақты күндер» еңбегі арқылы асихаттай отырып, Отанға деген, өмірге деген сүйіспеншілік сезімдерімізді арттыру. Ол кісінің ерлігін өзімізге үлгі ету.

Бүгінгі тәрбие сағатымызды «Туған ел» әнімен бастаймыз.

**1-оқушы.**

Туған жерім Мыңбұлақ, арналы Ақсай,
Ішсем суы татиды шекер, балдай
Қызғалдақ, қалың егіс, көк жоңышқа
Сенен артық жер, шіркін, өтер қандай. - деп өзі жырлағандай, Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылында дүниеге келген. Батыр атамыз туралы не білеміз? (Оқушылар тақта шығып тірек-сызбаны толтырады.)




**Мұғалім.** Тірі тарих, шексіз шежіре. Шын мәнінде бұл тіркестің мәні қандай?! Батыр ұлдың бағына бұйырған келіннің «Шуақты күндер» шығармасы ұлтқа қаншалықты ой салды? 1984 жылы 20 000 данамен жарық көрген «Шуақты күндер» кітабы халықтың ықыласына бөленіп, оқырман қауымның жүрегіне жол тапты. Тәлім-тәрбие мен үлгі-өнегеге толы бұл кітап халықтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы хақында. Оқырман ретінде талдар болсақ, авторды танытқан – атаның келбеті. Бауыржандай батыр ұлдың болмысы халыққа өзге жағынан суреттеліп, үлгілі әке, қамқор ата қыры ашылып көрсетілген.

- **Енді назарымызды тақтаға аударсақ Зейнеп Ахметованың 2016 жылы Қарағанды қаласына келгенде жергілікті телеарнаға берген сұқбатын тамашалап алсақ.**

**2-оқушы**. Зейнеп Ахметова - этнограф, жазушы, қоғам қайраткері. Бақытжан Момышұлының жұбайы, жазушы, қазақы дәстүрлерді насихаттаушы. Қоғам қайраткері, жазушы З.Ахметованың «Шуақты күндер» шығармасы – ата мен келіннің, әке мен баланың, ұлт пен ұрпақ арасындағы байланыстың шебер көрінісі. Қаталдық артындағы жұмсақтықты, таяқтың ұшындағы тәрбиені, тентектік соңындағы тектілікті түйсіне білу көрегендік емей немене?

**3-оқушы**. «Шуақты күндер» — Зейнеп Ахметованың кітабы. Кітап Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында қан майданда әйгілі

командирлердің бірі болған, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының соғыстан кейінгі жылдарындағы өміріне арналған естелік.
**4-оқушы.** Зейнеп Ахметова қиялдың жетегіне еріп, не болмаса, прототип етіп кейіпкер жасамаған. Шығарма барынша шынайы. Ақиқаттың кімге болса да ұнайтыны рас. Шығарманың желісінде қазақ қыздарына тән барлық болмыс бейнеленген. Бүгінгінің өзекті мәселелеріне накты жауаптар алуға болады.
**5-оқушы**. Отбасы болғаннан кейін ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Жолдасы Бақытжанға ренжіп, төркінге барғанда Зейнепке айтылған бір ауыз сөздің өзінде үлкен мән жатыр. «Шыққан қыз шиден тысқары, сенің түпкілікті тұрағың, түтінін түтетіп, тілеуін тілейтін үйің – күйеуіңнің үйі. Бір еркектің ыстық-суығына төзе алмасаң, кедір-бұдыр мінезін кешіруге кеңдігің жетпесе, жоғын бар етіп, ашылғанын жаба алмасаң, әйелдік ақ жаулықтан садаға кет». Шын мәнінде, қазіргі қоғамда мұндай сөздерді көп ананың аузынан ести алмаймыз.
**Мұғалім.** «Шуақты күндерді» әдеби шығарма деп қарай алмайтынымыз тағы бар. Не үшін?
**6-оқушы**. Өйткені, қиял аралас дүниені, ойдан шығарылған кейіпкерді, мистикалық іс-әрекетті жазбаған. Ой түйемін, қорытамын, керек дүниені аламын дегендер үшін тұнып тұрған нақыл сөзбен өрілген. Шығарма сол үшін де құнды.
**Мұғалім.** Қазақтың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы туралы көптеген қызықты естеліктер келіні, жазушы Бақытжан Момышұлының жан жары Зейнеп ападан жеткені белгілі. Ендеше оқушылар «Шуақты күндер» кітабын оқыған оқушыларға сөз беріп, кітапта сіздерге әсер қалдырған тұстарын ортаға салсаныздар.
**1-оқушы.** Балашка, шайың бар ма? - деген дауыс ойымды бөліп жіберді. Атамның жақсы тынығып, сергек тұрғанын біле қойдым. Неге десеңіз, көңіл күйі өте жақсы кезде мені «балашка» дейді, бірқалыпты болса «балам», ал ренжи бастаса «Зейнеп» тіпті ашуға мінгенде «турчанка» деп айқайлайды.
(З.Ахметова. «Шуақты күндер», 30-бет.)
**2-оқушы.** Тура қақаған қыстың ортасында етігімнің сыдырмағы ажырап кетті. Әрі- бері шұқылап көріп едім, қолымнан келер емес. Амалсыздан күздік туфлиімді киіп, етігімді шеберханаға апардым. Жол-жөнекей талайлар аяғыма көз тастап өтіп жатыр. Пендешілікпен бір түрлі қорынғандай болып үйге жеткенше-ақ еңсем түсіңкіреп қалды. Есіктен кіргенде атам коридорда телефонның қасында тұр екен. Жіті көзбен бас-аяғымды бір шолып өтіп:
– Әй, балам, мынау қандай сән?- деді.
– Етігімнің сыдырмағы бұзылып… соны…
– А, сәнің бе десем, салақтығың екен ғой, жазда күн қайнап тұрғанда қыс хабар беріп: «тоны жоққа сәлем айт, етігі жоққа өзім барам» демеп пе еді? – деді.

Әлгіндегі көңілдің көлеңкелене қалған түйткілі лезде ғайып болып, ал кеп күлейін. Алайда атама тән осы екі ауыз қызық сөздің өзінде ақыл да, тәрбие де бар болатын.

**3-оқушы.** Мезгіл түске таяп қалған. Газ плитасына шай қойып, қайнағанша бүгінгі газеттерді қарап отыр едім, есік сынып кетердей тарсылдады. Үйде жалғыз отырған соң әрі әдеттегіден тыс мына тарсылдың өзгешелігі шошытып жіберді. Тапа-тал түс болса да, есікке келіп: - Бұл кім? - дедім.

- Мен! Атаңмын! Бар, киін! - деді күн күркірегендей гүрілдеген үн есіктің сыртынан. Алғашқы қорыққаным қорыққан ба, зәрем ұшты. «Бар, киін» деген сөздің байыбын бірден ұға алмай, үйде киіп жүретін халатымның түймесін бір салып, бір ағыттым. Киім салатын шкафқа жүгірдім, сасқалақтап, киімдерімді жұлмалап, әлекке түстім де қалдым. Дегенмен өзіме-өзім сабыр-сабырлап, үстіме жеңі ұзын көйлек, басыма орамал, аяғыма шұлық тауып кидім. Барып есік ашып, ата-бабамның салтымен иіліп сәлем істедім.

- Бақытты бол, балам! - деп, қолын басыма болар-болмас тигізіп, бөлмеге кірді. Ата жалғыз емес, қасында бір кісі бар, өң-түсінің қандай екенін көргем жоқ, бірден басымды көтеруге батылым жетпеді.

Олар кеткен соң талайға дейін өзіме-өзім келе алмай дел-сал күйде отырып қалдым. Шірей бұралған домбыраның тырсылдап тұрған ішегі босағандай бір күй кештім. Біраз уақыттан кейін атамның әрбір сөзін есіме қайта түсіріп, жүйелеп талдай бастадым.

... «Бар, киін» дегенін де өзімше түсіндім. Жасыратыны жоқ, үйде жеңіл болсын деп кеудесі ашық халат киіп, жалаңаяқ, шашымыз қобырап жүре береміз. Содан бара-бара әдетке айналады. Үйге біреу келе қалса да, сол күйі қабылдай береміз. «Көшеде емес, өз үйімде жүрмін ғой», - деп, өзімізді өзіміз жұбата салатын әдетіміз тағы бар. Атам мені осындай келісімсіз, ашық-ашық күйде көргісі келмеді. Мен өзім де аңқайған киімге жақын емеспін. Өз әкем де ондайға жаны қас кісі еді.

«Баланы жастан, келінді бастан» деген өте дана сөз. Мен кейін, атаммен бірге тұрған жылдары осы алғашқы жүздесудегі көңіліме түйгендерімнен танбадым. Атам еш уақытта сен былай киін, олай киін деп айтып көрген жоқ. Атам өз өмірінде сый-құрметке, қошеметке бөленген адам. Бірақ халқымыздың жақсы салттарын сақтап, әдеп пен ізет көрсетуім тіпті ұнап-ақ тұратынын білетін едім.

**Мұғалім.** 1947 жылы Бауыржан Момышұлы Красноярскіде әскери қызметте жүргенде былай деп жазған екен:

Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде,
Деп жылар қайран қазақ мен өлгенде.
Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді,

Тарихтың түкпірінен сөз келгенде.
- Міне, батырдың өзі жазғандай, Бауыржан атамыз сияқты өмірі өнегелі істерге толы қасиетті тұлғаны жете біліп, оларды мәңгі есте сақтау – біздің қасиетті борышымыз. Осыны ұмытпайық, жас ұрпақ!
Осымен тәрбие сағатымыз аяқталды. Сау болыңыздар!

## «ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

*Тусупова Жангуль Аманбековна,*
*қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*
*Жалпы білім беретін №17 орта мектеп*

Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қайталанбас, теңдессіз ерлігі, тарихи тұлғасы әлем ақын-жазушыларының қаламында тербеліп, роман, пьеса, кинофильм, жыр-дастандарға айналып, оқырман жүрегіне жол тапты.

Батырдың алдымен тұлға ретінде қалыптасу үшін әсер еткен басты фактор - өзінің түлеп ұшқан ұясы. Бауыржан Момышұлының өмірі мен шығармашылығы негізінде оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудегі мүмкіндіктер қарымды қаламгердің «Ұшқан ұя» еңбегінде кеңінен қамтылған. Шығармадағы оқиғалар желісі кейіпкердің сезім-түйсігі арқылы дамып, батырлық тұлғасының қалыптасуына негіз болады. Осындай әдеби құнды мұраның ұрпақ тәрбиесіне тигізер әсері зор.

8-сыныптың «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасында «Ұшқан ұя» повесі берілген. Тақырып (8.3.2.1.) мақсаты – шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру деп көрсетілген.

Осы тақырып бойынша өз тәжірибеммен бөлісетін болсам, үй тапсырмасын тексеруде **«Ыстық орындық стратегиясын»** қолдана отырып, төменде көрсетілген талқылауға арналған сұрақтарды қойдым.

1. Жазушы әже образын қалай бейнелеген?
2. Әже образын бейнелейтін үзінділерді тауып, мағынасын ашыңдар.
3. «Тәрбие - тал бесіктен» деген нақыл сөзге көзқарасыңыз қандай?
4. «Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек» деген сөздің мәнін қалай түсіндіре аласың?

Тақырыпты ашып алған соң, **Қ.Бітібаеваның технологиясы** бойынша кесте толтыру тапсырмасы орындалды.

1.

| № | Кейіпкерлер | Іс-әрекеті | Мінездеме | Өмірмен байланыстыру |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

2.

| Кейіпкер | Образ | Көркем тіл |
|---|---|---|
| | | |

3. **«Жылдам дебат» әдісі** арқылы топтық жұмыс беріледі. Бұл әдісте *«Электронды бесік жыры мен баланың өз ата-анасының айтатын бесік жырының арасында айырмашылық бола ма?»* деген сұрақ төңірегінде ойларын салыстыра отырып, дәлелдеп, нақты көзқарастарын білдіреді.
**Орындалу шарты:**
**1-топ** - жақтаушы тарап, өз анасының айтатын бесік жырының өзіндік құндылығын айтады.
**2-топ** - даттаушы тарап, электронды бесік жырының тиімділігі мен ерекшелігін айтып, жақтаушы тараптың пікірін теріске шығарады.
**3-топ -** бағалаушы болады.
Бұл әдіс мынадай 5 критерий бойынша бағаланады:
Тақырыптың ашылуы;
Дәлелдер мен фактілердің келтірілуі;
Сөйлеушінің сөз саптауы;
Уақытты тиімді пайдалануы;
Өзін-өзі ұстауы.
Жекеленген тапсырма бойынша әр оқушы рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға бере отырып, **«Кейіпкерге хат» әдісі** арқылы *«Ел боламын десең, бесігіңді түзе»* тақырыбына әңгіме авторына хат үлгісінде шағын ойтолғау жазады**.**
Сабақтың шарықтау шегі ретінде екі оқушыдан жұптасып, әңгімедегі құндылықтарды тауып, оларды материалдық және рухани құндылықтарға жіктейді.

| | Материалдық құндылық | Рухани құндылық |
|---|---|---|
| Автордың бағасы | | |
| Өз бағалары | | |

Сабақты қорытындылау кезеңіне бекіту сұрақтары мен жабық сұрақтарын алдым:
**Бекіту сұрақтары: «Сиқырлы сандықша» ойыны. 3 минут**
1. Бауыржан Момышұлы кім? Ол туралы не білдіңдер?
2. «Ұшқан ұя» шығармасы кімнің атынан баяндалған?
3. Бауыржанның атасы кім? Әкесі кім? Қандай адам болған?
4. Анасы туралы не айтасыңдар?
5. «Ұшқан ұя» қандай шығармаға жатады? Үзіндіден ұлттық тәлім-тәрбиенің қандай үлгісін байқадыңдар?
**Жабық сұрақтар:**
1. Шығарма неліктен «Ұшқан ұя» деп аталған?
2. Жазушы шығармасының ерекшелігі неде?
3. Бауыржанның балалық шағы мен қазіргі заман балаларының өмірін салыстырыңдар.
**Рефлексия «Пирамида»** әдісімен жүзеге асырылады.
Орындалу шарты:
1. Есте сақтау керек бір маңызды мәлімет.
2. Менің көбірек білгім келетін екі мәлімет.

3. Мен білген үш мәлімет.
4. Мен үйренген төрт мәлімет.
Сабақ барысында қолданылған тиімді әдістердің арқасында оқушы бойына отансүйгіштік, елжандылық, қарапайымдылық, рухани-адамгершілік қасиеттер ұялайды және ұлттық болмыс қалыптасады. Осындай өнегелі сабақтар жиі жүргізіліп, ұлы тұлғамызды ұлықтай білейік! Тек қана қара дүрсін сөзбен емес, батырымыздың атын дәріптейтін игі істермен, тиянақты тірліктермен дәлелдейік!

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. 8-сынып, оқулық, «Қазақ әдебиеті» «Арман-ПВ»-2018
2. Оқу бағдарламасы
3. https://kk.wikipedia.org/wiki сайтынан.
4. https://kitap.kz/ сайтынан.



*Адилбаева Бақыт Токеновна,*
*бастауыш сынып мұғалімі*
*ЖББ №77 мектеп-балабақша кешені*


## Бауыржан Момышұлы әлеміне саяхат
## (тәрбие сағаты)

**Мақсаты:**
1. Оқушыларды Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақ батыры Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерліктері, айтқан нақыл сөздерімен таныстыру;
2. Оқушыларға Бауыржан Момышұлының өмірін насихаттай отырып, Отанға деген, өмірге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту, жас ұрпақты елін, жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу
**Көрнекілігі:** Интерактивті тақта, Б. Момышұлының суреті, бейнеролик, тақырыптық презентация, кітаптар көрмесі
**Өткізілу формасы:** ерлік сабағы
**Өткізілетін орны**: мектептің «Жауынгерлік даңқ» залы

**Сабақтың барысы:**

(Оқушылар қағаз түстері бойынша 3 топқа бөлініп, орындарына жайғасады)

**Кіріспе**

**Мұғалімнің сөзі: («Қасиетті соғыс» әні баяу орындалып тұрады)**

- Құрметті оқушылар! Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 75 жыл толады. Жеңіс оңай келген жоқ. Миллиондардың қанымен келген жеңіс бұл. Ең алдымен, жеңістің басты себебі – халықтың Отанға деген шексіз сезімі, қайтпас қайсарлығы, сын сағаттардағы отаншылдық қасиеті басты назарда болғаны рас. Әрі ортақ жауға күресте Кеңес Одағын мекендеген халықтарының ынтымақ-бірлігі де басты себеп болғаны анық еді. Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгердің алдында біз, ұрпақтары мәңгі қарыздармыз! Осы Ұлы

Жеңісті ұрпақтарына сыйлаған батырларымызды, соғыс құрбандарын бір сәт үнсіздікпен еске алсақ.

(Үнсіздік минутында сағат тілінің дыбысы естіледі)

**Мұғалімнің сөзі: -**Ел ардақтыларымен қымбат! Ер елімен құнды! Ендеше, бүгінгі сабақта ел қорғаған батырларымыз жайлы сөз қозғап, ой түймекпіз.

**«Ой қозғау» әдісі**

Оқушылар мұғалім ұсынған суреттерді құрастыру арқылы суреттің шешуін табады.

Оқушылардың жауабы: -Ұлы Отан соғысының батыры, Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлының бейнесін көріп отырмыз.

- Дұрыс таптыңдар балалар. Бүгінгі тәрбие сағатымыз қазақ халқының абзал азаматы, өр мінезді, қайсар жауынгері, Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлының өмір жолына, Отаншылдық әрекетіне арналады.

**І бөлім. Бауыржан Момышұлының өмірі (тақырыптық презентация қолданылады)**

**Мұғалімнің сөзі.** Мол тартқан қан майданның ғаламатын,
Жаттатқан сұм жауға қазақ атын.
Жан аға, жақсы аға – жетпес баға,
Кім сүймес Бауыржандай азаматын, - деп ақын Мұқағали атамыз айтқандай қазақ халқының батыры, екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, Халық Қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы, қаһарман ұлдарының бірі – Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының қазақ тарихындағы орны ерекше. Бауыржан аталарың 1910 жылы 24 желтоқсан күні Жамбыл облысының Жуалы ауданына қарасты Көлбастау ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі – Момыш, шешесі – Рәзия. Әкесі жаны жомарт кісі болған. Тәуіржан деген інісі бір жасында қайтыс болып кеткен. Әкесінен аздап хат таныған Бауыржан көрші Евгеньевка ауылындағы орыс мектебінде 1 жыл оқып, келесі жылы Жамбыл қаласына келіп, Аса интернатында 3 жыл оқып бастауыш мектепті бітірді. 1921 жылы Шымкенттегі 7 жылдық мектеп-интернатына оқуға түседі. 1928 жылы оны бітірген соң, біраз жылдар мектепте мұғалім болып жұмыс істейді.

Бауыржан Момышұлы 1935 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылды. 1936 жылы әскери комиссариат Бауыржанды Ташкентке жіберді. Онда ол 14 ай взвод командирі болып, әскери қызмет атқарды. Қиыр Шығыста шекара күзетінде 5 жыл офицер болды. Соғыс жылдары қазақстандық бес әскери құрамға гвардиялық деген құрметті атақ беріліп, олардың туларына әлденеше ордендер қадалды. Олардың жауынгерлерінің ерлігі аңызға айналды. Соның ішінде атақты панфиловшылар дивизиясы бар. Оның құрамынан шыққан батальон, кейіннен дивизия командирі болған Бауыржан Момышұлының, Мәлік Ғабдулиннің есімдері соғыс тарихынан мәңгілік орын алды.

**Бейнеролик** «Бауыржан Момышұлының соғысқа аттануы»

**II бөлім. Тарихи мәлімет: «Бауыржан Момышұлы - жауынгер, қолбасшы**

**1-оқушы.**1941 жылдың күзінен - 1945 жылға дейін майданда болды. 207 рет ұрысқа қатысқан, 5 рет қоршауда жүріп шайқасқан, 2 рет ауыр жараланған. Алматыда жасақталған 316- атқыштар дивизиясының құрамында болды.

**2-оқушы.** Аға лейтенант шенінен бастап, батальон командирі ретінде соғысып, соғысты полковник шенінде дивизия командирі болып аяқтады. Ұлы Отан соғысынан 9 гвардиялық дивизияның командирі болып оралды.

**3-оқушы.** Москва түбіндегі шайқаста болып, жауды орасан зор қиыншылықтармен жеңе отырып, тойтарыс берген. 1946 жылы Москвадағы әскери академияны бітірген тұңғыш қазақ. Бауыржан Момышұлы ұрыс кезінде жеңіске бастайтын ұтымды тәсілдерді тауып, қолдана білген қолбасшылығымен де дараланады. Батыр қолбасшының ұтымды соғыс тактикасы көптеген жауынгерлердің өмірін сақтауға себеп болған.

**Мұғалім.** Бауыржан Момышұлы ағамыз туралы өлең-жырлармен ары қарай сабағымызды жалғастырамыз:

**4-оқушы.** Ел аузында аңыз болған есімі
Атқан оқтай айтқан сөзі кесімді
Ерге лайық мінезі оның найзағай,
Ақ боз атпен қолбасы боп көсілді.

**5-оқушы.** Қалт еткенде естеліктер қалдырып,
Қоршау бұзған жауды естен тандырып,
Ер Бауыржан ата есімі рух берген,
Жүректерде жігер отын жандырып.

**6-оқушы.** Құптап Қамбар, Алпамыс, Қобыланды,
Тек өзіңді тең санап тобына алды.
Ер қаруы - бес қару алтыншы боп,
Ерліктің сан артында томы қалды.

**III бөлім.**

**Видеоролик «Тарих Бауыржан ата аузымен...»**

(Оқушылар Бауыржан Момышұлының өз дауысымен айтқан Отан қорғау жайлы пікірін тыңдайды)

**IV бөлім. Бауыржан Момышұлы – жауынгер-жазушы**

Мектеп кітапханашысы көрнекті жазушының жазып қалдырған «Офицердің күнделігі» (1952), «Бір түннің тарихы» (1954), «Біздің семья» (1956), «Москва үшін шайқас» (1959), «Жауынгердің тұлғасы» (1958), «Майдан» (1961), «Майдандағы кездесулер» (1962), «Генерал Панфилов» (1963), «Ел басына күн туса» (1970), «Ұшқан ұя» (1975), «Адам қайраты» (1981) т.б. кітаптарына шолу жасап, оқушыларды қысқаша мазмұнымен таныстырды. Бауыржан Момышұлының қазақ әскери әдебиетінің негізін қалаған жауынгер-жазушы екені айтылды. Б.Момышұлы орыс және қазақ тілдерінде бірдей жазады. Оның «Біздің отбасы», «Артымызда Москва»,

«Майдандағы кездесулер» сияқты кітаптары бірнеше шетелдік тілдерге аударылып басылған.

**V бөлім. Оқушылар үйге тапсырма ретінде берілген Б.Момышұлының қаламынан шыққан Отан, адамгершілік жайлы мақал-мәтел нақыл сөздерді жатқа айтады, мағынасына талдау жасайды.**

**Мұғалім.** Бауыржан Момышұлының қаламынан шыққан мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерге назар салсақ.

**7-оқушы.** Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі.

**8- оқушы.** Кішіпейілділік – адамгершілік көркі.

**9-оқушы.** Намысты нанға сатпа.

**10- оқушы.** Ел үшін аянба – ерлігіңе сын,
Жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын.

**11- оқушы.** Ақылды кісінің сөзі де, өзі де сүйкімді.

**12- оқушы.** Елсіз ер болмайды
Ерсіз ел болмайды.

**VI бөлім. Топта шығармашылық жұмыс жасау.**

**1-топ. Бауыржан кім? Топтастыр:**




**2-топ**

**Б.Момышұлының қанатты сөздерін сәйкестендір:**

| | |
|---|---|
| Опасызда Отан жоқ, | Тәртіпсіз ел болмайды! |
| Ептілік пен ерлік - | Отанда опасызға орын жоқ. |
| Тәртіпке бас иген құл болмайды, | Ерге тән қасиет. |

**3-топ.**

**«Білгенге маржан» Мақал-мәтелдерді жалғастыр.**

1.Өнерлі бала ............................ (сүйкімді )

2.Батыр туса - ел ырысы,
......................................... (Жаңбыр жауса жер ырысы)

3.Батыр бір рет өледі,
.................................... (Қорқақ мың рет өледі)

4.Шешен сөз бастар,
.......................... ( Батыр қол бастар)

**Қорытынды.**

***«Еркін микрофон» әдісі:***

Бауыржан Момышұлы қай күні дүниеге келді?
Бауыржан Момышұлы кім?
Бауыржан Момышұлының шығармаларын ата.

Батырлар туралы қандай мақал-мәтелдер білесің?

**Мұғалім сөзі.** Иә, балалар бүгінгі тәрбие сабағымызда Б.Момышұлын жан-жақты таныдық. Рас, Б. Момышұлы атамыз – жау жүрек батыр да, қолбасшы да, қаламгер де. Бауыржан атамызды төрткүл дүние халқы таныды. Ол қаһарман қайсар тұлға және от тілді, орақ ауызды әрі батыр, әрі ақын тұлғалардың жалғасы. Осындай батыр ағалардың жасаған ерлігіне біз мәңгі бас иеміз, рухына тағзым етеміз, бүгінгі бақытты бейбіт күнімізге тәубе дейміз.

**Оқушылар «Қазақстан ұландары» әнін хормен орындайды.**

## ТҰЛҒАСЫ ТҰНҒАН ТӘЛІМ, ЕСІМІ ЕЛГЕ МӘЛІМ – БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

/өнеге сағаты/

*Сыздыкова Э.К.,қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*М.Жұмабаев атындағы №39 гимназия*
*Қарағанды қаласы*

| Тақырыбы: Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім – Бауыржан Момышұлы | | |
|---|---|---|
| Мақсаты: Оқушыларды Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақ батыры Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерліктері, айтқан нақыл сөздерімен таныстыру, оқушыларға Бауыржан Момышұлының өмірін насихаттай отырып, Отанға деген, өмірге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. | | |
| Сабақ барысы: | | |
| Сабақтың кезеңдері | Сабақта жоспарланған іс-әрекеттер | Ресурстар |
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі. Сынып даярлығы тексеріледі. Сабақ тақырыбы айтылады. Психологиялық ахуал<br>С. «Менен тілек» Сынып оқушылары<br>Топтастыру. «Сөздерді құрастыру» ойыны<br>Шарты: Оқушыларға қима қағаздар ұсынылады. Ондағы сөздер арқылы сөйлем құрастырады.<br>1-топ «Батыр» 3-топ «Намыс»<br>2-топ «Жігер» 4-топ «Қайсар»<br>1-тапсырма<br>Топ атауының: батыр, жігер, намыс, қайсар сөздерінің бүгінгі тақырыппен байланысын айтады. | Интерактивті тақта<br><br>Топ атауы құрастыру үшін әріптер жазылған қима қағаздар беріледі. |
| Сабақтың ортасы | Мұғалім сөзі:<br>Бауыржан Момышұлы – Кеңес Одағының Батыры, жазушы, екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тактик. Ұлы Отан | Интерактивті тақта |

| | | |
|---|---|---|
| | соғысының әйгілі батыры бейбіт замандағы жазушы өз өмірінде ірі ерліктер жасады. Б.Момышұлы – тәңірге, тәңір берген тағдырға сенген адам. Ұлы Отан соғысының даңқты батыры «Намысты нанға сатпа» деген ұранмен ел үшін, жер үшін кеудесін оққа тосып, жанын берді.<br>2-тапсырма.<br>С. «Бауыржан Момышұлы туралы қызықты деректер» атты бейнебаянды тыңдап, «броундық қозғалыс» әдісі арқылы сыныпта бір-бірімен талқылайды.<br>3-тапсырма. Берілген суреттер, мәліметтерді пайдалана отырып «Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім – Бауыржан Момышұлы» тақырыбында газет дайындап, қорғау.<br>*<u>Газет айдарлары</u>*<br>Соғыс алдындағы Бауыржан<br>Мәскеу үшін шайқасқан батыр<br>Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылу кезеңі<br>Соғыстан кейінгі жылдар<br>ҚБ. «Өзара топтық бағалау»<br>1-топ Сіздер көптеген ұтымды детальдерді пайдаланыпсыздар, әсіресе …<br>2- топ Сіздер тыңдаушыларға шынымен де әсер етесіз, себебі …<br>3-топ Қорғау желісінде мынадай ... қолдансаңыз тиімді болар еді, себебі …<br>4-топ Газетті жасауда ... жеткізе алдыңыздар, өйткені... | https://www.youtube.com/watch?v=TAA6rf-hGY0<br>Бауыржан Момышұлы өмірбаянына қатысты суреттер, қағаздар, маркерлер |
| Сабақтың соңы | 3-тапсырма. «Бүгінгі күні мен батыр деп...» деген ойды «ПОПС» формуласы бойынша пікірінді жаз.<br>Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... »<br>• Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін … »<br>• Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын … »<br>• Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім.<br>Рефлексия: «Бес саусақ»<br>Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе қандай | «ПОПС» формуласы<br>Рефлексия парағы |

| | | |
|---|---|---|
| | болды?<br>Мен топта қалай жұмыс жасадым?<br>Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?<br>Сабақ маған ұнады ма?<br>Мен өзімді сабақта қалай сезіндім? | |

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сыныптан тыс журнал
2. Ғаламтор желісі https://www.youtube.com/watch?v=TAA6rf-hGY0

## БАУЫРЖАН МОМЫШУЛЫ «СЛАВЕ ГЕРОЯ – НЕ МЕРКНУТЬ»

*Хмель Л.М., учитель русского языка*
*Общеобразовательный комплекс школа-детский сад №77*
*город Караганда*

*Достойнейшим Момышулы*
*Я восхищаться не устану*

Патриотизм выражается не только словами «Я люблю свою Родину и готов отдать жизнь за нее», необходимо доказывать любовь к своей земле делами. Любовь к Родине начинается с любви к своим родителям, братьям и сестрам, своему аулу, городу, стране, где родился и вырос, к своему народу. Сын, уважающий родителей, и в учебе будет преуспевать и вырастет дисциплинированным, трудолюбивым, честным, а это самые необходимые качества.

Преданный сын своей Родины, о котором пойдет речь – это воин, талантливый командир, видный полководец, легенда при жизни, писатель - патриот, Герой Советского Союза Бауыржан Момышулы. Все больше узнавая о нем, понимаем, как удивительна его судьба, гордимся им! Да, Бауыржан, имя которого прославляют в народе, жизнь воспевают, является примером!

Идут годы, десятилетия, но в сердцах нынешнего и грядущих поколений вечно будет жить память о бессмертном подвиге тех, кто завоевал историческую Победу. Опыт Великой Отечественной еще раз убедил нас, что Победа одерживается силою духа, успех зависит от морально – нравственных сил войск. Основа основ – это живой сознательный человек. Морально - нравственные качества человека определяются словами - духовная сила. Основными источниками и двигателями духовных сил являются: ум, чувство, воля.

«Героизм – не дар природы, а результат воинского воспитания, сознательно идти на опасность для выполнения долга. Долг - это высшее, интеллектуальное понятие, вобравшее в себя ум, чувство, волю, совесть,

справедливость, правду, любовь. Долг - обязанность, которая должна быть выполнена», - говорил Бауыржан Момышулы.
Цель воинского воспитания - выработать способность преодолевать тяготы и лишения солдатской службы, боевой жизни, закалять тело, дух и волю, непреклонность перед трудностями, с чем отлично справлялся командир Бауыржан. В романе «За нами Москва» он писал: «Мы воюем не во имя смерти, а во имя жизни. Как в самой жизни, так и в бою самое главное – это сознание чувства ответственности перед людьми, перед всем народом. Когда совесть чиста – интересно живется и умирать не стыдно».

О своих книгах писал Бауыржан так: «пишу честно…, хочу, чтобы они служили моей Родине». Интересны его произведения тем, что они основаны на документальных материалах, в книгах нет вымышленных событий и героев. Реальные боевые действия при защите Москвы, в каждом из бойцов сознание долга выше и сильнее страха смерти. Б.Момышулы старается быть объективным, показывая героизм людей, стремится не отступать от жизненной правды: то горькой и тяжелой, то радостной. Страницы книг поражают глубочайшей правдивостью. Невозможно читателю остаться равнодушным, вновь появляется желание вернуться к прочитанному, ни в коем случае не пропустить слово, перечитать страницы. Перечитывая страницы, машинально задумываешься, размышляешь, сопоставляешь, переживаешь … Главная ценность – высокая нравственность, которая пробуждает желание пересматривать, переосмысливать в жизни…Перед нами стоит задача - подготовить достойное подрастающее поколение, создать условия для формирования патриотизма, уважительного отношения к Героям Великой Отечественной войны, героическому прошлому, воспитывать чувство сопереживания, сострадания к тем, кто не вернулся с войны. «Павшие могли побеждать, живые обязаны помнить!»

Составлена и утверждена программа кружка «Славе героя – не меркнуть» Б. Момышулы. Проделана определенная работа: подбор наглядного материала (иллюстраций, плакатов, фотографий). Изучение методической и художественной литературы. Чтение произведений «Волоколамское шоссе», «За нами Москва», «Наша семья», «Психология войны», «Генерал Панфилов». Анализ произведений, своей учебной деятельности, подборка и разучивание стихотворений, песен на военную тему, строевых упражнений, создание постеров, выпуск стенгазет, сочинение «Я помню! Я горжусь!», «Письмо солдату», «Мои обязательства», «Мои планы на будущее». Просмотр художественных, документальных фильмов, обсуждение. Участие в викторинах «Герой Бауыржан Момышулы», «Генерал И.В. Панфилов». «По прочитанным страницам». Поэтическая гостиная «Строки, опаленные войной». Подготовлены презентации «Легендарный герой Бауыржан Момышулы», «Защитникам Москвы», «Волоколамское шоссе». Читательская конференция по произведению «Волоколамское шоссе» А.А. Бека.

Проектная деятельность. Выставка рисунков, книг, творческих работ, фотоколлаж, подготовка к Военному совету, военно – спортивной игре. Необходимо отметить активное участие ребят во всех мероприятиях, создании системы методических материалов, посвященных истории Великой Отечественной войны, героическому жизненному пути Бауыржана Момышулы, славному батальону панфиловцев, стойко защищавших Москву.

**Использованная литература:**


1. Момышулы Б. За нами Москва: Записки офицера. – М.: Воениздат, 1988. – 256 с.
2. Момышулы Б. Наша семья: Повести и рассказы. Изд. 7-е. – Алма-Ата: Жазушы, 1974. – 489 с.
3. Момышулы Б. Психология войны: Книга – хроника: Сборник. – Алма Ата: Казахстан, 1990.
4. Бек А. Волоколамское шоссе: Роман. М.: Воениздат, 1986. – 573с.
Момышулы Б. Генерал Панфилов. – М.: Воениздат


## БАЛА БАУЫРЖАННАН, БАТЫР БАУЫРЖАНҒА ДЕЙІН


*Куйкалакова Балжан Кайржановна, Баянова Ақбаян Баянқызы,*
*қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі*
*Жалпы білім беретін №77 мектеп-балабақша кешені*


**Рөлдерде:**

Бала Бауыржан – Игембаев Ақбар
Бауыржан Момышұлы – Сәрсенов Жантөре
Атасы Имаш – Қойшыбаев Жанәділ
Әкесі Момыш – Әрешев Жоламан
Анасы – Тұңғышбаева Арайлым
Ауыл ақсақалдары – Баяхметов Жанибек
Әйелі – Құдайберген Гүлім
Көрші бала Мәулен – Маратов Ақжол
Полковник - Қадырбаев Әлішер
Панфилов – Әбиев Диас
Штаб бастығы, полковник Серебряков -
Қарт генерал – Қошқарбаев Рауан
Солдаттар – Мусин Тоқтар
Прокурор – Бижан Төрехан
Әскери трибунал бастығы – Аймағамбет Ақжол
Екі сатқын – Жаппаров Ибрагим, Жетпісбай Дәурен

### 1-көрініс. 1-акт

*(Көктем. Ағаш отырғызып жүрген Ата. Анасы нәресте Бауыржанды күн көзіне шығарып, Имаш атасының алдына әкеледі)*

**Анасы** *(ізетпен иіліп)***.** Атасының қолын ұзартып, қолғабыс беруге келді.

**Атасы** *(еміреніп, немересін алақанына алып, қолына жас бұтақ ұстатады)***.**

Құрық деп берсем - құл болма,
Шыбық деп берсем - шіл болма.
Бәрінен де, шырағым,
Баяны жоқ ұл болма. *(Келініне қайтарып береді).*

**2-акт**

Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалдары жамбастай жайғасып баппен қымыз ішіп отырады. Әкесі дастарқан шетінде қымыз құйып отыр. *(Сырттан жүгіріп бала Бауыржан кіреді).*

**Бауыржан.** Әкее...

**Әкесі** *(ымдап шақырады да құлағына)***.** Сен не, аталарыңа сәлем беруді ұмытып кеттің бе?! (*сыбырлады*).

Бауыржан қатты қызарақтап, үйден шығып, нық басып қайта кіреді.

**Бауыржан** *(көпшілікке қол қусырып тұрып)*. Ассялам алейкум, аталар! *(әр сөзді қадап-қадап айтады).*

Бәрі күлісіп, бір ауыздан «әлейкүм салам!» деді. Сонан соң әрқайсысы маңдайынан сипап мақтайды. Жақсы сөзге мәз болып бала әкесінің тізесіне жайғасады.

**Әкесі** *(басынан сипап отырып)*. Жарайсың, балам! Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сүйтеді.

**Әкесі.** Кімнің баласысың?

**Бауыржан.** Мен Момыштың ұлымын.

**Әкесі.** Момыш кімнің баласы?

**Бауыржан.** Момыш - Имаштың баласы.

**Әкесі.** Жарайсың, балам! Ер жігіт ата-тегін білуі керек. Еліміздің болашағы жастар, мына сендердің қолдарыңда.

**2-көрініс. 1-акт.**

*(Бақта серуендеп келе жатқан Бауыржан мен әйелі, алдынан көрші жас жігіт кездеседі)*

***Әйелі.*** Неге сонша соғысқа асықтың, мұндағы әскери қызметің де маңызды ғой.

**Бауыржан.** Әскерге адам дайындауда маңызды шаруа деп, сен тура біздің военком құсап айттың ғой. Көршілерге қарауға бетім жоқ, жылы орынды тапты ғой, мына ез деп жүрген болар.

*(Сол кезде алдынан көрші бала Мәулен шығады).*

**Мәулен.** Бауыржан аға, ассялам алейкум!

**Бауыржан.** Әлейкүм салам, Мәулен! Қайдан келесің?

**Көрші бала Мәулен.** Военкоматтан.

**Бауыржан.** Қалай? Ата-анаң медицина саласына барады демеп пе еді?

**Көрші бала Мәулен.** Соғыс емес пе! Сіз сияқты командир болғым келеді. Достарыммен Ташкенттегі әсери училищеге түстік.
**Бауыржан.** Ал, намысты қолдан берме! Мен саған сенемін.

*(Мәулен кетеді, әйелімен орындыққа отырады. Сол уақытта табтан бір әскери адам келеді)*

**Әскери адам.** Аға лейтенант Момышұлы, сізді штабқа шақыртуда.
**Әйелі.** Неге шақыртты екен?! Тыныштық па...*(үрейлене Бауыржанға қарайды)*
**Бауыржан** *(әйелінің қолын алып).* Уайымда, сен командирдің әйелісің! Қазір соғыс уақыты. Мен тез барып, жағдайды білейін!
*(Екеуі жүгіре басып, штабқа кетеді).(Полковник генерал-майор Панфиловқа штабты таныстырып жатады. Сол уақытта Бауыржан кіріп келеді)*
**Бауыржан.** Шақырттыңыз ба, жолдас... *(жалт бұрылып генерал-майорға қарайды).*Саулығыңызды тілеймін, генерал-майор! Полковникке айтуға рұқсат етіңіз. Аға лейтенант Момышұлы! Сізді шақыртуыңыз бойынша келіп тұр!
**Полковник.** Сізге айтқан адамым осы, Иван Васильевич! Бұл жігіт үшін өміріме бәс тігуге дайынмын.
**Панфилов.**Сәлеметсіз бе, мен генерал-майор Панфиловпын. Танысқаныма қуаныштымын. Менің қарамағымда жұмыс істейсіз. Жұмыстарыңызды тапсыру үшін қанша уақыт керек!
**Бауыржан.** Екі сағат.
**Панфилов.** Таңертең сағат 9-да сізді барлық құжаттарыңызбен осында күтемін. Сіз хабардар болу үшін айтайын, біз атқыштар дивизиясын жасақтаймыз. Мен командирі болып тағайындалдым. Сізді полковник ұсынып отыр. Маған мықты тәжірибелі командирлер керек.
**Бауыржан.** Сұрауға рұқсат етіңіз? Майданға жібереді ме...
**Панфилов.** Ұрысқа баруға асықсыз ба? Бұйрық бойынша қайда жіберсе, сонда барамыз! Ал енді барыңыз! *(Жүгіре басып шығып кетеді).*

## 2-акт

*(Соғыс алаңы, онда Б.Момышұлы жауынгерлермен бірге, ал кабинетте штаб бастығы-жұмыс үстелінің басында)*

**Кезекші.** *(Соғыс алаңынан Бауыржан Момышұлын дивизияның штабына шақырады.)* Аға лейтенант, сізді дивизия штабына шақыртып жатыр.
*(Соғыс алаңынан Бауыржан Момышұлы дивизияның штабына келеді)*
**Серебряков.** *(Штаб бастығы, полковник Серебряков )*
*Мейірімді жүзбен күлімдей қарап(Бауыржан Момышұлына):* Жүріңіз, жолдас аға лейтенант, командирге ертіп барайын, сізді шақырған сол кісі еді.
**Қарт генерал.** *(ұйқы көрмегені жүзінен байқалады)* Екеуі сәлемдеседі.
**Бауыржан.** Жолдас генерал, сіздің шақыртуыңыз бойынша аға лейтенант...

**Қарт генерал.** Отырыңыз (орындыққа қарай басын изейді. Темекіні тұтатып тартып, біраз ойланып, Бауыржан Момышұлының басынан аяғына дейін бірнеше рет қарап шығады. Бауыржан Момышұлы үндемей отыра береді.)

**Қарт генерал** *(Жұлып алғандай).* Бүгін түн ортасында Десятидровкада жатқан 120 немістің бірін қалдырмай қырып тастағандарыңызға жол болсын. Ең болмаса он шақтысын тірі ұстап алып келмегеніңіз бе? Одан кейін, ол жерге өзіңіз баруға мен рұқсат берген емеспін. Менің қай жер болса, сол жерге шаша беретін командирім жоқ. Мейлі, абырой болып, аман-есен қайтқаныңызға шүкір, бірақ та бұдан былай сізге әр додаға кірісе беру жарамайды. Ой, жастық, жастық кейде алды-артын ойламайтын жастық! Егер жазатайым болып кетсеңіз батальонды кім меңгеріп, кім басқармақ. Сол жағын аттанардың алдында сіз ойладыңыз ба?

**Бауыржан Момышұлы** *(ашуланып).* Менен басқа адам құрып қалды дейсіз бе?

**Қарт генерал** *(қатал дауыспен).*Сізден басқа адам құрыған жоқ, бірақ та сіз сықылдылар көп те емес. Соны еске алу керек. Сіз батальон командирі, сіз сықылдыларды қазақ «мыңбасы» дейді. Қай қазақтың мыңбасшысы мыңды тастап, онбасының қызметін атқарған еді. *(қарт генерал түсін жылыта беріп*) Қой шырағым, қызулықты! Шошаңдамай өз орныңда отырып, қарамағыңдағы командирлерді жұмсап, басқарып меңгергін.

**Бауыржан Момышұлы.** Ойпырым-ау, жолдас генерал, не бүлінді түнде менің жорыққа барғанымнан?

**Қарт генерал.** *(Айтқан сөздеріне іштей құсаланып отырғанын сезгендей, күлімсірей қарап)* Болған оқиғаны толығынан баяндаңызшы, мен тек шет жағасын ғана естіп едім.

**Бауыржан Момышұлы.** Кеше неміс бізге үш рет шабуыл жасады. Онысына біздің жігіттер тиісті сыбағасын беріп тойтарды. Жау ет жемесе де, сорпа ішкендей болып, беті қайтып, өршуі басылып, ымырт жабыла шабуылын тоқтатты. Менің бақылаушыларым Десятидровканың әр үйіне 20-30-дан бөлінген немістер даланың суығына шыдамай, қонуға барды деген хабарды жеткізді маған.

Мен батальонды орынбасарыма тапсырып, бетінен барсақ сезіп қояр деген оймен, қасыма 10 жігіт ертіп, бір пулемет, бір миномет, бір кішкене зеңбіректі шанаға тиеп, 12 километр орайлап айналма жолға салып, түнгі сағат 2 шамасында немістер жатқан қыстақтың дәл ортасына бардық. 300-600 метрдей жақындағанда қару-жарақтарды қыстаққа кезеп орналастырдық. Әбден ұйықтап жатқан немістер шошып оянып, опыр-топыр үйден далаға шығару мақсатымен зеңбіректің он болат тесетін он оғын жарқыратып, бірінің артынан бірін дамылдата жібердік. Оның үстіне 500 оқ минометті құрбақаша бақылдатып, 70 минаны қайдан шықсаң онан шық деп немістерге сәлемдемеге жібердік... Біз келген жолымызбен қайта сызып тұрдық.

Батальонға келе салып 20 шақты автоматчиктер жіберіп едім, олар барып 120 немістің өлігін санап, документтерін алып келді. Оны полктың штабына тапсырдық. Міне, менің бар жазығым осы, жолдас генерал.

**Қарт генерал**. Иә, жазықтысыз, жолдас аға лейтенант. *(Күлімдеп)* Дұрыс-дұрыс, сәті түскен жұмыс болып, түнде жолыңыз болған екен. Сіздің мұныңыздан үш пайда тауып отырмыз: бірінші, немістердің саны 120 –ға кеміді, екінші, олар таң атқанша бірнеше жүз ауыр минасын айдалаға атып, бекерге шығын болды, мина қоры азайды. Үшінші, маңдайдан тимей шүйдеден тигеннен соң, немістер артымызда дүшпан жүр екен деп үрейленіп, көп ойға қалып, тыныш ұйықтамай, желкесін қорғауға күшін бөліп әлектенді. (Жарайсың!)

**Серебряков** *(қарт генералға)*. Жолдас генерал, қол қоюыңызға даяр *(бір жапырақ қағазды ұсынды)*.

**Қарт генерал (***Орнынан тұрып, еңкейіп оқып, қол қойды да, Бауыржан Момышұлына қарап)*. Соғысқа батальонмен жиырма жеті рет кіріп, дұрыс ұрыс өткіздің. Бес рет дұшпанның қоршауынан қақ жарып алып шықтың. Қырғын соғыста сан рет сыннан өттің. Жас та болсаң, әскер атағын кіші де болса сеніп, жоғарылтып жаңа орынға тағайындап отырмыз. Барлық қызыл әскердің ішінде полкты басқарып, командир болған жалғыз сен-ақ деп айта алмаймын, бірақ та біздің армияда сеннен басқа полк командирі, аға лейтенант жоқ. Құтты болсын, ақылға салып, абыройлы іс істедің деп сенем! (Қағазды беріп, қолынан қысып ұстап). Жолың болсын! Сен полк командирі болдың, ол - полктің ақылы, миы, басы.

**3-акт**

*(Майдан даласы. Ойға еніп тұрған Бауыржанға әскери трибуналдың бастығы мен прокурор келеді.)*

**Әскери трибуналдың бастығы** *(амандасқан соң, қалың папканы алдыма қойып).* Біз екі солдатты ату жазасына кестік. Осыны бекітіңіз. Тәртіп бойынша үкімге дивизия командирі қол қоюы керек.

**Бауыржан** *(ойланып тұрып).*Қалай атқызам?

**Прокурор.** Сізге түк те болмайды.

**Бауыржан** *(алара қарап, прокурорға).*Қалай атпақсыздар?

**Прокурор.** Қазір солдаттарды жинап, сап алдында атамыз.

**Бауыржан.** Солдаттар соғысып жатыр ғой.

**Прокурор.** Әр бөлімшеден бір-біреуден әкелейік.

**Бауыржан** *(дауысын қатайтып).* Екеуін атам деп жүз солдатты өлтірем бе? ССРО Жоғарғы Советі Президиумының атынан әскери трибунал үкімін бекітпеймін!

**Әскери трибуналдың бастығы.** Бұл үшін жауап бересіз!

**Бауыржан.** Мен үкімді бекітуге де, бекітпеуге де еріктімін. Жазалыларды әкеліңдер!

*(Конвой екі жазалыны алып келеді)*

Обал жоқ, сендерге, оңбағандар! Қарабет болып қашқанша, қайрат көрсетіп өлген артық! Маған сендер емес, үйдегі балалар аянышты.

Опасызда отан жоқ. Сатқын ретінде атылсаңдар, олар жұрттың көзіне қалай қарайды?! Қазір белдіктеріңді шешіңдер де, алдыңғы шепке барып соғысыңдар!

*(Ұрыс. Мылтық пен зеңбіректің атылған дауыстары)*

**4-акт**

(Бөлме іші. Стол басында отырған Бауыржан.)

**Бауыржан.** ...Соғыстың тағы бір күні өтті. Ұрыс бітті. Жазалы екеуі де жақсы соғысыпты. Біреуі өліп, біреуі жарақаттаныпты.. Тірісіне де, өлгеніне де Қызыл Ту орденін бергіздім. Өлгенінің үйіне «ерлікпен қаза тапты» деп хат жаздық…

*(қойылым соңы)*

**Пайдаланған әдебиеттер:**


- Момышлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы : Санат, 2005 . - 224 б.
- Момышұлы Б. Жауынгер тұлғасы. –Алматы, 2011


## Шеберлік сыныптар


*Копбалина Галия Сериковна,*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*


| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы:** | Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» повесіндегі ұлттық құндылықтар |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | **А/И.** Автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасын талдау.<br>**Б/С.** Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлығы орындай алады:**<br>Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінен берілген үзіндінің мазмұнын айта алады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Көпшілігі орындай алады:**<br>Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесіндегі автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдай алады, әңгімеде көтерілген мәселе бойынша өз ойын айта алады.<br>**Кейбіреулері орындай алады**:<br>Повесттегі материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, талдау жасай алады, жаңашылдығына баға бере отырып, ойтолғау жаза алады. |
| **Бағалау критерийлері** | • Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінен берілген үзіндінің мазмұнын айтады;<br>• сұрақтарға жауап береді;<br>• повестегі автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдайды;<br>• үзіндіде көтерілген мәселе бойынша өз ойын айтады;<br>• үзіндідегі материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып талдау жасайды;<br>• жаңашылдығына баға бере отырып, ойтолғау жазады. |

| | | |
|---|---|---|
| **Тілдік мақсат** | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** повесть, кейіпкерлер, автор, рухани құндылық, заманауи, жаңашылдық | |
| | **Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:** ақ шоқылар, киіз үй, мейірімді жандар, әже құшағы, бесік жыры, әке тәрбиесі, ұшқан ұя, ел тану. | |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>1.Жазушы әже, әке, ата образын қалай бейнелеген?<br>2.Әже, әке, ата образын бейнелейтін үзінділерді тауып, мағынасын ашыңыздар?<br>3.«Тәрбие -тал бесіктен» деген нақыл сөзге көзқарасыңыз қандай?<br>4.«Ертексіз өскен бала –рухани мүгедек» деген сөздің мәнін қалай түсіндіре аласыз? | |
| | Ишара: қошеметтеу, мадақтау. | |
| **Құндылыққа баулу:** | «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы. Қазақстандық патриотизм | |
| **Пән байланыс** | Қазақстан тарихы, өзін-өзі тану, қазақ тілі | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы** (7мин) | **І Ұйымдастыру кезеңі**<br>**1. Сәлемдесу. С**абаққа назар аударту.(1 **мин)**<br>**ІІ «Өзіме, көршіме» әдісі арқылы психологиялық жағымды ахуал орнату. (2 ми**н)<br>*Орындалу шарты* : қима қағазға тілек, арманыңды жазып, сол қолға ұстап, өзіңнің оң қолыңа бересің, алақаныңмен көршіңнің алақанына салу.<br><u>*Мұғалімнің түйінді сөзі:* </u>Жүрекке жағымды жылы лебізді өзіңе де, алақаныңмен көршіңе де тілеу. Әрдайым жүрегіңмен жақсы тілек тілеп жүру.<br>**ІІІ.Топқа бөлу.** .<br>**І топ**. «Ата» тобы<br>**ІІ топ** «Әже» тобы<br>**ІІІ топ** «Әке» тобы<br>**ІV.Ой тастау. Оқушының Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі бойынша салған суретін көрсете отырып, болжам жасату.**<br>- Бұл суретті тоғызыншы сынып оқушысы повестті оқып болғаннан кейін салған. Түсінігін суретпен берді. Қалай ойлайсыздар, оқушы не түсінді? Қандай ойда, сезімде болды? Осы повестті оқу арқылы қандай рухани құндылықтар алды?<br>**Дескриптор:**<br>-Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінің мазмұнымен таныс.<br>-Сұрақтарға жауап береді.<br><u>**ҚБ : «Мадақтау » арқылы бағаланады.**</u> | |
| **Сабақтың ортасы** (25 мин) | **Кіріспе сөз:** «Ұшқан ұя» -этнографиялық бояуы қалың ғұмырбаяндық туынды. Онда ұлттық келбет, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар анық көрінеді. Шығармадан болашақ батырдың балалық шағы, өскен ортасы туралы толық мәлімет аламыз. | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сергіту сәтінде** | **1-тапсырма. Жұптық жұмыс «Ойлан, жұптас» әдісі арқылы орындалады.**<br>**«Әдебиет үйірмесі»** әдісін пайдалана отырып «Ұшқан ұя» повесінен берілген үзіндіні талдау.<br>***«Маған айтсаң, мен ұмытып қаламын.***<br>***Маған көрсетсең, мен есімде сақтай аламын.***<br>***Маған осыны істеуге мүмкіндік берсең,***<br>***сонда бұл мәңгілік менікі болып қалады!»***<br>**Конфуций (ежелгі Қытай ойшылы)**<br>**«Әдеби үйірме»**<br>Жұмыс барысы: әр топ мүшелері рөлдерге бөлінеді, танысқан мәтіндері бойынша тапсырмаларды орындайды. Әр топтан рөлдер бойынша шақырылады, қалғандары толықтырады. Топ мүшелері мына рөлдерді бөліп алуы тиіс:<br>**1. Баяндамашы**. Оның міндеті: берілген әңгіменің мазмұнын айтып береді.<br>**2. Зерттеуші.** Әңгімеде айтылған оқиғаның болған кезеңін, өткен орнын, басты кейіпкерлерін анықтайды<br>**3. Сілтемелер табушы. О**сы әңгімеде айтылған негізгі ойды анықтайтындай, тақырыпты түсіндіретіндей мақал-мәтел, даналық пікірді айтады.<br>**4. Сұрақтар құрастырушы. О**сы әңгіменің мазмұны бойынша ой тастайтындай сұрақ дайындап, тыңдармандарға қояды.<br>**5. Дәнекер.** Негізгі ойды, тақырыбын, оқиғасын бүгінгі күнмен байланыстырады.<br>**Дескриптор:**<br>- Үзіндідегі материалдық және рухани құндылықтарды таба алады;<br>- Оларды материалдық және рухани құндылықтарға жіктей алады.<br>**-** Үзінді мәтінінен ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрге, туған жерге қатысты нақыл сөздерді , мақал-мәтелдерді , тұрақты сөз тіркестерін таба алады.<br>-Мәнін ашады, талдау жасай алады**.**<br>**ҚБ. «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағаланады.**<br>**2- тапсырма. Топтық жұмыс.**<br>**«Жылдам дебат»** әдісі арқылы орындалады.<br>«Электронды бесік жыры, теледидар бағдарламаларындағы ұлттық салт-дәстүр, таным-түсінік пен баланың өз ата-анасының айтатын бесік жырының, ертегінің, батаның арасында айырмашылық бола ма?» деген сұрақ төңірегінде ойларын салыстыра отырып дәлелдеп, нақты көзқарастарын білдіру.<br>Орындалу шарты:<br>1-топ-жақтаушы тарап, өз ата-анасының айтатын бесік жырының, ертегі, батасының өзіндік құндылығын айтады.<br>2-топ- даттаушы тарап, электронды бесік жырының, ертегі, батасының тиімділігі мен ерекшелігін айтып, жақтаушы тараптың пікірін теріске шығарады. | Қарақат Әбілдина «Әлди жыры |

<table>
<tr><td></td><td>3-топ бағалаушы болады. Олар 5 критерий бойынша бағалау жүргізеді:<br>1) Тақырыптың ашылуы;<br>2) Дәлелдер мен фактілердің келтірілуі;<br>3) Сөйлеушінің сөз саптауы;<br>4) Уақытты тиімді пайдалануы;<br>5) Өзін-өзі ұстауы.<br>Дескриптор:<br>-Айырмашылықтарын таба алады;<br>- Нақты көзқарасын білдіре алады.<br>ҚБ. «Қошеметтеу» арқылы бағаланады.<br>3 - тапсырма. Жазылым.<br>Жеке жұмыс. «Кейіпкерге хат» әдісі арқылы орындалады.<br>«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» тақырыбында шығарма авторына хат үлгісінде шағын ойтолғау жазу.<br>Дескриптор:<br>-Ойын тұжырымдай алады<br>- Авторға хат үлгісінде шағын ойтолғау жаза алады.<br>ҚБ. «От шашу» арқылы бағаланады.</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>( 8 мин)</td><td>Кері байланыс.<br>«Сабақ нәтижесі бойынша айтқым келеді ... :<br>сабаққа,<br>қатысушыларға,<br>жазушы жайлы т.б.»<br>Рефлексия « Пирамида» әдісімен жүзеге асырылады.<br>Орындалу шарты:<br>1.Есте сақтау керек бір маңызды мәлімет.<br>2. Менің көбірек білгім келетін екі мәлімет.<br>3.Мен білген үш мәлімет.<br>4. Мен үйренген төрт мәлімет.</td><td>
</td></tr>
<tr><td>Рефлексия</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақтың оқу мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?<br>Бүгін оқушылар нені білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен уақытты тиімді пайдалана алдым ба?<br>Мен өз жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неге?</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Қорытынды бағалау</td></tr>
<tr><td colspan="3">Қандай екі нәрсе табысты болды? (Оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)<br>1.<br>2.<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды?<br>1.<br>2.</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **Пән: қазақ тілі, ағылшын тілі**<br>**Күні:**<br>**Ұстаздар аудиториясы** | **Әзірлемешілер: Медеубаева Д.М., Төлеуғазы Ж.Е.**<br>**Қатысқандар саны:**<br>**Қатыспағандар саны:** |
| **Негізгі идеясы** | Бауыржан Момышұлының қанатты сөздері бойынша кіріктірілген оқытуды қолданудың тәжірибесін тарату (қазақ және ағылшын тілдері) |
| **Шеберлік сынып тақырыбы** | Батырдан қалған асыл сөз (кіріктірілген сабақ) |
| **Шеберлік сынып мақсаты** | Шығармашылық топ жұмысында мұғалімдерді Қазақ халқының батыры Бауыржан Момышұлының қазақ және ағылшын тілдерінде нақыл сөздерімен танысу арқылы оның тұлғасы мен философиялық ойларынан нәр алу. |
| **Міндеттері** | Тыңдаған мәтін бойынша реттілігін табу.<br>1. Ребус, криптограмма арқылы нақыл сөзді тауып, өз пікірін жазу.<br>2. Топта берілген тақырыпта әңгімеге қатысу.<br>**барлығы:** тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінеді, реттілігін табады.<br>**көпшілігі:**.ребус арқылы нақыл сөзді тауып, өз пікірін жазу<br>**кейбірі:** тақырып бойынша өз ойларыммен бөліседі, басқа қатысушылардың ойларын толықтырады. |
| **Бағалау критерийлері** | Тыңдаған мәтіннің мазмұнын бойынша берілген тапсырмаларды орындайды.<br>Берілген нақыл сөздер бойынша өз пікірлерін білдіреді.<br>Топта берілген тақырыпта әңгімеге қатысады.Сұрақ-жауапқа қатысады. |
| **Лексикалық минимум** | Ғибрат, телегей –теңіз, тобықтай түйіні, мәйек, лықсып, қордаланған, іспеттес, жәдігер, жарақ, фәни, рухани болмысы, ұялаған |
| **Құндылықтарды дарыту** | Ұлы тұлғалардың тағылымы мен өмірін бағалауды үйренеді. Бауыржан Момышұлы нақыл сөздерінің тәрбиелік мәнін ұғынады. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Ағылшын тілі, тарих, әдебиет |
| **АКТ қолдану дағдылары** | аудиотаспа, интербелсендітақта, таныстырылым |

**Шеберлік сыныптың барысы**

| **Шеберлік сыныпта жоспарланған кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 минут | **Топқа бөлу: Нақыл сөздер арқылы (үш тілде)**<br>Топқа бөлінген нақыл сөздерді оқу, түсіндіру, кімнің сөздері,нені білдіреді- тақырыпты табу<br>Әдіс: Залға жүгіну<br>Бұл әдістің мақсаты-ақпаратты алу және алмасу.<br>• Сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту. | Слайдтар<br>Үлестірме қағаздар |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br>30 минут</td>
<td>

**Мәтіналды жұмыс**<br>
**(Жеке) Бейнебаян көру.**<br>
***<u>10 минут</u>***<br>
**«Кинометафора» тәсілі арқылы**<br>
**1-тапсырма**<br>
**Мәтінді мұқият тыңдап, сөйлеушінің дауыс ырғағы сөйлеу мәнері арқылы алған әсеріңізбен бөлісіңіз. Н анықтаңыз.**

<table>
<tr><th>Сөйлемдер</th><th>Б.Момышұлының сөйлеу мәнеріне, дауыс ырғағына мән беріп, негізгі ойын анықтаңыз.</th></tr>
<tr><td>Күн-түн демей еңбек етіп, Жеңіс үшін тер төктік</td><td></td></tr>
<tr><td>Солдаттың сағынышы, ата-ананың қайғысы, жардың мұңы, жетім-жесірдің көз жасы әрқайсымыздың басымызда болды.</td><td></td></tr>
<tr><td>Менен артық, менен ақылды, менен батыр жігіттердің өліп кеткенін көзім көрді.</td><td></td></tr>
<tr><td>Бұл Жеңіс бізге арзанға түскен жоқ.</td><td></td></tr>
<tr><td>Олар Ұлы Отанымыздың тәуелсіздігі үшін күрескен.</td><td></td></tr>
</table>

**Дескриптор**<br>
**Білім алушы**<br>
- мәтінге ат қояды;<br>
- сөйлеушінің сөйлеу мәнерін ажыратады;<br>
- өз әсерімен бөліседі;<br>
- негізгі ойды анықтайды.<br>
✓ *Мен өте жақсы түсіндім.(5 балл)*<br>
✓ *Мен жақсы түсіндім.(4 балл)*<br>
✓ *Мен орташа түсіндім.(3 балл)*<br>
✓ *Мен дұрыс түсінген жоқпын.(2 балл)*<br>
✓ *Мен мүлдем түсінген жоқпын.(0-1 балл)*<br>
**Мәтінмен жұмыс.**<br>
**(Топтық)** Мәтінді тыңдайды, тыңдап болған соң мәтін бөліктері таратылады, реттілігін табады, әр бөлікке ат қояды.<br>
Қалаулары бойынша топтар әңгімелейді. Қалған топтар «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды.<br>
**(Топпен) Ребус шешу.** Берілген ребустарды шешіп, нақыл сөздерді табады, нақыл сөздердің мазмұнына байланысты өз ойыңызды білдіріңіз.<br>
**Сергіту сәті. (Жұппен)** Сөздермен жұмыс «Атом мен молекула» әдісі<br>
(1- мәтін) Ғибрат – тәлім-тәрбие-education (upbringing)<br>
телегей –теңіз – шексіз- endless (boundless)<br>
тобықтай түйіні – қорытындысы- conclusion

</td>
<td>https://youtu.be/0xWFWUXsHJY<br><br>Аудиотың далым<br><br>слайд<br><br>үлестірме қағаздар</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | мәйек - сүтті тез ұйыту үшін жасалатын ұйытқы - sourdough for quick fermentation of milk<br>іспеттес – сияқты- like (as)<br>жәдігер – ескерткіш- monument<br><br>**(Топпен) Криптограмма** Тапсырма<br>Ағылшын тілінде берілген нақыл сөзді , көбейту кестесі арқылы тауып, қазақ тілінде нұсқасын беріңіз<br><br>**(Топпен) «Жалғасын тап»** ойыны. Берілген нақыл сөздерді екінші бөлігін ағылшын және қазақ тілінде табыңыз.<br><br>**Кері байланыс.** «Шапалақ» әдісі бойынша кері байланыс жасайды.<br>**Айтылым. (Жеке) Шығармашылық жұмыс.**<br>Әр топтың мүшелері «Бауыржан Момышұлы – батырлықтың символы» тақырыбына өз пікірін білдіреді. 2 аргумент келтіреді. Тірек сөздер мен сөз тіркестерін қоланады.<br>Топтар жауаптарын дескриптор бойынша бағалайды.<br>**Дескриптор:**<br>✓Тақырып бойынша мәтін құрайды (7-8 сөйлем).<br>✓2 аргументі бар.<br>✓Мәтіндерде кездескен тірек сөздер мен сөз тіркестерін қолданады. | Слайд<br><br>Слайд |
| Сабақтың соңы<br>5 минут | **Рефлексия**<br>**Кері байланыс**<br><br>*Қатысушының аты- жөні* __________________________<br><br>*Маған не ұнады?*__________________________<br><br><br>*Менің қосарым...*__________________________<br><br>*Іс-тәжірибемде қолданамын*_________________<br><br><br>*Менің тілегім*______________________________<br> | |

## *Өр тұлғалы асыл ер*

*Нукербекова К. К.,бастауш сынып мұғалімі*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізі-летін оқу мақсаттары** | **1.**Қазақ халқының батыры Бауыржан Момышұлының өмірімен, шығармашылығымен танысу арқылы оның адами тұлғалық қасиеттерін паш ете отырып философиялық ойларынан нәр алу. **2.** Әр қатысушының ой қиялына ерік бере отырып, өзінше ойын түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру, **3.** Қатысушыларға Бауыржан Момышұлының бойындағы адами құндылықтарын паш ету |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық қатысушылар:**Бауыржан Момышұлының бойындағы ерекше қасиеттерін іс жүзінде, қолдана білуге дағдыландыру жақсы қасиеттерді өз бойына сіңіру**Көптеген қатысушылар**: иллюстрациялар бойынша әңгімелеуде нақыл сөздерді қолдана алады<br>**Кейбір қатысушылар**:нақыл сөздің жанрлық ерекшеліктерін анықтауда, өз тұжырымдарын ұсына алады |
| **Бағалау критерийлері** | сөйлеу барысында иллюстрациялар қолдана алады<br>Бауыржан Момышұлының тарихтағы орны мен өзіндік ерекше адами қасиеттерінің бойында болғанын түсінеді |
| **Тілдік мақсаттар** | **Қатысушылар:**<br>Бауыржан Момышұлы туралы өз ойларын айта алады.<br>**Сабаққа қатысты лексика мен терминология:**<br>Рухты,адал,көсбасшы, дара тұлға.<br>**Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтамасы:**<br>Бауыржан Момышұлы сіз үшін қандай тұлға?...<br>Көсбасшы,қолбасшы болу себебі... |
| **Құндылық тардыдарыту** | Топтық жұмыста бір біріне құрмет көрсетеді, ынтымақтастықтарын нығайтады.<br>Жеке жұмыс кезінде еңбек ету және шығармашылық құндылықтары қалыптасады. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Тарих пен қазақ тілі,әдебиеттпен байланыс |
| **АКТ қолданудағды лары** | Слайд, тақта |
| **Бастапқы білім** | Нақыл сөздерді біледі, сөйлеу барысында суреттерді қолдана алады |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың кезеңдері** | **Сабақтағыжоспарланғаніс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br><br>0-5 минут | **І.Психологиялық сәт.** Шеңберде тұрады<br>***1****.Мен бір жан өмірімнің өзі дастан,*<br>*Ыстық, суық ғұламнан көзім ашқан.*<br>*Көктемдей құбылмалы мінезім бар,*<br>*Мейлің құл, мейлің илан, мейлің жасқан.*<br>*Мен кіммін!- дейді өзіме өр мінезім,*<br>*Жүректі жұбатпайды жылы сезім,*<br>*Жорытқан жолбарыстай отты күннен,*<br>*Өмірге өшпейтұғын қалды ма ізім?* | |



*Мен де адаммын жаралған сүйекеттен,*
*Менде ар бар, менде ой бар жан тебіренткен.*
*Халқымның қарапайым бір ұлымын,*
*Жанымды арым үшін құрбан еткен.*

***-Өлеңнің авторы кім деп ойлайсыздар?***

*/Шеңбердегі Бауыржан Момышұлының суретін ашып көрсетіп айтып барып тақтаға ілу/*

***ІІ.Кіріспе сөз.*** Аты аңызға айналған Кеңес Одағының Батыры, майдангер жазушы, ұлтымыздың мақтанышы – Б.Момышұлының өлеңі.

Көзінің тірісінде-ақ аты аңызға айналған ұлы тұлға – Бауыржан Момышұлы туралы біз не білеміз?

Рас, ол - жаужүрек батыр да, қолбасшы да, қаламгер. Әрине, қазақ тарихында батыр да, қолбасшы да, қаламгер де аз болған жоқ. Бірақ олардың ешбірінің даңқы алты алаштан әріге асып көрген емес. Ал, Бауыржан атамызды төрткүл дүние халқы түгел таныды, оның қаһармандық қайсар тұлғасы мен адамзат баласында сирек кездесетін озық ақыл – ойы, қарағайға қарсы біткен бұтақтай алабөтен ірі мінезі естіген жұртты тегіс тәнті етті. Бауыржан Момышұлын өзгелерден даралап тұрған айырықша қасиеті - оның қалам мен қаруды қатар ұстауы, қай кезде де ұлт мүддесін қаймықпай қорғау.

**ІІІ.Слайд.** Ендеше, бүгінгі сабағымыз осы Бауыржан Момышұлына арналмақ. Сабағымыздың тақырыбы ***Өр тұлғалы асыл ер.*** Бүгінгі басты мақсатымыз - Бауыржан Момышұлының бойындағы өр тұлға еткен қасиеттеріне тоқталамыз.

**ІY.Топқа бөлу.**

Қоржынға салынған значоктарды алу арқылы екі топқа бөлініп отырады және значоктар кәде сый ретінде қалады.

<u>**1-топ Көк түсті**</u>

<u>**2-топ Жасыл түсті**</u>



**Y.Ой қозғау**

Топтық тапсырма

Әр топ мәтіннен Бауыржан Момышұлының қандай қырын, қандай қасиетін көре алады екен?

**І топ «Тоқымқағар» мәтіні**

**ІІ топ «Алатаудың сұңқары»**

<u>**1-тапсырма**</u>

*Мәтінді оқып, алдарында жатқан күлтелердегі жазылған сәйкес сөздерді алып шығып, жабыстыру арқылы күн шуақ жасап шығарады.*

*Соңында мұғалім толықтырады.*

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы** | <u>**І топ Тоқымқағар**</u><br><br>Ата жолашар дәстүрін жетеме жеткізе ұқтырып, сәл тыныстап алды да, сөз желісін жолаушыға байланысты тағы бір дәстүр тоқымқағарды да айтып еді.<br>- Жолаушы сапар барысында көңілі бірде семіріп, бірде арықтап, жолдың ыстық-суығын басынан өткізіп, межелеген жеріне жетуі, одан мақсат етіп шыққан ісін орындап, сау-саламат үйіріне қосылуы өзіне де, жақындарына да зор қуаныш. Сол мерейлі күнге үмітпен қараған отбасы "ай жүрсе де, аман оралсын, ел-жұртына қайта қауышуға жазсын" деп тоқымқағар дәстүрін жасайды. Тоқымқағарды жолаушының келер мерзімі таянғанда не кешіге бастағанда үй іші дастарқан әзірлеп ауылдастарын дәмге шақырады. «Жолаушының кешіккеніне қуан» деп кідірістің өзін жақсылыққа жориды.<br>Тоқымқағар дәстүрінің арнайы атқарылатын өз ырымы бар. Ол үйден тоқым алып шығып, «жолда ұзақ жүріп тоқымы шаң болыпты ғой» деп тоқымды қағып-сілкиді. Бұл әдейі жорта істелетін әрекет. Бір жағынан, «азаматтың тоқымы далада иесіз қалмасын, шаң-тозаң болса да, шаңырағына сау келсін" деген таза ниет. Тілек тілде ғана емес, ділден, жүректен шынайы шымырлап шықса, Жаратқан иемнің кеңшілігі мол, ниет қабыл болады. Бұл мен шығарған ғибрат емес, көпті көрген көсемдерден, дана абыздардан қалған сөз. Ата-бабалардың аманаты ретінде өз кезегімде мұны саған айтып отырмын. Есіңе алып, ескеріп жүргін, - деп әңгімесін түйіндеді.<br>Мен де өз кезегімде атаның сол аманатын керек еткен адамдарға жеткізуді парыз көріп жазып отырмын. *Зейнеп Ахметова апамыздың «Күретамыр» кітабынан алынған әңгіме.*<br><u>**ІІ топ. Алатаудың сұңқары**</u><br><br>1941 жылғы 26 ноябрь күні маршал К. К. Рокоссовский мені полк командирі етіп тағайындады. Онда менің жасым 30-да еді. Әскери дәрежем аға лейтенант болатын. Ол кезде партия қатарында жоқпын. Полк командирі болу дейтін оңай емес. Мен одан бұрын батальон командирі болатынмын. Бес рет қоршауды бұзып шыққан. Менің штабқа кіргеніме бір сағат болған жоқ, күтпеген жерден немістер Трусовоға шабуыл жасады. Мен қатты састым. Немістердің күші мол. Қарсыласуға шамам жоғын сездім. Шегінуге мәжбүр болдым. Шегіну – оңай емес. Шегінуден шығу үшін тосқауыл керек.<br>- Комиссар, сіздің қарамағыңызға бір рота қалдырамын. Мен полкті алып шығуым керек. Сіз тосқауыл боласыз, - дедім. Комиссар Ловиненко:<br>- Түсінікті, командир жолдас, - деді маған. Жасыратын ешнәрсесі жоқ, быт-шытымыз шығыпқашып бара жатырмыз. Обалы не керек, комиссар бір ротамен сіресіп тұрып алып, тосқауылға тоқтау болып, немістерді алға | |

| | | |
|---|---|---|
| | жібермепті. Бұл да оңай нәрсе емес. Соколово дейтін қыстаққа жеттім. Соған барып қорғаныс ұйымдастырдым. Есімізді зордан жинапалдық, Логвиненко ротаның қалғандарымен қайтып келді. Күштің аты - күш. Немістер тықсыртып келе жатыр. Біз де бедірейіп, қарсыласып тұрып алдық. Полкімде алты зеңбірегім бар еді. Соларды алғы шепке қойдым. Немістер сегіз танкпен келе жатыр. Зеңбіректер ата бастады. Немістердің де танкісінде зеңбірегі бар. Сарт-сұртатып, алты зеңбірегімнің бесеуінің тас-талқанын шығарды. Бір ғана зеңбірек қалды. Шыдай алмастан қалған зеңбіректің қасына жүгіріп бардым. Сөйтсем еңгезердей, қап-қара қырғыз екен командирі. Дәрежесі - старшина.<br>- Ат! – деп айқай салдым.<br>- Атып жатырмыз ғой, командир жолдас, - деді. Соғыста сәтті, сәтсіз нәрсе болады. Атқан оғың әркімге тие бермейді. Солжолы (әлгі қырғыз жігітінің - Тоқтағұлов, аты – Сатыбалды екен) оның зеңбірегінің сәті түсті. Әр атқан снаряды далаға кеткен жоқ. Сегіз танктің бесеуін қиратты. Немістерге жан керек. Қалған үш танкі шегінуге мәжбүр болды… 30-ші ноябрь күні Крюковоға шегініп қайттық. Ол Москвадан отыз-ақ километр жерде. Москваның іргесі дірілдеп, қалтырап тұрған кезі еді. Крюковода алты күн соғыстық. Қолма-қол Крюковоны біресе немістер бізден тартып алады, немесе біздер немістерден тартып аламыз…<br>Мен соғыс кезінде батальон командирі де, полк командирі де, дивизия командирі де болғандардың біреуімін. Бірақ та үлкен дәрежеме қарамастан (ол кезде жас едім ғой) солдаттармен қатар жүрген командирдің бірі болдым. Әр уақытта алдыңғы шепте жүргендердің біреуі болатынмын. Немістер бізді Крюководан қуып шықты. Есімізді жинап алғаннан кейін біз күш жинап, тағы да қарсы шабуылға шықтық. "Отан үшін, Сталин үшін" деп айқайлап, ұран салып бара жатырмыз.<br>Мен де алдыңғы шептің қатарында жүгіріп бара жатырмын. Немістердің бірнеше миномettері бізді атқылай бастады. Сол бір шақта minaның жаңқасы менің алдымда кетіп бара жатқан әскердің қолына тиіп, білезігінен жүріп кетіпті де, оның қолы екі-ақ елі теріге ілініп қалыпты. Менің көзімше жаңағы әскер теріге ілініп тұрған қолын жұлып алып, қарға лақтырып жіберді. Соны көрген мен есімнен танып қала жаздадым.<br>- "Атаңның, гөрі қоқи!" – деп мылтығын оқтап алып, | |

| | | |
|---|---|---|
| | сермеп атып, алға тура жүгірді. Соғыс заңы бойынша ол ауыр жараланғаннан кейін шетке шығып тұрып қалуы керек еді, бірақ ол өйтпеді.<br>Ол қайта ызаланып-өршеленіп алға жүгіріп барады. Мен тағы таң қалдым. Мен оны қуып жетіп, түріне қарасам, әлгі жауынгер - баяғы старшина Тоқтағұлов Сатыбалды екен.<br>Мен соғыста қорқақтықты да, батырлықты да көпкөрген кісілердің біреуімін. "Шың Алатаудың сұңқары екенсің ғой!" деп ердің ерлігі алдында жүрегіммен басымды идім.<br>*/Мәтін бойынша пікірлерін тыңдау/*<br>**<u>2-тапсырма</u>**<br>**Қара жәшік /бояу қарындаш автопортрет сурет ою/**<br>*Қара жәшік ішіндегі заттарды сұрақ қою арқылы табады*<br>*Заттарды көргеннен кейін*<br>*-Бұл заттардың бүгінгі сабаққа не қатысы бар деп ойлайсың?*<br>***Бауыржан Момышұлының игерген өнерлері көп.*** *Атап өтсек:*<br>Құралайды көзге атқан мерген.<br>Турникке тартылу және басқа спорт түрлерінен де озық жетістіктерге жеткен.<br>Ат құлағында ойнайтын шабандоздығымен, атбегілігімен<br>аты шыққан. Мәскеу түбіндегі шайқастағы атақты ақбоз аты туралы әңгіме көп. Әсіресе қарамағындағы жауынгерлерді соғысқа тәрбиелеуде өте озық тәжірибе көрсеткен. Нағыз қаһармандарды тәрбиелеген және жауынгерлердің «Батька», «Ақсақал» дегендей қошеметтеріне ие болған.<br>Әскери қолбасшылығы өз алдына бөлек әңгіме. Генералдарға сабақ берген ұстаздығы да — бөлек әңгіме. «Б.Момышұлының соғыс тактикасы» деген оқу пәні Израиль еліндегі әскери оқу орындарында оқытылады және студенттер ол пәннен емтихан тапсырады. Кубаның әскери мектептерінде де Бауыржанның соғыстағы әдіс-тәсілдері бойынша дәріс беріледі. Осыны ескерсек, Б.Момышұлын әскери ғылымның нағыз білгірі деуге болады.<br>Кітабы әлемге таралған жазушы..<br>Бильярд ойынының шебері. Сегіз шарды тоқпақтай торға тоғытқан сәттерін ескерсек, бүгінгінің ең мықты билярдшыларымен бәйгеге түсетіндей қабілет иесі.<br>Сөзге шешен және тапқыр.<br>Бауыржан Момышұлы суретті керемет салған екен. Кәдімгі кәсіби суретшілерден бір мысқал да кем емес. | |

Мысалы, басылым беттерінде жиі пайдаланылатын қолмен салынған суретін Бауыржан атамыз өз қолымен салыпты. Немересі Ержан қолына қағаз алып келіп: «Ата, сурет салып бер» дейді бірде. Бала қыңқылдап қоймағасын, Ержан екеуінің суретін салып береді. Сонда Ержан былай алып шығып, суреттегі өзінің бас жағына бес, атасының бас жағына екі деген баға қойып қойыпты. Мұны келіні Зейнеп апа бір сұхбатында айтып берген екен.

**3-тапсырма**

Цифрлар арқылы мақал-мәтелдерді құрастыру

**I топ Ептілік те - ерлік**

| Т | І | І | К | Л | Т | Е | Е | Р | - | Л | К | П | І |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 6 | 4 | 7 | 5 | 8 | 11 | 9 | 12 | 10 | 13 | 15 | 2 | 14 |

**II топЕрдің туы – намыс**

| Д | Т | І | У | Ң | Ы | М | Н | Ы | А | С | Р | Е |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 6 | 4 | 7 | 5 | 8 | 11 | 9 | 12 | 10 | 13 | 2 | 1 |

«Ғалымның хаты өлмейді» дегендей, нақыл сөздері мен мақал-мәтелдері қазақ халық ауыз әдебиетінің алтын қорына енді.

**Сабақтың соңы**

5 минут




**Мұғалім:**

Бүгінгі тәрбие сабағымызда біз Бауыржан Момышұлын жан-жақты таныдық. Бауыржан Момышұлы өзі айтқандай «Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты » дегендей оның есімі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

**Қорытынды.** *Бауыржан Момышұлына арналған әнді тыңдату*

*Батыр Бауыржан*

## Разработка урока (занятия элективного курса) на примере темы «Личность Бауржана Момышұлы»

*Хамитова Багдат Женисовна, учитель истории*
*ОКШДС № 77*

| | |
|---|---|
| **Категория слушателей** | Учителя - педагоги |
| **Цель** | Развитие навыков планирования учебной деятельности школьников на уроках и занятиях вариативного компонента |
| **Ключевые идеи** | 1.Групповая работа способствует организации работы на уроке, которая позволяет максимально раскрыть потенциал ученика.<br>2.Взаимообучение педагогов, ключевое направление методической работы в современной школе. |
| **Результаты обучения** | слушатели смогут разработать фрагмент урока, занятия ВК с использованием групповой формы,<br>объяснить преимущества групповой работы в достижении целей высокого порядка,<br>проанализировать собственные навыки осуществления групповой работы. |

| Время | Содержание тренинга | Деятельность тренера | Деятельность слушателей |
|---|---|---|---|
| 3 мин | Организационный момент. Перед приветствием делим участников на группы. | Приветствует слушателей<br>Здравствуйте уважаемые коллеги. Я рада вас видеть! Наша сегодняшняя встреча будет способствовать развитию профессиональных навыков учителя, тренера- коуча. | Собирают пазл из городов .И распределяются на группы. Приветствуют друг друга, тренера. |
| 7 мин | Целеполагание | 1.Объявляет тему и цель тренинга<br>2.Предлагает участникам сформулировать личные ожидания от тренинга:<br>- индивидуально (5);<br>- в паре (выбрать 3);<br>- в группе (выбрать 3 актуальные для группы ожидания) | 1. Формулируют личные ожидания (записывают в тетрадь);<br>2. Формулируют ожидания пары и группы, записывают на стикеры. (1 стикер – одно ожидание)<br>3. Группы поочередно озвучивают свои |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ожидания (без повторения), стикеры клеятся на доску. |
| 5 мин | Тематическо е упражнение | Предлагает выделить в Программе по истории Казахстана цели, достижение которых возможно в рамках заявленной темы.<br>Коллеги сегодня совместно с вами разработаем урок, посвященный личности Бауржана Момышұлы. Эта часть программы 9 класса по истории Казахстана. Тема: «Участие казахстанцев в сражениях Великой Отечественной войны».<br>Исследовательский вопрос : Имена каких героев – казахстанцев Великой Отечественной войны сохранились в памяти народа?<br>Цели обучения: 8.3.2.1 оценить вклад казахстанцев в победу во Второй мировой войне.<br>8.3.2.2 определить героические и личностные качества Б.Момышұлы.<br>Коллеги, планируя урок, мы должны помнить, что программой предполагается, что наши ученики должны достичь таких целей.<br>1. Оценить вклад казахстанцев в победу во Второй мировой войне.<br>2. Определить героические и личностные качества Б.Момышұлы.<br>Достижение этих целей предлагаю построить на изучении личности Бауржана Момышулы.<br>Рекомендую организовать групповую работу для ваших обучающихся.<br>Вы тоже будете работать в группах. Пожалуйста запланируйте, что группы будут изучать. | Работают с программами<br><br>1.Спираль Бауржана<br>2. Характер Бауржана Момышұлы .<br>3. Встреча Бауржана Момышұлы с И.Сталлиным. Встреча Бауржана с Ф.Кастро, Р.Кастро. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 мин | Представление работы ( Защита групп 2 мин.каждая группа, 1 мин – для обратной связи. ) | Объявляет о защите постеров.<br>А также вопросы при обратной связи.<br>Коллеги у вас есть 10 минут для разработки вопросов для каждой группы.<br>- Пожалуйста 1 группа на какие вопросы должны ответить дети, чтобы описать Спираль Бауржана?<br>- 2 группа на какие вопросы должны ответить дети , чтобы описать характер Бауржана?<br>- 3 группа Какие аспекты должны осветить встречу Фиделя Кастро и И.Сталина с Бауржаном Момышұлы. Сделайте сравнительный анализ двух встреч.<br>Время истекло! Пожалуйста коллеги представьте свои работы.<br>**Ремарка-** 2 группа дает обратную связь 1 группе, 3 группа дает обратную связь 2группе, а 1 группа дает обратную связь 3 группе. И так по часовой стрелке.<br>**В обратной связи отразите!**<br>1.Работает ли предложенная схема для достижения цели урока?<br>2.Что можно улучшить по этому вопросу?<br>Молодцы!!! | 1.Каждая группа защищает постер. А также 2 группа дает обратную связь 1 группе, 3 группа дает обратную связь 2 группе, а 1 группа дает обратную связь 3 группе! |
| 3 мин | Обратная связь модератору | Слушает обратную связь педагогов.<br>Коллеги мы сегодня отработали вместе с вами фрагмент урока. Я как модератор хочу получить от вас обратную связь!<br>По шкале от 0 до 10 оцените, насколько полезно было сегодняшнее мероприятие.<br>1б-Абсолютно бесполезно.<br>10 – Очень полезно!<br>Поднимите пожалуйста руки кто поставил 8,9,10 баллов? Почему вы поставили такую оценку?<br>А теперь поднимите руки кто поставил 5,6,7 баллов ? Почему?<br>кто поставил низкий балл? – Почему?<br>Спасибо! | Педагоги озвучивают шкалу оценки. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 мин. 1 мин для озвучивания | Три конкретных шага | Обращает внимание на три конкретных шага для улучшения навыка разработки урока.<br>Разрабатывать уроки нужно уметь, это очень сложная работа, и мы с вами учимся ежедневно. Составляем поурочные планы, учимся на семинарах, курсах т.д)<br>Итак, уважаемые коллеги Подумайте и запишите в течении одной минуты: Какие три конкретных шага вы сделаете в течение недели , чтобы улучшить свой навык разработки урока?<br>Коллеги кто хочет поделиться? ( слово предоставляется коллегам). Спасибо коллеги за внимание!!!<br>И за активное участие!<br>(звучит спокойная мелодия) | 1.Записывают в тетрадь три конкретных шага в течении недели , чтобы улучшить свой навык разработки урока? |

# МАЗМҰНЫ

## Алқалық мәжіліс

1. Жантыбаева З.Р. Бауыржан есімі мәңгілік!.......................................................3
2. Қошанов Ж. Р. Бауыржан Момышұлының шығармашылығы арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру.......................................................................5
3. Уалиев М.Е. Ер Баукеңнің ерліктері.................................................................8
4. Битимбаева Қ.О. Алмас қылыштай өткір де қайсар, дана да дара тұлға...........11
5. Ташимова Қ.А. Батыр тұлға – Бауыржан...........................................................13
6. Зекенова А.Ы.Көркем шығармалардағы Бауыржан Момышұлы бейнесі.........17
7. Таловская М.Ю., Мерсиянцева М.В. Быть человеком: уроки нравственности Бауыржана.........................................................................21
8.Сейтқалиева К.Ж. Әлем халқының ортақ перзенті..............................................26
9. Алимбаева Т.А. Дара да дана тұлға – Бауыржан Момышұлы..........................29
10. Досумжанова М.Р. Алмас қылыштай өткір де қайсар, дана да дара тұлға.........33
11. Турлыбекова З.А., Шәймерден М.Б. Life way and creative heritage of Bauyrzhan Momyshuly.......................................................................................35
12. Кәрімжанова Н.Т. Diamond sword is sharp and resolute, wise and individual........37
13. Нұрмағанова А.Ш. Бауыржан Момышұлының рухани мұрасындағы этномәдени дәстүрі бата беру және тәрбие мәселелері....................................40
14. Ануар А.,Есенжолова А.О. Ғибратты өмірден үзік сыр......................................42
15. Уалиева А.Д., Есенжолова А.О. Тұлғасы тұнған тәлім,есімі елге мәлім.......45
16. Ахметова Л.Б. Шагнувший в бессмертие.........................................................47
17.Дайрабай А., Есенжолова А.О. Қазақтың Бауыржаны.......................................50
18.Онбаева А.,Есенжолова А.О. Тау тұлғалы батыр................................................52
19. Хмель Л.М.,Никитина В.В. Бауыржан Момышұлы - талантливый командир53
20. Оралханова К.,Агадилова Э.А. Көркем туындылардағы батыр бейнесі...........55
21. Жақсыбекова Д., Агадилова Э.А. Бауыржан шығармаларындағы ұлттық тәрбие мәселесі.........................................................................................57

Секция 2. Елдік пен ерліктің киесіндей, батырлық пен батылдықтың иесіндей тау тұлға

22. Окимбаева А.Е. Батыр атамызға тағзым...............................................................60
23. Әбілқайыр М., Наурызбай Ұ., Қалиев Б.А. Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасындағы ұлттық ойын атауларының сөзжасамы............................................64
24. Майлыбаева Д.Д. Взгляд Бауыржана Момышулы на воспитание у молодежи отваги, мужества, гражданственности...........................................................................66
25. Медиева П.Н. Бауыржан Момышұлының ұлттық рухты оятқан қанатты сөздері.......................................................................................................70
26. Сыздықова А.А. Қазақтың даралбоз батыры шығармаларындағы адамгершілік бейнесі.......................................................................................................74
27. Ахатаева М.Б. Бауыржын Момышұлы шығармаларының зерттелуі.......................78
28. Кадирбаева Б.С. Батыр болсаң, Баукеңдей бол......................................................85
29. Базарбаева М.А. Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесіндегі образдар.....91

30. Ануарбек Д., Төлеуғазы Ж.Е. Бауыржан Момышұлының шығармаларындағы ерлік, отансүйгіштік тақырыбы....................................................................................................94
31. Мукашева Т.Р. Елдік пен ерліктің киесіндей, батырлық пен батылдықтың иесіндей тау тұлға.........................................................................................................................98
32. Согосбай А. Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы ұлттық құндылықтар...............................................................................................................105
33. Береке Р.Ұ. Human values in the works and quotes of Bauyrzhan Momyshuly............108
34. Садвакасова С.А. Education of young people through the works of Bauyrzhan Momyshuly to preserve and appreciate the values, customs and traditions of our people....110
35. Баспакова Р.Б. Бауыржан Момышұлы шығармалары негізінде патриоттық сезімге тәрбиелеу...................................................................................................................112
36.Бекенова М.А. Елдік пен ерліктің киесіндей,батырлық пен батылдықтың иесіндей тау тұлға.........................................................................................................................113
37. Еликбаева С.Т. Бауыржын Момышұлы шығармаларындағы ұлттық тәрбие...........115
38. Адилбаева Р.Т. «Жас сарбаз» сыныптары тәрбиеленушілеріне арналған «Бауыржантану» оқу пәнінің маңызы.....................................................................118
39. Альжанова М.Ж. Баланың бас ұстазы – ата-анасы...................................................121
40. Жаксылыкова С.М. Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім....................................125
41. Цой А.С. The hero of Soviet Union Bauyrzhan Momyshuly..........................................128
42. Кайырбек А., Есенжолова А.О. Ұлт мақтанышы......................................................132
43. Акынова Н.Ш. Батыр Бауыржан тұлғасының ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі................. 134
44. Куйкалакова Б.К., Абильгазин С.И. Бауыржан Момышұлы - халқымыздың каһарман ұлы..............................................................................................................................136
45. Муканова Д., Аяукан Б. Қыран мінезді каһраман батыр...........................................138

**Секция 3. «Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім»**

46. Кулпеисова С. И., Сатыбалдина Л.С., Сейтжанова Т.Г. Ерлік – ұрпаққа ұран........142
47. Куанбаева Т.А. Дана да дара тұлға...............................................................................144
48. Аманжолова Г.А. Создание буктрейлера к книге Б.Момышулы «За нами Москва»...........148
49. Козенко Л.Н. «Ваше письмо доставило радость...».............................................................. 151
50. Садуова Д.О. Өнегелі өміріңе еліктейміз, өшпейтін ерлігіңді дәріптейміз..........................153
51. Медеубаева Д.М., Хиса Ж. Vocational guidance of pupils of "Zhas sarbaz" classes on the example of the personality of Bauyrzhan Momyshuly in the classes of the optional course "Speaking club"..........................................................................................................157
52. Хайрула Д.Н. Education of Kazakhstani patriotism on the example of the personality of Bauyrzhan Momyshuly taking into account the ideological values of the concept "Mangilik El"...........................................................................................................................159
53. Ходжаев С.А. Сыныптан тыс жұмыс: «Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя»..........161
54. Омашева А.М. Батыр ата – Бауыржан Момышұлы..................................................164
55. Тулешева Р.К. Бауыржан Момышұлы сөздерінің тәрбиелік мәні............................167
56. Аукенова Ж.О. Шуақты күндер» беттерінен...».................................................................170
57. Тусупова Ж.А. «Ұшқан ұя» повесіндегі ұлттық құндылықтар..................................174
58. Адилюаева Б.Т. Бауыржан Момышұлы әлеміне саяхат...........................................176
59. Сыздыкова Е.К. Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім - Бауыржан Момышұлы....180
60. Хмель Л.М. Бауыржан Момышулы «Славе героя – не меркнуть»..........................182
61. Куйкалакова Б.К., Баянова А.Б., Бала Бауыржаннан дана Бауыржанға дейін..........185

## Шеберлік сыныптары

62. Копбалина Г.С.  «Ұшқан ұя» повесіндегі ұлттық құндылықтар........................189
63. Медеубаева Д.М.,Төлеуғазы Ж.Е Батырдан алғансиет.......................................193
64. Нукербекова К.К. Өр тұлғалы асыл ер..................................................................196
65.Хамитова Б.Ж. Личность Бауыржана Момышұлы...............................................202

**66.Мазмұны..........................................................................................................206**